



Қазақстан 2050

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ  
FACULTY OF PHILOSOPHY AND POLITICAL SCIENCE

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың  
халықаралық ғылыми конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

*Алматы, Қазақстан, 6-8 сәуір 2021 жыл*

*1-том*

## МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции  
студентов и молодых ученых

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

*Алматы, Казахстан, 6-8 апреля 2021 года*

*Том 1*

## MATERIALS

International Scientific Conference  
of Students and Young Scientists

## «FARABI ALEMI»

*Almaty, Kazakhstan, April 6-8, 2021*

*Volume 1*

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ  
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

---

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың  
халықаралық ғылыми конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

*Алматы, Қазақстан, 6-8 сәуір 2021 жыл*

1-том

## МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции  
студентов и молодых ученых

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

*Алматы, Казахстан, 6-8 апреля 2021 года*

Том 1

## MATERIALS

International Scientific Conference  
of Students and Young Scientists

## «FARABI ALEMI»

*Almaty, Kazakhstan, April 6-8, 2021*

Volume 1

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2021

**Председатель редакционной коллегии:**

**Масалимова А.Р.** – доктор философских наук, профессор, декан факультета философии и политологии

**Заместители председателя редакционной коллегии:**

**Аликбаева М.Б.** – заместитель декана по научно-инновационной работе и международным связям

**Абдирайымова Г.С.** – заведующая кафедрой социологии и социальной работы

**Алгожаева Н.С.** – заведующая кафедрой педагогики и образовательного менеджмента

**Курманалиева А.Д.** – заведующая кафедрой религиоведения и культурологии

**Кұранбек Ә.А.** – заведующий кафедрой философии

**Мадалиева З.Б.** – заведующая кафедрой общей и прикладной психологии

**Насимова Г.О.** – заведующая кафедрой политологии и политических технологий

**Материалы** международной научной конференции студентов и молодых учёных «Фараби әлемі», Алматы, Казахстан, 06-08 апреля 2021 г. Том 1. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 321 с.

**ISBN 978-601-04-5268-8**

В сборнике представлены доклады, выступления, тезисы участников международной научной конференции студентов и молодых учёных «Фараби әлемі», организованным Советом молодых учёных, преподавателями, магистрантами и докторантами факультета философии и политологии.

В работе конференции приняли участие молодые учёные из разных вузов Казахстана и зарубежных стран. В данном сборнике содержатся статьи и тезисы по актуальным проблемам философии, социологии, культурологии, социальной работы, религиоведения, психологии и педагогики.

Статьи изданы в авторской редакции.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАС ҒАЛЫМДАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІНІҢ  
ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПСИХОЛОГИИ В ИССЛЕДОВАНИЯХ  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ И СТУДЕНТОВ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

ACTUAL PROBLEMS OF PSYCHOLOGY IN THE RESEARCH OF YOUNG  
SCIENTISTS AND STUDENTS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN

## ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ ЛИЧНОСТНОЙ ТРЕВОЖНОСТИ НА САМООЦЕНКУ В СТУДЕНЧЕСКОМ ВОЗРАСТЕ

*Абдикаликова А.К.*

*Под руководством Садуакасовой З.М.*

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы*

*e-mail: arudana\_00@mail.ru*

Цель данной работы состоит в изучении характера связи самооценки и уровня личностной тревожности в студенческом возрасте.

Актуальность исследования заключается в текущем состоянии общества, характеризующийся повышенной тревожностью, возникающей в результате противоречия между личной свободой и отсутствием безопасности, защиты и социальной уверенности. Повышенные требования к выпускникам университетов также усиливают беспокойство и негативно влияют на их самооценку.

Объект исследования: свойства личности (самооценка и личностная тревожность).

Предмет исследования: связь самооценки и уровня личностной тревожности в студенческом возрасте.

Гипотеза исследования:

1) Чем выше самооценка, тем ниже уровень личностной тревожности и наоборот, чем выше уровень личностной тревожности, тем ниже самооценка.

2) Чем выше (больше) разрыв идеальной и реальной СО, тем выше уровень ЛТ. (Ситуация разрыва реальной и идеальной СО может рассматриваться как своеобразный внутриличностный конфликт, сопряженный с ростом УЛТ).

Исследование было организовано на базе Казахского национального университета им. аль-Фараби и Актюбинского регионального государственного университета им. К. Жубанов. Выборку составили 100 испытуемых – студентов очного отделения бакалавриата, из них 79 девушек и 21 юношей.

Были выбраны следующие методы исследования: изучение и анализ теоретических и прикладных исследований в области возрастной, педагогической, и социальной психологии и педагогики; метод констатирующего и формирующего экспериментов; количественный и качественный анализ полученных фактических данных экспериментального исследования.

В нашем экспериментальном исследовании мы ставили цель – выявить уровень личностной тревожности респондентов и проследить ее влияние на социальную фрустрацию.

Основными методами, используемыми для изучения психических состояний, являются: непосредственное наблюдение, анкеты и личностные опросники, основанные на самооценке испытуемых. Все участники проходили психодиагностическое тестирование по методике субъективной оценки ситуационной и личностной тревожности Ч. Д. Спилбергера (адаптация Ю. Л. Ханина), Шкале тревожности студента (модификация Г. Ш. Габдреевой опросника Ж. Тейлор), Тест «Самооценка психических состояний» Г. Айзенка.

Результаты исследования выявили низкий уровень самооценки и высокий уровень социальной тревожности участников эксперимента. Кроме того, наблюдалась статистически значимая отрицательная корреляция между уровнем социальной тревожности и самооценки участников. В исследовании рекомендовано проведение семинаров, групповых мероприятий для студентов, особенно для новичков в начале каждого учебного года, чтобы облегчить их чувство стресса и тревожности и повысить уровень самооценки путем проведения тренингов.

Таким образом, можно выявить, что тревожность является склонностью индивида к переживанию тревоги, характерная низким порогом возникновения тревоги; она выступает как один из основных параметров индивидуальных различий.

## PSYCHOLOGICAL FEATURES OF INFORMATION STRESS: ETHNOPSYCHOLOGICAL ASPECT

*Abikeyeva N.N*

*Under the guidance of Berdibayeva S.K.  
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty  
e-mail: nazym.abikeyeva@bk.ru*

The computerization of professional activity is a characteristic feature of the modern stage of scientific and technological progress. It has created favorable conditions for increasing labor productivity, introducing new technologies for managing information processes, simplifying some forms of operator work, etc. Due to the development of technology and the introduction of the Internet into our life, information has become much more. Accordingly, because of this, there is a problem of an overabundance of information or lack of it. Based on this, according to the estimates of numerous experts, a significant part of the population suffers from information stress. Besides, information stress is one of the main social problems of our current society. The study of psychological stress, its influencing factors, as well as its various aspects, rises to a new level every year.

Undoubtedly, in the domestic and foreign literature of many authors, stress has received a fairly wide coverage of the base of questions of the influence of information factors on the state of a person and his activities. Be that as it may, the study of the values of these factors in the formation of psychological (and informational) stress, the regulation of the mental state, the study of the values of information factors in human activity, and the role of personal determination in the development of stress of information nature has received insufficient attention.

Any kind of psychological stress (personal, interpersonal, family, professional, etc.) is basically informational, that is, the source of its development is external messages, information about the current (real) or expected, probable impact of adverse events, their threat or «Internal» information in the form of past ideas, information retrieved from memory about traumatic events, situations, and their consequences. These reactions, as a rule, are associated with the production of negative emotions, the development of anxiety throughout the existence of a conflict situation (real or imaginary) up to its resolution or subjective overcoming of this state. So, in these types of psychological stress, information about an unfavorable, dangerous event is a starting point that determines the threat of its occurrence and forms a feeling of anxiety, functional tension based on the actualization of the mental image of the situation of professional activity [1].

There are a lot of studies for a complete disclosure of the problem of information stress like the theory of stress and psychophysiological studies of R. Lazarus, conceptual and methodological problems of the study of anxiety by Ch.D. Spielberger, the theory of stress introduced by G. Selye, the classification of professional stress by N.V. Samoukina, as well as the phases of development of stress states by L. Pelzmann. In turn, such concepts as «information stress», «information overload», «information fatigue» and their psychological and physiological impact on a person were analyzed. Also, the relationship between stress, information stress, and ethnopsychology was examined.

Analysis of literature data indicates that the concepts of «stress» and «information stress» have undergone significant changes since their inception, associated both with the expansion of the scope of their application and, mainly, with the fundamental study of various aspects of these problems – causality, regulation, determination, manifestation, overcoming stress. The concept of «information stress» is not always used justified, sometimes it is replaced by other similar terms, for example, information tension or information overload. The ambiguity in the understanding of stress leads to differences in views on the essence of certain mental phenomena, a discrepancy in the interpretations of the studied phenomena, the inconsistency of the data obtained, the absence of strict criteria for their interpretation, the use of inadequate research methods, etc.

The aim of this scientific work is to study the psychological problem of information stress and its features in the ethnopsychological aspect.

The results of the experimental research work can be further used in psychological counseling in determining and overcoming information stress in working people, as well as in some special courses in universities.

### References:

1. Бодров В. А. Информационный стресс: Учебное пособие для вузов. – М.: ПЕР СЭ, 2000. С.33-34

## ИСТОРИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ АТАЛЫЧЕСТВА

*Акылбаева А.А.*

*под руководством Ахтаевой Н.С.*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы*

*e-mail: alavvera@gmail.com*

В тезисах дается исторический обзор и психологический анализ аталычества, свойственного всем социальным слоям. Аталычество рассматривается через схожую древнюю казахскую традицию, когда родители передавали на воспитание прародителям старшего ребёнка. Аталычество – это древняя традиция, корни которой выходят из культуры кавказских народов. Согласно этой традиции родители после рождения ребёнка передают на воспитание (временно) в семью приёмного родителя, которого называют аталык. После истечения определённого времени, установленного обычаем, ребёнка возвращают в родительскую семью [1]. Большинство вопросов, касающихся истории происхождения, сущности, общественного смысла и т.д. данного обычая остаются не установленными и спорными.

В своей работе Р.Р. Аветисян представила ряд причин возникновения аталычества среди кавказских народов, по мнению российских учёных и путешественников [2]. Во-первых, чтобы не избаловать ребёнка; во-вторых, аталычество связывали с обычаем кровомщения для прекращения мести, а также примирения убийцы с семьёй кровомстителя; в-третьих, объединение враждующих и разобщённых родов; в-четвёртых, и самая главная причина, экономическая заинтересованность обеих сторон. Одно из первых, но единичных, упоминаний среди казахских народов об институте аталычества, который существовал со средних веков, было в работе И. Ерофеева «Институт батыров – это исключительно казахский феномен». Как в прошлом, так и в настоящем о природе аталычества среди батыров говорят очень мало. Рассмотрим аталычество через схожую древнюю казахскую традицию, когда родители передавали на воспитание прародителям старшего ребёнка. И, согласно этой традиции, бабушки и дедушки признавали своего внука своим младшим ребёнком. Данная традиция была детально описана Аипом Нусипокасулы в своей книге «Тал бесіктен жер бесікке дейін» («От деревянной до земляной колыбели»). На современном этапе в казахском обществе, как отмечает отечественный учёный А.Д. Давлетов, вышеописанный обычай уже не имеет строгого и обязательного характера его соблюдения. А сохранился, в основном, данный обычай в сельской местности. В условиях городской жизни, члены семьи в процессе реализации обычая передачи ребёнка на воспитание прародителям очень часто проявляют своё несогласие. Объясняют они своё несогласие в основном тем, что старшее поколение не имеет в полной мере всех возможностей подготовить ребёнка к современным условиям жизни в обществе. Но, к сожалению, автор не обнаружил каких-либо специальных исследований, которые были бы посвящены анализу данного обычая в казахской культуре (аталычество) [3]. Этот факт и послужил главным обоснованием избранной темы.

### Список использованной литературы:

1. М. О. Косвен. Аталычество // Советская этнография, 1935, № 2
2. Давлетова А.Д. Ориентировка личности в психологическом пространстве родительской семьи (на материале исследования казахской семьи): Автореф. дис. ... канд психол. наук. – М., 2003.
3. Артюхова И.С. Ценности и воспитание // Педагогика. 2012. № 4.

## КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ БОЙЫНША ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ПСИХОЭМОЦИОНАЛДЫ ЖАҒДАЙЫ

*Арықбай А.Е.*

*Құдайбергенова С.Қ. жетекшілігімен  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы  
e-mail: aidana.arikbai@mail.ru*

Пандемия кезеңінде болып жатқан әрбір өзгеріс халықтың санасына, психологиясына, жалпы өмір сүру деңгейіне үлкен әсер етуде. 2019 жылы, желтоқсан айының соңында бүкіл әлем SARS-CoV-2 коронавирусынан туындаған COVID-19 инфекциясы туралы білді. 2020 жылғы 11 наурызда бұл инфекцияны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы пандемия деп жариялады. Бұл тосыннан келген жаңалық болғандықтан міндетті түрде халықтың санасына, психологиясына әсер етпей қоймайды. Зерттеулерге сүйенсек, бұл жағдайда тұлғаның психологиялық әл-ауқаты, еңбекке деген қабілеті, өмірлік белсенділік секілді маңызды құрылымдар төмендеді, керісінше, депрессиялық деңгей, белгісіздіктен қорқу, мазасыздық күйі, агрессивтілік пен негативті ойлар жоғарылады.

Коронавирус өмір мен денсаулыққа қауіп төндірумен қатар, барлығын өте күрделі психологиялық жағдайға алып келді. Өзін-өзі оқшаулау режимі біздің әдеттегі өмірімізге айтарлықтай әсер етті, сонымен қатар психологиялық тұрақсыздықты анықтады. Ғалымдар психикалық табиғаттың жаппай салдарын талдауға тура келеді. Қазіргі таңда ғалымдар оқшаулау режимі кезінде адамдар қандай психологиялық проблемаларға тап болғанын, сондай-ақ психологтардың пандемияның біздің психикалық денсаулығымызға әсері туралы болжамдарын зерттеуде. Карантиндік шаралар, вирусты жұқтырып алмау жөніндегі қобалжу бәрі адам психикасына кері әсер еткен. Пандемияға қатысты ақпараттың барлығы күйзеліс шақырады. Ауру жөніндегі негативті мәліметтер бізге ақпарат құралдары мен әлеуметтік желі арқылы беріліп отырды. Оның барлығы эмоцияға толы болды әрі әсірелеумен бізге жетіп жатты. Одан бөлек түрлі болжамдар айтылып, түсініксіз статистика берілді. Түрлі емдеу жолдары да айтылды. Осының барлығы адамдарды алаңдатып, мазасын қашырды.

Бүгінгі таңда пандемия тұлға психологиясына кері әсер етіп отыр. Осы бағытта жұмыс жасау үшін 2020 жылдың 4 сәуірінен бастап Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының базасында халыққа психологиялық қолдау көрсету бойынша жедел он-лайн желі жұмыс істеп жатыр, оның жұмысына бүкіл елден психикалық денсаулық саласында 65-тен астам маман тартылған. Барлық адамдарға, оның ішінде жастарға, балаларға, педагогтарға, ата-аналарға тегін психологиялық кеңес алу мүмкіндігі, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзіне-өзі көмек ретінде пайдаланылуы мүмкін тексерілген және сапалы ақпарат ұсынылады. Мамандар – дәрігерлер мен психологтардың жұмыс топтары ұйымдастырылған, олар үшін үнемі он-лайн вебинарлар өткізіледі. Сонымен қатар, халыққа тиімді және дер кезінде психологиялық көмек көрсету үшін сенім телефондары мен жеке хабарламалар ретінде халыққа ай сайын психологиялық көмек жайында ескертіп отыру қажет деп ойлаймын. Халықтың психикалық денсаулығы –

болашағымыз үшін маңызды болып табылады.



## БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ БІРДЕЙЛІГІНЕ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

**Әлдібек А.Т.**

*Мухитдинова Т.М., жетекшілігімен  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы  
e-mail: aldibek.aigerim.t@gmail.com*

Қашанда болмасын адамдардың басты мәселесі – бақытты болу. Және ол әрдайым солай болып қала бермек. Әрине, кез-келген адамның бақыт туралы ой-пікірі, қалауы әртүрлі. Дегенмен, біз білетіндей, біздің арман-мақсаттарымыз, тілек-қалауларымыз «мотив», «стимул», «мотивация» сынды құрлымдардан тұрады.

Жалпы адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуы, оның өмірлік бағыт-бағдарын, өзіндік қоғамдағы рөлін, ісін табумен тығыз байланысты. Осы негізгі критерийлер орындалмай, адам өзін толыққанды сезіне алмайды. Сондықтан, оның бақытты болуына, оның қоршаған ортасының әсері зор. Бірақ, мұндағы шешу рөл жеке тұлғаның өзінде.

Бітіруші түлектермен оқу барысындағы талапкерлердің оқу процесі мен олардың болашақ кәсіби бірдейлігі, студенттердің сол өмірлік кезеңіндегі бақытты болу жолы ретінде қарастырылады. Алайда, ол барлықтарына бірдей оң нәтиже бермейді. Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2018 жылы берген мәліметінше, қазақстандық түлектердің 60%-ы мамандығы бойынша жұмыс таба алмайды. Соңғы уақытта бизнесмендер жас кадрларды даярлауындағы наразылығын жиі білдіруде.

Сондықтан да, студенттердің, соның ішінде болашақ психолог мамандардың кәсіби бірдеңгейлігі мен оқу мотивациясы алдында тұрған өзекті мәселе. Басты проблематика қайда жатқанын анықтау, негізгі мотивтердің рөлін бөліп қарастыру, мотивация, сондағы оқу, білім алу мотивациясын анықтау, сонымен қатар кәсіби дайындығы мен болашақ маманның кәсіби бірдеңгейлік, яғни, мамандығына сәйкестілігін қарастыру.

А. Сербинскийдің сөзімен: «Мотивация – бұл адамдарды іс-әрекетке итермелеу». Ал осы іс-әрекет барысында адамның өзін кім екенін анықтап білу, біз қарастырып жатқан жағдайда, студент статусының басқа статустық рөлге ауысу барысы. Л.Б.Шнейдер келтіргендей, сәйкестендіру «менің кім екенімді және менікі туралы өзіме хабарлау» деп түсініледі. Кәсіби бірдеңгейлі болса – кәсіби өзін-өзі анықтау, тұлғаны дамыту және өзін-өзі ұйымдастыру процестерінің интеграциясының нәтижесі; бұл адамның сана-сезімі мен өзін-өзі тануының кәсіби іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі сипаттамасы, онда ол өз ісін анықтайды (немесе бөледі, ажыратад; кәсіби қызметтің басқа түрлерінен) және өзін басқалармен (өзінің кәсіби қоғамдастығының өкілдерімен және басқа қауымдастықтардың өкілдерімен) байланыстырады. Кәсіби сәйкестілік адамға қазіргі және болашақтағы өзін қалыптастыруға көмектеседі. Демек, осы процестердің өзара байланысы нәтижесінде, біз адамның қазіргі күйі мен келешектегі бақыт факторын басынан кешуін анықтап біле аламыз.

Қазіргі уақытта, теориялық негіздер қаралып, практикалық бөлім, яғни, эксперименталды функционал орындалу барысында. Жасалып келе жатқан зерттеу барысында, әзіргі уақытта, мынандай тұжырымдама жасалды: «Мотивация, адамды іс-әрекетке итермелеу мен қатар, іс-әрекет барысынан міндетті түрде ләззат алу процесі. Кәсіби бірдеңгейлік, я сәйкестілік – бұл мотивацияның негізінде жұмыс жасайтын адамның өмірлік рөлін сақтаушы қозғалтқыш». Қойылған зерттеу тақырыбының нәтижесі қандай болса да, басты мәселе, оқып жатқан студенттер қауымының білім алу жолындағы процессте, жопандықтар айтпақшы, өздерін аттракцион паркіндегі сезімдерге бөлеу. Қалағандарымен айналасудан емес, айналысып жатқан нәрселерінен бақыт алуды үйрету.

## А. ҚҰНАНБАЙҰЛЫ МҰРАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Әмзехан А.Е.

Сейтнұр Ж.С. жетекшілігімен

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы  
e-mail: aktilekamzekhan@gmail.com

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Қазіргі таңда зерттеушілер қазақ психологияның тарихына, бастауына байланысты түрлі нұсқаларды келтіруде. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына, ментолитіне қарай психологиямыздың көрінуі хақім Абай шығармаларынан бастау алады. Абай өз халқының тіршілігін қозғай отыра шығармаларында ағарту ісін, мәдениетті және де ғылымның маңызды екенін жеткізді. Сана мен сезімдердің әсер етуі, адамгершілік қасиеттер, жан-дүниенің сансыз қырларын қамти отыра, жас ұрпақтың білімді болып қалыптасуына аса назар аударды.

А. Құнанбаев шығармалары басқа да қырларымен зерттелгенімен, осы уақытқа дейін психологиялық аспектілері толықтай қарастырылмаған. Бұл жағдай отандық психологияның толықтай қамтылып, етек жайуына жағдай туғызбай отыр. Өскелең ұрпақ ұлттық психология элементтерін (поэзия, проза т.б.) бойларына сіңіріп, кеңінен пайдалана қарастырып, жаңа заман ағымына қарай тиімді жүзеге асыру болып табылады.

Психология бағытында жіті қарастырылып, бұл бағытта жазылған зертеулер мен еңбектердің аз болуы – А. Құнанбаев шығармаларында жас буынның қалыптасуы немесе тұлға болып жетілуіне байланысты психологиялық көзқарастар мен ойларын зерттеу деңгейі мен ақын шығармашылығының психологиялық аспектілерінің қарастырылу қажеттілігі арасында қайшылықтар бар екені көрінеді.

Зерттеудің мақсаты – А. Құнанбаев шығармаларының психологиялық аспектілерін қарастырып, оның шығармашылық іс-әрекетін ғылыми түрде айқындау.

Зерттеу міндеттері:

- А. Құнанбаев шығармаларының ұлттық психологиялық маңызын айқындау.
- А. Құнанбаевтың шығармаларындағы психологияға қатысты ұғымдарды ғылыми жүйеге енгізу.
- А. Құнанбаевтың шығармаларының психологиялық аспектілеріне контент-анализ әдісі арқылы зерттеу, алынған мәліметтерді сапалық талдау.

Зерттеу әдістері: зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда теориялық (аналитикалық-синтетикалық салыстырмалы, индуктивті – дедуктивті талдау)– эмпирикалық (өмірбаяндық, контент-талдау әдісі, сұрау, әңгімелесу) мәліметтерді өңдеудің математикалық есептеу әдістері қолданылады.

*Зерттеудің болжамы* – егер А. Құнанбаевтың шығармашылығының психологиялық аспектілері айқындалып, оның шығармаларындағы психологиялық ұғымдар мен түсініктер ғылыми жүйеде негізделсе, онда қазақстандық психология ғылымының теориялық-әдіснамалық негіздері жаңа ұлттық психологиялық білімдермен толығын еді.

Нәтижелер: А. Құнанбаев шығармаларындағы психологиялық ой-түйіндер ғылыми жүйеге нақтыланып, негізделінуі мүмкін. Ақынның келешек ұрпаққа қалдырған асыл қазынасы жан-жақты толықтай қарастырылып жатыр. Қазіргі таңда зерттеу жұмысының қорытындылары өңделуде.

Перспективалар: Бұл зерттеу нәтижесінде А.Құнанбайұлы еңбектеріндегі психологиялық көзқарастар толықтай қарастырылып, отандық психологияның толықтай қамтылуына септігін тигізеді. Сонымен қатар, келешек ұрпақтың тұлға болып қалыптасуына, саналы да салиқалы ұрпақтың жетілуіне, тигізер көмегі сөзсіз. Ақынның кейінгі ұрпаққа жеткізбек ойлары нақтыланып, психологиялық ой-түйіндері анық көрсетілетін болады.

## ҚАЗІРГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕГІ ИНТЕРНЕТКЕ ТӘУЕЛДІЛІК – АЛДЫН-АЛУ

**Батырханова А.М.**

*Закарьянова Ш.Н. жетекшілігімен*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы*

*e-mail: aeka.batyrkhanova@mail.ru*

Қазіргі кезде жастардың белгілі бір бөлігі компьютерлік интернет-тәуелділігінің ықпалында, ал бұл қатерлі психикалық ауру болып табылады. Сондықтан да қоғам бұл мәселенің қауіптілігі мен маңыздылығын түсініп, дабыл қағуда. Ғаламтор желілердің негативті әсері кәметке толмағандардың тәуелділігін қалыптастыру және қылмыстың өршуіне ерекше қауіп тудырып отыр. Интернет пен компьютерлік ойындардың пайда болуымен тәуелділіктің жаңа түрлері де пайда боды: интернетке тәуелділік пен ойынға тәуелділік. Әрбір төртінші пайдаланушы компьютердің жанында аптасына 20 сағаттан аса уақытын өткізеді. Мұнымен бірге Психиатрлардың америкалық ассоциациясының мәліметтері бойынша күніне компьютерде екі сағаттан аса уақыт ойнау компьютерлік тәуелділік деп танылады.

Тәуелділік – бұл психикасының бұзылуы, ол уәждеумен, шешімдер қабылдаумен, оқумен, тежелуді бақылау деп аталатынмен, рақаттануды іздестірумен байланысты химиялық үдерістерге араласу жолымен мидың жұмыс істеу қағидаттарына ықпал етеді. Құмар ойындары мен жеңсіздік сияқты мінез-құлықтың құштарлық-психологиялық тәуелділік формасының мәні; есірткілер немесе алкоголь сияқты заттарға құмарлық бір мезгілде психологиялық тәуелділік формалары болып табылады. Интернет-тәуелділіктің басқалардан ерекшелігі – ағзаны әлсіреуіне немесе өзгеріске ұшырауына соқтыратын химиялық тәуелділік емес, ағзаға әсері бойынша ол құмар ойындарға тәуелділікке жақын. Дәстүрлі тәуелділік түрлерінің пайда болуына жылдар қажет болса, профессор К.Янгтің мәліметтері бойынша Интернет-тәуелділікке көп уақыт қажет емес, мәселен тәуелділердің 25 пайызы интернетпен жұмыс істей бастаған жарты жыл ішінде, 58 % – жарты жылдан соң, ал 17 % – 1 жыл уақыт аралығында интернет құлына айналған.

Интернетке тәуелділік жасөспірімдерде бірқатар психологиялық мәселелерді қалыптастыруға ықпал етеді: қақтығыстық мінез-құлық, созылмалы депрессия, нақты өмірдің виртуалды кеңістігін таңдау, қоғамдағы бейімделудегі қиындықтар, компьютерде өткізетін уақытты басқару қабілетінің жоғалуы.

Интернет әр адамның өміріне енгеніне күмән жоқ. Интернет қажетті ақпаратты жылдам іздеуге мүмкіндік береді, оқуға, жұмыс істеуге, қарым-қатынас жасауға, шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік береді. Ғалымдар өмір ырғағының үдеуі, ақпарат ағынының көбеюі заманауи адамнан тез бейімделуді, өзін-өзі сезіну қабілетін талап ететіндігін атап өтті. Бұл ғаламтор құбылысының орасан зор артықшылығы, сонымен қатар оның проблемалық бөлігі де бар, оны ғалымдар өзін-өзі бақылауды жоғалту мен интернетті өз бетінше тоқтата алмаудың салдарынан болатын психикалық ауытқушылық, оған деген таптырмас құмарлық ретінде сипаттайды. Бұл жағдай «Интернетке тәуелділік» деп аталады. Тәуелділіктің негізгі түрлерінің тізіміне мыналар кіреді: ақпараттық тәуелділік, онлайн-ойындар, кибер-сексуалдық тартымдылық, көптеген бейне және аудио материалдарды жүктеу, интернет-дүкендерде бақылаусыз болу және т.с.с. Интернет-тәуелділіктің ерекшеліктері жас адамның психикасы үшін принципіалды жаңалығы.

## КАРАНТИН КЕЗІНДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Бауржанқызы А.**

*Жолдасова М.К. жетекшілігімен*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы*

*e-mail: aida0399@mail.ru*

Құндылықтар мәселесі – ғылымда бұрыннан зерттелген мәселелердің бірі. Философиялық тәсіл болса, құндылық бағдарларын жеке тұлғаның тұрақтылығын, мінез-құлықпен қызметтің белгілі бір түрінің сабақтастығын қамтамасыз ететін және қажеттіліктер мен мүдделердің бағытталуында көрінетін білімнің негізгі осі ретінде анықтайды. Біздің түсінігіміздегі құндылықтар кез келген материалдық немесе идеалды құбылыстар болып табылады. Ол үшін жеке адам, әлеуметтік топ, қоғам оны алуға, сақтауға және иеленуге күш салады, яғни құндылықтар – бұл адамдар өмір сүретін және бағалайтын нәрсе.

Қазір бүкіл әлем қиын кезеңді бастан кешуде. Дағдарыс құбылыстары өмірдің барлық салаларында: экономикалық, әлеуметтік, құндылық бағдарлары саласында орын алады. Қазіргі студенттердің рухани бағдарларын, өмірлік басымдықтарын зерттеу өте өзекті, өйткені бұл оның жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделу дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Қоғамның болашақ жағдайы көбінесе жас ұрпақ үшін қандай құндылық негізі қаланатынына байланысты.

18-20 жасқа қарай адамда, әдетте, оның барлық шешімдері мен әрекеттеріне әсер ететін негізгі құндылықтар жүйесі қалыптасады. Одан әрі жыл өткен сайын ол өзгеріссіз болады, ал ересек ретінде қалыптасқан тұлғаның құндылықтарындағы өзгеріс оның өміріндегі үлкен стресс, өмірлік дағдарыстың әсерінен ғана туындауы мүмкін.

Жастардың құндылық бағдарларының қалыптасуы мен дамуына: отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайлар, қоршаған орта, географиялық жағдайы әсер етеді. Жеке және топтық жастар санасының қозғалышылығы әлеуметтік жағдайдың тұрақсыздығымен, әлеуметтік мәртебенің қалыптаспауымен, осы әлеуметтік топқа тән рөлдік құрылымдардың белгісіздігімен анықталады. Бұл көбінесе жастардың рухани өмірінде туындайтын проблемаларды түсіндіреді: руханият, құндылықтардың деформациясы, моральдық нормалардың бұзылуы, агрессивтілік, қоғамға қарсы және мәдениетке қарсы көріністер. Сондай-ақ, жастармен проблемалар әртүрлі күштердің оның санасын басқаруға, жастарды өз мүдделеріне пайдалануға деген ұмтылысына байланысты туындайды.

Қазіргі қазақстандық жастар тек ақшаға ғана емес, материалдық игіліктерге де қызығушылық танытуда. Сенім, шығармашылық сияқты рухани құндылықтар маңызды болып табылады. Табысқа келетін болсақ, жастар оған ең алдымен жастардың жеке қасиеттері мен шығармашылық әлеуеті көмектеседі деп санайды. Карантин кезіндегі уақыттан байқағанымыз, жастардың көп бөлігі табыс табу және білім алуда интернеттік жаһанға тез бейімделген. Уақыттың көп бөлігін жұмысқа, оқуға барар жолдағы кептеліспен өткізгенше, онлайн форматта үйде өткізгенді жөн көретін ой қалыптаса бастаған. Бұл дегеніміз еліміздегі жағдаятқа байланысты қалай десе де құндылықтың өзгеруі байқалуда.

Жалпылай келе, қазақстандық жастар өздерінің құндылық арқауын қалыптастыру кезеңінде екенін айта кеткен жөн. Мұнда бірнеше факторлар маңызды рөл атқарады. Біріншіден, бұл батыстандыру мен нарықтық психологияның ағымы. Екінші процесс – Мемлекеттік идеологияның әсері. Үшіншісі – рухани-мәдени дәстүрлерді жаңғырту. Бұл жаңа әлеуметтік қайта құруды құрайтын осы ағындардың шындығы, деп аталатын қазақстандық жастармен кездесті. Бұл ретте жастар өз перспективаларына оптимистік көзқараспен қарайды. Білікті көпшілік өмірдегі жетістіктерге және олардың әл-ауқатының жақсаруына сенеді.

## ОСОБЕННОСТИ ПСИХОСЕМАНТИЧЕСКОГО ПРОСТРАНСТВА ТЕКСТА ПЕРСОНАЛЬНОГО МИФА

**Бейсеналина А.А.**

*под руководством Ахтаеввой Н.С.*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы*

*e-mail: aselbeisenalina@gmail.com*

Персональный миф – это чудесная личностная история [1]; личностный феномен самосознания, сформированный в результате самопонимания, имеющего коммуникативную природу и межличностное происхождение [2].

В нашем исследовании инструментом анализа персонального мифа является нарратив в письменной форме. В качестве основного смыслового анализа было выделение тем-признаков. Опираясь на исследование Мещеряковой Э.И.[2], которая выделила 41 тему персональных мифов, путем контент-анализа нам удалось дополнить и расширить их, выделив 54 тем текстов персональных мифов, и условно разбить их на категории.

Выводы анализа психосемантического пространства текста персональных мифов, образованного из тем-признаков:

1. Наиболее часто используемая в персональном мифе временная диспозиция – прошлое. На втором месте – настоящее, и в минимальном количестве – будущее. Иными словами, нарративы испытуемых в большинстве случаев представляли собой «миф о прошлом» с рассказом истории своего взросления, нежели мечты о будущем.

2. Наиболее часто встречающаяся тема, в категории «признаки Я-концепции» – тема «рассуждение и забота о себе», представляющая анализ себя испытуемыми, своих действий и внутреннего мира, рефлексия над прожитыми смыслами и опытом. Высокий уровень рефлексии по методике персонального мифа коррелирует с результатами по методике «Кто я?» Куна.

3. Другая часто встречающаяся тема: миф об отражении себя во внешнем мире. Примечательно, что данная тема не коррелирует с темой «озабоченность мнением окружающих и/или непониманием с их стороны», которая представлена в небольших количествах. Что представляет стремление испытуемых в нарративе показать себя с «объективной» стороны.

4. Среди категории ценностных признаков почти в половине персональных мифов присутствует упоминание семейной жизни, и около одной трети мифов можно условно отнести к «семейным», где рассказ сосредоточен или в значительной степени отражает важность семьи в жизни испытуемых.

5. Другим часто встречающимся ценностным признаком является тема «желание стать необычной таинственной личностью и/или обладать сверхъестественными способностями». Данная тема коррелирует сраспространенным признаком реальности образов: нереальные образы, невозможные в действительности. То есть довольно часто в мифах присутствуют нереальные образы и «романтичные» сюжеты.

6. Категории размышления о судьбе и религиозно-мистических признаков встречаются наименее часто. В большей степени испытуемые рассказывают о том, чего они добились своими силами.

7. Стоит отметить, что все мифы относятся или к оптимистичным, или к реалистичным, или имеют оба признака. Даже если имеется упоминание о травмирующих событиях и тяжелых жизненных ситуациях, после них идут темы принятия и преодоления.

### Список использованной литературы:

1. Лосев А. Ф. Диалектика мифа. Миф–Число–Сущность. М., 1993
2. Мещерякова Э. И. Персональный миф в психологическом консультировании: дис. д-р психол. наук – Барнаул, 2001.

## ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ҚАНАҒАТТАНБАУШЫЛЫҚ СЕБЕПТЕРІН ЗЕРТТЕУ

**Зебербек А.Н.**

*Садыкова Н.М. жетекшілігімен*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы*

*e-mail: zeberbekova00@mail.ru*

Соңғы жылдары көптеген зерттеулер некенің тұрақтылығы мәселесіне арналды. Мысалы, отбасы өмірінің бастапқы кезеңі неке мотивациясымен, отбасылардың салт-дәстүр ерекшеліктерімен және некеге дейінгі қарым-қатынас кезеңімен байланысты бірқатар факторлармен қиындауы мүмкін. Ең алдымен, бейімделу кезеңі ерлі-зайыптылар қатынастарындағы қанағаттанбаушылық себептерін тудырады.

Некеге және отбасына деген көзқарас тарихи даму процесінде көптеген метаморфоздардан өтті. Біз үшін неке құрылымы өзгермейтіні маңызды. Қазірдің өзінде, техникалық жетістіктердің арқасында біріктірілген, неке ұйымы мен тұжырымдамалары айтарлықтай айырмашылықтарды анықтап, отбасы әртүрлі критерийлер бойынша құрылады. Неке қатынастарына қатысты А. Харчев былай деп жазады: «некенің психологиялық жағы – бұл адамның қоршаған әлемнің құбылыстарын да, өз қажеттіліктерін де түсіну, бағалау және эмоционалды сезіну қабілетінің нәтижесі. Бұл ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген ойлары мен сезімдерін, сондай-ақ іс-әрекеттердегі ойлар мен сезімдердің объективті көрінісін қамтиды». Некедегі психологиялық қатынастар олардың көрінісі түрінде объективті, бірақ олардың мәні бойынша субъективті болады. Осылайша, объективті және субъективті диалектикалық өзара байланыс толығымен отбасылық салада көрінеді...»

Ғалымдардың зерттеулерінде «некеге қанағаттанбаушылық» термині елеулі орын алады. Сол ғалымдардың ішінде Э.Г. Эйдемиллер мен В. Юстицкистің бірлесе жасаған жұмысында былай деп бекітеді: қанағаттанбаудың травматикалық әсерінің сипаты, көбінесе болып жатқан жағдаяттың қабылдау, түсіну дәрежесіне яғни ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің де түсініспеушілігінің артуы, эмоционалды түрде жеткізуі кезінде көрініс табады.

Ерлі-зайыптылардың қанағаттанбауы қажеттіліктердің қанағаттанбауының салдары болып табылады деген пікір бар, соның ішінде:

- «біреуінің немесе екеуінің де жыныстық қажеттіліктеріне қанағаттанбау»
- «ерлі-зайыптылардың құндылығына және маңыздылығына деген қажеттілікке» қанағаттанбау (серіктес тарапынан Өзін-өзі бағалауды бұзу, оның немқұрайдылық, реніш, қорлау, сын);
- «ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің де оң эмоцияларға деген қажеттілігінің қанағаттанбауы» (ерлі-зайыптыларды эмоционалды салқындығы);
- «ерлі-зайыптылардың қаржылық келіспеушіліктері» (өзара бюджет, отбасын күтіп-бағу, әрбір әріптестің оны материалдық қамтамасыз етуге қосқан үлес мәселелері);
- «өзара көмекке қажеттіліктің қанағаттанбауы, отбасындағы міндеттерді бөлуге байланысты ынтымақтастық қажеттілігі»;
- «демалыс пен бос уақытты өткізудің әртүрлі қажеттіліктері».

Жалпы қорытындылай келе, ерлі-зайыптылардың арасындағы қанағаттанбаушылық факторларын талқылай отырып, мынандай ойды түйсек болады: Адам некеге қанағаттанбаған кезде, бәрі оған қажет емес сияқты көрінеді, бәрі оған сәйкес келмейді, тіпті көзді жабуға болатын кішкентай нәрселер де шешілмейтін үлкен мәселе болып көрінеді. Некеге қанағаттанған адам тіпті кемшіліктерде де жақсы қасиеттерді іздейді. Ол кішкентай кемшіліктерді жабуға тырысады.

Осылайша, тек некеге қанағаттанған отбасылар бірлескен іс-әрекеттерді қалыпты түрде және отбасылық функцияларды: отбасының тұрақтылығын, отбасы ішіндегі жағымды эмоционалды фонды сақтауды орындай алады.

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЛИМАТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ МЕКТЕПТЕР МЫСАЛЫНДА)**

*Исмагамбетова Л.С.*

*Қалымбетова Э.К. жетекшілігімен  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы  
e-mail: lunara-99@mail.ru*

Қолайлы психологиялық климатты қалыптастыру проблемалары әлеуметтік прогрестің дамуымен тығыз байланысты, ал психологиялық аспектілердің топты басқаруға әсер ету проблемасы ұжымда психологиялық климаттың оңтайлы жағдайларының ажырамас бөлігі болып табылады.

Қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат – бұл еңбек өнімділігін арттыру, жұмысшылардың жұмысына және ұжымға қанағаттануы. Әлеуметтік-психологиялық климат стихиялы түрде пайда болады. Бірақ жақсы климат – бұл ұрандар мен басқарушылық күш-жігердің қарапайым салдары емес. Бұл топ мүшелерімен жүйелі психологиялық жұмыстың, менеджерлер мен қызметкерлер арасындағы қатынастарды ұйымдастыруға бағытталған арнайы іс-шаралардың нәтижесі.

Әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастыру және жақсарту – менеджерлердің тұрақты практикалық міндеті. Қолайлы климат құру – бұл тек жауапты іс емес, сонымен бірге оның табиғаты мен реттеу құралдары туралы білуді, топ мүшелерінің қарым-қатынасындағы ықтимал жағдайларды болжай білуді талап ететін шығармашылық. Жақсы әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптас-тыру, әсіресе фирмалардағы менеджерлер мен психологтардан адамдардың психологиясын, олардың эмоционалдық күйін, көңіл-күйін, эмоционалдық тәжірибесін, мазасыздығын, бір-бірімен қарым-қатынасын түсінуді талап етеді.

Әлеуметтік-психологиялық климат (грек тілінен аударғанда. Klima (klimatos) – көлбеулік) – бұл бірлескен өндірістік іс-әрекеттер мен топтағы жеке тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін немесе кедергі келтіретін психологиялық жағдайлар жиынтығы түрінде көрінетін тұлғааралық қатынастардың сапалық аспектісі.

Әлеуметтік-психологиялық климат ұйымның ажырамас күйі ретінде әртүрлі сипаттамалардың тұтас спектрін қамтиды. Көрсеткіштердің белгілі бір жүйесі жасалды, оның негізінде ұйымдағы әлеуметтік-психологиялық климаттың деңгейі мен жағдайын бағалауға болады. Оны зерделеу кезінде әдетте негізгі көрсеткіштер ретінде мыналар алынады: ұйым қызметкерлерінің жұмыстың сипатына және мазмұнына, жұмыс әріптестері мен менеджерлермен қарым-қатынасына, компанияның басқару стиліне, қарым-қатынастардың қақтығыс деңгейіне, персоналдың кәсіби дайындығына қанағаттануы.

Әлеуметтік-психологиялық климат тұлға ретінде мұғалімге жағымды да, жағымсыз да әсер етуі мүмкін, өйткені барлық адамдар қабылданған дауысты және адамдар арасындағы айтылмаған нор-малар мен ережелерге тәуелді. Қатынастардың қабылданған нормалары ынтымақтастық пен өзара көмек болуы мүмкін, өйткені жас мұғалім де, тағылымдамадан өткен мұғалім де бір командада болуға деген ұмтылысты сезінуі керек, сонымен бірге бірлескен жұмыстың қуанышын сезінуі керек. Мұғалімдер құрамы, оларда немқұрайдылық немесе қысым басым болса, мұғалімдер эмоционалды депрессия мен сарқылуды бастан кешіреді, стресстік жағдай мен кәсіби белсенділіктің төмен деңгейі нәтижесінде жанжалды жағдайлар туындауы мүмкін.

Ұжымның бірлігі – бұл ұжым өмірінің тұрақтылығы мен сабақтастығын (дәстүрін) қамтамасыз ететін топ ішіндегі және топ аралық қатынастардың реттілігі, дәйектілігі мен тұрақтылығының өлшемі.

Педагогикалық жұмысты ғылыми ұйымдастыру әр білім берушінің уақытын тиімді пайдалану, еңбек пен демалыс үшін қолайлы жағдайлар жасау мен пайдалану, денсаулықты күту және педаго-гикалық ұжымның әр мүшесінің жан-жақты дамуына бағытталған. Мұғалімнің жұмысын оңтай-ландыру үшін, ең алдымен, әр мұғалімнің оқу жүктемесінің көлемін дұрыс анықтап, мұғалімнің жеке типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ұтымды ойластырылған кесте құру, қызметтік мін-деттерді әкімшілік арасында, өзін-өзі басқару органдары арасында, ұжымның жеке мүшелері арасында және т.б топ арасында анықтауға жағдай жасау қажет.

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Каирбаева А.Б.**

*Болтаева А.М. жетекшілігімен*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы*

*e-mail: ainurahoran@gmail.com*

Құқықтық сана бұл адам санасында адамдар мен қоғам арасындағы қатынастарды реттейтін мінез-құлық нормаларының көрінісі ретінде анықталады. Ол өмірлік тәжірибенің, қоғамдағы адамның мінез-құлқының, осы қоғамның идеологиясының әсерінен қалыптасады. Құқықтық сана моральдық ұғымдарды игеруді ғана емес, сонымен бірге оларды моральдық нанымдарға айналдыруды да қамтиды.

Бүгінгі таңда құқықтық сана азаматтың жалпыға бірдей құқықтық әлеуметтену тенденциялары, қоғамдағы заңдылық пен құқық тәртібінің жай-күйі, ресми-құқықтық және құқықтық емес сипаттағы нормативтік талаптар, бүкіл жүйені өзгерту қажеттілігі нәтижесінде көрінетін заң шығару мен қолдануда маңызды критерий рөлін атқаратын интегралды құбылыс ретінде қарастырылады.

Қазақстандық қоғамның әлеуметтік топтарының құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын қалыптастырудың маңызды жолдарының бірі ретінде елде өткізілетін жалпы құқықтық оқытуды атауға болады. Осыған байланысты 1995 жылғы 21 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқытуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысының қабылдануы маңызды қадам болды.

Біздің еліміздің басты мақсаттарының бірі әрбір азаматының жоғары деңгейде өмір сүруіне, сонымен қатар, мемлекетіміздің жоғары мақсаттарына қол жеткізуіне ықпал ететін білімді, зиялы, өз тағдыры мен ел тағдырына жауапты ұрпақ тәрбиелеу. Қазіргі кезде жастар мәселесі әрдайым өзекті, оның ішінде қоғамның ерекше әлеуметтік-демографиялық тобы ретінде анықталған жасөспірімдер мәселесі қоғамның барлық салаларына бей-жай қарамайды. Жастар мәселесі қашанда өзекті екендігі белгілі, соның ішінде, қоғамның ерекше әлеуметтік-демографиялық тобы ретінде айқындалған жөспірімдер мәселесі қоғамның барлық топтарын бей-жай қалдырмайды. Себебі, «ел болам десек бесігінді түзе», яғни, еліміздің ертеңгі жарқын болашағы осы жас ұрпақ қолында, алайда, бүгінгі таңда жасөспірімдер қылмыстық іс-әрекеттерге бейім тұратын әлжуаз топқа жатады, олардың мінез-құлқында девиацияның барлық түрі, яғни, маскүнемдік, таксикомания, нашақорлық, жезөкшелік, бақылаусыздық, қаңғыбастық, қылмыстылық көрініс тауып отырады десек қателеспейміз, сондай-ақ, олардың ортасында алуан түрлі аурулар белең алып барады.

Мінез-құлық – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік сипаттамасының тікелей көрсеткіші. Таңдау мінез-құлық байланысты емес, адамгершілік, адамгершілік құндылықтары, адам және оның сана. Құқықтық сана кәмілетке толмағанның мінез-құлқын ғана емес, оның қоғамдағы орнын да анықтайды. Жастар арасындағы қылмыстың статистикалық көрсеткіштерінің өсуі кәмілетке толмағандардың құқықтық санасын дамыту процесіне назар аудару қажеттілігін көрсетеді. Заңға бағынатын мінез-құлық – бұл адам әлеуметтік нормаларды саналы түрде ұстанатын құқықтық мінез-құлық тәжірибесі. Құқық нормаларына сәйкес келетін мінез-құлық тәсілдерін игеру – бұл адамның құқықтық әлеуметтенуі.

Осылайша, құқықтық сананы қалыптастыруға әсер ететін көптеген факторлар бар, бірақ ең маңыздылары: отбасы, құқықтық білім, құқықтық тәрбие, психологиялық фактор, құқықтық әлеуметтену. Барлық осы факторлар кәмілетке толмағанның құқықтық санасын қалыптастыруда және нәтижесінде адамның мінез-құлқын таңдауда маңызды рөл атқарады. Кәмілетке толмағандардың құқықтық санасын қалыптастыру міндеті олардың адамгершілігін қалыптастыру және дамыту проблемасымен өзара байланысты және құқықтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы процесінде ең өзекті мәселе болып табылады.



## ИССЛЕДОВАНИЕ КОНФЛИКТОВ В МОЛОДОЙ СЕМЬЕ

*Карпатулы Д.*

*Под руководством Мухитдиновой Т.М.*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы*

*e-mail: karpatuly@mail.ru*

В настоящее время в Казахстане, как и в других постсоветских республиках, наблюдается определенное снижение значимости брачного союза, что, в свою очередь, приводит к увеличению числа разводов, снижению рождаемости, увеличению числа внебрачных детей.

По статистике, значительный процент разводов приходится на молодые семьи, где брак длится от 1 до 5 лет. Каждый из супругов на момент свадьбы имеет определенные потребности, которые не могут быть одинаковыми для обоих супругов. Часто эти потребности противоречат друг другу.

Молодая семья особенно уязвима перед проблемами и кризисами, так как именно в начальной стадии брака идет адаптация и формирование внутрисемейной коммуникации, а также внешние факторы, такие как низкое материальное положение, нужда в собственном жилье, высокая занятость супруга., и те макрофакторы, которые актуальны для современного общества.

Когда молодые люди вступают в брак, у каждого из них есть свои собственные представления о разделении прав и обязанностей. Супруги могут иметь разные взгляды на семейную жизнь и иметь определенные ожидания и требования относительно своей роли в браке, которые не всегда совпадают с реальностью, что делает семью менее устойчивой к возникновению конфликтов. Большое число влюбленных пар в первый год жизни вместе, не думают о совместимости в социальной и психологической области и не осознают причин назревающего конфликта.

В контексте психологии под конфликтом понимается столкновение, или борьба индексно противоположных целей, интересов, мотиваций, установок, мнений, планов, критериев, или же концепций оппонентов в процессе общения. Или-взаимное негативное психическое состояние двух или более людей характеризуется ненавистью, отчужденностью, негативностью в отношениях, вызванных несовместимостью их взглядов, интересов и потребностей.

В молодой семье много острых противоречий, особенно в первые годы брака. Причинами разрыва межличностного общения всемье являются личностные особенности супругов, отсутствие эмоциональной поддержки, низкие коммуникативные навыки. Важные проблемы в супружеских отношениях, могут быть связаны с завышенными ожиданиями друг к другу, бессознательное решение создать семью, неправильный образ жизни.

Таким образом, удовлетворенность браком является результатом влияния различных факторов, к которым относятся личностные особенности супругов, специфика их взаимоотношений и взаимодействия с окружающими, а также их профессиональные, социальные и экологические достижения, особенности повседневной жизни и жизненные ценности и т.д.

Это исследование было посвящено изучению молодых семей. Сегодня эта проблема достаточно актуальна, поскольку семья является одним из фундаментальных социальных институтов. Семья вносит свой вклад в процесс адаптации и социализации, в семье создается и развивается индивидуальная личность человека, освоение необходимых социальных навыков, знаний, изучение культурных норм и правил, выявление общепринятых ценностей и идеалов, необходимых для будущей самостоятельной жизни в обществе.

Результаты, полученные после проведения тестов, выявили основные проблемы молодых семей: непонимание в той или иной степени, неудовлетворенность браком, конфликт между мужем и женой, неготовность открыться жене (мужу) и в то же время потребность в тепле, любви. В этом вопросе сегодня молодая семья, столкнувшаяся с психологическими проблемами, требует целенаправленного исследования и разработки методов решения возникающих конфликтных ситуаций.

## СТУДЕНТТЕРДІҢ СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІГІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ФОРМАТЫНДА ЗЕРТТЕУ

**Қабдешова А.Ж.**

*Құдайбергенова С.Қ. жетекшілігімен  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы  
e-mail: aru\_25.01@mail.ru*

Қоғамның прогрессивті дамуы, ең алдымен, білім беру жүйесімен қамтамасыз етіледі. Білім беру адам өмірінің барлық салаларында практикалық маңызы бар – мәдениет үлгілерін игеруден бастап әр түрлі еңбек формаларын кәсіби орындауға дейін жүреді. Оқу жүйесінің жылдар бойы үздіксіз жаңа бағдарламалармен ауысатыны анық. Вирустық инфекциялар пандемиясының таралу байланысты сыртқы жағдайлар университеттерді қысқа мерзімде ішінара немесе толығымен қашықтықтан оқыту формаларына көшуге мәжбүр етті. Осыған байланысты цифрлық білім беру кеңістігінде оқытудың әртүрлі аспектілерін эмпирикалық бағалау мәселесі ерекше өзекті болып отыр.

В результате проведенного анализа системы адаптации, принятой в данной организации, выявилось, что большинство сотрудников все еще не адаптировано к организации и к специфике работы на новом для них месте. Это отражается на их самочувствии, особенностях социального взаимодействия и на снижении мотивации к деятельности. К тому же, сотрудники данной организации внесли свои пожелания и коррективы в имеющуюся систему управления персоналом.

Рекомендации по улучшению системы адаптации персонала в организации, в основном, направлены на внедрение следующих методов HR-менеджмента в имеющуюся систему адаптации:

1. «WELCOME! Тренинг» и введение приложения для ознакомления с обязанностями
2. «Книга сотрудника» и «Welcome-book» (в печатном и электронном видах)
3. Мероприятие «Первый день новичка», а также шедоунг, секондмент.
4. Система наставничества. Закрепление за каждым сотрудником или группой сотрудников наставников для успешного их обучения и успешного введения в должность.

Практическая ценность в том, что результаты исследования могут быть применимы в деятельности отдела HR при подготовке специалистов, а также привлекут внимание ученых, психологов, специалистов по управлению персоналом к научному исследованию профессионально-психологической адаптации персонала методами HR-менеджмента.

## КУРСАНТТАРДЫҢ СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Шаяхметова А.Ф.*

*Жолдасова М.К. жетекшілігімен*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы  
e-mail:saysholpan@internet.ru*

Стресс – адамның әр түрлі биоәлеуметтік деңгейлерінде кездесетін күрделі, біртекті емес құбылысы. Қоғамымызда көптеген адамдар, жасы кішіден бастап үлкенге дейін стресске ұшырап жатады. Стресс бұл қоршаған ортаның кез келген негативті әсерлеріне организмнің реакциясы.

Адамның стресске төзімділігі – қиындықты жеңу, эмоцияға берілмеу, адамның көңіл-күйін түсіну, қолдау көрсете білу және тағы басқаларды жатқызуға болады .

Стресске төзімділік стресске қарсы тұру көрсеткішінің құрамдас бөлігі болып табылады. Стресске төзімділік – адамның әлеуметтік байланысқа түсуіне негіз болатын эмоциялық тұрақтылығын, мазасыздық деңгейінің төмендігін, өзіндік реттелуінің жоғарылығын, стресске дайындығын білдіретін тұлғаның интегралды қасиеті .

Сондықтан да стресске төзімділік кез келген тұлғаның психологиялық күйінің маңызды аспектісі болып табылады. Соңғы уақытта курсанттардың стресске төзімділігі бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Курсанттардың стресске төзімділігіне көптеген факторлар әсер етеді, солардың негізгілері: микро орта факторлары, ұжымдағы формалды және формалды емес байланыстар, басқару стилі, бейімделу, ұжым мүшелерінің психологиялық үйлесімділігі және тағы басқаларды жатқызуға болады. Стресске төзімділік курсанттарды өзін-өзі реттеу қабілетіне, психологиялық тепе-теңдікті жылдам қалпына келтіруге баулиды. Басқаша айтқанда, бұл адамның өмір бойғы рухани тұрақтылық қорын, яғни өзінің тұтастығын, өмір сүруге қабілеттілігін білдіреді. Әскери саладағы кез келген адам өзінің мінез-құлқын реттей алса, стресске төзімді болып келеді.

Себебі стресске түскен курсанттар түрлі жағдайларға тап болады. Ғалымдардың пайымдауынша, әскери салада білім алатын курсанттар стресстік факторлы жағдайға екі есе көп түседі. Курсанттарда өздеріне қатысты міндеттерді орындауда көптеген қиындықтар туындайды. Курсанттардан жоғары деңгейлі кәсіби төзімділік пен ерекше психологиялық дайындықты, қиын жағдайда жұмыс жүргізе білу шеберлігін талап етеді. Жалпы алатын болсақ, курсант дегеніміз – жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша арнаулы (әскери) оқу орнында білім алып жатқан немесе халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің білім беру ұйымына оқуға жіберілген қызметкер.

Курсанттардың стресске төзімділігін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, оған қарсы тұра алу шараларына үйретуді кезең-кезеңмен қарастыру қажет. Курсанттардың созылмалы стресстік күйде жүретін белгісінің негізгілері мыналар: орынсыз мазасыздық, өзін жайсыз сезіну, психологиялық шаршау, айналысындағы адамдармен қарым-қатынас жасаудан бас тарту, көңіл күйінің тез өзгеруін жатқызуға болады. Осы кезде курсанттарда қолайсыз және іштей қысым сезінеді. Күні бойына шаршағанын сезінуі, оқуға деген қабілеттілігінің немесе әскери дайындықтың төмендеуіне әкеледі. Стресстік күйдің пайда болуы көптеген аурулардың дамуын туғызады (қан қысымы, жүрек, тыныс органы аурулары т.б.). Осы мезетте адамдарда қан қысымы тұрақсызданып, басы ауырып, айналып, жұлын, арқа белдері мен кеуде тұсы ауырады, ас қорытуы бұзылып, ұйқысыздық пайда болады. Демек осыдан тұрақсыздық байқалып, психоэмоциялық мәртебе өзгертеді (мазасыздық, депрессия, өз-өзіне қол жұмсау т.б.).

Әскери салада білім алатын курсанттар өздерінің кәсіби міндеттерін атқару барысында көптеген шектен тыс физикалық және эмоциялық қысымға төзіп, оны жоюына тура келеді. Ұзаққа созылған қысым курсанттардың жүйкесі мен соматикалық күйіне кері ықпалын тигізіп, дезадаптацияның дамуына әкеледі. Өзекті мәселелердің бірі курсанттардың өмірлерін белсендіру мақсатында физикалық және психологиялық тұрғыдан денсаулықтарын сақтауға қолдау көрсету. Соның нәтижесінде стресске төзімділік деңгейін көтерудің маңызы зор.

Қорыта келгенде өмір бойы барлық тірі ағза, соның ішінде адам үздіксіз – климатқа, қоректенуге, қоршаған адамдарға тіпті кәсіби зияндылықтарға және стресске икемделеді дедік. Яғни барлығы қоршаған ортамен үйлесімді болуға тырысады. Осы тұрғыда әскери салада білім алатын курсанттардың әскери ортаға бейімделуіне психологиялық қолдау көрсетуде әскери психолог маманының маңызы зор болып табылады. Әскери өмірге бір күнде бейімделіп кету оңай емес. Оларды алда қандай тосынсый күтіп тұрғаны қызықтырады. Психологиялық тұрғыдан іштей дайындалатыны да анық. Шымыр да сымбатты болуға, әрі төзімділікке тек қана әскер шынықтырады. Әскери тәртіп пен әскери дайындық та күннен-күнге шыңдай түседі.

# ЭМПИРИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ СУПРУЖЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ ЛИЦ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

**Щеголева Ю.В.**

*Под руководством Кабаковой М.П.*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы,*

*e-mail: chshegoleva.88@gmail.com*

В современном обществе не теряет своей актуальности проблема, связанная с социализацией лиц, имеющих ограниченные возможности здоровья.

В своей работе авторы опираются на концептуальную схему анализа семьи как системы, рассматриваемой в качестве совокупного субъекта совместной жизнедеятельности (Кабакова М.П.).

Объект исследования: супружеские отношения в семьях инвалидов по зрению.

Предмет исследования: психологические особенности и характер супружеских отношений в семьях лиц с ограниченными возможностями.

Цель исследования: выявить и изучить психологические особенности супружеских отношений в семьях лиц с ограниченными возможностями.

Общая гипотеза: существуют определенные психологические особенности в супружеских отношениях лиц с ограниченными возможностями, выражающиеся в высоком уровне доверия и удовлетворенности браком, чем в семьях, не имеющих инвалидности по здоровью.

Методики: тест-опросник «Удовлетворенности браком» (ОУБ), методика «Рольевые ожидания и притязания в браке», методика «общение в семье» Ю.Е. Алешина и др.

Выводы:

1. Супружеские отношения положительно влияют на социализацию инвалидов.

2. К психологическим особенностям супружеских отношений лиц с ограниченными возможностями относятся с одной стороны, благоприятная психологическая обстановка, взаимопонимание и взаимоподдержка, с другой стороны это могут быть психологическая зависимость, агрессия, чувство вины.

3. На эти особенности влияют такие факторы как: индивидуально-психологические особенности партнеров, отношение супругов к себе, к браку, влияние окружения.

4. Высокий уровень доверия и удовлетворенность браком наблюдается чаще в семьях, где один из партнеров или оба имеют инвалидность. Это обосновывается тем, что инвалидность рассматривается как фактор, способствующий сплочению.

Результаты исследования могут быть применимы специалистами социальной сферы, в организации социальных проектов и деятельности учреждений, занимающихся вопросами лиц с инвалидностью.

Теоретическая значимость работы состоит в том, что показаны и обобщены подходы к исследованию психологических особенностей отношений в семьях лиц, имеющих инвалидность по здоровью.

Практическая ценность исследования заключается в сравнительном анализе семей с разным статусом по здоровью и предложенными рекомендациями по психологической поддержке семей инвалидов.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАРЫ ЖАҢА  
ӘЛЕУМЕТТІК ШЫНДЫҚТА  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС: ӨЗГЕРІСТЕР  
МЕН ҚИЫНДЫҚТАР

СОЦИАЛЬНЫЕ ИНСТИТУТЫ КАЗАХСТАНА  
В НОВОЙ ГЛОБАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ  
СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА В КАЗАХСТАНЕ: ИЗМЕНЕНИЯ  
И ОТВЕТЫ НА ВЫЗОВЫ

SOCIAL INSTITUTIONS OF KAZAKHSTAN  
IN A NEW GLOBAL REALITY  
SOCIAL WORK IN KAZAKHSTAN: CHANGES AND RESPONSES  
TO CHALLENGES

## ИБН СИНАНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОЙ-ШҚІРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЛЫҒЫ

Абдулазизов Д.Ғ.,

В-ФКБ-02-20 студенті E-mail: [abdulazizov.diyorbek03@mail.ru](mailto:abdulazizov.diyorbek03@mail.ru)  
Ертаев М.А., Соц.ғ.к., Доцент E-mail: [M.ertaev17@gmail.com](mailto:M.ertaev17@gmail.com)  
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент қ.

### Резюме

В статье рассматриваются проблемы жизненного опыта и биографии Абу Али ибн Сины. Ибн Сина – один из самых ярких людей в истории интеллектуальной жизни и человечества. Вклад в медицину и ее социальное значение. Он известен как врач, философ, математик, музыкант, поэт, великий ученый, работающий в 29 областях науки. На Западе персидского мудреца звали Авиценна. Биография может многое раскрыть выдающемуся человеку.

**Ключевое слова:** Ибн Сина – врач, канон излечения, социальная медицина Ибн Сины, вклад в здоровье, держать тело в чистоте

### Summary

The article deals with the problems of life experience and biography of Abu Ali ibn Sina. Ibn Sina is one of the brightest people in the history of intellectual life and humanity. Contribution to medicine and its social significance. He is known as a doctor, philosopher, mathematician, musician, poet, great scientist, working in 29 fields of science. In the West, the Persian sage was called Avicenna. A biography can reveal a lot to an outstanding person.

**Key words:** Ibn Sina – doctor, canon of treatment, Social medicine Ibn Sina, Contribution to health, keep the body clean



Ибн Сина 980 жылы Бұхараның Афшона ауылында шенеуніктің отбасында дүниеге келген. 986 жылы Ибн Синаның отбасы Бұхараға қоныс аударды, сол кезден бастап жас Хусейн бастауыш білім алып, ғылым үйрене бастады. Оның жастығы мен жастық шағы Саманидтер билігінің соңғы жылдарынан, әсіресе Нұх II ибн Мансур Саманидтің кезеңінен басталады. Ибн Сина талантты, есте сақтау қабілеті күшті және ойы өткір болғандықтан, өз заманында белгілі ғылымдарды тез игеруге кірісті. 10 жасында ол Құранды басынан аяғына дейін жаттады. 13 жасынан бастап бастауыш математиканы, логиканы, заң ғылымын, философияны оқи бастады. Ибн Синаның жастығына қарамай, Әбу Абдулла Нотилидің басшылығымен Хасан ибн Нух Кумриден философия, медицина ғылымын егжей-тегжейлі оқып, біртіндеп дәрігер болды. Ол өзіне дейінгі шығыс ойшылдарының шығармаларын терең зерттеумен қатар, ежелгі Грецияның табиғи, философиялық мұраларын, атап айтқанда Аристотель, Евклид, Птоломей, Гален, Гиппократ, Пифагор, Порфирий шығармаларын ыждағаттылықпен зерттеді. 16-17 жасында Ибн Сина әйгілі дәрігер және әкім ретінде танымал болды.[1. б.3-5-7].

1000 жылы Бұхараны сатқындары көшпелілерге есігін ашып береді көшпелілер кіріп Бұхарадағы ғалымдар орталығы на және үлкен кітапхана ға от қояды кейін ибн Сина Бұхарадан шығып, мәдени орталықтардың бірі Хорезмге жолға шығады. Ибн Сина жолда бір керуенге қосылады ол жерде бір адам Хусейнге шәкірттікке түседі ол Джузджани еді, сөйтіп Хорезмге де келеді Ургенчте ол уақытта оба тарқалған еді қаланың қонақтары санақсыз керуендер артқа қайтады сонымен бірге ибн Сина келген керуенде, бірақ ол Ургенчке қорқпай кіребереді сол кезде шәкірті сұрады неге ол жерде оба тарқалған ғой артқа қайтайық деді сонда ибн Сина «егер дәрігер аурудан қорқса онда адамдардың әлі не кешеді» сонда шәкірті сұрайды мен жаспынғой онда мен не істейін, сіз қайта беріңіз деп жауап береді ол кезде шәкірті қайтып кетеді ибн Сина қала ішіне кірген кезде шәкірті ойланып қайтып келеді қаланың басын да алдамшы тәуіп ол бұрынғы Бұхараның билеушісінің көмекшісі болған еді ол алаяқ обаны бір түрлі тәсілде емдеп жатқанды көреді негізі ол емдеу емес алаяқтық еді Хусейн күзетіп тұрар еді, ол алаяқ сол үйдегі бір қойды алып шығып кетеді сонда ибн Сина шәкіртіне ол қара обаны алып кетіп бара жатыр деді сонда шәкірті Джузджани ұстаз бұл оба емес, қой ғой деді сонда ибн Сина жоқ

кой ауру адамдың яғни оба болғандың үйінен шыққан, демек оба оның жүндерінің арасында болуы мүмкін, мен оба тұралы тәжирибе жүргізіп көргенмін ол кішкентай жануар ол басқада жұқпалы ауруларда болады ол барлық нәрсеге жабысып алады кейін басқа біреуге өтеді ол кішкентай болғанымен өте күшті деп айтады, сонда олар мағанда жабысып алған шығар дейді сонда ұстаз сізге әлбетте жұғады өйткені сіз өте қорқақ адамсыз, «қорқапағанға дерт жұқпас» дейді ибн Сина. Ибн Сина Абу Райхан Беруний ді қала ішінен іздейді кейін тауып кездеседі де Беруний сіз кімсіз деп сұрады мен ибн Синамын деп айтты, Беруний қуанып құшағына алмақшы болған еді, тоқтаңыз маған таза үсті бас пен көбірек сірке келтірсеңіз деп сұрады сонда Беруний танданып тұрып бұл қайсы елдің қайсы жердің әдеті деп сұрады сонда ибн Сина қай жерде қара оба үкім етсе сол жердің әдегі болуы керек деп күлімсіреп жауап берді. Беруний ибн Синаны өз сарайына алып кірді сарайда көп ғалымдар бар еді бірақ медицина жолында емес. Беруний ибн Синаны сарай ғалымдары мен таныстырды, содан кейін ибн Сина лезде қара оба мәселесін талқылап кетті. Қара обаны жоқ қылу үшін әуелі дүрбеленді жоғалту керек, оба адамнан адамға жұғады ол бәр нәрсеге киімге, қолға жабысып алады соның үшін алды сатты, базарларды, уақытша мешіттерді де жабайық әр кім намазды өз үйінде оқысын деп айтты ибн Сина, сонда Беруний: ғибадатты тоқтатып, мешіттерді жауып, молдалар біздерді аман қоя мекен, егер менің айтқанымды қылмасақ онда оба барлығымыздың басымызға жетеді деп айтты ибн Сина. Барлығы жабылды базарлар мешіттер арадан уақыт өтіп оба тегімен жоқ болып кеткен екен сол жердегі ғалымдарға медицинаны үйретіп, сол орталықта Беруний қатты ауырып қалады оны отасыз емдеу мүмкін емес еді, ота жасап Берунийдің өмірін сақтап қалады. Тойлап жатқан кезде көшпелілер рУргенчке бастырып келе жатыр деген хабар естийді, егер көшпелілер Ургенчке келсе бірт бір ғалымдарды аман қоймауын Беруний жақсы білер еді сол күні өзбек ғалымдары мен ғұламалары қоштасып тарап кеткен екен [2. б.49-50].

1023 жылы ол Исфаханға барып, бүкіл өмірін ғылыми еңбектер жазуға арнады. Ибн Синаның «Китаб әл-Қанун фит-тибб», «Китаб ун-наджот», «Китаб ул-инсаф» сияқты әйгілі еңбектері, оның геометрия, астрономия, өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы трактаттары, логика, «Хай ибн Яқзан» философиялық әңгімесі жазылған Ол Исфахан қаласында обсерватория салумен айналысқан. Ибн Синаның өмірі оның өмірбаяны мен оның шәкірті Джуджани қалдырған дереккөздерінен белгілі. Ибн Синаның ғылыми қызығушылықтары, оның дүниетанымының қалыптасуы, ежелгі Шығыс мәдениеті, грек ғылымы, философиясы, Орта Азия халықтарының тәуелсіздік үшін күресі маңызды рөл атқарды. Ибн Сина өзінің өмірбаянында Фарабидің «Метафизикалық мақсаттар», «Фусулул-Хикам» сияқты маңызды трактаттарын мұқият зерттеп, кеңінен қолданғанын атап өтеді. Ибн Сина шығармаларының жалпы саны 450-ден асады, бірақ олардың 160-қа жуығы ғана бізге жеткен. Оның көптеген буклеттері қалалық көші-қон, соғыстар, сарай бүліктері және түрлі апаттар салдарынан жоғалып кетті. Көптеген дереккөздерде Ибн Сина бірінші кезекте дәрігер ретінде түсіндіріледі, ал медицина оның ғылыми салаларының ішіндегі ең маңыздыларының бірі болып саналады. Ибн Сина шығармаларының көпшілігі сол кездегі Таяу және Орта Шығыстың ғылыми тілі болған араб тілінде, ал кейбіреулері парсы тілінде жазылған. Оның әйгілі «Китабуш-шифо» атты еңбегі 22 томнан тұрады, оның 4 негізгі бөлімі логика, физика, математика, метафизикаға арналған. Оның кейбір бөліктері латынға, басқа еуропалық тілдерге, шығыс тілдеріне, сондай-ақ орыс және өзбек тілдеріне аударылған. 20 томдық Китабул-Инсаф бізге жеткен жоқ, өйткені ол Исфахандағы өртте жоғалып кетті. «Китабул-наджот» 4 үлкен бөлімнен тұрады – логика, физика, математика, метафизика, «Китаб лисонул-араб» 10 томнан тұрады. Энциклопедия парсы тілінде жазылған және 4 бөлімнен тұрады – логика, физика, математика, метафизика. [3. б. 9-13]

Ибн Синаның ғылыми-саясаттық көзқарас үшін оның еңбектерін үш рет өртеп жіберуге жол берілген, біріншісі – 1160 жылы Бағдатта, екіншісі – 1260 жылы Иранда Исфахан деген қалада, ал үшінші рет – XVғ. Т.Парацельс деген цвейцар ғалымы Авиценнаның медициналық көзқарасы галенизмге жақын деп еңбектерін тағы да өртеткізеді.

Ибн Сина медицинасының маңызы – ауруды емдеу үшін нақты тәжірибелік білімнің керек екендігі. Бұл ұғым медицинаның даму тарихында ең ірі болып есептелінеді. Сонымен қатар Ибн Синаға әсер еткен өз заманының философтарымен дәрігерлері де бар: Әл Кинди медицинада 20 еңбектен көп еңбек қалдырған, олардың ішінде «Денсаулықты сақтау тұралы», «Гиппократ медицинасы туралы» және ристотель мен Гален еңбектерін сынға алып, өзінің медициналық есептеулері жайлы жазды. Соған байланысты Ибн сина ауруды зерттеудің және емдеудің ойлаудың кез – келген процесінің күрделі процесс екендігі жайлы және бәрінен де түйсіктің дамуы өте қиын екендігі жайлы жазады. Медицина саласында, бұрын тарихта көтерілмеген тың ой Ибн Синаның адамның «дене табиғатын тәрбиелеу, жетілдіру» деген болды. Бұл ұсыныс медицина, клиника тарихында жаңалық болғанымен, ол кездегі діни ұғымға қарсы келеді, сондықтан Ибн Сина ұзақ жылдары қуғындалуда болып, әр

жерлерде жоғарыда айтылғандай ғылыми еңбектерін жоққа шығару жолдары кездесті. Сол себепті бұл дерек бізге XII ғасырда өмір сүрген эзирбайжан (Махмуд-ибн-Илияс) дәрігері айтуымен жеткен. [4. б.150]

Ибн Сина әр адамның дене тазалығын сақтауды кеңінен насихаттап, адам өз тұлғасын шынықтыру арқылы жетілдіруге болады дейді. Сонымен қатар, көпшілікке қоғамдық гигиена шараларын – тағамды сақтау тәртібін, ашық су қоймаларын қорғау, су құбырын жүргізу, монша салу, өлікті реттеу тәртіптерін насихаттады. Хамадан мен Исфаханда (Иран) ауруханаларда салу жобаларын ұсынды. Ибн Сина орта ғасырлар дәрігерлері ішінде ауруды бақылау, емдеу кезінде Гиппократтың адам тұлғасының түрлері туралы ілімді клиникада пайдаланған жалғыз өзі деуге де болады. Ибн Синаның ғылыми зерттеулерінен қалған мұраны медицинаның түрлі саласындағы мамандар меңгеруі керек. Сонымен қатар, бұл жұмысқа филолог, тарихшылар, медиктер, биологтар да кірістірілуі қажет. Сол кезде ғана Дәрігерлік ғылым канонын, оның басқа да ғылыми зерттеулерін терең зерттеуге болады. Бұл істі Ибн Синаның жазбалары бар немесе сақталған кітапханалары бар қалаларда жүргізген дұрыс. Ибн синаның «Дәрігерлік ғылым каноны» бес кітаптан тұрады. Бұл кітаппен ол 12 жыл жұмыс істеген. Бұл кітап Шығыстағы орта ғасырлар дәуірінің іргелі энциклопедиясы болып саналады және бүкіл денсаулыққа және адамға қатысты мәселенің бәрін қарастырып кеткен. Бұл еңбек Ибн Синаның грек, рим, үнді орта Азия дәрігерлерінен тәжірибе алып, көзқарастарын жалпылаған еңбегі болатын. Кітаптың әр бөлімі жеке қарастырып өтуді талап етеді:

I кітапта медицинаның жалпы сұрақтары: есепиемесі, ауру денсаулық туралы түсінік, аурулардың этиологиясы, симптомдары, денсаулық сақтауды тамақтану мен салауатты өмір салты бойынша өмір сүруді үйрену, емдеудің жалпы жолдары жайлы мәселелер қарастырылған.

II кітап – фармакологияға арналған, өсімдік текті, минерал, жануар текті «жай дәрілердің» 811 атауының әсері мен қасиеттері жайлы жазылған.

III кітап – көлемі бойынша ең үлкен – 22 бөлімнен тұрады, әрбір ауруға жеке сипаттама берілген. Мұнда әртүрлі органдардың ауруларына сипаттама берілген «бастан аяққа дейін», дәрігерлерге кеңесте берілген.

IV кітап – 7 бөлімнен тұрады және «ағзаның жалпы аурулары жайлы» жазылған: хирургиялық (шыққан, сынған жағдайлар), жұқпалы аурулар (оспа, қызылша, оба), түрлі улармен уланған кездегі аурулар (токсикология), косметикалық қиындықтар жайлы.

V кітап – өз бетімен фармакопееға ұқсайды және әрбір жеке ауруға арналған «күрделі дәрілер» дайындау технологиясы мен қолдану тәсілі жайлы жазылған. Ибн Сина фармациясы көптеген бақылауларды бір жүйеге жинақтау және клиникалық белгілермен байланыстыру. «Канонда» мынадай негізгі мәселелер талқыланады: дәріні тағайындаған кезде адамның дене бітімнің мәні, профилактика мен емдеу тәсілдері, денсаулықты шынықтырудағы физикалық жаттығулардың мәні. Ибн Сина дәрігерлік ғылымының мақсаты науқасты емдеу ғана емес, аурудың пайда болуын немесе алдын алу, денсаулықты сақтау. Ибн Сина көзге көрінбейтін «майда жануарлардың» бар екендігі және олардың ауа мен су арқылы ауру тудыруы мүмкін екендігі жайлы өзінің ойларын айтып өткен. 850 жыл өткеннен кейін ғана Л.Пастер микроорганизмдердің жұқпалы ауру таратудағы рөлі жайлы зерттеді. «Канонда» жасқа байланысты гигиена жайлы, диетология, жан-жақты тәрбие сұрақтарын және нәрестенің дамуы жайлы да айтылған. «Дәрігерлік ғылым каноны» жазып бітілген сәтте, көп данада бірден таралып кетеді. Ибн Сина қайтыс болғаннан 100 жыл өткен соң, «Канон» бүкіл Еуропаға әйгілі болды. VII ғасырда «Канон» тұңғыш рет латын тіліне аударылды. VIII ғасырда – ежелгі еврей тіліне, кейін көптеген жазбаларда таралды. XV ғасырда кітап баспа пайда болған кезде ең бірінші басылған кітаптардың арасында «Канон» да болды. Бұл кітап көптеген жүзжылдық-тарда медицина энциклопедиясы рөлін атқарды және дәрігерлердің үстелінде тұратын бірден-бір қажет кітап болды. XVIII ғасырдың ортасына дейін Еуропаның барлық университеттерінде сабақ \*Канон\* бойынша жүргізілді. Русьте ежелгі емдеуліктер мен шөптерді Ибн Сина немесе аудармашылар Авиценна деп атап, оның берген ақылдары бойынша сабақтар жүргізілген. Оның жанұясы болмаған, өз өмірінің барлығын жұмысқа, науқастарға арнаған және өзінің шәкірттерінің арасында өмір сүрген, 18 маусымда 1037 жылы Хамадан қаласында қайтыс болды. Оның жерленген жерінде 1954 жылы монументалды ескерткіш мүсін тұрғызылған болатын.

Ибн Синаның бас сүйегінің суретін негізге ала отырып, әйгілі антрополог М.М.Герасимов Ибн Синаның портретінің графикалық реконструкциясы жасаған болатын. 1980 жылы Ибн Синаның христиандық күнтізбе бойынша туылғанынан бері 1000 жылдығы кеңінен тойланды. Орта ғасырлардағы діни мистикаға және аскетизмге қарамастан, Ибн Сина өзінің адам ретінде мүмкіншілігіне және ақылына сенген адам болатын.

Ибн Сина өзінің көп қырлы өнімді еңбегімен және бай мұрасымен әлемдік мәдениеттің дамуында үлкен рөл атқарды. Ибн Сина өз жұмысында Орталық Азиядағы, Таяу Шығыстағы жоғары мәдени өрлеуді, мәдени «оянудың» рухани жетістіктерін біріктіре білді, бұл бүкіл Шығыс пен Еуропада ағартушылық пен мәдениеттің дамуына үлкен әсер етті. Оған Шығыс пен Еуропадағы «Шейх ур-Раис», «Ғұламалар бастығы», «Дәрігерлер патшасы» сияқты ең үлкен атақтар берілді. Ибн Сина әйгілі жаттықтырушы ретінде Әбу Убайд Джурджани, Умар Исфакхани, Мұхаммед Шерази, Ахмад Масури, әйгілі Әзірбайжан ойшылы Бахманьяр ибн Марзбан, Юсуф Илаки, ұлы ғалым әрі ақын Умар Хайям сияқты шәкірттерін тәрбиеледі. Қайта өрлеу дәуіріндегі миниатюралар мен картиналарда Ибн Сина белгілі ежелгі грек ғалымдары Аристотель, Гален, Гиппократ, Птолемей, Евклидпен бірге бейнеленген. Ибн Синаның шығармалары XII ғасырда Еуропада латын тіліне аударыла бастады. Медицина заңының өзі 30-дан астам рет латын тілінде жарық көрді. Кітаптың көптеген бөлімдері, соның ішінде логика, музыка, жердің құрылымы, геологиялық процестер және метафизика латын тілінде жарық көрді. Соңғы ғылыми зерттеулер көрсеткендей, Ибн Сина шығыс әдебиетіне де әсер етіп, терең философиялық мазмұнды білдіретін рубай мен философиялық баяндау жанрының дамуына үлес қосты. [5. б. 15-16]

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. «АБУ АЛИ ИБН СИНО ҚОМУСИЙ ОЛИМ» Ф.Рўзиева Тошкент 2004 ж.
2. «Абу Али ибн Сино» Узбекфильм «Тошкент-киностудиясы» 1956 ж.
3. Д. Сапаева «Ўрта асрлар мутафаккирларининг ахлокий таълимотлари» Тошкент 2014 ж.
4. Григорян С.Н Из истории философии Средний Азии и Ирака 7 – 12в. М.1960.
5. Ибн Сина. Книга спасения. пер. Сагадеева А.В.,1961.



## ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ САЯСИ ИНСТИТУТТАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

*Айдаров Е.М.*

*«Тарих» мамандығының 3-курс студенті*

*Ғылыми жетекші: тарих магистрі, Мырзахмет Ғ.К.*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі жаһандану жағдайында өркениет пен электронды технологияның дамуы мен еліміздегі жастар тәрбиесінде саяси институттардың алатын орны баяндалған. Қазіргі заман талабы – өркениетке бет алған егеменді еліміздің болашағы өсіп келе жатқан ұрпақ бойында ұлттық сананы дамыту, дүниетанымын қалыптастыру.

**Түйін сөздер:** институт, инновация, механизм, жаһандану, миграция, саясат.

Еліміздегі жастар тәрбиесінде саяси институттардың алатын орны ерекше болып саналады. Қазіргі Қазақстан Республикасы қоғамды қайта құрудың неғұрлым оңтайлы әрі тиімді демократиялық жолдарын іздестіру үстінде. Бұл ізденісті өрбіте түсу қисыны қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге, әсіресе саяси институттардың жастар тәрбиесіндегі орнын анықтап, азаматтық үлгідегі қоғам құруға қарай мүмкіндік жасайды.

Бүгінді таңда жастар тәрбиесінде білім беру арқылы оларды әлеуметтендіру маңызды рөлге ие болуда. Еліміздің ғалымдары жүргізген социологиялық талдаулардың нәтижесінде білім берудің екі жағы анықталады – әлеуметтік және жеке. Ол білімді әлеуметтік институт ретінде қарастырғанда біріктіріледі әрі институционалды тәсіл арқылы білімді әлеуметтік және жеке деңгейлерде қарастыруға мүмкіндік береді. Әлемдік білім беру жүйесі философиялық және мәдени дәстүрлері бойынша, мақсат пен міндет, өзінің сапалық жағдайымен айырықшыланытын әртүрлі ұлттық білім беру жүйелерді қамтиды. Әлемдік білім беру жүйесі дамуының үш негізгі тенденциялары бөліп көрсетіледі.

Бірінші тенденция – көптеген елдерде элиталық білім беруден барша көпшілікке бағытталған жоғары сапалы білім беру жүйесіне көшу.

Екінші тенденция білім беру саласында мемлекет аралық қатынастардың дамуы.

Үшінші тенденция әлемдік білім беру жүйесіне гуманитарлы ғылымдарды оқу үдерісіне қосу, яғни адамға бағытталған ғылыми және оқу курстарының қосылуы, мысалы саясаттану, психология, әлеуметтану, мәдениеттану, экономика, эргономика т.б. Тағы бір маңызды тенденциялардың бірі – ол білім беру жүйесіне инновациялардың енуі әрі сол елдегі қалыптасқан ұлттық дәстүрлерге және ұлттық ұқсастыққа қарсы келмеуі.

Саяси әлеуметтану қоғам және мемлекет арасындағы байланысты және қарым-қатынасты қарастырады. Ол саясаттың қалыптасуы және саясаттың қоғамға деген әсерін талдайды. Саясат – үдеріс, яғни әртүрлі қызығушылықтары бар адамдар топтарына бағытталған қабылданған және орындалатын шешімдер. Саяси әлеуметтендіру – индивидтердің саяси мінез-құлықтары мен саяси санасын анықтайтын тұлғалық сипатты, білімді, қабілеттер мен құндылықтарды игеру үдерісі болып табылады [1,276].

Қазіргі жаһандану жағдайында өркениет пен электронды технологияның дамуының әлемдік қозғаушы күші – мәдениет болып табылады. Саяси мәдениет – саяси мінез-құлықты басқаратын саяси құбылыстарға реттілікті және мазмұн беретін қондырғылардың, наным-сенімдердің, сезімдердің жиынтығы. Ол саяси идеалдарды және нормаларды қамтиды. Ол саяси идеалдарды және нормаларды қамтиды. Өркениеттік жаһандану мен электрондық технологиялардың даму кезінде әлемдік лидерлерге мәдениет белгілі аймақтарды бағындыру аймағы болып табылады. Дамушы елдерге геосаяси шабуыл жасаудың мақсаты – оларды өзі іспетті саяси, экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық, психологиялық, мәдени жүйеге қарату.

Қазіргі заман талабы – өркениетке бет алған егеменді еліміздің болашағы өсіп келе жатқан ұрпақ бойында ұлттық сананы дамыту, дүниетанымын қалыптастыру. Әдетте ұлттың болашағы мен мемлекеттің қауіпсіздігі оның ішкі тұрақтылығымен, азаматтық жауапкершілігімен және орныққан тәртіппен қалыптасатыны бәрімізге белгілі. Қазіргі кезең нарықтық қатынастар қоғамдық қарым-қатынасты өзгерткен, мемлекет құрылымы алмасқан, соған сәйкес ұрпақ санасы күрделі өзгеріске түскен уақыт. Еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан оңды өзгерістер қоғамдық сананың рухани-адамгершілік құндылықтарын, мақсат-мұраттарын қайта қарау қажеттігін туындатып отыр. Ол адамдар санасында жалпы адамзаттық құндылықтарды жаңаша көзқараспен бағалап, тарихи, этномәдени және рухани негіздерге қайтып оралу арқылы өзгерістер енгізуге сұраныс туғызуда. Осы ретте мемлекеттік мүдде, ұлт болашағы сияқты күрделі мәселелерді уақыт талаптарына сай шешудің жолдарын іздестіру міндеті тұр. Қазіргі біздің қоғам дамуының басты стратегиялық бағыты – жастар

тәрбиесі болып табылады. Олай дейтін себебіміз – ол бүгінгі ұлттық қауіпсіздік пен ертеңгі ел тағдыры өскелең ұрпақ тәрбиесімен тікелей байланысты.

Мемлекеттің әлеуметтік және саяси тұрақтылығы, оның қазіргі кезеңі мен болашағы көп мөлшерде мемлекетті құрайтын ұлттың даму деңгейіне тәуелді. Ұлттық сана-сезім, ұлт болмысының мәні, ұлттық келбетті айқындайтын факторлар, ұлттық қатынастардың астары, ұлттың келешегі сияқты мәселелер ұлт пайда болған заманнан бастап-ақ адамзатты ойландырып келеді. Ұлттық сана-сезім үрдісі өсіп отырған біздің заманымызда бұл мәселелер төңірегінде пікірталастар қай ұлттың да өкілін бейтарап қалдыра алмайды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұсынып отырған бағытына сай, тұлғаның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып отырғандығы баршамызға мәлім. Өз ұлтын, тілін, ділін, салт-дәстүрін құрметтейтін, сүйетін тұлғаны тәрбиелеу үшін, оның ұлттық сана-сезімін қалыптасуының психологиялық механизмдерін анықтау бүгінгі күннің талабынан шығады. Ұлттық сана-сезім – бұл адамдардың белгілі бір әлеуметтік этникалық қоғамға жататындығын, қоғамдық қатынастарда өз ұлтының алатын орнын және әр бір адамның сана-сезімінде, мақсатында көрінетін өз ұлтының басқа ұлттардан өзгешілігін көріп, ұлттық мүдделердің сезінуі [2,136].

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін білім ошағының алдына қойылатын талап – тәуелсіз еліміздің азаматын тәрбиелеу, оқушыларымыздың ұлттық сана-сезімін ояту, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік көзқарасын қалыптастыру болып отыр. Бүгінгі ұлттық тәрбиенің мақсаты да қалыптасып келе жатқан тұлғаны жалпы адамзаттық құндылықтарға тарту, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және қорғауға үйрету болып отыр.

Дүниедегі барша халық тәуелсіздікке, ең алдымен ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін, әдет-ғұрпын сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан, кез-келген мемлекет өзінің территориялық тұтастығымен қатар, ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін, ана тілін де қорғауға барын салады. Жеке адамның бойынан табылатын қасиеттердің бәрі ұлтқа да тән, себебі ұлт жеке адамдардан құрылады. Сондықтан, әр бір қоғамдағы жеке адамның ұлттық өзіндік санасы ашық, имандылығы берік, адамгершілігі жоғары болса, ол ұлт рухани мәдениеті жоғары ұлт болып есептеледі. Елдің рухани қауіпсіздігі мен отандық мәдениетті біртұтас құбылыстай сақтаудың маңызды шарты ретінде қарастырылып отырған, рухани адамгершілік тәрбие геосаясат міндеттерін іске асырудың бірден бір механизмі болып табылады.

Қоғамдық дамудың қайшылықтары, экономикалық түбегейлі өзгерістер, әлеуметтік топтарға жіктелу, мәдени-әлеуметтік қайта құрылу жасөспірімдердің қоғамдық ортаға енуінің жаңаша ұстанымдағы төмендегідей жағдаятын құрады:

– негізгі саяси әлеуметтік институттардың: отбасы, білім беру жүйесі, ақпарат және байланыс құралдары, қоғамдық ұйымдардың өзгеріске ұшырауы;

– бұқаралық ақпарат және байланыс құралдарының арнайы мақсатта ұйымдастырылған арналардан жеке тұлғаға теріс ықпал ететін әлеуметтік факторға айналуы;

– балалар мен жастардың қоғамдық ұйымдарының жоғалуына сәйкес әлеуметтік реттегіш механизмнің нормативті құндылықтарының бұзылуы;

– ұйымдастырылған және өзінен-өзі болып жатқан әлеуметтік арналардың тең еместігі: мектептен тыс тәрбие жұмысы жүйесінің ыдырауы; балалар мен жастардың сауықтыру, демалу мен еңбек ету тәртібінің реттелмеуі;

– педагогика ғылымы мен тәжірибесінде тәрбие мәселелеріне назар аударудың әлсіреу себептері: бір жағынан тәрбиенің оқушы мінез-құлқын, іс-әрекетін реттеуші етіп қарастырылғаны болса, екінші жағынан жаңаша міндеттерді шешуде тәрбиенің ескі әдістерін қолдану мүмкін еместігі [3,17].

Бұл мәселелер тұлғаны әлеуметтендіру процесінде тәрбие проблемаларын шешуде терең ойды қажет етеді.

Жастар проблемасы қоғамның бүтіндей мәселелерінің құрамында, яғни оның сипаттамасы, құрылымдық қоғамы мен өзгеруінің деңгейімен бірге және өзіне тиісті белгілері мен қасиеттері бар ерекше әлеуметтік топ санатында талданады. Сондықтан да Қазақстан Республикасы жастарының жағдайы қазіргі елімізде туындап отырған объективті процестермен де тығыз байланысты (урбанизация, зейнеткерлер үлесінің артуы, жасы ұлғайғандардың көбеюі, туу деңгейі және т. б.). Мұнымен бірге еліміздің жастары өз әлеуметтеріне байланысты Қазақстан Республикасы жастар саясатының міндеттеріне сәйкес өз проблемаларын қолға алуы.

Жастар өмірі күрделі кезеңдер мен жағдайларға толы. Олардың қалыптасуы әрбір кезеңде өзіне тиісті әлеуметтік, тәрбиелік, білім беру процестерін талап етеді. Мысалы: нәресте, сәби, ойын баласы, мектеп жасы, жасы толмаған, жасөспірім, жастық шақ осы аталған уақыттар өз ерекшеліктерімен айқындалады. Отбасылық, мектеп, мемлекет тарапынан қажетті қамқорлық та өзіндік мақсат-мүдделермен мазмұндас болады (қоғамдағы жағдайы мен әлеуметтік мәртебе). Аталған кезеңдегі жас

өзгешеліктері әлеуметтік-психологиялық шаралар мен тәрбиені де сәйкестендіріп отыруды қажет етеді. Жастар өміріндегі әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтарға да ұлттық, этномәдени ерекшеліктерді қосуға тиіспіз. Енді жастардың әлеуметтік сапасы қоғамдық қатынастармен қоғамдық формалардың ықпалымен пайда болады. Соған орай жастардың ерекше айырмашылық әлеуметтік сапасы қоғамның әлеуметтік құрылымы қандай болса, жас ұрпақтың қоғамдық қатынастар қалыптасатын кезеңдегі қабілетімен байланысты анықталады. Былайша айтқанда, жас азаматтардың потенциалдық мәнді күштері шешеді. Қазіргі кезеңдегі жастардың ерекше әлеуметтік қасиеті жас ұрпақтың тек қоғамдық қатынастардың әлеуметтік құрылымының қалыптасу дәуіріндегі жалғастыру және өндіру қабілеті мен ғана емес олардың осы процестерді жетілдіру мен қайта жасау барысына белсенді қатынасулары арқылы анықталады [4].

Екіншіден, жастар қоғамдық өндірістің субъектісі болғандықтан нақтылы-тарихи болмыстың жеке адам және материалдық жақтарының ерекше мазмұнымен сипатталады.

Жастардың әлеуметтік қасиетінің осы көріністері олардың әлеуметтік жағдайының дәрежесі әрі әлеуметтену процесінің ерекшелігімен байланысты.

Жастардың нақтылы тұрмыс жағдайы жастар санасының ерекшелігін, олардың қозғаушы-мотивтік мәнді күшін қалыптастырып оның құрылымдық элементтерінің бірлігін анықтайды. Жан-жақты, тереңірек талдасақ осы бірліктердің өз ішінде жастар проблемасының мәнін анықтайтын көптеген карама-қайшы бағыттар, ой-пікірлер, дәйектемелер (тенденциялар) пайда болады. Осы аталған жастардың әлеуметтік санасы мен қасиеттері өзінің даму процесінде өзгере отырып ішкі және сыртқы құрылымын толықтырып отырады. Сонымен қоса қызмет күшімен әлеуметтік мәнді де дамытады.

Сондықтан жастар мәселесін зерттеуде олардың тұлға ретінде қалыптасу табиғаты, қоғамдық қызметтегі белсенділігі, қозғаушы күштердің мәні мен рөлі және т. б. әлеуметтік дамудың қажеттілігі ретінде қолға алынуы қажет.

Қазақстандық жастар саясатының мақсаты да жастардың дамуына, белсенділігін арттыруына, шығармашылық қабілетін жетілдіруіне жағдай жасау, жастарды әлеуметтік жағынан қорғайтын қоғамдық және мемлекеттік саяси институттардың үйлесімді жұмысын қамтамасыз етуіне бағытталған.

Соңғы 10-15 жылда мемлекетте болып жатқан терең және жүйелі өзгерістер жастар проблемаларының қордалануына алып келді. Аталған мәселелерді шешу үшін еліміздегі жастардың әлеуметтік жағдайына, тәрбиесіне баса көңіл бөлу, оларды отансүйгіштікке баулу басты назарда болу шарт.

Бүгінде Қазақстан жастары өздерін біртұтас саяси күш ретінде сезінеді деп айту қиын. Жастардың басым бөлігінде елімізде жүріп жатқан саяси, экономикалық процестерге деген қызығушылық зор. Дегенмен қазіргі кезде жастардың саяси белсенділігін арттыратын нақты шараларды іске асыру жетіспей жатады.

Жастардың басым көпшілігінің, оның ішінде студент жастардың, жас отбасылардың тұрмыстық жағдайының төмендігі, өмірлік басты құндылықтарды кейінгі кезекке ысырып қоюға мәжбүрлеуде. Жастар арасындағы жұмыссыздық, ауыл баласының қалаға миграциясы кезінде туындайтын проблемалар, оралман жастардың біздің қазақстандық қоғамға бейімделуі, орыс тілін білмеуден қиындық көруі, тұрғын үймен қамтылмауы келеңсіз құбылыстарды күрделендіре түседі.

Жастарды тәрбиелеу, жастар саясаты, қазақ халқы, Қазақстан тағдыры үшін өмірлік маңызы бар бірінші кезектегі мәселе. Мемлекеттің болашағы табиғи байлықтардан гөрі ел жастарына көп тәуелді. Біздің еліміз үшін жастар саясатын мемлекеттің жас азаматтарға қатысты саясаты деп қана түсінуге болмайды. Бұл саясатқа елдің болашағы, оның даму векторының қозғалу бағыты тәуелді екенін естен шығармауымыз керек. Бүгінгі жастар ертеңгі елдің, жердің иесі, мемлекетті басқаруға келетін тұлғалар. Біздің мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігі ел болуы немесе болмауы мемлекеттің бүгінгі жастарға деген көзқарасына тікелей байланысты [5]. Әрине, бұл айтылған проблемаларды тез арада шешіп тастау мүмкін емес. Жастар мәселесі жүйелі жұмысты, ұзақ жылдарды қажет етеді. Сонымен, қорыта айтқанда қазіргі жағдайда жас ұрпақ мәртебесінің проблемасы оның тұтыным тілегі, қоғамдағы орны алдыңғы кезекте орналасқан. Республика білім жүйесінің кез-келген оқу орнының түлегі өзгермелі әлеуметтік ортада белсенді өмірлік позициясымен, әлемдік және ұлттық мәдениетке бағытталған, өзін өзі шығармашылықпен, адамгершілікпен іске асыруға қабілетті адамды толық бейнелейтін болуы тиіс.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Общенациональная идея Казахстана: Опыт философско-политологического анализа. – Алматы, 2006
2. Қазақстан-2030» атты бағдарламасы-2000 ж.
3. «Жаңа онжылдық– жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы – Астана.– 2010.
4. Казахстан в условиях глобализации: философско-политологический анализ. –Алматы. 2006.
5. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н. Социология. – Алматы, 2003.

## БІЛІМ БЕРУ ӘЛЕУМЕТТАНУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Есенали Салтанат Ганиқызы*

*«Фармация» мамандығы 1 курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: Ертаев М., соц. ғ. канд., профессор м.а.*

*Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы*

### **Резюме**

Это научная статья посвящена актуальным проблемам в сфере образования и его достижениям в обществе. История зарождения знаний, уровень качества знаний, достигнутый при их улучшении и развитии, а также проблемы и трудностей, с которыми они столкнулись. Предпринимаются попытки сравнить неравенство в системе социального образования, сходства и различия в системе образования между разными странами.

**Ключевые слова:** равенство в образовании, неравенство в социальном образовании, онлайн образование, конфликтология в образовании.

### **Summary**

This scientific article is devoted to topical problems in the field of education and achievements in society. The history of the origin of knowledge, the level of quality achieved in its improvement and development, and the type of problems and difficulties they faced. Attempts are being made to compare inequalities in the social education system, and the similarities and differences in the education system between countries.

**Key words:** equality in education, inequality in social education, online education, conflict management in education.

Білім беру социологиясы дәстүрлі орта деңгейлі социологиялық тақырыптардың бірі. Бұл тақырыптың ерте кезден бері қарастырыла бастағанына қарамастан, онда пікір-таластар тудыратын шешімін таппаған мәселелер жеткілікті. Осы әлеуметтік маңызы бар білім беру жүйесіндегі кездесетін, тез арада шешуді қажет ететін құндылықты әлеуметтанулық мәселелерді тақырыбымыздың басты өзектілігі етіп алдық. Оларды шешу үшін алдымызға төмендегідей мақсаты мен міндеттерді қойдық:

– білім берудің әлеуметтанулық мәселелерінің ең басты құндылықтық маңызға ие болған себептерін анықтау;

– күрделенген шешілуі қажет мәселелерді анықтай отырып, оны шешу жолдарын саралау;

– білімді жастар – мықты елдің болашағы, сондықтан білім беру жүйесінің маңыздылығын жастардың бойында қалыптастырудың тетіктерін талдап-сараптау.

Білім беру – социология, педагогика, психология, философия, тарих, экономика секілді ғылымдар жүйесінің зерттеу нысаны мен пәні болып табылады. Олардың әрқайсысы өздеріне тән тұстарын зерттейді. Білім беру социологиясы – білім жүйесін жастарды әлеуметтендірудің әлеуметтік институты ретінде және оның қоғаммен өзара әрекеттестігін жан-жақты зерттейтін ғылыми пәні. Социологияның мұндай ерекше саласының бөлініп шығуы білімнің тарихи ауыспалы жүйесіне және шартты дербестігіне, оларды тудырушы қоғамдық қатынастар шеңберінде қоғамның дамуы мен қызмет етуіне белсенді әсер ете алу қабілеттілігіне негізделгені белгілі.

Жалпы білім берудегі ресми оқу жүйесіне жауапты әлеуметтік құрылым институты. Ең тұрақты және етене таныс институттардың бірі. Әлемдегі әрбір он адамның үшеуінің білім саласына оқушы ретінде болсын, қызметкер ретінде болсын қатысы бар.

Оқыту және білім беру

Мектептің айқын мақсаты – білім беру мен дағдыны қалыптастыру. Мектепте оқуға, жазуға және санауға үйренеміз. Тәуелсіздік жолындағы елдер арасындағы соғыстың себебін түсініп, жасушаның құрылымын зерттейміз. Осылайша, мектеп әр ұрпақтың өкілдері қоғамның үздіксіз тіршілігі үшін қажетті дағдыларды меңгеруіне кепіл болады. Конфликт теориясы: білім және теңсіздіктің таралуы

Білім берудегі конфликтология теорияшылары құрылымдық – функционалистердің білім саласы мәдениетті қалыптастырады, студенттерді сұрыптайды және жастарды әлеуметтендіреді деген пікірімен келіседі, бірақ бұл функцияларды жан-жақты қарастырады. Білім берудегі конфликтология теорияшылары мектептің қалыптасқан жағдайды нығайтып, теңсіздікті сақтап қалатынына мән береді.

Білім-капитализм құралы. Кейбір білім берудегі конфликтология теорияшыларының тұжырымы бойынша мемлекеттік мектептердің негізігі көздегені – басқарушы таптың пайдасы. Бұл теорияшылар мектепте оқытылатын мәдени ойдың негізінде жатқан астыртын бағдарлама бар деп санайды. Мемлекеттік мектептердегі мұндай бағдарламаға өз кезегін күтуді, ережелерді сақтауды, ұқыпты болуды, сыйластық көрсетуді және артық сұрақ қоймайды үйрету жатады. Бұл дағдылардың барлығы балаларды жұмысшы табының өкілі болуға даярлайды. Ал тандаулы жеке мектептегі оқу бағдарламасы балаларды шығармашылыққа және сыни ойлауға, сол сияқты олардың артықшылыққа лайық

екендігіне үйретеді. Конфликтология теорияшылары жеке және мемлекеттік мектептер дифференциалды жетістік негізінде жастарды әртүрлі марапат күтуге, яғни осылайша – жастарды теңсіздікті қалыпты деп қабылдауға үйретеді деп есептейді.

Мысал ретінде, АҚШ мемлекетіндегі білім берудегі теңсіздікті қозғасақ. Білім беруді мәртебе – айқындау құралы ретінде қолдану, түрлі әлеуметтік топтар мен қауымдастықтар үшін қолжетімді білім берудегі мүмкіндіктер теңсіздігін күшейтіп отыр. Өйткені, кейбір елдерде кедейлер оқитын мектептерде оқушылар тар сыныптарда сонымен қатар, бір мұғалімнің орнына келген басқа мұғаліммен немесе жақында ғана оқуын бітірген, тәжірибесіз оқытушымен бірге стандартты тестілеуге дайындалады. Шығармашылық қабілет – дағдыларын дамыту деген атымен болмайды. Оқушылар автомеханик немесе косметолог кәсіптеріне мамандана алады. Бірақ олардың олардың мектептері есептеулерді, шығармашылық жазбаларды немесе АР (біліктілікті арттыру) сыныптарын ұсына алмайды. Мектеп қандай бағдарлама ұсынғанымен сынып бөлмелерінде жылыту жүйесі дұрыс болмаса, оқушылар ескі оқулықтарды бөлісуге мәжбүр болса, білім алу қиындай түседі. Керісінше, бай ауқатты адамдардың балалары, заманауи сыныптарда және ғылыми лабораторияларда білім алып, көптеген тілдерді, зерттеу тақырыптарын және АР сыныптарын таңдай алады. Кеңесші қызметшілер оқушылардың талабына сай беделді оқу орнына түсуіне көмектеседі. Ең таңдаулы АҚШ колледждеріне бірінші курс студенттерінің 55 пайызы табыстың 25 пайызына иелік ететін отбасылардан келеді. Сол сияқты аралас табысты қоғамда қаржысы жеткілікті оқушылар кедей балаларға қарағанда, әр түрлі бағдарламалары бар, жақсы оқу орнына қол жеткізе алады. Сол сынды түрлі теңсіздіктер көптеген елдерде орын алып жатыр. Осындай жағдайларда конфликтология теорияшыларының тұжырымдамалары бойынша, білім туралы куәлікті көзбояушылық деуге болады. Қызметке орналасып, еңбекте жетістікке жетуге негіз болатын куәлік, шын мәнісінде нәсілдік, жыныстық және қай әлеуметтік таптан шыққанына байланысты дискриминациядан қорғай алмайды. Ал әлеуметтануда куәліктерге байланысты теріс түсінікті айқындау үшін кредитализм термині қолданылады. Кредитализм – айрықша білімі туралы куәлігінің арқасында ғана біреулерді басқалардан жоғары деп санау.

Айтып өткеніміздей АҚШ мемлекеті мен өз еліміздегі білім беру жүйесінің айырмашылықтарын қарастырып көрсек. Ең алдымен, мемлекеттердегі заң жүйесі бойынша білім беру жайында, қарастырсақ:

Елімізде, халыққа білім беру жүйесінің міндеттерін жүзеге асыру білім берудің мемлекеттік саясат принциптеріне тәуелді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы бойынша Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының білім алу құқықтарының теңдігі; Әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психикалық физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі тұрғындарының білімге қол жеткізуі; білім берудің зайырлы сипаты; жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту; білім беру процесінің үздіксіздігі; оқу мен тәрбиенің бірлігі; және көптеген ұқсас мемлекеттік принциптер басшылыққа алынады. АҚШ мемлекетінде барлық азаматтары өз қалаулары бойынша білім алуы; кез келген оқушы өзі қалағанындай (үйде немесе мектепке барып) оқуы; Мектептердің жоғары (жеке меншік) және төменгі (жәй мектептер) тап өкілдеріне қарай бөлінуге; оқушылар үлгерімінің стандартты тестілеу нәтижесі бойынша анықталуы; 18-21 жас аралығындағы орта мектеп түлектері колледжге түсуге құқығы; және т.б мүмкіншіліктер қаралған.

Екі мемлекеттегі білім берудегі ұқсастық, аса маңызды тестілеу. Бұл тест арқылы оқушылардың жоғары оқу орнына түсуіне үлкен жағдай жасалады. Бірақ көптеген осындай, аса маңызды тестілеудің әсерінен мектептер оқушыларының мұны қалай тапсыратынына көп көңіл бөлетін болды. Сонымен қатар бұл жағдай жоқ пәндерден бас тартуға, мұғалімдерді, пәнді емес, тестілеу дағдыларын оқытуға мәжбүр етті. [Б 335-338]

Білім беру тиісті санатына қарай оқу орны әлеуметтендіру арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру үдерісін қоғам мүшелерінің мәдениетін дамытудың негізгі шарты; мақсаты – қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалды, мәдени дамуында және олардың денесінің дамуында, кәсіптік біліктілігінде жоғары деңгейге қол жеткізу болып табылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз үдерісі; жүйеге келтірілген білім, іскерлік дағды және ойлау тәсілдерін меңгеру процесі мен нәтижесі. Білімділіктің басты өлшемі – білімнің жүйелілігі, ойлаудың жүйелілігі мен креативтілігі.

Білім беру социологиясының пәні әлеуметтік институт ретінде білім (оның қоғамдағы қызметі мен басқа институттармен өзара байланысы), әлеуметтік ұйым ретіндегі оның мекемелері (мектеп, колледждер мен ЖОО), сонымен бірге білім саласындағы әлеуметтік саясат болып табылады. Білім беру социологиясы, сондай-ақ білім жүйесінің әлеуметтік институтты ретінде қоғаммен және оның негізгі

элементтерімен өзара әрекеттесулері: қоғамдық өндіріс элементтері, экономикалық қатынастар элементтері, саяси жүйе элементтері, рухани өмір элементтері мәселесін зерттейді. Білім жүйесі мен оның жеке кіші жүйелер ішінде пайда болатын әлеуметтік мәселелерге (мектеп, кәсіби оқу орны), оқытушы мен оқушы арасындағы өзара қатынас, ұжым мен топ арасындағы қатынас, мектеп сыныптары ішіндегі қатынас саласындағы мәселелерге келетін болсақ, мұндай мәселелер білім беру социологиясының саласы ретінде педагогика социологиясын қалыптастырады.

Білім беру социологиясының өзіндік ерекше міндеттері бар:

- білім алуға қажеттілікті зерттеу, қоғам өмірі мен жеке адам өміріндегі алатын орнын түсініп, бағамдау;

- қоғам мен білім алушылардың білімге қатынасы, оның әлеуметтік құндылығын социологиялық зерттеу;

- әлеуметтік мәртебенің негізі ретінде білімнің алатын орнын көрсету;

- рухани қажеттіліктер мен мүдделер тоғысындағы оның әсер ету мен әсерлерінің деңгейлерін социопсихологиялық негізде анықтау.

1938 жылы Э. Дюркгейм қайтыс болғаннан кейін көп жылдар өткен соң Парижде оның «Эволюция образовательной мысли» атты еңбегі жарық көреді. Онда оның білім беруге байланысты гуманистер идеалының тарихи логикасы болғандығын атап өтетін бірнеше өте керемет идеялары ұсынылады. Оның пікірінше, қоғам оның мүшелері арасында бірлік болған жағдайда ғана өмір сүріп кете алады. Білім беру арқылы оқушыларды оқу процесі кезінде соған қалыптастырады. Мұндай әлеуметтік өмірге деген көзқарастардың бірлігі болмаса, ұжымдық тұрмыс, ынтымақтастықтың да болмауы ықтимал. Кез-келген қоғамның алдында тұрған мәселе индивидтерден құрылған бұқараны біріктіріп, белгілі бір әлеуметтік тұтас бірлікке қатысын анықтау.

Қазіргі заманда білім берудің формалды жүйесі атқарып отырған функцияны кез-келген әлеуметтік институт орындай алмайды. Өйткені, отбасы мүшелері туыстық қарым-қатынастармен бекітілсе, ал, құрдастар арасында ол жақын адамды өзі таңдайды. Алайда, ірі қоғамда мемлекет немесе тап, ұлттық немесе кәсіби деңгейде басқа принциптерге орай негізделеді. Ірі қоғамда адамдар туыстық немесе өзі ұнататын адамдармен емес, оған мүлде қатысы жоқ адамдармен қызмет етуі міндетті. Сондықтан білім беру жүйесі әлеуметтік әрекетті іске асыратын бірден бір сала. Білім беру мекемелерінде индивид басқа индивидтермен қалыпты, жүйеленген ережелерге сай әрекет етуі тиіс. Бұл жағдай қоғамның әлеуметтік нормалары мен ережелеріне сай құбылысты көрсететін болады. Басқаша айтқанда, қалыптасқан нормалар мен ережелерді қадірлеу қалыптастырылады.

Осылайша білім беру жүйесі қоғам деңгейінде құрылымдық деформацияның белгісін көрсетіп, социологияның көкейкесті мәселелерінің бірі ретінде білім беру социологиясының үш маңызды проблемасын айқындай түседі:

- жоғары және кәсіби білім беруде барлық ұлттық, әлеуметтік топтар үшін формалды түрде айтылатын, заң жүзінде білім алу мүмкіндіктердің теңдігі деген құрғақ сөздің орнына аса мәртебелі, болашағы зор мамандықтарға ие болуына мүмкіндіктер ашу;

- әлеуметтік құрылымдағы деформацияның әсері білім беру жүйесіндегі деформацияға ықпал етуі, білім беру жүйесінің бұрмаланған құндылықтар жүйесіндегі, мәдени нормалар мен оған қарсы нормалардағы ролі, білім беру жүйесінің саяси демократияландыру процесіне ықпал етуі;

- білім беру мекемелерінің балама түрлерін, олардың әлеуметтік тиімділігін қарастыру. Мәселен, ашық университеттер, колледждер, гимназиялар, діни оқу орындары және т.б. Бүгінгі білім берудің келте жүйесі қоғамның келтеленуінің жарқын көрінісі, ол қоғам өмірінің ішкі сипатын, деңгейін көрсете алмайды.

Адам қоғамы, әсіресе, қазіргідей нарықтық жағдайда іс-әрекетті, еңбекті, қызметті, жұмысты табысты әрі тиімді жүргізуі үшін жан-жақты, терең білімді, мамандандырылған, білгір, саналы адамдарды қажет етеді. Сондықтан оқу, ағарту, білім беру саласына қоғамда ерекше көңіл аударылып, оған жұмсалатын арнаулы қаржы бөлінуі қажет.

Басқа дамыған өркениетті елдердің халқымен салыстырғанда біздің (оның ішінде кезінде КСРО құрамында болған республикалар бар) халқымыздың білім дәрежесі және мәдени белсенділігі әлдеқайда төмен. Бұл көрсеткіштер бойынша дүние жүзінде біз 28-інші орындамыз, ал, қазір бұл көрсеткіш деңгейінен де төмендеп кетті. Статистикалық деректер бойынша, театрларда адамдардың 100 пайызы болса, мұражайлар мен басқа да мәдени ошақтарында онан да төмен. Көркемөнер пәндері мектептерде жоқтың қасы.

Кітапханалардағы оқырмандардың сандары да өте аз. Осының нәтижесінде көптеген кітаптар бірнеше жылдар бойы орнынан қозғалмай, шаң басып тұрады.

Екінші дүние жүзілік соғыс біткеннен кейін АҚШ пен Жапония қоғамды дамытудың екі жолын таңдап алды. АҚШ-та «капиталды техникаға жұмсау жолы таңдалды – бұл техниканы, техникалық паркті жаңарту (модернизация), технологияны жаңарту, т.б. Ал, жапондықтар капиталды «адамға жұмсау» жолын таңдады – бұл адам тұлғасының шығармашылық және кәсіби қабілетін дамытып жетілдіру. «Қаржыны адамға салу» әлдеқайда өз артықшылығын көрсетті. Оны бүгінгі Жапон қоғамының қарыштап дамуы аңғартты.

Өкінішке қарай, қоғамның осындай жіңішке жігі қиыншылыққа, апатқа жиі ұшырап отырғанын тарихтан білеміз. 1917-ші жылы Қазан төңкерісінен кейін көп зиялы адамдар, оның ішінде ғалымдар, инженерлер, әдебиетшілер, т.б. өз елін, отанын тастап кетуге мәжбүр болды. Елде қалған көптеген зиялы адамдар Сталиндік репрессияның нақақ құрбандарына айналды. Қазір де зиялы қауымның кейбір өкілдері қиын жағдайларда жүр.

Қазір оқу, білім жүйесі дағдарыста. Бұл дағдарыстың болу себебі, біздегі жүйенің басқа сапалы жүйеге ауысудағы қиындықтарға тікелей байланысты. Ал, жаңа жүйе барлық салалардағы іс-қызметтің жаңа өндіріске, технологияға сәйкес жаңа түрін, әдісін, тәсілін, стилін, тәртібін, оқу-білімін, ғылымын қажет етеді. Ол қоғамның ілгерілеп дамуының қажетті алғышарты және адам өмірінің, әсіресе оның белсенді жұмысының, маңызды түрі болып саналады.

Сондықтан жаңа ХХІ ғасырда үздіксіз оқу, білім алу басқа өркениетті, дамыған елдердегідей біздің саясатымыздың басты қағидасы болуы керек. Бұл туралы біздің өкіметіміздің білім туралы заңында жақсы айтылған. Үздіксіз білім алуды білім мерзімін ұзарту және оқушылар санын ересек адамдардың санымен өлшеу деп жансақ түсінуге болмайды. Әрбір мектептің алдындағы міндет – ол әрбір адамды әр түрлі жұмыс пен іс-қызметті өз бетімен істей алуға және өздігінен білім алуға үйрету.

Оқу, білім – қоғамдағы оқшау тұрған сала емес. Ол қоғамдағы әр түрлі құбылыс, процестерді бейнелей алатын сала. Ал, жоғары мамандандырылған, саналы, өз бетімен істелінетін еңбек, іс-қызмет, жұмыс беделінің төмендеуі қоғамдағы оқу, білім саласының заңды беделін түсіріп, маңызын кемітеді. Әрине, айта берсе, кемшілік, олқылықтар өте көп. Бұлардың объективтік және субъективтік себептері бар. Объективтік басты себептерге оқу, білім жүйесін қажетті қаржымен қамтамасыз етілмеуі жатса, субъективтік себептердің бастыларына – оқу, білім жүйесінің ғылыми дәлелденген, өмірдің барлық және әрбір салаларына сәйкес келетін тиімді оқытудың білім жоспарын, бағдарламасын, әдістемелерін, оқу және көрнекті құралдарын жасап, компьютерлерді кең қолдану, жаңа педагог кадрларды іріктеп алу, отбасымен байланыс-қатынастарды күшейту, т.с.с.

Кәсіби дамуға ұмтылатын әлемдік бәсекеге қабілетті маман өзінің негізгі қызметінен үздіксіз жаңа білім алу жолдарын іздестіреді. Ал жоғары оқу орындары мамандарға қойылатын талаптардың өсуіне байланысты оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іздестіреді, білім беруге жаңа технологиялар енгізеді. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа форматының бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз – мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар:

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы.

Осы ІТ мен нанотехнология бойынша оқытуды ұйымдастырып, бүкіләлемдік желі көмегімен барлық компьютерлерді бір желіге біріктіріп сабақ өтуші тұлғаны тьютор деп атаймыз. Қазақстан соңғы жылдары компьютерлік техника мен технологиялардың қарқынды дамуына байланысты мемлекетті басқарудағы ақпараттық жүйені қолдану заман талабына айналып отыр. Сондықтан ақпараттық жүйенің дамуын қарастыру мемлекетті басқарудың тәсілі ретінде өзекті мәселе болып отыр. Бүгінде ең бастысы-дамудың нарықтық жағдайында маңызды болып есептелетін, ақпараттық технологиялық және техникалық құралдардың ұсынысы мен сұранымы негізінде мемлекетті басқарудың ақпараттық жүйесінің қажеттігі туындап отыр.

Қорыта айтқанда, оқу, білім ерекше әлеуметтік институт, ол – өз бетімен біршама дербес әлеуметтік қызмет атқарады. Нақтылап айтсақ, ол әрбір адамды білімнің негізімен жан-жақты, терең қаруландыруын, әлеуметтік және рухани тәрбиені сабақтастыруын, тұлғаны әлеуметтендіруін, оның интеллектуалды және рухани мүмкіндігін қалыптастырады, т.б. Қоғамның оқу, білім құбылыстарын, процестерін жалпы әлеуметтанудың арнаулы теориясы – білім әлеуметтануы зерттейді. Ол білім жүйесінің

белгілі бір заңдылықтары арқылы жеке әлеуметтік институт ретінде дамуын, оның қоғаммен және оның алуан түрлі салаларымен, басқа да әлеуметтік жүйелермен, процестермен, институттармен әр түрлі қарым-қатынасын, байланысын талдайды. Сонымен бірге білім жүйесі қоғамның әлеуметтік құрылымына, қоғамдық қатынастарға, еңбектің өнімділігіне, өндіріске және басқа іс-қызметтің тиімділігіне әсерін, жеке адамды тұлғаға айналдырудағы интеллектуалды, білім процесінің ролін, адамның табиғат және қоғам туралы білімді, озық тәжірибені игеріп, бойына сіңіріп, оның үйлесімді дамуын, білім деңгейінің қызметке, жұмысқа, тәртіпке әсерін, адамдардың ғылыми көзқарасының қалыптасуын, адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайының өзгеруін, т.б. талдап зерттейді.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік құрылымына “шығуды” әлеуметтік жіктелген қызметтің көмегімен іске асырады. Білім қоғамның әлеуметтік кәсіби құрылымының өндіруші факторы ретінде көрінеді. Сонымен қатар, ол әлеуметтік ауыспалылық пен әлеуметтік мобильділіктің арнасы болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Дэвид Бринкерхоф. Роуз Уейтс: Әлеуметтану негіздері. – Астана, 2018. Б. 335-338.
2. Гидденс Э. Социология. – М.: Эдиториал, УРСС, 1992.
3. Радугин А.А. Радугин К.А. Социология. – М., 1998.
4. Фролов С.С. Основы социологии. – М., 1997.
5. Харчев В. Основы социологии. – М., 1997.



## ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ – ҚОҒАМНЫҢ КЕЛЕШЕГІН АНЫҚТАУШЫ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРДЫҢ БІРІ

*Кадырханова Г.Н.*

*«Тарих» мамандығының 4-курс студенті  
Ғылыми жетекші: тарих магистрі, Мырзахмет Ф.К.  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

**Аңдатпа:** Мақалада Қазақстанның сыртқы саясатында қазіргі жаһандық қатынастардағы көпполярлық саланы басшылыққа алынды. Екі жақты және көп жақты сыртқы қатынастар 2009 жылы Президент Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыртқы саясат концепциясы» негізінде жүзеге асырылғаны қарастырылған. Бұл Концепцияда қазіргі халықаралық қатынастардың негізгі даму бағыттары анықталып, дипломатиялық қызметтің міндеттері айқындалған. Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі мақсаты елдің ұлттық мүддесін қорғау екендігі көрсетілді. Мақалада зерттеліп жатқан, ғылыми айналымға енгізілген жаңа материалдар жинақталған.

**Түйін сөздер:** Егемен, тәуелсіз, демократия, концепция, инновация, декларация, реформа, саясат, ядро, экономика, Ассамблея.

Жастар – бұл кез келген заманауи мемлекеттің стратегиялық әлеуеті. Еліміздің қазіргі жастары жаңа жағдайда тәуелсіздік алып, демократиялық реформалардан соң тәрбиеленіп, өсіп-өркендеп келе жатыр. Сондықтан да жастар саясатына қатысты мәселелерді шешуде мазмұны жағынан алғанда жанартылған, қазіргі заманауи тәсілдерге сәйкестікті талап етеді. Мемлекеттік жастар саясаты – әрбір жастың Қазақстан Республикасының аумағында жарамды Ата заңмен, өзге де нормативті құқықтық актілермен бекітілген және әлеуметтік – экономикалық, саяси, жеке бас еркіндігі мен құқығын мойындауға негізделген.

Жас ұрпаққа Қазақстанның мемлекеттік дамуының негізгі идеялары және Конституцияны, өзге де заңдарды сақтап, құрметтеуге уйрету және жастар құқығы мен мүдделерін қорғау қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыруға үндейді. Жас азаматтың тұлға болып қалыптасуы үшін жағдай туғызып, білім саласында, еңбекте, жұмыспен қамтуда, әлеуметтік қорғауда кепілдіктерді қамтамасыз ету үшін мемлекетіміз барлық күш-жігерін бағыттауда.

Сонымен қатар, отбасы, оқу орындары және бұқаралық ақпарат құралдары Қазақстанымызды гүлдендірудің кепілі болып табылатын жас ұрпақты отаншылдық, кәсібилік, ұқыптылық, жауапкершілік сынды қасиеттердің болу жолында іс-шаралар жасауы қажет.

Жас ұрпақтың әлеуметтік белсенділігінің артуы, саналы құқықтық және саяси мәдениетін қалыптастыруы, олардың өмірлік көзқарастары кезінде, өмірлік қағидасы күшті, рухты болып бекітілуі мемлекеттік жастар саясатының алға қойған басты бағыты.

Қазақстанның тәуелсіздік алған тұстан бастап қазіргі кезеңге дейінгі дамуы барысында еліміздің экономикалық және қоғамдық-саяси жүйесінде түбегейлі өзгерістер болып, нәтижесінде экономика саласымен қоса, саяси салада айтарлықтай жетістіктерге қол жетізілді. Аталмыш салалардағы қайта өзгертулер барлық тұрғын халықтың әлеуметтік қабаттарында, оның ішінде жастарға да ықпалын тигізді. Қазіргі уақытта, Қазақстан жастары қоғамның келешегін анықтаушы негізгі факторлардың бірі болып табылатын тұрғын халықтың үлкен әлеуметтік тобына айналған. Жастар біздің қазіргі замандағы Қазақстан жағдайында жас азаматтардың алатын орны аса елеулі. Жастар қоғамның басым бөлігін құраушылар ғана емес, сонымен жас азаматтар қоғам өміріне, қоғамның саяси өміріне айтарлық ықпал ете алатын әлеуметтік-демографиялық топ. Қоғамның барлық салаларындағы кең көлемді қайта өзгертулерден туындаған ахуалдар жастардың даму ерекшеліктері мен олардың қоғамның әлеуметтік құрылымындағы мәнін тағы бір қырынан аша түседі. Осы айтылғандардың барлығы жас ұрпақтың саналы қалыптасуына, олардың әлеуметтік-экономикалық қайта өзгеру факторларының жастардың қажеттіліктеріне, мүдделеріне, құндылық бағдарларына және әлеуметтік мінез-құлықтарына да айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетеді. Әрбір жас азаматты елінің саяси хал-ахуалы, халықтың түрлі әлеуметтік қабаттарының заңдық қорғалуының құқықтық негіздері, елімізде жүргізіліп жатқан түрлі саяси реформалар мен заңдарға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар, еліміздің сыртқы саяси жағдайы мен елдегі саяси жағдайы алаңдатуға міндетті. Жастардың саясатқа қатысуының ең өнімді үлгісіне жастардың қоғамдық ұйымдарына, саяси партияларға және өзін-өзі басқару органдарын да қатысуды жатқызуға болады. Соңғы жылдары еліміздің саяси саласындағы оқиғалардың тез дамуына қарамастан, жастардың көпшілігі республикадағы саяси ахуалдар сәтті және бірқалыпты (75,5%) деп бағалайды. Болашақта бүгінгі таңда өз ісін бастауға ниет білдірген жас адамдарды оқыту және іске асырылып жатқан жобалар, шағын бизнес объектілерін қолдау, бағдарламалар шеңберіндегі өзіндік

жұмыс бастылық және аймақтық жастар бағдарламаларының жобалары республикада жұмыссыздық деңгейінің қысқаруына оң ықпалын тигізеді. Мәліметтер көрсеткендей, республиканың жас азаматтары қғамдық-саяси институттармен демократиялық қарым-қатынас жасуға ниет білдіреді. Жастар мәселесі қазіргі бәрімізді де толғандырады. Өскелең ұрпақтың бір мамандықтың иесі болуы өте маңызды. Өйткені нарық экономикасы басталған тұста оқи алмай қалған немесе өздері де оқуға жеткілікті мән бермеген кейбір жастар қазір базарда, бірі көлік сатып алып, «таксист» болумен күн көріп жүр. Жастар масылдық бой алдыратын болса, мемлекеттің де болашағы болмайды! Сондықтан Елбасымыз жастардың кәсіптік-техникалық білім алуына өте үлкен мән беріп отыр. Елімізде орта деңгейлі кәсіп иелері жетіспейді. Біздің мемлекетте жұмыс істеуіне толық мүмкіндік жасалған.

Елбасының жаңа бастамасын әлі де болса түсіндіру жұмыстары өз деңгейінде емес сияқты. Себебі «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы, соның ішінде жұмысқа орналастыруда, сұранысы жоғары жаңа мамандыққа қайта даярлауда жастарға басымдық берілген. Сондай-ақ, облыс, аудандарда жастар орталығы құрылған. Жастар орталығында көп жағдайда жастардың спортпен шұғылдануына мүмкіндік жасалғанын сұрайды, мәдени іс-шараларға қатысуы туралы ой қозғайды. Нақтырақ айтсақ, орталық жетекшілері: «Спортпен айналысуға стадион болса, мәдени іс-шаралар өткізуге сахна орнатылса, сонда жастар бос уақытын тиімді пайдаланар еді» деген өтініштер айтады. Яғни бұл да дұрыс мәселе. Дегенмен жастардың бәрі спортпен айналысып кетпейді ғой немесе ауылда жрген жастардың бәрі сахнаға шығып, ән айтып кетпейтіні анық.

Сондықтан жастардың әлеуметтік проблемалары әлі де тереңде жатыр. Сондықтан жастар арасында әлуметтік зерттеулер жүргізу қажет деп білемін. Мысалға:

1. Шын мәнінде, бүгінгі жастар нені қажет етеді?
2. Жастар саясаты – жұмысын қалай жолға қою керек?

Соның ішінде азаматтарды еңбекке баулу мәселесін тереңірек зерделеген жөн. Осы мақсатта бүгінгі таңда арнайы идеологиялық жұмыстар жүргізген абзал.

Осы орайда, еліміздің Призиденті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасының 17-тапсырма-сында Үкіметке 1 қыркүйекке дейін «Нұр Отан» партиясымен бірлесіп, «Әлеуметтік жұмыс орындары туралы» арнайы заңды әзірлеуді жүктеді. Соның ішінде Үкімет Қазақстан Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңеспен бірге отырып, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңға жас маманның мәртебесін құқықтық айқындау, оның ең төменгі әлеуметтік тобы және басқа да мәселелер бойынша өзгерістер енгізу жөнінде нақты тапсырма берді [2, 26].

Н.Ә. Назарбаев: «Басты бағыт – жас қазақстандықтарды дербес өмірге, бастамашыл еңбекке бейімдеудің тиімді жүйесін құру. Мен жас ұрпақтың ел болашағы үшін маңызын әрқашанда атап көрсетіп келдім және атап көрсете беремін. Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қажет болуы үшін бәрін де жасайды», - деген сөзі әрбір Қазақстан азаматының сенімін нығайта түсетіні сөзсіз» [2, 26]. Әрине жастарымыздың өмірінде шешімін күткен мәселелер жеткілікті. Жас-тар саясатын кешенді түрде саралау, реттеу бүгінгі күннің мәселесі. Жастардың мәртебесін көтеру, әлеуметтік мәселелерін шешу, жақсы білім алып, еңбек етуіне, отбасын құруына жағдай жасау керек. Бүгінде жастар саясаты саласында әлеуметтік маңызы бар 76 жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның ішінде «Ауыл Жастары», «Дипломмен-ауылға!», «Жастар-кадрлық резерві», «Жастар-Отанға» және «Жастар тәжірбиесі» сияқты серпінді жобалар бар.

Жастар проблемасы – Президенттің 2050 жылға дейінгі халыққа арналған Жолдауының маңызды тармағының бірі. Қазіргі таңда жастар саясаты туралы заң қызу талқылануда, бұл өте маңызды, себебі жастар – біздің болашақтың негізі. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиялық Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Мен сіздерге жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы айналуда тиіссіздер. Мемлекет сіздердің алдарыңыздан жана мүмкіндіктер ашылуы үшін барлығын жасауда. Олар-сіздердің ата-аналарыңыз тіпті ойлап та көрмеген мүмкіндіктер» [3, 6 б.].

Президент тарапынан жастарға үлкен қолдау жасалуда. Қол жетімді баспанаға ие болып, еңбек етіп, отбасын құруға мемлекеттік бағдарламалардың көмегі зор болмақ. Әсіресе, ауылда еңбек ететін деген жас мамандарға толық жағдай жасалынып жатыр. Сондай-ақ мүгедек жастарға арналған жұмыс орындарын ашудың мәні өте зор. Олар өздерін қоғамның толыққанды мүшесі екендерін сезінуі үшін де тұрақты жұмыс орындарының блғаны қажет.

ҚР Білім және Ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов 2012 жылдың қараша айында: «Елімізде ғылыммен айналыстын жастар саны 18000 адамға жетті» деп мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қабылдауында болып айтқан еді.

Әл-Фараби бабамыз: «Кез келген елдің болашағын көргің келсе, сол елде тұрып жатқан жастардың тыныс тіршілігіне қара» деген екен. Жас Отан жастар қанатының 2008-2011 жылдарға арналған іс жоспарында еліміздің үлкен әуелетін құрап отырған, Қазақстандағы 14 пен 29-ға дейінгі жастардың саны 4 569 885 адам деп көрсетілген. Бұл елімізде 30%-ын құрап отыр [4,56].

Ювенология ғылымы туралы Ж.Пиженің ғылыми концепциясы бойынша 11-12 жастан 14-15 жасқа дейін соңғы тұғырлы децентрация жүзеге асады. Бала бір нәрсеге тәуелі кейіптен босап айналаға «әлемді қалай өзгертуге болады?» деген көзқараспен қарай бастайды [4,186]. Жастар өмірдің қуат арнасы, оның тынысы, аяқ алысы, бір сөзбен айтқанда өмірдің нағыз өзі. Нақтырақ айтқанда бұл жаста өмір бағдарламасы жасалып, тұлға түбегейлі қалыптасады.

Жаһанданудың мұдай мәдени модельдері жастардың салауатты әлеуметтік белсенділіктерін (білім алу, еңбекке құштарлық, отбасының құндылығы, жұбайылық адалдық, бала сүйу, тәрбиелеу) төмендетіп, жаппай әлеуметтік-психологиялық проблемаларға (нашақорлық, маскүнемдік, ажырасу) батырып барады. Оқу оқып жүрген жастардың басым көршілігі, қазіргідей қымбатшылық заманда оқудың, пәтердің ақшасын төлеу керек деп, біреуі «күзетші», енді біреуі ресторанда официант болып күнелтіп жүр. Ал енді мұндай жұмыстарды Мемлекетіміздің болашағына кері әсер ететін ауқымды проблемалар мыналар:

- Еліміздің демографиялық саясатының ақсауы;
- Жастардың наша, темекі, араққа үйір болуы;
- Жастардың әр түрлі діни, идеологиялық ағымдардың жетегінде кетуі;
- Жастар арасындағы қылмыстың көбеюі.

Жастар бірдей емес, олардың әлеуметтік құрамы түрлі әлеуметтік қызығушылықтардан тұрады. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту тек танымдық міндеттерді шешуге, оқу орындарда оқитындарының қоғамға қажетті білім көлемін алу ғана емес, сонымен қатар, патриоттық тәрбие міндетін шешу мен белсенді азаматтық ұстанымды құруға да бағытталуы тиіс. Атақты тарихи тұлғалардың істерінде елдің мақтануға тұрарлық азаматтарын тәрбиелеуге «жұмыс істейтін» жақтарын көрсету қажет [7,186].

Бүгінгі жаһандану уақытысында жастарды осындай рухани азғындаудан шығатын жолдарды қарастыру – күн тәртібіне шығып отырған күрделі мәселелердің бірі. Біздегі балалар мен жас жеткіншіктердің интеллектуалдық өресі өздерінің жас деңгейінен асып түсіп «әлеуметтік бәсеке» жолында өз балаларын жекеменшік арнаулы мектертерге орналастыруға ұмтылуда. Соның нәтижесінде өмірде күтпегентосын жағдайлар – парадокстар алдымыздан орағытып өтеді [5,186]. Балалар қаршадайынан бұлбұлша сайрайды, бірақ ана тіліне шорқақ немесе білмегеннен бетімен жер басады. Ал тілін білгендер ділге жоқ. Яғни адамгершілік «витамині» жетіспейді. Осындай жағдайда ұлттық мәдени бетбейнемізді сақтап қалумен қатар, оны дамытудың стратегиялық маңыздылығы мен болашақ үшін атқаратын қызметін күшейту мемлекеттік деңгейдегі проблема деуге болады. Жастардың жаһандану жағдайында өздерінің ұлттық болмысын жоғалтпау үшін басты қағида: ұлттық болмысындағы төл мәдени мұралармыз бен дәстүрлерімізді сақтау және мәдени құндылықтарымызды жетілдіре отырып, жаһанданудың жаппай бірегейленуіне қарсы тұру.

Міне, Қазақстан да ХХІ ғасырдың цифрланған жаңа өміріне қадам басты. Әрине еліміздің арайлы таңының пердесін тек белсенді жастар ғана аша алатыны анық. Елбасы, Н.Назарбаев, жолдауларының бірінде: «Мен сіздер, бүгінгі жастар, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңзді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты-біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер», -деп пайымдаған [6,186]. Сондықтан, Қазақстанның жаңа даму кезеңі-тікелей жастардың қолында. Мәуелі жас ағашты баптағанда ғана, оның жайқалып, түзу өсетіні айдан анық. Сол сияқты қанатын енді қаққан жастарға да ақылгөй ел ағалары жол сілтеп, ел саясатына араласуға мүмкіндіктер жасауы қажет. Сол себепті, халқымыздың арайлы таңын тек белсенді жастардың талапты талпынысына жол ашып, бойына патриоттық сезімін ұялатып, салауатты өмір салтын үгіттеп, насихаттар, саяси көзқарасын дамыту арқылы көруге болады деп ойлаймын.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ұласбек Сәдібеков. Жастардың әлеуметтік проблемалары әлі де тереңде жатыр//Президент және халық. 2012. 20 шілде.
2. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиялық Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.
3. Н. Дулатбеков. «Ювенология» Астана 2010.
4. Статистикалық мәліметтер: <http://i-news.kz/news/>; <http://zhardem.kz/>; 30.06.2010
5. Жастар ғылымға келуде//Time Класс. 2012. 28 қараша
6. Дәурен Тұрсынқұлов. Бүгінгі қазақ жастарының бейнесі қандай?//Үш қиян, 2011, 12 желтоқсан.

# ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МОБИЛЬДІГІНЕ ОТБАСЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫҢ ЫҚПАЛЫ: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

*Султанова Г.М.*

*«Әлеуметтану» мамандығы, 4 курс*

*Ph.D, доцент м.а. Шнарбекова М.К.*

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Әлеуметтік кеңістікте орын алған теңсіздік нәтижесінде, жастардың өмірлік жоспарларына әлеуметтік институттар өз ықпалын көрсетіп отыр. Мақалада әлеуметтік таптық және отбасылық капиталға байланысты, жастардың мобилденуі траекториясы анықталған. Сондай-ақ тақырыпты мазмұнын ашуда батыстық және ресейлік ғалымдардың теориялары мен зерттеулері қарастырылған. Жастар әлеуметтанулық зерттеу объектісі ретінде алынып, оған ықпал етуші отбасы ресурстары маңыздылығы көрсетілген. Екіншілік дерек көзі ретінде, тақырып бойынша зерттеу жұмысы ұсынылған. Мақала мәні ашылып, нақты қорытылған.

**Кілт сөздер:** отбасы, отбасылық капитал, ресурс, әлеуметтік мобилділік, жастар, жастардың өмірлік жоспарлары, капитал түрлері, әлеуметтік институт

**Resume:** Because of inequality in the social space, social institutions influence the life plans of young people. The article defines the boundaries of youth mobilization in relation to social class and family capital. When disclosing the content of the topic, theories and studies of Western and Russian scientists are also taken into account. Youth is viewed as an object of sociological research, and the importance of family resources that contribute to this is emphasized. Research work on the topic is presented as a secondary source. In the conclusion, the essence of the article is revealed and summarized.

**Key words:** family, family capital, resource, social mobility, youth, life plans of youth, types of capital, social institution.

## Кіріспе

Экономикалық және әлеуметтік – мәдени өзгерістерге байланысты жастардың әлеуметтік – экономикалық кеңістікте тез бейімделуі қажеттілігі туындады. Заманауи өмірде шекарасы өсіп жатқан әлеуметтік теңсіздік жағдайында жас ұрпақтың өмірлік жоспарларына әлеуметтік институттардың әсері артып отыр. Қоғамның тұрақтылығын анықтауда жастардың қозғалыс динамикасын социологиялық зерттеу арқылы анықтау маңызды болып табылады. Бұл мақсатта ең әсер етуші институттардың бірі – отбасы негіз ретінде өз қызметін атқарады. Әлеуметтік құрылымда маңызды рөлді атқаратын элемент ретінде, отбасы жастардың әлеуметтік қатынасы мен желісін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, отбасы баланың өмірлік стратегияларын құрылуы мен орындалуына жағдай жасайды, болашақ өмірдің оңтайлы қалыптасуына негіз болады. Отбасының әсер етуші күші ретінде: ата – аналардың экономикалық статусы, білім және мәдени жағдайы, әлеуметтік желілері мен отбасылық дәстүрі қарастырылады. Бұл айнымалылар арқылы жастардың әлеуметтік мобилденуі жүзеге асады.

## Жастардың әлеуметтік мобилденуі және отбасы институты

Мақаланың теориялық және эмпирикалық қоры: отбасы әлеуметтануы, әлеуметтік стратификация және жастар әлеуметтану пәндерін қамтиды. Классикалықтан бастап, жаңа социологиялық мамандар отбасыны – жастардың қозғалуындағы құрылымдық және функционалдық жағынан маңызды әлеуметтік институт ретінде қарастырады. Беріліп отырған бұл мақаланың мақсаты – жастардың әлеуметтік мобилділіне отбасылық капиталдың ықпал ету деңгейін анықтау болып табылады.

Алынып отқан мәселенің теоретикалық маңызды бөлігін, Британдық ғалым Д.Глассаның тұжырымдамаларымен байланыстыруға болады. Ғалым еңбегінің негізгі идеясы: ата – аналардың әлеуметтік статусының әртүрлі болуы балаларының әлеуметтік мобилділігіне әртүрлі әсер етеді деген тұжырымдамаға сүйенеді. Ғалымның тұжырымдамасына сәйкес, негізінен әлеуметтік мобилділік көп жағдайда кедей отбасыларға тән болғанымен, мобилділіктің деңгейі мұндай отбасыларда төмен болады. Әкесі мен баласының статусы арасындағы байланыс көбірек: әкесі білікті маман болған жағдайда немесе жоғары әкімшілік, кәсіби қызмет иесі болғанда байқалады. [1, б. 273-280]

Д. Гласс тұжырымдамасын П. Блау мен О.Данк жалғастырды. Ғалымдардың тұжырымдамасы бойынша төменгі страта өкілдері көптеген мобилді қозғалыстар жасайды. Ғалымдар оларды, кедей ақ жағалылар және көк жағалылар (кәсіби білімсіз ауылшаруашылық жұмысшылары) деп бөлді. Бұл топтағы ұрпақтар көп жағдайда әке ісін мұра етуге тырыспайды. Яғни, кәсіби басқа жолдар іздейді. Сондай – ақ әдеттегі тенденция қалыптасады: мобилділік жақын шекара қабаттарында жүзеге асады. Ал бірнеше сатылық қозғалыс болуы көп кездеспейді. Көп жағдайда кедей көк жағалыларға қарағанда ақ жағалы топтар жоғары сатыға мобилденуге тырысады. Бірақ ақ жағалылардың кейбір өкілдері көк

жағалы болып мобилдену жағдайы да туындайды. Ал көк жағалы отбасылардың балалары жиі әкелерінің ісін мұра етіп алып немесе жақын шекаралық кәсіппен айналысып, осы топта қалады және де, есейе келе үлкен көк жағалыға айналады. Сондай-ақ азшылық бөлігі ақ жағалыға мобилденген жағдайларда кездеседі.

Ғалымдар К. Циммерман және П.Сорокин өздерінің зерттеулерінде отбасының тұрғындық территориясына байланысты микроклиматын зерттеуге тырысты. Ғалымдардың тұжырымдамасы бойынша, ауылдық отбасылар бір – біріне тұлғалық тәуелдіктің арқасында тұрақтылық пен бірегейлікті сақтап, ұйымшылдықты көрсетеді. Ал, қалалық кеңістікте өмір сүретін отбасы көп жағдайда иеліктен алшақтауымен және бытыранылығымен ерекшеленіп отырады. [2, б. 543]

Дамып отқан теңсіздік жағдайындағы жастарды зерттеуге француз ғалымы П.Бурдьё жаңа концепцияны ұсынған болатын. Ғалымның идеясының негізі: ресурстарды жаңа активтерге (экономикалық, әлеуметтік, мәдени және адами) айналдыру процесімен байланысты. Яғни, ғалымның тұжырымдамасына сәйкес, индивидтердің қозғалысына ресурстар әсер етеді. Мұндағы, ресурс дегеніміз – бұл капитал түрлері. Әсер етуші капитал арқылы, жастардың өмірлік мақсаттарын жүзеге асыру дивиденттері төленіп отырады. [3, б. 674]

П.Бурдьенің бастауымен, Лилл университеті студенттерінің жүргізген зерттеу нәтижесіне сәйкес, ауылшаруашылық жұмыскерлерінің балаларына қарағанда, ата – анасы интеллектуалды кәсіппен айналысатын балалардың 80 есе көп жоғары білім алуға мүмкіндіктері бар екені анықталған болатын. Сонымен қатар, жас тұлғаның мүмкіндіктеріне әлеуметтік шығу тегінің ықпалы экономикалық шарашыздықтан ғана емес, сондай-ақ мәдени кедергілерге байланысты туындайды. Кедей саты өкілдерінің мәдени өсуі төмен болады немесе болмайды. Себебі, олар музей, галерея, театр, көрмелерді аралауға, ірі саяхаттарды ұйымдастыруға мүмкіндіктері жоқ. Ал мәдени өсу арқылы жастардың өй – өрісі кеңейеді, соның арқасында табысты өмірге стратегия қоя алады. [4, б. 674]

Дж. Коулман өзінің теориясын отбасылық капиталдың отбасыдағы бала санына тәуелділігін зерттеуге бағыттады. Ғалымның айтуынша, қаншалықты отбасыдағы аға – қарындастардың саны көбейе түссе, соншалықты отбасылық капитал көлемі төмендейді. Себебі, ата – ананың назары ретінде, капитал балалар санына өзара бөлінеді. Бұл теорияға мысал ретінде, балалардың білімі мен біліктілігін анықтайтын IQ тестінің нәтижелерін салыстыруға болады. Салыстыру нәтижесінде, отбасында бауырлары бар балалардың деңгейі аздарға қарағанда төмен екені анықталды. [5, б. 131 – 139]

Ата – аналардың кәсіби статусы мен мәдени капиталының ықпалы бойынша, Дж. Голтроп өзінің «Теңсіздік социологиясы» еңбегінде қарастырған болатын. Автор өз тұжырымдамасын былай түсіндіреді: «Мысалы, дәрігердің баласы – дәрігер болуға тырысқандай, шахтердің баласы – шахтер болуға тырысады. Бірақ кей жағдайларда кәсіби қозғалыс жасайтын жағдайларда болады. Мұндай кезде, неге дәрігердің баласы – физикалық күшті талап ететін кәсіптен көрі интеллектуалды кәсіпті игеруге тырысады. Және, сәйкесінше, неге шахтер әкенің жолын қумаған бала – интеллектуалды немесе басқару кәсіптерінен көрі, күшті қажет ететін кәсіптерге барады». [6, б. 209]

Отбасылық ресурстардың ықпалы жөнінде белгілі орыс ғалымдары В.В.Радаев, Я.М.Рощина, Д.А.Константиновский, Г.М.Мкртчян және т.б. өз пікірлері мен зерттеулерін атап өткен болатын.

В. В. Радаевқа келетін болсақ, ғалым отбасы және оның түрлі капиталдарының ықпалын зерттеу жолында, алдымен капиталдың көлеміне мән береді. Яғни, капиталдың көлемі қаншалықты жоғары болса, соншалықты оны жинақтау және ұстап қалу мүмкіндігі жоғары болады деп тұжырымдайды. Мысалы ретінде, бәрі танытын және танысқысы келетін тұлға, өзінің мүмкіндіктерін көп күш жұмсамай пайдалы әлеуметтік байланысқа айналдыруы мүмкін. Сонымен қатар, кез келген бір капиталдың көлемі жоғары болуы, басқа капиталдарды жинақтауға мүмкіндік береді. Мысалы, отбасыдағы жақсы тәрбие мен мүмкіншіліктер арқылы мәдени капиталды жинақтаған тұлға, өзіне жақсы, биік білім жолдарын ашуға мүмкіндігі бар немесе әлеуметтік капиталды жинақтау арқылы туындаған мәселелерді шешуге болады, мысалы жақсы жұмысқа орналасу секілді. [7, б. 5-16]

Я.М.Рощина өзінің «Отбасылық капиталдың Ресейлік мектеп оқушыларының білім алу мүмкіндіктері факторы ретінде» еңбегінде өмірлік жоспарлардың орындалуын үш жиын ретінде көрсетті. Яғни, 1946 – 1960, 1961 – 1975, 1976 – 1990 жылдар аралығында туылғандардың білім алу деңгейін қарастырды. Нәтижесінде, кеңестік уақыттағы оқушыларға қарағанда, посткеңестік уақыттағы жас оқушылардың білім алуы олардың ата-анасының білім деңгейіне байланысты қалыптасатыны анықталған. Әлеуметтанушының пікірі бойынша, білім алу мүмкіндіктерінің теңсіздікте болуына, балалардың адами капиталына ата-ананың инвестициясы әртүрлі деңгейде болуы ықпалды. [8, б. 257–277]

Я.М.Рощина Ресей жастарының ата – аналарының табысы мен біліміне тәуелді екенін өз зерттеуін ұсыну арқылы дәлелдеген болатын. Ұсынылған зерттеу нәтижесіне сәйкес, айнымалы «отбасылық капиталдың көлемі» бойынша, математикалық модель құрылған. Модель мынадай нәтижелерді

көрсетеді: материалдық капитал – байлық; адами капитал – білім, ата – аналардың жағдайы; әлеуметтік капитал – отбасы типі және мәдени капитал – отбасылық кітапхана. Егер капитал құрамында – экономикалық, әлеуметтік, рухани және символикалық секілді әртүрлі ресурстар кездесетін болса, онда отбасылық капитал жастардың өмірлік траекториясын қалыптастырушы фактор болып табылады. [8, б. 257–277]

Г.М.Мкртчян еңбектерін қарастыратын болсақ, әлеуметтік стратификацияға бөліну тек қана жеке меншік пен билікке ғана емес, сондай-ақ интеллектуалды ресурстарға да байланысты екені көрсетіледі. Негізінен, әлеуметтанушы посткеңестік қоғамда отбасылық шығу тегінің біліми стратификациямен тығыз байланысы, яғни мәдени капитал арқылы әлеуметтік құрылымның қалыптасуының тірек күші ретінде қарастырады. Сондай-ақ, Г.М.Мкртчян интеллигенциядан шыққан жастардың материалдық жағдайы немесе көп жағдайда бюджеттік сферада болуына қарамастан, жоғары білімді топтардың құрамын осы тұлғалар жоғары деңгейде құрайды деген қорытындыға келеді. [9, б. 104-113]

Сонымен қатар, жастардың әлеуметтік мобилділік қабілетіне отбасылық дәстүрлердің әсерін де қарастыру қажет. Себебі, жастардың белгілі бір әлеуметтік топта болуы, олардың ата – аналарының сол топ құрамында болуы факторына тығыз байланысты. Мысалы, егер жастардың белгілі мамандық немесе жоғары оқу орнын таңдауда нақты идеясы болмаса, онда ең алдымен отбасылық кәсіп, отбасылық өмірлік ұстанымдар таңдауға әсер етуші күш ретінде қызметін атқарады. [10, б. 69-76]

Жастардың өмірлік траекториясы мен жоспарларына отбасының ықпалын қарастыруда, ресейлік әлеуметтанушылар О.В.Шиняева, Т. В.Клюева, Ю. В.Ушкованың «Отбасы және оның жастардың өмірлік жоспарларындағы рөлі» атты зерттеу еңбегінің маңыздылығы жоғары. Зерттеуге 900 көлемінде респондент қатысып, 22 – 35 жас аралығындағы жастардан мәселе бойынша ақпарат алынған. [11, б. 177–189]

Зерттеудегі алғашқы деректер бойынша, жастар өздерінің өмірлік жоспарларына жетудегі мүмкіндіктер ретінде өздерінің қабілеттеріне қоса, отбасылық ресурстардың маңыздылығын атап өткен. Яғни, әрбір екінші респондент өзінің өмірлік жеңісіне – отбасылық тәрбие мен құндылықтарды себепші деп есептейді. Сондай – ақ: оларға қоса, отбасылық психологиялық қолдау, ата – ананың қаржылық капиталы, білімі, квалификациясы және әлеуметтік желілерін фактор ретінде атап өткен. [11, б. 177–189]

Факторлардың ішінде, отбасылық тәрбие мен құндылықтың жоғары деңгейді құрауы, көбінесе жастардың болашақ іс-әрекеттері мен шешімдеріне әсерімен байланыстыралады. Респонденттердің жауап беруі бойынша, әлеуметтік, экономикалық және символикалық капиталды қолдану және сақтап қалуында отбасылық тәрбие мен құндылық маңызды рөлді ойнайды. [11, б. 177–189]

Сонымен қатар, ата-аналардың әлеуметтік – кәсіби статусына байланысты отбасының рөлі әртүрлі көрсеткіштерді көрсеткен. Яғни, жоғары лауымды отбасыдан шыққан жастарға квалификацияның маңыздылығы жоғары екені, сондай-ақ ата-анасы орта деңгейдегі квалификацияға ие болған балаға, отбасылық құндылық пен тәрбие, біліми және квалификациялық ресурстың болуы маңызды екені, ата – аналарында өзіндік қамту немесе кішігірім жеке мүлкі бар жастарға көп жағдайда экономикалық ресурстарға қоса, ата – аналарының психологиялық қолдау көрсетуі маңызды екені анықталған. Ал, ата – аналары төмен квалификацияға ие балалар үшін, бірде бір отбасылық капитал түрі қажеттілігі тумаған. [11, б. 177–189]

Негізінен жастардың экономикалық өсуін қарастыратын болсақ, көп жағдайда орта тап деп есептелетін отбасының ресурстары әсер еткен. Сонымен қатар, экономикалық, әлеуметтік, символикалық және мәдени ресурстар ретінде ықпал етуші отбасылар, халықтың орта табысты бөлігі екені дәлелденген. [11, б. 177–189]

### **Қорытынды**

Сонымен қорытындылай келе, капитализмнің дамуына байланысты қоғамда әлеуметтік теңсіздіктің өсуін көруімізге болады. Мұндай жағдайда, жастардың өзіндік мақсаттар мен өмірлік орнын табуда отбасылық капиталдың рөлі жоғары екені анықталды. Отбасылық капитал әртүрлі түрде беруі мүмкін. Мысалы, қаржылай инвестиция ретінде, таныс – білістер арқылы, білімге итермілеу немесе мәдени ой-өрісті өсіру арқылы ата-ана баласын дамытып отырады. Бұрынғы кезеңде, әлеуметтанушылар ықпал етуші күш ретінде ата-аналық отбасыны атаған болса, қазіргі таңда отбасылық капитал түрлері (экономикалық, әлеуметтік, мәдени және символикалық) маңызды рөл атқаратыны анықталды.

Отбасылық капитал жастардың өмірлік жоспарларына ғана емес, сондай-ақ олардың ұстанымдары мен таңдауларына әсер етеді. Бұл қозғалыста ең алдымен, отбасылық тәрбие мен құндылықтар негізгі

рөлді атқарады. Сонымен қатар, ата – аналарының білім деңгейі, жастардың ресурстарды қолдану мүмкіншілігіне тікелей әсер етіп отырады.

Жас ұрпақтың белгілі нәтижеге жетуінде, отбасының әртүрлі ресурстарынан, кемінде екі – үшеуі орта деңгейден төмен болмауы қажет. Сонымен бірге, көп жағдайда орта табысты және жоғары мәдени ресурстарға ие отбасылар өз балаларына сапалы инвестиция жасай алады.

Қазақстан жастарына келетін болсақ, білім алу үшін мемлекет тарапынан көп көмектер көрсетілгенімен, алғашқы инвестициялаушы отбасы екені бәріне белгілі. Себебі, мектептегі білімге қоса, ата – аналар жеке қызығушылықтарын қалыптасуына қаржылай және рухани ықпал етіп отырады.

Сонымен бірге, отбасыдағы бала санының көлемі де маңызды. Отбасылық капиталды инвестициялау – отбасылық дәстүр ретінде баладан балаға беріліп отырады деп айтуға болады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Глас Д., Лапин Н. И. Социальная мобильность в Великобритании // Эмпирическая социология в западной Европе: учеб, пособие. М.: ГУ ВШЭ, 2004. С. 273-280.
2. Сорокин П. Человек. Цивилизация. Общество. / под ред. А.Ю. Соколова. М.: Политиздат, 1992. 543 с.
3. Бурдьё П. Формы капитала // Западная экономическая социология. Хрестоматия современной классики. М.: РОССПЭН. 2004. 674 с.
4. Бурдьё П. Формы капитала // Западная экономическая социология. Хрестоматия современной классики. М.: РОССПЭН. 2004. 674 с.
5. Коулман Дж. Капитал социальный и человеческий // Общественные науки и современность. 2001. №3. С.121–139.
6. Goldthorpe J. Occupational Sociology Yes: Class Analysis, No: Comment on Gruskyand Weeden’s Research Agenda // ActaSociologica. 2002. Vol. 45. No 3.209 p.
7. Радаев В.В. Понятие капитала, формы капиталов и их конвертация //Общественные науки и современность. 2003. №2. С. 5-16.
8. Рощина Я.М. Семейный капитал как фактор образовательных возможностей российских школьников // Вопросы образования. 2012. № 1. С. 257–277.
9. Мкртчян Г.М. Стратификация молодежи в сферах образования, занятости и потребления // Социологические исследования. 2005. №2. С.104-113.
10. Логинов А.В. Социальная мобильность молодежи в условиях социально-экономической ситуации региона // Вестник Тамбовского университета.2015. №4 (144). С. 69-76.
11. Шиняева О.В., Ключева Т. В., Ушкова Ю. В. Влияние уровня и качества жизни семей на социальную мобильность молодежи // Известия высших учебных заведений. Поволжский регион. Общественные науки. 2016. №4 (40). С. 177–189.

## ҚАЗАҚСТАНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЕНГІЗУ

**Сыздық М.Н.**

*Әлеуметтік жұмыс, 1-курс*

*Ғылыми жетекші: әлеум.ғ.д., профессор Алимбекова Г. Т.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

### **Андатпа**

Мақала инклюзивті білім берудің анықтамасы, оның әр түрлі түсініктемелері және инклюзивті білім берудің Қазақстанда енгізілу ерекшеліктері, инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы мемлекеттік және мемлекеттік емес институттардың рөлі, инклюзивті білім беру саласындағы проблемаларға шолу жасайды. Материал осы тақырыптағы зерттеулер мен шетелдік басылымдарда жарияланған мақалаларға негізделіп жазылды.

**Кілт сөздер:** инклюзивті білім беру, инклюзия, Қазақстанның білім саласындағы заңнамасы, білім беру әдістері, білім берудегі тең құқықтылық принципі.

Инклюзивті білім беру, көп жағдайда мүмкіндігі шектеулі немесе ерекше қажеттіліктері бар балаларды осы белгілеріне қатысты шектемей жалпы білім беру мекемелерінде басқа балалармен қосып оқыту деп түсіндіріледі. Бұл инклюзивті білім берудің тар мағынадағы анықтамасы. Алайда, әлем бойынша алсақ, көптеген балалар тек мүмкіндігінің шектеулілігі себепті емес, сондай-ақ, ұлты, нәсілі, тілі, діні, экономикалық жағдайына байланысты жалпы білім беру мекемелерінде оқи алмайды. Осы аталған ерекшеліктеріне қарамастан барлық балаларға теңдей білім беру, спорт және ойындарға теңдей қатысуға мүмкіндік жасау инклюзивті білім берудің кең мағынадағы анықтамасы.

Инклюзивті білім беру жүйесі балалардың қоғамда дискриминацияға ұшырауын болдырмау үшін балабақшадан бастап оларды қоғаммен қарым-қатынасқа бейімдейді, сондай-ақ басқа балаларды да әр түрлі ерекшеліктерге толерантты болуға үйретеді. Инклюзивті білім беру арқылы тек оқу орындары емес, азаматтар да, жұмыс берушілер мен қоғамдық сана да инклюзивтілікке ашық бола бастайды. Әлемде бұл тәжірибе ұзақ уақыттан бері қолданыста. ЮНИСЕФ инклюзивті білім беруді дамытуды өзінің мақсаттарының қатарына кіргізіп, әлемнің көп елдерінде оны дәріптеп келеді. Ұйым әрбір баланың сапалы білім алуға құқығы бар, себебі ол адамның ең базалық құқықтарына жатады деген қағидаттарды ұстанады.

ЮНИСЕФ инклюзивті білім беруді дамытуға қатысты қызметін төрт негізгі бағытта жүргізеді [2]. Олар:

- Дәріптеу: әр елде қалың көпшілік пен саясаткерлердің назарын аударатындай дәрежеде талқылауды ұйымдастыру.
- Халықтың хабардарлығын арттыру: зерттеу жүргізу, дөңгелек үстелдер мен семинарлар ұйымдастыру арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттіліктері туралы көпшілікті хабардар ету
- Мамандар даярлау: серіктес елдерде оқытушылар, ұйымдастырушылар мен жергілікті қауымдастықтарды оқыту және үкіметке техникалық қолдау көрсету арқылы елдің білім жүйесінде инклюзивтілікті құруға көмектесу
- Жүзеге асыруға қолдау көрсету: серіктес елдерде инклюзивті білім беру саясатының іс жүзінде жүзеге асырылуына көмектесу үшін мониторинг жүргізу және бағалау.

Қазақстанға келетін болсақ, инклюзивті білім беруді енгізуге қатысты заңнамаларды жасаумен және инклюзивті оқытудың жай-күйімен мемлекет деңгейінде Білім және Ғылым Министрлігі және оған қарасты мекемелер айналысады. Елімізде ең алғаш «инклюзивті білім беру» ұғымын Қазақстанның арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы алып келді. Бұл орталық 1999 жылы ЮНЕСКО-мен бірігіп инклюзивті білім беру бойынша алғашқы жобасын жасады. 2016 жылы Қазақстан Білім беру саласындағы дискриминациямен күресу туралы Конвенция мен Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялады. Бұл конвенцияларда көрсетілген талаптар Қазақстанның «Білім беру туралы» заңына кіріктірілді [3]. Онда барлық оқушыларға теңдей сапалы білім беруге жағдай жасау қажеттігі айтылды. Алғашында эксперимент ретінде мектептерде инклюзивті сыныптар ашылды. Білім және Ғылым министрлігі 2020 жылға қарай Қазақстанның білім беру жүйесі инклюзивті білім беру моделіне көшетінін мәлімдеді [1].

Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов үкімет отырысындағы сөзінде Қазақстанда 139 887 адамға ерекше білім беру қажеттілігі бар екенін айтты. Ол 2025 жылға дейін балабақшалардың 70 пайызы, ал мектептер мен жоғары оқу орындарының 100 пайызы мүмкіндігі шектеулі жандарды қабылдауға дайын болатыны және кедергісіз орта құратынын айтты [4]. Көптеген еңбектер инклюзивті білім беруді қамтамасыз етуде мемлекеттік институттарға тоқталып өтеді. Камила Ролан және Мишель



Сомертон [1] Қазақстандағы инклюзивті білім беруге қатысты мақаласында білім беру жүйесіндегі инклюзивтілік реформасын жүзеге асыруда мемлекеттік емес ұйымдар мен азаматтық қоғамның да белсенді рөлі бар екендігін жазады.

Авторлар мемлекеттік емес ұйымдардың инклюзивті білім беруге үлесін үш салаға бөліп көрсетеді. Ең алғашқысы, инклюзивті білім беру саласындағы заңнамаларды жасауға және өзгертулер енгізуге қосатын үлесі. Екіншісі, инклюзивті білім беруді түсіндіретін әр түрлі жобаларды, дәрістер мен тренингтерді жүргізу арқылы қосатын тәжірибелік үлесі. Үшіншісі, мәдени үлес. Яғни, әлеуметтік желілерде, спорт арқылы, волонтерлік қозғалыстар мен жарнама, өнер арқылы, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-анасымен жұмыс жасау арқылы оларға инклюзивтілік идеяларын таныстыру [3, б.7]

Қазақстанда көбінде инклюзивтілік философиясы мүмкіндігі шектеулі, немесе ерекше күтімді қажет ететін балалардың білім алуына негізделген. Яғни, инклюзивті білім берудің тар анықтамасының шеңберінде қызмет атқарады. Осы шеңбердің аясында алсақ, Қазақстандағы негізгі мәселелердің қатарына: ерекше қажеттіліктері бар балалардың қажеттіліктеріне сай келетін қоршаған ортаның болмауы, педагогтар мен сау балалардың мүмкіндігі шектеулі адамдармен қалай қарым-қатынас жасауды білмеуі, ерекше қажеттіліктері бар жандардың құқықтары мен мүмкіндіктері туралы білімнің болмауы, сонымен қатар, ерекше балалармен жұмыс жасайтын мамандардың біліктілігінің төмен болуы секілді мәселелер кіреді. Бұдан басқа да мәселелерге тоқталып өтсек. Елімізде инклюзивті білім беруді регламенттейтін, яғни бүкіл процессті реттейтін бірегей нормативті құжаттар әлі жоқ. Жалпы мектепте жұмыс жасайтын мұғалімдер ешқашан ерекше балаларды оқыту жолдарын үйренбегендіктен бұл салада тәжірибесіз, сондықтан баланы оқу процесіне баулай алмайды. Қоғам мүмкіндігі шектеулі балалармен бір мектепте оқуға дайындалмаған. Кеңес үкіметі кезінде қалыптасқан дәстүр бойынша, ерекше қажеттіліктері бар балалар арнайы мектепте білім алып келгендіктен, қоғамда бөлініс пайда болған. Көп жағдайда дені сау балалардың ата-аналары өз балаларының мүмкіндігі шектеулі балалармен бірге оқуын қаламайды. Инклюзивті білім беру орталықтарын қаржыландыру деңгейі төмен, оларға арнайы техникалық жабдықтар жетіспейді. Сонымен қатар, медициналық, психологиялық және педагогикалық, әлеуметтік кеңес беру және қолдаудың жетіспеуі де қиындықтардың бірі. Егер мектептерге инклюзивті білім беру енгізілген жағдайда ондағы оқыту процесі мен мұғалімдер үнемі әдістемелік жағынан дамытылып отыруы қажет. Яғни арнайы педагогтарды даярламай, инклюзивті білім беруді ұйымдастыру мүмкін емес.

Алайда, инклюзивті білім беру тек мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана қатысты емес. Мысалы, Қазақстанда уақытша мигранттардың, босқындар мен Қытай немесе басқа да кирилл алфавитін білмейтін елдерден келген қандастарымыздың білім алуындағы инклюзивтілік екінші дәрежеде қалып отыр.

Бұдан бөлек, білім беру орындарынан басқа жерлерде инклюзивтілік принциптерін таныстырып, тарату әлсіз. Инклюзивтілік тек білім беру процесінде ғана көрініс таппайды, ерекше қажеттіліктері бар балаларға кедергісіз қозғалуға арналған инфраструктураны қалыптастыру да осыған кіреді. Әр түрлі мекемелерде, қала көшелерінде, қоғамдық көліктерде, тұрғын үйлерде инфрақұрылымның болмауы да қоғамның, мемлекеттік жалпы инклюзивтілік принциптерін түсінбегендігін көрсетеді. Білім беру шараларының ішінде осындай инфрақұрылымды қалыптастыруға жауапты ұйымдардың қызметкерлеріне нұсқаулық жасау қажеттігі қарастырылуы тиіс.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда назарға алатын және бір мәселе ол бағдарламаның қағаз жүзіндегі жоспары мен сол жоспардың нақты іс жүзінде орындалуының арасындағы айырмашылық. Бұл инклюзивті білім беруді мектептерле енгізу кезінде көп орын алатын жағдай. Осындай қиындық тек Қазақстанға тән емес, әлемнің басқа елдерінің тәжірибесінде де кездеседі. Петер Хауг [5] инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы идеалдар мен тәжірибе туралы мақаласында осы мәселені қозғайды. Инклюзивті білім беруді енгізу кезінде мектептердің арасында, тіпті бір мектептің ішіндегі сыныптардың арасында да оның жүзеге асырылуында айырмашылық болуы мүмкін дейді автор. Ол өз тұжырымын Еуропа елдерінің мысалында жасайды. Инклюзивті білім беруді енгізу кезіндегі қиындықтар негізінен осы ұғымның анықтамасын біркелкі түсінбегендіктен болады деп тұжырымдайды. Себебі, инклюзивті білім беру әдістемесін жасап отырған адамның ол туралы түсінігі мен сол инклюзивті білім беру жүзеге асырылып отырған мектептегі оқушылардың, ата-аналардың инклюзивтілікті түсінуі басқаша болуы мүмкін. Автордың ұсынысы, бір ғана инклюзивті білім беру моделін алып, оны барлық жерге сұқпалауға болмайды. Әр ел, әр аймақ, әр мектеп өзінің ерекшеліктеріне қарай бейімделген инклюзивті модельді енгізуі қажет.

Инклюзивті білім беруді егер мүмкіндігі шектеулі балалар мен дені сау балалардың бірігіп бір ортада білім алуы деп санасақ, яғни, тар мағынасындағы анықтамасына сүйенсек, Қазақстанда ең алдымен, дәріптеу жұмыстарын жүргізу қажет. Ол жоғарыда ЮНИСЕФ-тің осы саладағы жұмысының

бір бағыты болып саналады. Мемлекеттік медиа, балабақшалар мен мектептер, жоғарғы оқу орындары және басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар өз қызметкерлеріне инклюзивтілік принциптерін түсіндіруі, және қоршаған орта мен мекеменің барлық адамға ыңғайлы болуын түсіндіру қажет. Түркістан қаласының әкімі Рашид Аюпов мүгедектер арбасына отырып қала жолдарының арбадағы адамдарға ыңғайлылығын тексергені осы дәріптеу мен халықтың хабардарлығын арттырудың бір мысалы болып табылады.

В качестве феномена культуры страх определяется через корреляцию с категориями «ценность» и «норма» – элементами социальной системы, наделяемыми в индивидуальном или общественном сознании особым значением и служащими регулятивному поведению людей. В человеческом сознании видение опасности преломляется через символический мир, страх для человека – прежде всего опасение, связанное с угрозой некоторым ценностям, которые индивид считает значимыми для себя. В качестве инстинкта страх, конечно, существует и у животных, однако человек «окультуривает» страх, «приручает», встраивает его в систему норм и ценностей, управляет им и с его помощью. При таком понимании страх выполняет в культуре ряд функций, важнейшая из которых заключается в механизме поддержания норм культуры: исходя из чувства страха люди выстраивают свою жизнь таким образом, чтобы социум мог существовать и развиваться устойчивым образом. Страх позволяет увидеть опасность и отреагировать на нее (сигнальная функция). Руководствуясь чувством страха, человечество создало и продолжает создавать огромное количество культурных артефактов для изменения и стабилизации ситуации (креативная функция).

С точки зрения культуры, познания, развития общества страх оказался во многом плодотворнее надежды. Страх побуждает также к поискам смысла, поскольку человек склонен бояться прежде всего того, чего не понимает (смысл образующая функция). Специфически человеческий страх – страх абсурда. Смысл жизни придает принятие личностью ценностей, а поскольку ценности весьма субъективны и изменчивы, страх побуждает к постоянным поискам меняющегося смысла. Осознавший свою собственную абсурдность и абсурдность мира в целом человек становится ступком тревожности, он выпадает из анонимности в уникальность, рефлексивность и одиночество. Зачастую человек боится даже не смерти, а забвения. В течение отведенного ему «земного времени» он отчаянно ищет людей, которые стали бы свидетелями его жизни, он стремится «продолжиться» – в детях, в рукописях, в результатах своей деятельности, в людях, которые будут его помнить. Это тоже способ преодоления страха небытия. Жить без смысла – поистине одно из самых страшных испытаний для человеческой психики.

По этой причине некоторые пытаются свою жизнь прервать. Но «бежать» от вечного вопроса всегда легче, чем признать его значимость и «взбунтоваться». Мы солидарны с точкой зрения классиков экзистенциализма: не следует бояться абсурда, нужно научиться жить жизнью Человека в абсурдном мире, находить смыслы в творчестве. В рамках модерна и постмодерна эта функция страха приобретает особую актуальность.

Анализ трудов, посвященных особенностям первобытного мышления, доказывает, что именно исходя из необходимости справляться с невероятным напряжением, связанным с испытываемым чувством страха, человечеству пришлось организовывать и упорядочивать свою жизнь, выстраивать ее через систему социальной регуляции запретов и ограничений (система табуирования), искать способы общественной коммуникации, создавать в своем сознании символический культурный пласт, который становится доминирующим. Через возникновение мифа осознания, первых религиозных верований человек пытался «амортизировать» тяжелые жизненные события этноса. По мере развития культуры приоритетными для человека становятся социальные ценности и нормы, которые в отличие от природных инстинктов, приобретаются в результате «научения» в процессе инкультурации. В зависимости от принятия определенной системы ценностей отношение к страху склонно меняться. Западная культура прошла путь от героического отношения к страху (античность) через апофеоз кошмара греха и страха перед адскими муками в средние века, массовость религиозного страха (эпоха классического католицизма) и его индивидуализацию в протестантизме, затем через попытку «приручения» страха «могуществом свободного разума» (эпоха Просвещения) к современному страху перед внутренней природой самого человека, перед результатами его деятельности. XX в. стал веком, о котором многие мыслители высказываются именно как о «столетии страха»: человечество познало ужасы двух мировых войн, страх диктатуры, страхи перед опасными последствиями открытий в науке и технике, перед атомной угрозой, перед утратой национальной идентичности и межэтническими конфликтами, перед международным терроризмом, страх перед большим количеством кризисных ситуаций, принявших масштаб глобальных. Человек испугался того, что не справляется с теми проблемами, которые порождает. Разрушительные силы природы действуют по-прежнему, но они отошли в область технологических интересов, организационных усилий, направленных на предвидение возможных ущербов и уменьшение повседневного риска.

XX век стал веком, о котором многие мыслители высказываются именно как о «столетии страха»: человечество познало ужасы двух мировых войн, страх диктатуры, страхи перед опасными последствиями открытий в науке и технике, перед атомной угрозой, перед утратой национальной идентичности и межэтническими конфликтами, перед международным терроризмом, страх перед большим количеством кризисных ситуаций, принявших масштаб глобальных. Человек испугался того, что не справляется с теми проблемами, которые порождает. Разрушительные силы природы действуют по-прежнему, но они отошли в область технологических интересов, организационных усилий, направленных на предвидение возможных ущербов и уменьшение повседневного риска.

С середины XX в. Европа вступила в эпоху постмодерна, когда «ничто не гарантировано», все размыто и непредсказуемо. Абсурд стал естественным состоянием социальной жизни, выражающим испуг, страх и ужас человека, которому постоянно приходится двигаться в поисках ускользающего смысла.

Понимание культуры как культуры репрезентативной позволяет сделать вывод о том, что страхи – продукты фактического принятия сознанием человека неких норм и воззрений, и поскольку сознание символично и ценностно ориентировано, даже мнимые страхи – вполне реальные феномены культуры. В основе страхов лежат определенные ценностные установки, которые действительны вследствие их принятия людьми, а потому не могут быть для них ложными. В социокультурной сфере принятие сознанием даже воображаемых образов (в данном случае образов опасности) оказывает существенное влияние на духовно-практическую деятельность человека. Еще в эпоху первобытности запрет – табу – зачатую ничем не обосновывался. Ясно было лишь одно: нарушение запрета грозит опасностью. Пример с неосторожно съеденной рабом пищи вождя и последовавшей после сообщения рабу о его «проступке» смерти несчастного от страха (Д.Д. Фрезер) [6] в этом плане вполне показателен. Для раба страх, который он испытывал, вовсе не был ложным, он был основан на принятии строгого социального запрета, соответственно, и результат этого принятия был реальным.

Большинство страхов, которые социологи и политологи могли бы обозначить как ложные, основаны на так называемом «мифе о заговоре». В основе манипуляции какого рода «мифами» лежит вполне объективный принцип культурной идентификации «мы» – «они». Классический пример «мифа о заговоре» – знаменитая «охота на ведьм» в эпоху Ренессанса. Страх наступления конца света

также носит иррациональный характер, однако во многом именно он формирует культуру западноевропейского человечества на протяжении всей его истории. Одна из современных версий Апокалипсиса – пресловутая «проблема 2000», которую раздували СМИ. В эпоху информационного общества главную ценность для человека представляет информация. Соответственно, основные страхи связываются с распространением, хранением, обработкой и манерой подачи информации. Воображаемые и реальные страхи переплетаются в сознании людей с ценностными и нормативными ориентирами и принимают порой самые причудливые формы и сочетания. Более всего подвержен страхам тот, кто имеет богатое воображение. Но у него же найдется и гораздо больше решений для выхода из неустойчивой ситуации. На протяжении всей истории человечества люди ищут способы преодоления страха. Среди выработанных культурой механизмов – ритуализация, религиозная вера, игра, формирование личностных убеждений, кодексов поведения, социальных объединений и институтов. «Репертуар» страхов формируется на основе системы ценностей данной культуры, и преодоление страхов связано с целенаправленными усилиями индивида и общества по «сдвигу» смыслов человеческой деятельности, идеалов развития и совершенствования личности. Исторически первыми формами снижения эмоционально– психологического напряжения в ситуации страха были вышедшие из мифологического сознания пред религиозные верования. Люди боятся Бога и ждут от него милости и спасения. Но исследования доказывают, что верующие даже более подвержены страхам, чем атеисты. Вера дает утешение, но не избавляет от страхов.

Э.Фромм видит главную проблему в психологической изолированности современного человека и утрате чувства социальной общности. «Религия и национализм, как и любые обычаи, любые предрассудки – даже самые нелепые и унижительные, – являются порой спасительным кругом для человека, если они обеспечивают его связь с окружающими людьми, спасая его от самого страшного, что может быть у человека, от одиночества и изоляции». Поэтому основная проблема в грамотном преодолении чувства страха, по мнению Фромма, состоит в создании адекватных форм общности. Для эзотериков страху противостоит не смелость и храбрость, а спокойствие, точнее даже – покой. В этом помогает медитация, которая занимает совершенно особое место во всей восточной жизненной практике. Одним из механизмов, принадлежащих еще к архаическим способам регуляции культурного поведения индивидов, является ритуал. Человек чувствует себя защищенным, действуя «по схеме», зная структуру своего поведения период кризиса именно ритуалы могут снимать ощущение тревоги и неблагополучия. Следующий механизм преодоления страхов – формирование убеждений, а также отказ от них. Поскольку человек укоренен в оппозициях и ценностях, одной из психических защит от страха является обесценивание ситуации или объекта, которые прежде вызывали страх. Однако для человека это не «панацея». Вне культурных ценностей и символов человек просто перестает быть таковым. Принятие наркотических средств, алкоголя – попытки ухода от проблемы, но не ее решение. Еще один вариант – высмеивание объекта страха, показательный пример – смеховая карнавальная культура Средневековья. Некоторые видят способ преодоления страха в его игнорировании. Крайней формой такого игнорирования является апатия. Ни один организм на Земле, кроме человека, «не додумался» досоздания искусственных (!) условий для испытания эмоций страха. В стремлении «испытать себя» происходит апелляция к ценностным ориентирам личности и его желанию быть привлекательным, признанным, успешным, доказав себе и окружающим, что он «не боится». Экстрим представляет собой еще и своего рода проект по «заколдовыванию» страха путем сознательной «тренировки» перед лицом опасности. Снятие эмоционального напряжения в данном случае связано с формой игры, такой способ совладения со страхом является чуть ли не самым действенным. В целом можно сделать вывод о том, что страх выступает мощным социокультурным регулятивным и заслуживает самого пристального внимания со стороны современной гуманитарной науки в целом и особенно культурологического знания.

#### Литература

1. Антология мировой философии: В 4 т. М.: Мысль, 1969. Т. I. Ч. 1. -936 с.
2. Сенека. Философские трактаты. СПб.: Алетейя, 2000. -400 с.
3. Лурье С. Я. Демокрит. Тексты. Ленинград, 1970. -664 с.
4. Маритен Ж. Знание и мудрость. Религия и культура. О христианской философии. Фома Аквинский – апостол современности. М.: Научный мир, 1999. -244 с.
5. Климент Александрийский. Увещание к язычникам. Кто из богатых спасется. СПб.: Изд-во Олега Абышко, 2006. - 288 с.
6. Бруно Д. О героическом энтузиазме. Киев: Новый Некрополь, 1996. -281 с.
7. Леонардо да Винчи. Записные книжки. М.: Эксмо, 2006. -224 с.

## ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ СИПАТЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

*Бердібек А.*

*«Дінтану» мамандығының курс 4 студенті*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекші: Тунгатова Ү*

*ага оқытушы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қоғамның ажырамас бөлігі болып есептелетін «дін» ұғымы үнемі бір қалыпта болды деп айта алмаймыз. Дін үнемі адамзат баласымен бірге болды, адамзат уақыт өткен сайын қалай өзгеріске ұшыраса ол да өз бағыты бойынша белгілі бір деңгейде өзгеріске ұшырап отырды. Бәріміздің ойымызда «дін» тек қана жақсылықты дәріптеп, Жаратушы күшке сендіретін, адамгершілік пен руханилықты тарататын сенім жүйесі ретінде қалыптасқан. Бірақ «дін» атаулының барлығы осы бағытта жұмыс жасайды деген сенім уақыт өте келе өз орнын жоғалта бастады, өйткені дін атын жамылып басқа мақсаттарды көздеген «жаңа діни ағымдар» шыға бастады. Діни ұйымдар саны уақыт өте көбейе бастады, бір дін өз ішінде бірнеше бағыттарға бөлініп, кейде жеке діни ұйым ретінде қалыптасты. Діннің адам санасына деген ықпалының күшін байқаған жандар «дін» атын жамыла отырып өздерінің адам санасына, өміріне, денсаулығына, отбасына, қоғамға зиянын тигізетін қауіпті ұйымдарын құра бастады. Осындай адам өміріне қауіп төндіретін, дұрыс бағыттағы дінге сай келмейтін діни ұйымдарға «деструктивті» атауы берілді. 20 ғасырда әлемде діни жағдай бойынша үлкен мәселелер туындады, көптеген жаңа діни ағымдар пайда болды. Олардың көбісі діни– рухани дамуды емес, өмір мәні мен маңыздылығын түсіндіріп, өмір мен өлім мәселесін түсіндіруді емес, өзіндік материалдық мақсатты, билікті жаулауды көздеді. Деструктивті, экстремистік– террористік сипаттағы діни ағымдардың қатары көбейіп көп адам алданып жатты. Қазақстан территориясында да бұл мәселе орын алды, тәуелсіздік алғаннан кейін 70 жыл бойы атеистік көзқараспен өмір сүріп келген жандар бас ала дінге жүгірді. Діни сауаттылықтары нашар, тіпті жоқ десе де болады, қауым діндерді ниеті бойынша дұрыс не бұрыс деп бөлетін жағдайда болмады. «Қазақстан Республикасы» болып қалыптасқаннан кейін, тәуелсіз мемлекет атанғаннан кейін мемлекет басшылығының негізгі күші саясат, экономика мәселелеріне бағытталды, рухани жағдай өз бетімен дамып жатты. 1992 жылы 15 қаңтарда қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңында бірнеше олқылықтар болды, заң жат ағымдардың жұмысына жеткілікті деңгейде тоқтала алмады. Мысалы, 10 адам бірлесе отырып діни бірлестік құра алатын жағдайда болды, діни конфессиялардың саны қырықтан асқан болатын. Осылайша халықтың діни сауатсыздығы мен рухани қолданысқа құштарлығын теріс ағымдар өздері үшін өте тиімді пайдаланды, адамдардың санасын улау арқылы өз қатарларына қосып мүлкінен, отбасынан айыра бастады. Бұл тек сол уақыттағы деструктивті ағымдардың сипаты емес, өкінішке орай бұл мәселе әлі де бар болып отыр.

Дін бойынша сөздікте «деструктивті ұйым» сөзіне мынадай анықтама берілген: «тұлғаның рухани, психикалық және физикалық жағдайына зиян келтіретін «ішкі деструктивтілік» және қалыптасқан дәстүрлер мен нормаларға қауіп төндіретін кез-келген бағыттағы авторитарлы иерархиялық ұйым» [1]. Деструктивті сипат, мінез-құлық ол бірнәрсені жоюға бағытталады, ол адамдар арасындағы қарым-қатынас, қоғам, мемлекет, психологияны жоюға байланысты болады. Деструктивті жағдай қалыпты нәрсені жоюға бағытталған, нормаға сәйкес келмейтін, қауіп төдіруші, зиян тигізуші феномен ретінде ерте заманда-ақ қалыптасқан және көптеген зерттеушілердің бақылауында болған. Оның нысаны кез-келген құбылыс бола алады, мемлекет, мысалы террорлық актілер, адам, адамның өзінің санасы, өзге адам психологиясы, белгілі бір зат және т. б. Оксфорд сөздігі бойынша «деструктивтілік» сөзі бір затты бұзу, құрту фактісін білдіреді: көптеген адамдар тропикалық ормандардың жойылуымен алаңдаулы; ерекше мықты желдер жергілікті жерде бұзылған, қираған іздерді қалдырды. «Деструктив» сөзінің аудармасы: ағылшын тілінен аударғанда «destructive» – «жоюшы, жойғыш» деп аударылса, латын тілінен «destructio» – «бүлдіру, залал тигізу» деп аударылады. Деструктивті сөзі тек қана дінтану ғылымында емес, психологияда, әлеуметтануда, саясаттануда да қолданылады, бәрінде мағынасы бір– «жою». Психология бойынша «деструктивті мінез– құлық» тақырыбы жан-жақты зерттелген. Эрих Фромм деструктивтілікті түсіну үшін өз концепциясын құрған. Деструктивтілік дегенді Эрих Фромм тірілерді үстінен басқаруға және бұзуға деген құштарлық деп түсінген. Адамның деструктивті мінез-құлқы биологиялық емес, қоғамдық– мәдени факторларға негізделген. Ғалым агрессияны екі түрге бөледі: жақсы (критикалық жағдайда өмірді сақтауға бағытталған) және зиянды (өмірді сақтауға бағытталмаған).

Психологияда өзін-өзі ұстау екі категорияға бөлінеді: конструктивті және деструктивті немесе қалыпты және қалыпты емес. Қалыпты емес мінез-құлықтан деструктивті қимыл қалыптасады, ол

қоғаммен қабылданбайтын, кейде тіпті патологиялық болып табылатын сипаттамамен келеді. Деструктивті мінез-құлық адамға іштей немесе сыртқы қоғамға ашық сипатта зиянын тигізеді.

Психологтар деструктивті мінез-құлықты екі түрге бөледі:

1. делинквентті мінез-құлық;
2. девиантты мінез құлық.

Деструктивті мінез-құлық келесі белгілер түрінде көрінуі мүмкін:

адамдарға қатысты агрессивті мінез-құлық;  
қарым-қатынас кезіндегі дұшпандық;  
заттарды жоюға бейімділік;  
жақындарының өмір салтын бұзуға тырысу;  
эмоцияларды сезіну мүмкіндігінің болмауы;  
біреудің және өз өмірінің қаупі [2].

Деструктивті діни топтардың сипаты мен адам психологиясының деструктивті сипаты ұқсас келеді, екеуінің де негізгі сипаты – зиян тигізу. Зорлық көрсету, қауіп төндіру деструктивті діни топтардың ерекшелігі, егер ертеректе бұндай діни ұйымдардың мүшелігінен артынан ерушілердің өздері алып жүрген, оны мәдени, моральды және интеллектуалды келбетін біріктіруші ретінде, өзіне діни тәжірибені қабылдаса, қазіргі уақытта деструктивті діни ағымдар мүлде басқа қауіпті төндіруде. Деструктивті топтарда өзін-өзі өлтіру, өзгені өлтіру, террорлық актілер орын алады, ұйым лидерлері саясатпен айналысып өздерінің экономикалық және ақпараттық жүйелерін құрады. Халықаралық корпорация ретіндегі деструктивті ұйымдар әлі ұзақ уақытқа дейін дінтану үшін өзекті мәселе болады. Осыған байланысты деструктивті ұйымдар саласында академиялық ізденістер перспективасы жоспарлануда [3; б 22]. Деструктивті діни ұйымдардың қатарына мынадай діни топтарды жатқыза аламыз:

- 1) «Ақ бауырлар»
- 2) «Құдай балалары күлті»
- 3) «Саентология шіркеуі»
- 4) «Трансцендентальды медитация»
- 5) «Мариан шіркеуі»
- 6) «Рэй ю Кай»
- 7) «Соңғы өсиет шіркеуі» (Виссариондар)
- 8) «Шри Чинмой» шіркеу орталығы
- 9) «Оңтүстік крест»
- 10) «Қара бауырлар» және т. б. көптеген культтер.

Адам санасын жаулау, тұлғаның ойы мен мінез – құлқын, ортасын барлығын толық бақылауда ұстау деструктивті діни топтарға тән сипаттар болып табылады. Ұйым мүшесі өзін толықтай діни топқа арнайды, діни ұйым немесе оның лидері үшін өз-өзін өлтіруге дейін барады, отбасынан бас тартып, қоғамнан алшақтайды. Мысалы, «Рэй Ю Кай» ұйымының мүшесіне айналған уақытта адам өзінің жанын ұйымның негізін қалаушыға қалаған уақытында жанын беруге әзір болуы керек деп ант беріледі. Деструктивті ағымдарға мынадай сипаттар тән:

- өзінің құдайшылығын немесе Құдаймен ерекше қарым-қатынасы бар екендігін айтып, осы ақпаратты қолданатын көшбасшы болады, деструктивті топ көшбасшыларына көбінесе харизматикалық сипат тән;

- ұйым басшысы ұйым мүшелері үшін әлемдегі негізгі адам болып табылады, ол кім үшін ненің дұрыс ненің бұрыс екендігін айтып, күнәсін кешіру немесе кешірмеуді шешетін, Құдайдың сол адамға деген хабарын жеткізуші болып есептеледі;

- ұйым мүшелері жаңадан келген адамның бойынан топқа немесе көшбасшыға деген эмоционалды тәуелділікті дамытуға тырысады, бұл әрине зианды жағынан;

- ұйым мүшелеріне сыни талдауға немесе тәуелсіз ойлануға тыйым салады; сананы бақылауда ұстап, адамның артық ойлануына, топ жұмысын сыни тұрғыдан қарастыруға барынша мүмкіндік бермейді;

- топ мүшелерін қоғамнан, отбасынан алшақтатып тек қана діни топ маңында ғана ұстау;

- эгоны, өзіндік «менді» бұзу, ақыл-ойды бақылау, мүшенің отбасымен және достарымен қарым – қатынасын басқару.

Осындай сипаттағы діни ұйымдар өздерін ашық түрде көрсетпейді, ең алдымен өздерін адамға көмекке келген «құтқарушылардай» көрсетеді, көбінесе олардың нысаны рухани ізденушілік күйіндегі, моральдық қиын жағдайдағы, психологиялық әлсіз жандар. Деструктивті культтердің арбау жұмыстарының өзі ең алдымен қоғамды бақылаудан басталып, содан жекеге көшеді, белгілі бір адамды өз нысандары ретінде көздеп алғаннан кейін, оның ортасына да мән беріп, өз жұмыстарын жүргізеді.

- Адаммен жеке сөйлесу арқылы сананы улап бастау;
- Санасымен жұмыс жасап бұрынғы сенімі мен білімін шектеп жаңа сенімді белсенді түрде санасына құю;
- Сенімің ақиқаттылығы мен оның ерекшелігіне сендіру;
- Өз ортасынан (достарынан, таныстарынан, туысқандарынан тіпті отбасынан) алшақтату, егер олар өзімен бірге болмаса олардан бас тартуға мәжбүрлеу;
- Гипноз, наркотикалық заттарды қолдану арқылы сананы улау көмегімен адамды бағындырып, манипуляция жасауға бейімді қылу;

• Қорқыту, үркітумен айналысу – бұл аталғандар деструктивті культтердің қолданатын негізгі әдістері, адамдарды өз қатарларына қосудың алғашқы сатылары. Көбінесе деструктивті топтардың қатарларына жасөспірімдер мен жастар қауымы түсіп жатады. Жастардың санасындағы діни қауымдастық ата-анадан бөліну мен бір уақытта отбасында, бірақ басқа «жетілдірілген», болу арасындағы ымыраға айналады. Көптеген діни топтар өздерінің ішкі құрылымын ұйымдастыруда отбасылық тақырыптарды пайдаланып, өздеріне тиісті есімдер беруі кездейсоқ емес (бауырлар, отбасы, балалар), бұл психологиялық қорғанышты «альтернативті отбасынан» іздеген жастарды арбау үшін таптырмас әдіс. Америкалық психолог Чана Ульман заманауи діни топтардың әдептерінің ішінде бала күнінде әкелік қамқорлықтан зардап шеккендер. Бұндай жағдайда жастар ұйым басшысынан ата-ананың келбетін көреді [4; б 114]. Деструктивті ағымдар адамды өздеріне барынша бағындыруға тырысады. Адаммен қарым-қатынас құрып әңгімелесу арқылы барлық көңілін өздеріне аудартып, өздеріне қажетті, маңызды, адамның жанды жеріне қалай тиюге болатынын зерттеп, адам санасын толығымен жаулайды. Адам санасы адам баласының мықты әрі әлсіз жері, сананы жаттықтыру арқылы өзінді керек емес информациялардан қорғауға болады немесе өзге жанның санасын жаулау арқылы сыни ойлау жүйесін тоқтатып манипуляция жасауға болады. Секталардағы зорлық-зомбылық құбылысын зерттеуде өздерінің теориялық тәсілдерін неғұрлым нақты жасаған зерттеушілер арасында Маргарет Сингер, Фридрих– Вильгельм Хаак, Фло Конуэй, Джим Зигельман және т. б. Бұл ғалымдар өздерінің зерттеулерінің нәтижесінде мемлекеттік билік өкілдерінің діни ағымдарды ұстанушылардың құқықтарының бұзылуының көптеген жағдайларына қатысты нақты жауапты қадамдарын көрді, деструктивті діни топ мүшелері өздерімен болып жатқан жағдайға адекватты түрде қарай алмайды, зерттеушілердің айтуы бойынша деструктивті топтарды адамның еркіндігін шектейтін психологиялық және психотерапевтік әдістер қолданылады. Деструктивті діни ұйымдардың негізгі ерекшелігіне өз әдептерінің санасына деструктивті әсер етулері, діни топтардың ішінде жасалған қылмыстық істер тек қана топ мүшелеріне ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаға да зиянын тигізеді (массалық өзін-өзі өлтіру, көптеген өлімдер, террорлық актілер, финанстық махинациялар, қарумен және анашамен сауда, кәмілеттік жасқа толмағандарға сексуалды және психологиялық зорлық көрсету және басқа да қылмыстық істер) [3; б 7]. Деструктивті топтар өздерінің ізбасарларын тәуелді және бағынышты күйде ұстау үшін сананы басқару әдістерін қолданады. Діни топтың адам санасын бақылауы адам санасына әсер етуші жүйе, сол арқылы адамның өзіне тән тұлғалық ерекшеліктерні, сипатын жояды, оның орнына жаңа тұлғаны қалыптастырады, топ мүшелерінің мінез-құлқын, іс-әрекетін, оның ойы мен эмоциясының барлығын өз бақылауларында ұстайды, осы арқылы өздеріне керек ақпараттар мен нәтижелерге қол жеткізеді. Адаға манипуляция жасауда деструктивті топ лидерлері ең әлсіз жеріне тиіседі, мысалы ол адамда финанстық тұрғыда қиыншылықтар болуы мүмкін, олар нысанға байлықты, көп ақша, ешқандай уаымсыз өмірді уәде етеді, егер досы аз немесе отбасымен қарым-қатынасы нашар адам болса, біз саған отбасы боламыз, саған жанашыр адамдар мен мейірімді достармен танысасың деген уәделер беріп өз қатарларына қосады. Әрине уәделер орындалмайды, ал уақыт өте келе адамның өзіндік санасы жойылып, ол қалаулары туралы ұмытып кетеді, өйткені одан да аса ауыр мәселелерге тап болады. Психологиялық тұрғыда адамдарды бопсалайды, Құдайдан аян келді деп адамды өтірік аяндармен қорқытады, ақша алуға келегін адам керісінше барынан айырылады, көп соммадағы ақша қарыз болады, діни топ үнемі ақша талап етеді, мүлікті өз аттарына аудартады. Санасы уланған адам үшін тек өзі кірген діни топтың айтқаны ақиқат пен дасағаны дұрыс болып көрінеді, басқа діни топтары жалған деп таниды, өзгенің сөзіне құлақ аспайды.

Американдық психолог, деструктивті және тоталитарлы ағымдарды шығу бойынша консультант Стивен Хассеннің «Освобождение от психологического насилия» атты кітабында деструктивті діни топтарға сипаттама жасай отырып, олар адам санасымен қалай жұмыс жасайды, манипуляцияны қалай жасайды, бұл топтардан өзінді қалай қорғауға болатындығы туралы айтылған. Өз еңбегінде Гейл Мэдер атты жиырма жеті жасар қыздың тарихын баяндайды. Алиса және Роберт Мэдер ең алғаш рет Санта– Фе ранчосында жаппай суицид болғанна кейін, екі күннен кейін жария болған Аспан Қақапа-

сының қоштасу бейнежазбасын көргенде өз қыздарын мүлде танымай қалған. Культтің басқа да мүшелері сияқты Гейлдің шашы қысқа кесілген. 1994 жылы ол өзінің отбасымен қарым– қатынасын мүлде үзгеннен кейін ұйымның арбауына түскен. Ата-анасының қыздарының деструктивті культтің арбауына түскендігін байқап, олардың тактикасын зерттей бастаған, әсіресе сананы бақылау әдістерін. Олар культтердің адамдарды өмірдің өтпелі кезеңінен өтіп жатқан кезінде, адам әсіресе осал және сырттан келген әсерге осал кезде өз қатарларына шақырады. Олар сонымен бірге Эпплуайт топ мүшелерін еркін таңдауға мүмкіндік береді деп мәлімдегенімен, олардың мінез-құлқы «Негізгі және қосымша істер» тізімімен бақыланған, оның ішіне «ұнату және ұнатпау», «белгіді бір ереже мен процедураны саналы түрде бұзу», «тексеруші серіктессіз бір істі жасау», «өз пікіріңе сену және өз пікіріңді қолдану». Рухани іздеуші ретінде Гейл әдеттегі культке қабылданушының сипатына сәйкес келді. Эпплуайтқа баруды шешпес бұрын, көптеген адамдар тұрақты әлеуметтік жағдайға ие болды. Отыз тоғыз адамның ішінде автобус жүргізушісі, компьютер нұсқаушысы, қоршаған ортаны қорғаушы, автокөлік сатушысы, медбике, заң қызметкері, медициналық көмекші, үй қызметкері және жергілікті теледидар журналисті болды. Өмірдегі түрлі жағдайлар мен психологиялық сипаттар адамдарды осал еткенімен, кез келген сананы бақылау тактикасын хабары жоқ адам деструктивті діни топтың нысанына айнала алады [5].

Деструктивті ағымдардың қатарына қосылудан әркім сақталмаған, бірақ әркім өзінің діни сауаттылығын арттыру арқылы, деструктивті діни топтардың жұмыстарымен, психологиялық тактикаларымен танысу арқылы өздеріне қорған жасай алады. Осы кезде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің маңыздылығын атап өткеніміз жөн. Елімізде 9– сынып оқушыларына «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні өткізіледі, бірақ барлық мектеп қабырғаларында бұл пәнге мән беріле бермейді. Пән факультатив сабақ болып өткізілгендіктен оқушылар көп көңіл бөлмейді, ал ұстаздарымыз оқушыларға оның маңыздылығын керекті деңгейде жеткізе алмай жатады. «Зайырлылық және дінтану негіздері» академиялық білімді байытады, өйткені бұл терең мәдени, діни, құқықтық сауаттылықты тудыратын пәнаралық зерттеу әдісі. Дінтану жаһандық қоғамда табысқа жету үшін қажетті ең маңызды қабілеттерді – сыни ойлауды, коммуникативтік құзыреттілікті, тұлғааралық түсіністік пен мәдениетаралық сауаттылықты дамытуға мүмкіндік береді. Дінді оқыту–бұл студенттерді белгілі бір дінге немесе идеялар жүйесіне сенуге (немесе сенбеуге) сендіруге тырысатын риторикалық жаттығу. Қазіргі уақыттағы еліміздегі діни мәселердің бірі, әлем бойынша да, көптеген дінге бет бұрған жандардың жат ағым қатарларына қосылып кетуі. Деструктивті, экстремистік, террористік діни топтардың қатарына қосылудың алдын-алу үшін халықтың діни сауаттылығының дамуына көңіл бөлу қажет. Діни сауаттылықтың артуы арқылы адам діннің сипаттары мен айырмашылықтарын, дұрысы мен бұрысын, яғни теріс ағымдарды ажыратуды үйренеді, өзінің діни құқықтарын білу арқылы жат ағымдардың кез-келген жерде өз діни идеологияларын таратуына тосқауыл болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://dictionary.cambridge.org/ru>
2. Крылежев А. И. Молитва //Электронная библиотека ИФ РАН » Новая философская энциклопедия. /<https://iphlib.ru/library/collection/newphilenc.–> 2018
3. Станислав П. Фридрих Хайлер // <https://religious-studies.fzrw.info/>
4. Ұтысқанұлы А. Дұға– ғибадаттың мәйегі // <https://www.muftyat.kz/> .– 2017
5. Митрополит Илорион (Алфеев). О молитве.– М.: Никея. 2014. – С. 128
6. Самарина Т.С. Феноменология, ноуменология, постфеноменология религии. М.: ИФ РАН, 2019. С. 178.



## ҰЛТ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ДІН МЕН ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

**Бимырзақызы Ұ.**

*«Физика мұғалімдерін даярлау»*

*мамандығының 2 курс студенті*

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті*

*Ғылыми жетекші: Бегдаулетова Қ.Д.*

*филол.ғ.к., доцент м.а.*

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті*

Салт-сана мен діни танымның, дін мен дәстүрдің өзара сабақтастығын, бір жүйеде тоғысатындығын нақты әрі дәлелді мысалдар негізінде қарастырудың реті келіп отыр. Яғни, сонау сан ғасырлардан бері өз құндылығын жоймай келе жатқан қазақи құндылықтарымызды жаман әдеттерден, өрескел құбылыстардан қорғаудың уақыты келген сияқты. Нақты ой айтып, келелі кесімдер келтіріп, ашып айтатын кез келді. Дін – қоғамдық құбылыс. Дін әрбір адамға таныс сөз (латынша religio байланыс деген мағынаны білдіреді). Дін дегеніміз не? деген сұрақ көп уақыттан бері адамдардың арасында үлкен пікір-талас туғызып келеді. Осы пікір-таластың негізінде дүниеге көзқарас, адамдардың әлеуметтік жағдайлары жатыр [1, б. 7]. Дін философиясынан сыр шертетін оқулықтар негізіне сүйенетін болсақ, дінді қоғамның бір бөлшегі іспеттес деп қарастырады. Қоғамда ерте кезден бастап діни ұғым кең қолданылады, ал қоғамның дамуы тікелей әр халықтың санасына байланысты. Сана ұғымы арқылы дәстүр, салт негізі қалыптаса алатындығын білеміз. [2, б. 5] Дегенмен, ғалымдар арасында «әдет» терминінің шығуы туралы біртекті пікірлер жоқ. А. Смағұлованың айтуынша, «әдет» – «әдет-ғұрып» деген араб сөзінен шыққан, мағынасы дағды-әдет. Кез-келген жағдайда алдымен іс-әрекеттер дағдыға айналады, сосын ғана ол көпшілік қолданатын әдетке айналады. Оны бұзбау, аттамау қажет деп қарастырылады. Әр халықтың өзіне жарасатын әдет-ғұрып, салт-санасы мен дәстүрлері бар. Жалпы жағдайдағы дәстүр мен діннің арасындағы сабақтастық негізінде отбасы ауқымындағы тәрбие негізге алынады. Үлкен Советтік энциклопедияда: «Әдет – ислам діні тараған елдер арасындағы халықтық дәстүрлі құқық» делінген [3, б. 4].

Ұлтымызды өзге ұлттардан айырып тұратын негізгі ерекшеліктердің біріне тәрбие мен тағылымға, ізгілік пен адамгершілік құндылықтарға тұнып тұрған салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды жатқыза аламыз. Ежелден ата-бабаларымыз салып кеткен, бізге қалдырған басты құндылықтарымызды, оның ішінде әдет-ғұрыптарымызды, онымен біте қайнасып, бір жүйеде сабақтасып жатқан дінімізді қолға алатын уақыт келді. Осы тұрғыда бұрынғы ғасырларда ғұмыр кешкен қазақтан шыққан діни сауатты кісілер мен қайраткерлердің даналығына бас иіп, солар салған таптаурын сүрлеудің ізін тапты [4, б. 7]. Дін философиясы туралы жазылған кітаптар негізінде, қазақ халқының негізгі дәстүрлері мен дәстүрлі діни танымдары ешқашан имандылықтың сыртқы формасына байланысты емес, керісінше ол ішкі рухани қуат пен жан тазалығына мән беретіні белгілі. Жалпы қазақ елінің дәстүрлі діни ұғымына негіз болатын шындық бейнесінің қазақ руханиятына ықпалы басым. Сол үшін де қазақ халқының дәстүрлі діни сенім негіздерінде материалдық құндылықтардан гөрі, көзге көрінбейтін, тек сезім арқылы танылатын құндылықтардың рөлі басым екендігі көрінеді ([5, б. 113].

Отбасы – бала дамуының қайнар көзі десек, онда баланың дамуы деп оның толыққанды адам болып қалыптасуын айтамыз. Отбасынан алған әрбір тәлім баланың тәрбиесіне қатты әсер етеді. Қылығы түзу, өзін ұстай алатын, бастысы бойында патриотизм табылатын, туған елінің, жерінің тілін, дінін қадірлеп қастерлей алатын, ұлттық құндылықтарын бәрінен де жоғары қоя білген азаматтан біз болашақтың тірегін көре аламыз. Ал, ондай адам қайдан шығады? Оны кім тәрбиелемек? Оған бұл қасиеттерді кім дарытады? Мұның бәріне бір ғана жауап сай келеді. Ол – отбасы. Отбасынан алған тәрбие сенің бүкіл өміріңнің негізі екендігін ұмытпау керек. Отбасы тәрбиесі негізінде бала өз бойына көптеген негізгі құндылықтарды ала алады. Отбасы арқылы басты тәрбиенің негізі көрінеді. Отбасында берілген тәрбиенің салдары бүкіл өміріңнің айнасы іспеттес. Ол, әрине, дұрыс жағынан қалыптасса, күнделікті өмірде де іс-әрекетіңнен көрініп отырады. Мәселен, үлкендерге сәлем салуымен қатар, өзін-өзі ұстауы бәрі-бәрі отбасы тәрбиесінің, отбасындағы діни сауаттылық пен дәстүрді дәріптеудің сабақтастығы іспеттес. Мәселен, біз мұсылман қауымы үлкендермен сәлемдескенде, «Ассалаумағалейкум» десек, оған «Уағалейкум ассалам» деп жауап береді. «Үлкеннің сөзін бөлме, алдын кесіп өтпе» деп жасынан құлағына құя береді. Міне, сол ескертулер бойға сіңіп, әдетке айналады [6, б. 136].

Қазақ халқының дәстүрін және әдет-ғұрыптарын зерттеуші Х. Арынбаевтың да дәстүрдің дін ұғымымен тікелей байланыстылығын мойындауы дін мен дәстүр сабақтастығын айқындай түседі. «Қазақ халқы ислам дініне сенетіндіктен, мұсылмандық парыз ретінде ер балаларын міндетті түрде 5-6 жасқа толысымен сүндетке отырғызады. Баланы сүндетке отырғызу төңкеріске дейін негізінен

кожалардың кәсібі болатын. Әркім өз еліне қарай баласының сүндет тойын ұйымдастыратын. Байлар болса рулы елді шақырып, ат, құнан шаптырып, балуан күрестіріп, мергендер өнерін сынастырып, оларға айтарлықтай бәйге тігіп үлкен той жасаса, кедейлер шағын ғана қонақ шақырып, құрмалдық берумен шектелетін. Бала пішуші кожаларға да әркім әліне қарай: біреуі ат, біреуі қой сияқты ақтық беретін» [7, б. 63]. Ал мұны отбасы тәрбиесіне тікелей қарап байланыстырсақ, бұл біздің дініміздің пәктігін, дәстүрлі діни танымымыздың негізгі сипатын көрсетіп беретіндей. Ендеше дінін қастерлеп, мұсылманшылықты жоғары көтерген бабаларымыздың салып кеткен сара жолынан айнымайтын бағытты ұстануымыз керек. Дін мен дәстүр сабақтастығы сияқты, отбасы бар жерде тәрбие жағдайын көре аламыз. Бала дүниеге келгеннен бастап, көптеген салт-жоралғылар, әдет-ғұрыптар орындалатыны белгілі. Балалар бойындағы ұлт тәрбиесін нығайту мақсатында, ең алдымен дәстүр мен дін ұғымын ұштастыра қарастыруымыз керек. Сонау ежелден бастау алатын мұсылманшылық дәстүрлерімізді мансұқ етпей, қолда барды қадірлей білгеніміз жөн. Қандай да бір ұлттың діңгегі әрі маңызды құрылымы отбасы екені де айдан анық. Өйткені қоғамның түзелуі мен бұзылуы осы отбасының жағдайымен тығыз байланысты. Э. Дюркгеймнің пайымдауына жүгінетін болсақ, дін қоғамның құрылымын көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге адамдардың үміті мен сенімін ортақ бір сенім күшіне бағыттап отырып, қоғам құрылымын нығайтады. Деректерге сүйенетін болсақ, кішінің үлкенді сыйлауы ежелден келе жатқан ерекше құбылыс. Егер кіші үлкеннің атын атамай, “сіз” деп сыйлап тұрса, бұл жағдайда үлкен де кішінің кішілігін сыйлауы қазақ халқының қанына сіңген үлгілі әдет [7, б. 31].

Әрине, ұлт тәрбиесі біздің асыл дінімізбен, қайнар бұлақтай мөлдір дәстүрімізбен сусындауы қажет. Еліміз дініміздің негізгі жүйесімен қайта қауышып отыр. Тек қана бұл емес, халқымыз тұтастай дербестікпен бірге, негізгі сипаттағы тілімен, дінімен де қайта қауышып, оны жаңа заман талабына сай дамытуда, сол арқылы өшкеніміз жанып, ұмыт қалғандарымыз әрқайсысының жадында мәңгі жаңғыруда. Ал ол тікелей тәрбиемен өлшенеді. Дәстүрін ұлықтап, дінін құрметтеп, ғұрпын қастерлеп отырған қазақтың қара көз баласын ғана біз нағыз тәрбиелі азамат деп қарастыра алатын едік. Әрбір баланың өз дінін құрметтеуі отбасынан алған тәрбиесіне қатысты екендігіне ешкімнің шүбәсі жоқ та шығар. Енді әрбіріміз үшін де халқымыздың жадынан ұмытылып бара жатқан дәстүрлі имани құндылықтарымызды қайта жаңғыртудың реті келген секілді. Осы тұрғыдан алсақ, біз қазақ қоғамына ешқандай да тың дүниені алып келіп жатқанымыз жоқ. Тек сан ғасырлар бұрын баһадүр бабаларымыз салған, кейіннен ұмытылып көмескі тарта бастаған дәстүріміздің негізін тауып, соны қайтадан саралап, жаңғыртуға тырысудамыз. Ғылыми деректерге сүйенер болсақ, дін ұғымын дәстүр ұғымымен тікелей байланыстыра отырып, қасиетті ұғымдарды қастерлейтін әлеуметтік институт негізінде қарастырады [8, б. 42]. Бұл ретте дін мен дәстүр сабақтастығы орнаған отбасы тәрбиесінің негізгі ұстанар бағытына мыналар жататындай: алдымен өз тарихымызға үңіле отырып, дәстүріміздің көмескіленген жағын назарға алып, үзілгенімізді жалғап, ал жоғалтқанымызды түгендеу, балаға берген дұрыс тәрбие негізінде сан ғасырлық тарихы бар діни дәстүрлерімізді қалпына келтіру. 3. Фрейдтің діни пікіріне мән берсек, дін адам баласын ерте кезден бастап түрлі оқиғалар төңірегіндегі қандай да бір бастан өткізіп келген қиыншылықтардан, қорғансыз болған қорқынышынан сақтайды. Қорқыныш жағдайларында қандай да сипатта болмасын бала ата-анасынан қолдау күтсе, ал үлкендер мұның жауабын бір ғана жаратушыдан күтеді. Бұл жағдайда діннің жоғары үстемдігін көріп отырмыз, адамдардың жаратушысына деген сенімін байқай аламыз. 3. Фрейдтің ойынша, діни түсінік ол әлеуметтік иллюзиялар болып табылады. “Адамдар материалдық табиғатқа қарама қайшы өздерінің психологиялық қажеттіліктерге бағытталаып өмір сүріп жатқандығын түсінсе, бұл иллюзиялар сейілер еді”. Дәлірек айтқанда, бүкіл адамзат тек өздерінің ішкі жан дүниесінің қажеттіліктерін қанағаттандырып ғана өмір сүріп жатқандықтарын түсінсе, бұл иллюзиялардың барлығы дерлік жойылар еді деген түсінікке келеді. Ол үшін әрбір отбасы бала тәрбиесіне ерекше мән беруі керек. Бабалардан мирас болған асыл қасиеттерді қайта түлетіп, әсіресе, ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, осы замандағы озық дәстүрлермен үйлесім табуы аса құнды.

Өткенімізді, тарих беттерін ақтарып қарасақ, экономикасы жоғарылау елдердің бодан жұртқа қысым көрсетіп, өздерінің ұлттық белгілерінен, дәстүрлі діни танымдарынан айырып, тіпті діндерін ұмыттыруға тырысқан. Тек мұнымен шектеліп қана қоймай, оларға өздерінің тілі мен дінін, мәдени құндылықтарын әкеліп тықпалаған. Алыстан арбаламай-ақ қояйық, қазағымның өзінде мұндай қиын жағдайлар болғандығын тарихтан оқып біліп отырмыз. Дәл қазір елімізде дәстүрлер бар, дінімізді барынша құрметтеп қастерлеуге тырысып жатырмыз. Ал бір жағынан өз дінін, тілін ұлттық құндылықтарын, дәстүрлі діни танымдарын бәрін-бәрін ұмыт қалдырып, жат елдің дінімен өмір сүретін халықтың болашағы жоқ екендігі де шындыққа жанасады. Ислам діні де мұны құптамайды. Мұсылмандардың өзге халықтардың теріс әдет-ғұрыптарына еруіне болмайды. Мұны Пайғамбарымыз (с.а.с.) айтқан болатын. Себебі өз дінінен безіп, өз дәстүрін аяқ асты ететін, ғұрпын қадірлемейтін, өзгенің

құндылықтарын жақтаған елдің болашағы не болмақ? Ол елден жарқын келешекті көре аламыз ба? Міне, осының бәрі үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Бойында патриоттық қасиеті бар әрбір адамзат өзінің елінің ұлттық құндылықтарын қабылдай алады. Сонымен қатар, Ислам дінін қабылдап, таныс болған уақыттан бері қазақ халқының салт-санасы, әдет-ғұрпы, тілі, ділі, діні – бәрі дерлік мұсылмандықпен біте қайнасып, ұлттық болмыстың ажырамас бөлгіне айналды.

Адамзат баласы өзі өмір сүріп отырған кезеңінде өз дәстүрін дұрыс қабылдап, өз дінін қадірлеген жағдайда ғана дамуының шыңырау шыңына шыға алады. Елінің салт-дәстүрімен сусындап, тарихын білген, оны тереңінен ұғына алатын адам ғана дін мен дәстүр түсінігін қалыптастыра алады, сондай адамнан ғана біз дәстүрлі діни танымға сусынданған адамзат бейнесін көре аламыз. Дін мен дәстүрдің қоғамдағы алатын орны жоғары, ұлттық құндылықтар дұрыс қалыптасу үшін де атқарар маңызы өте зор. Дін – адами тұрғыдағы құндылықтарымыз бен қасиеттерімізді асқақтатса, салт-дәстүр – өз орнымызды тауып, ұлт болып қалыптасуымыз үшін қажет. Дін бар жерде дәстүр, дәстүр бар жерде дін де бар деп айтуға болады. Қазақ халқының салт-дәстүрін, оның тарихын толық зерттеу осы саланың білікті де білгір мамандарына жүктелсе, ал қазақ жастарына қойылатын міндет сан ғасырлардан бері өз құндылығын жоймай сақталып келе жатқан дәстүрдің, қазақ халқының салт-санасының негізгі түп қазығы осы мұсылманшылықта жатқандығын білу болып табылады. Ендігі жағдайда осы дәстүрлі діни танымды, ұлттық құндылықтарымызды болашақ ұрпағымызға аманат етіп тапсыру әрқайсысымыздың міндетіміз. Әрине, ұрпаққа аманат етпес бұрын, оны өзіміз толығымен сипаттай алуымыз керек: дініміз бен дәстүрімізді жоғары көтеріп отыруымыз қажет. Оны көрген болашақ ұрпағымыз біздің жолымызбен жүрері анық. Құрметті Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бір сөзінде былай деген еді: Біз қазақ елі болашақ ұрпақ тәрбиесіне қатты көңіл бөлуіміз керек. Тәрбиелеу жұмысының барысында жастайынан бойларына әдептілік, имандылық, бастысы адами құндылықтарды сіңіре өсіруіміз керек. Сонда ғана Отанын сүйетін, жанашыр адамзат бейнесін көре алатынымызды баса айтқан болатын. [4, б. 8] Елімізде діни жағдайларға байланысты проблемалар тумайды емес, туады. Мұның бәрі өз кезегінде отбасы тарапынан берілген дұрыс тәрбиенің арқасында дұрысталып отыруы керек. Шешімін табатынына сеніп, оны тек қана отбасы құзырындағы мәселе деп қарастырып, қол қусырып отырған ешкім жоқ. Оны түзейтін мекемелер жұмыс жасайды, сонымен қатар бала тәрбиесінде ерекше сипатқа ие болатын мектепте ұйымдастырылған жағдайлар да оң нәтижесін берері сөзсіз. Міне, сол үшін де әрекетімізді қылып, бала тәрбиесін қолға алып, ұрпаққа тәлім түсінігін насихаттап отырғандықтан, дінімізді жоғары қойып, сан ғасырлардан бері құндылығын жоймаған салт – дәстүр, әдет-ғұрыпымызды қастерлей алуымыз керек. Баба дәстүр бастауларына оралып отыру – ұлттық даралық кепілі [9, б. 38].

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Аханов Б. Дін және еркін ойшылдық: көмекші оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.
2. Муханбеткалиев Е.Е. Дін философиясы: философия мамандығының магистранттарына арналған дәрістер жинағы. – Ақтөбе, 2016.
3. Смағұлова А. Қазақтың әдет-ғұрып заңдары: оқу құралы. – Ақтөбе, 2004.
4. Дін мен дәстүр. 2 т. – Астана, 2017.
5. Қаратышққанова Қ.Р. Дін философиясы: оқу құралы. – Түркістан: Тұран, 2010.
6. Шахманов Б.С. Жақсы сөз, ұлттық дәстүр жан азығы. – Астана, 2014.
7. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: Қайнар, 2005
8. Шайхиев Т.Т. Діни төзімділік мемлекет тұрақтылығының негізі // М. Өтемісов атындағы БҚМУ Хабаршы. №3 (43). 2011.
9. Затов Қ.А. Баба дәстүр бастаулары // Саясат №9. 2005.

## ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІНДЕ РАДИКАЛДАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ МОНИТОРИНГ РӨЛІ

**Жақсылық Е.**

*«Дінтану» мамандығының 4-курс студенті*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекші: Тунгатова Ұ.*

*аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Әлем тұрғындарының көпшілігі интернет желісінің кең мүмкіндіктерін пайдаланбай өмірді елестете алмайды. Бүкіләлемдік ғаламтор – бұл ең үлкен ақпарат көзі. Ғаламторды пайдаланушылар саны күннен-күнге артып келеді.

Қазіргі таңдағы ең өзекті проблемалардың бірі бұл – деструктивті ағым идеологиясының ғаламтор, әлеуметтік желілер арқылы қарқынды таралуы. Экстремистер жаппай тәртіпсіздіктер мен террористік актілердің орнына «электронды жиһад» келгендігін жасырмай мәлімдейді. Ғаламтор желісі радикалды ұйымдарға кең аудиторияларға қол жетімділік пен идеяларын насихаттауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілер арқылы насихат жүргізген өте оңай әрі оңтайлы. Соңғы уақыттарда ғаламторда орналастырылатын террористік ұйымдардың материалдарының көркемдік және техникалық сапасының артқаны байқалуда. Әлеуметтік желілерді пайдалану халықаралық террористік ұйымдарға өз аудиториясын айтарлықтай кеңейтуге жақсы мүмкіндік береді. Осы әдіс арқылы жастардың психологиясына әсер ету жолдарын жақсы біледі.

Сауалнама нәтижелері бойынша жасөспірімдердің 60-70 %-ы дін туралы ақпаратты ғаламтордан алады екен. Оның ішінде деструктивті идеялар да болуы әбден мүмкін. Санасы радикалданған кез келген азамат дәстүрлі ұлттық рухани құндылықтарды, қалыптасқан жергілікті діни тәжірибені жоққа шығарып, мойындамайтынын білікті сарапшылар тарапынан сан мәрте айтылуда. Олар қоғамдағы қалыпты өмірден баз кешіп, деструктивті идеологияның қолшоқпарына айналууда. Олардың әрекеттері дәстүрлі дінді ұстанушы көпшілікке де кері әсерін тигізуде. Осыған орай, азаматтардың радикалдануына жетелейтін факторларды анықтап, олардың алдын алу бағытындағы жұмыстарды үнемі жүргізу қажеттілігі күн тәртібінен түскен емес. Осы әрекеттерге тосқауыл қою үшін ғаламтордағы кез-келген діни материалдарға мониторинг жасалуы қажет.

Британ үкіметінің анықтамасы бойынша, радикалдану – бұл «адамның Терроризмді және терроризмге әкелетін экстремизм нысандарын қолдауға келетін процесі» (UK HomeOffice, 2011). Интернеттегі радикалдануға келетін болсақ, АҚШ Әділет министрлігі бұл құбылысқа келесі анықтама береді: «Интернеттегі зорлық-зомбылықты радикализациялау – бұл адамның экстремистік көзқарастармен, негізінен онлайн медианы, соның ішінде Facebook, Twitter және YouTube сияқты әлеуметтік медианы қолдану арқылы дәстүрлі сенім жүйесінен өзгеше идеологиялық уәделер мен сенімдер жүйесіне қатысу процесі. Егер Еуропа мен АҚШ жағдайында бұл ұғымға саяси экстремизм, ксенофобия және этносаралық/нәсіларалық қақтығыстар сияқты әлеуметтік құбылыстар сай келетін болса, онда Қазақстанның ерекшелігі ресми дискурста, БАҚ-та және тіпті сараптамалық ортада радикалдану, экстремизм сияқты ұғымдардың діни астары бар және исламның радикалды нысандарымен байланысы болып табылады.

Қазақстандағы діни уәжді экстремизм-бұл ХХІ ғасырдың басында пайда болған салыстырмалы түрдегі жаңа құбылыс. Осы уақытқа дейін ҚР аумағында террористік іс-қимыл жасады деген айыптар негізінен шетелдіктерге қарсы тағылды. 2003 жылдан кейін зерттеушілер «homegrownterrorism» деп аталатын – Қазақстан ішінде біздің еліміздің азаматтары қатарынан экстремистер мен террористердің пайда болуын бақылайды (Шибуттов & Абрамов, 2012). Үшінші кезең (2011 жылдан бастап) қазақстандық ішкі экстремистік жасушалардың радикалдануы орын алған кезде де ерекшеленеді.

Тәуекел тобында кім бар? Қазақстандағы әлеуметтік желілер мен басқа да интернет-ресурстардың негізгі аудиториясын құрайтын жастар интернет-ресурстар арқылы радикалданудың барынша қаупіне ұшырайды (Черных, 2014). Сарапшылардың пікірінше, жеке басының дағдарысы мен жастардың әлеуметтік-экономикалық проблемаларына байланысты жалдаушылар тарапынан идеологиялық өңдеуге қарсы тұру қиын (Шибуттов & Абрамов, 2012). Түрлі деректер бойынша, қазір Сирия мен Ирактағы қақтығыс аймағында 300-ден 1000-ға дейін ҚР азаматтары, оның ішінде әйелдер мен балалар бар. Жарияланған бейнелерге сүйенсек, олардың көпшілігін 29 жасқа дейінгі жастар ұсынады. Бұл деректерді ҚР Бас прокуратурасы да растайды: 2012 жылы Қазақстандағы терроризм үшін сотталғандардың 60%-ға жуығы осы жасқа жетпеген. 2014 жылы «террористің әлеуметтік портретін» жасаған қауіпсіздік бағдарламаларының орталығы оны келесі сипаттамалармен толықтырады: орта білімі бар жұмыссыз жас. Арнайы діни білімсіз. Үйленген, бірнеше баласы бар.

Террористік іс-әрекеттер үшін емес, терроризм мен діни экстремизмді насихаттағаны үшін басқа «ұқсас» баптармен салыстырғанда сотталғандар санының өсуі алаңдаушылық туғызады. ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес, «бұқаралық ақпарат құралдарын немесе ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалану» қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілік жалдамалыларды жалдау, билікті басып алуға шақыру, алауыздықты қоздыру офлайн болған жағдайларға қарағанда қатаң. Бұл ҚК-нің терроризм мен экстремизмді насихаттау, зорлық-зомбылық әрекеттерге және азғыруға шақыру туралы баптарына қатысты. Онлайн-радикалдануға қарсы күрес стратегиясын құру төңірегіндегі пікірталас бүгінде мемлекеттер деңгейінде де, олардың әкімшілік бірліктерінде де, жаһандық ауқымда да жүріп жатыр. ЮНЕСКО мен ЮНАО (БҰҰ Өркениеттер Альянсы) қамқорлығымен басталған ауқымды конференциялар мен семинарлар 2016 жылдың соңына дейін өтеді. Экстремизмге қарсы стратегияны әзірлеу Ұлыбританияда жарияланды. АҚШ-тың Халықаралық істер жөніндегі кеңесі күн тәртібінде балама әңгімелерді іздеу мәселесіне үлкен мән береді. Еуропа мемлекеттерінде этносаралық жағдайдың ерекшелігіне және мигранттардың интеграциясына байланысты шиеленіске байланысты мультимедиадәниеттілік пен жалпы толеранттылық осындай әңгімелерге айналды.

Екінші жағынан, Қытайда 2015 жылғы желтоқсанда қабылданған терроризм мен экстремизмге қарсы күрес туралы Заң провайдерлер деңгейінде деструктивті мазмұндағы материалдарды бақылауды және бұғаттауды (бұл норманы орындамағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады), Интернетке тек ID арқылы қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Ресей Федерациясында 2016 жылдың шілдесінде федералды заңнамаға «көктемгі пакет» деген өзгертулер мен толықтырулар қабылданды және антитеррористік мақсаттарда алты ай бойы деректер мен пайдаланушылардың хат-хабарларын сақтауды, арнайы қызметтердің қоңыраулар мен SMS жазбаларына қол жетімділігін қамтамасыз етті.

Бұл ретте қазіргі экстремистік ұйымдар өз идеяларын интернет арқылы ілгерілетуде озық коммуникациялық және PR-технологияларды пайдаланатыны – оларға тыйым салу әдістерімен күресу қиын екені ескерілмейді. Мысалы, зерттеушілер ISIS әлеуметтік медиа аудиториямен өте сауатты жұмыс істейтінін және SMM құралдарын шебер қолданатынын айтады (Вайсс & Хасан, 2016). Осыған байланысты қазақстандық билік органдарының азаматтарды онлайн-радикалдануға қарсы іс-қимылда пайдаланатын тетіктері мен құралдарын жетілдіру маңызды міндет болып табылады.

Сонымен қатар, көптеген Еуропа елдерінде радикалды ұйымдарға жалдау қызметінің негізгі бөлігі әлеуметтік желілерде және интернетте жүреді. Бұған бірнеше себептер бар: кең аудитория, арнайы қызметтердің бақылау деңгейі салыстырмалы түрде төмен және құқық бұзушылар туралы ақпарат алудың құқықтық рәсімдерінің күрделілігі (Казанцев, 2016). Батыс елдеріндегі интернет-кеңістіктегі тыйым салу саясаты бүгінгі күні сын-қатерлерге жауап бермейді деп саналады: биліктің әрекеттері экстремистерді жер астына апарды, кеңейтілген байланыс желілерін бақылау, радикалды экстремистік сипаттағы мазмұнға қызығушылық танытатын азаматтарға мониторинг жүргізу қиынға соғады.

Қазақстанда терроризмге және діни экстремизмге қарсы іс-қимылдың терең құқықтық негіздері бар. 1998 жылы «Ұлттық қауіпсіздік туралы» ҚР Заңының және 1999 жылы «терроризмге қарсы күрес туралы» ҚР Заңының қабылдануымен осы саладағы зорлық – зомбылық әрекеттерінің алдын алу келесі түрде жалғасын тапты: (2005) «экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы, (2009) «заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы, (2011) «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы.

Интернеттегі экстремистік идеяларды таратушылар Қылмыстық және әкімшілік қудалауға ұшырайды-тіпті әлеуметтік желідегі кез-келген жазбаны қайта жариялау құқық қорғау органдарын қызықтыруы мүмкін. Осы қызметтің нәтижесінде (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген) бір жағынан ұлттық қауіпсіздіктің, терроризм мен экстремизмге қарсы күрестің, екінші жағынан азаматтың сөз бостандығы мен ар-ождан бостандығына конституциялық құқықтарының арақатынасының дилеммасы туындайды.

Радикалдануға Ақпараттық қарсы іс-қимыл-қолданыстағы саясат шеңберіндегі салыстырмалы түрде жаңа бағыт, оны әзірлеу және заңнамалық ресімдеу 2012-2013 жылдарға келеді.

Сонымен қатар, Заңда мемлекеттік құрылымдардың экстремизмге қарсы ақпараттық қызметіне БАҚ, заңды тұлғалар, азаматтық қоғам және дін қайраткерлері тартылуы керек деп жазылған.

Осы кезеңде (2013-2014 жж.) Заңның жаңа редакциясын іске асыру бойынша жеткілікті түрде белсенді науқан басталады – негіз қалаушы құжат Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Ғаламтор пайдаланушыларын деструктивті идеялардың, терроризм мен экстремизмнің насихаттауларынан оқшаулау үшін ақпараттық кеңістікке мониторинг жұмыстары жүргізіледі. Бағдарлама аясында ғаламторда және әлеуметтік желілерде заңға қайшы деструктивті идеяларды насихаттайтын 620 мыңнан астам діни материалдар бұғатталды. Сонымен қатар, террористік белсенділік (Сирия, Ирак)

аймақтарына 440 қазақстандық рекруттың баруына жол берілмеді. Бағдарлама аясында жасалынған шараларға қарамастан еліміздің азаматтарының шетелде террористік әрекеттерге қатысу проблемасы өзекті болып қалуда.

Мұнда жарияланған басты мақсат – «радикалды идеологияға төзімділік пен иммунитетті дамыту». Бағдарлама аяқталғаннан кейін үш міндетті шешу көзделеді, олардың біріншісі және негізгісі – толерантты діни сананы қалыптастыру арқылы радикалданудың алдын алу, ал тағы екеуі күш ведомстволарының мамандарын даярлауға және террористік актілер мен экстремистік әрекеттерді және олардың салдарын жоюға бағытталған.

ҚР-да мемлекеттік органдар жүргізетін ақпараттық-насихаттау жұмысының негізінде (оның ішінде интернетте де) радикализмге қарсы іс-қимыл қалыптастыруға арналған мынадай «идеологиялық белгілер» жатыр:

\* Зайырлы қоғам және жоғары руханият – біздің басты құндылықтарымыз. Рухани және діни құндылықтар елдің өркендеуіне, барлық саланың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етуі тиіс.

\* Бірлік пен келісім – Қазақстанның дамуының негізі.

\* Патриотизм, ұлттық дәстүрлер мен мәдениет-ұлттың рухани іргетасы.

\* Радикализм мен экстремизмге қарсы күрес-бүкіл қоғамның міндеті .

Жүргізіліп жатқан жұмыстың мақсатты аудиториясы жастар, сенушілер, мемлекеттік қызметкерлер және «халықтың ауқымды топтары, оның ішінде жұмыс істейтін және ауыл халқы» – яғни, шын мәнінде, бүкіл Қазақстан халқы болып табылады. Науқанның түпкі мақсаты-құқықтық мәдениетті арттыру, толеранттылық пен қоғамдық бірлікті қалыптастыру; конфессияаралық және этносаралық қақтығыстардың алдын алу, жалған діни ағымдардың, экстремистік идеологияның таралуы; сондай-ақ деструктивті ағымдардан зардап шеккендерді оңалту және радикалды діни идеологияларды ұстанушылармен жұмыс жасау.

Билік орын алған проблеманы түсінгені анық: 2016 жылғы 14 қыркүйекте Дін Істері Комитеті негізінде аса ықпалды және ауқымды Ақпарат және қоғамдық даму министрлігін құру туралы шешім қабылданды. Бұл жаңа мемлекеттік орган басшылығының көзқарастары мен стратегиялық көзқарастары сол кезде әлі де айқын емес болғанымен, өзгерістердің болатыны айқын еді. 2017 жылғы 31 қаңтарда жарияланған Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында бұл айқын байқалады:

\* деструктивті күштерді қаржыландыру және шетелдік террористік ұйымдармен күрес;

\* діни экстремизмді насихаттаудың алдын алу бойынша, оның ішінде интернетте және әлеуметтік желілерде жұмыстар жүргізу;

\* қоғамда, әсіресе діни қатынастар саласында радикалды көріністерге байланысты кез келген әрекетке мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру;

\* сотталғандармен теологиялық оңалту қызметтерінің мақсатты жұмысын жүргізу;

\* өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тәрбиелеу бойынша қосымша қадамдар қабылдау;

\* үкіметтік емес сектор мен діни бірлестіктердің осы қызметіне қосылу.

2016 жылдың аяғында-2017 жылдың басында ел заңнамасына енгізілген теріс шаралар топтамасынан кейін қазір радикалдануға қарсы іс-қимылға қосылатын құралдарды позитивтілерге жатқызуға болады. Алайда, бұл шаралардың ұлттық қауіпсіздікке қатысты барлық нәрседе жеткілікті түрде қатаң және ресмилендірілген тәсілді көздейтін қолданыстағы саясатқа қалай енгізілетіні белгісіз.

Қорытындылай келе, қоғамымызды әлеуметтік желілердегі күмәнді әрі қоғамға зардап шектіретін ағымдардан қорғану үшін мониторинг жұмысын қарқынды атқару пайдалы болатыны анық. . Ұлт трагедиясы түйсік пен сананың ажырап қалуынан туындайды. Дін мен дәстүрдің арасын айырып, бір-біріне қарсы қоюға бағытталған әрекеттер ұлт болмысын екіге жарудың амалы ретінде қауіпті. Болмысы екіге жарылған ұлтта болашақ жоқ. Сол себепті де, отандастарымыздың елінен жырақтап, жұртынан адасып қалмас үшін, біз жастар аянбай еңбек ететінімізге кәміл сенемін!

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Черных, И. Интернет-коммуникации в Казахстане: степень мобилизационного потенциала (по результатам социологического исследования). Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2014. 172 б
2. Казанцев, А. Проблема вербовки и возврата боевиков-террористов: опыт Европы и перспективы России. (Т. 27). Спец-книга.2016, 40 б
3. Вайс, М., & Хасан, Х. Исламское государство: армия террора. Москва: Альпина нон-фикшн. 2016, 346 б
4. Шибуртов, М., & Абрамов, В. Терроризм в Казахстане – 2011-2012 годы. Алматы. 2012, 49 б
5. UK Home Office. (2011). Prevent Strategy. Получено из <http://www.homeoffice.gov.uk/publications/counter-terrorism/prevent/prevent-strategy/>
6. Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І Заңы 16.11.2015 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

## ИСЛАМДАҒЫ АНАНЫҢ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

*Жанғали А.*

*«Дінтану» мамандығының 4-курс студенті*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекші: Қаңтарбаева Ж.У.*

*PhD, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Ғасырлар бойы ислам дінінің әйелдерге деген қарым-қатынасы жайлы сұрақ туындауда. Ерлер мен әйелдердің құқықтары мен міндеттеріндегі бір Жаратушының алдындағы теңдігі туралы мәселе үнемі қайталауды және нақтылауды қажет етті. Құран Кәрімде: «Уа, адамдар! Бәрінді бір жаннан (бір кісіден) жаратқан һәм одан жұбын жаратып, ол екеуінен көптеген ерлер мен әйелдерді өрбітіп, жер бетіне таратқан Раббыларыңа қарсы келуден сақтаныңдар!», – делінген (Құран, 4:1) [1, 64-бет]. Және Құранда: «Сондай-ақ Оның (құдыретінің шексіздігін көрсететін) айқын дәлелдерінің бірі – оларға бауыр басып, жаңдарын жай тапсын деп, сендер үшін өз болмыстарыныңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік һәм мейірім сезімін ұялатқандығы. Міне, осының өзінде ақылға салып ойлайтын қауым үшін ап-айқын дәлелдер мен талай ғибрат бар.» – деген аяттар да бар. (Құран, 30:21) [1, 345-бет]. Осылайша, Құран – әйелдің өз құқықтары мен міндеттері бойынша Құдай алдындағы ер адаммен толық тең екендігінің нақты дәлелі. Адамнан кейін және оның денесінен (Адамның қабырғасынан) әйелді жарату, оның жаратылысының әрекеті ретінде екеуінің де құнын өзгертпейтіні немесе бірінші кезекте ер мен әйелдің Оның алдындағы жауапкершілігі өзгермейтіні анық.

Хадистердің біріне жүгінсек (хадис дегеніміз «араб» – Мұхаммед пайғамбар мен оның сахабаларының іс-әрекеттері мен айтқандары туралы әңгіме): «Егер адам Аллаға және ақырет күніне сенетін болса жақсы сөз сөйлесін немесе үндемесін, және әйелдерді өздеріңіз үшін аманат деп санап, олармен жақсы мәміледе болыңыздар!», – делінген. Бұдан ислам дінінде әйел кісіге деген құрметтің өте жоғары екендігін көруімізге болады. Әйел адам қабырғадан жаратылған, ал қабырға жоғарғы жағынан қисық болып келеді. Егер сіз оны түзеткіңіз келсе, сындырып аласыз, егер оны қалдырсаңыз, ол қисық болып қалады. Әйелдермен жақсы қарым-қатынас жасаңыз» [2, 17 бет]. «Әйеліне көмектесу-бұл қайырымдылық», «Әйел – ер адамның екінші жартысы», «Сіздердің ең жақсыларыңыз – отбасына (әйеліне) үлгі болатын адам, мен өз отбасыма (әйеліме) болғандай» [2, 13-19 бет]. Пайғамбарымыздың бұл сөздері әйелдерге деген үлкен ықылас пен қамқорлықтың белгісі екені сөзсіз. Бұл хадистер әйелдерге қатысты ер адамдарға арнайы айтылған нұсқаулар мен ілімдер.

Осылайша, Ислам әйелмен жақсы қарым-қатынаста болуды бұйырады және ешқандай дінде әйелдің орны исламдағыдай жоғары бола алмайды. Бірде-бір адамзат қоғамы жоғары мемлекетке жақындай отырып, үйлесімді дами алмайды, егер онда әйелдердің рөлі төмендетіліп, бірін-бірі толықтыратын екі принциптің – еркек пен әйелдің арақатынасы тепе-тең болмаса.

Ислам Заңына сәйкес, діндегі даусыз және өзгермейтін аксиома, әйел – ер адам сияқты жаны бар тірі адам. Әрбір адам, еркек немесе әйел болсын, жасаған іс-әрекеттері үшін бірдей жауап береді. Құранға сәйкес, Хауа ана Адамның (а.с.) алғашқы қателігіне кінәлі емес. Олар бірге Құдайға мойынсұнбағаны үшін кінәлі, екеуі де өкініп, екеуі де кешірілді. Алайда, қасиетті Құран адамға үлкен жауапкершілік жүктейді. Күнделікті дұға ету, ораза ұстау, кедейлердің пайдасына міндетті қайырымдылық және қажылық сияқты діни құлшылықтарды орындау кезінде әйелдің міндеттері ер адамның міндеттерінен өзгеше емес. Ал кейбір жағдайларда әйел ер адамдарға қарағанда артықшылықтарға ие. Мысалы, әйел күнделікті дұғалардан, етеккір кезінде және бала туылғаннан кейін қырық күн ораза ұстаудан босатылады. Сондай-ақ, ол жүктілік кезінде, баланы емізу үшін және баланың денсаулығына қауіп төндіріп алмау үшін ораза ұстаудан босатылады. Егер өткізіп алған ораза міндетті болса (мысалы, Рамазан айында), онда әйел өткізіп алған күндерді кез келген уақытта өтеуіне рұқсат бар.

Ислам дінінде әйел адамдарға мешітке бару рұқсат етілген, тіпті Пайғамбарымыздың кезінде де әйелдер мешітке барған. Бірақ мешітке бару, яғни жұма күні (жұма намазға) олар үшін міндетті емес, ал ер адамдар үшін міндетті болып саналады. Ислам әйелдің табиғи функцияларымен байланысты физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді ескереді, оған жүктелген міндеттерді жеңілдетеді [3, 8 бет].

Жаңа буржуазияны бейнелейтін Наполеон Бонапарттың әйгілі кодексін еске түсірейік, «бос-тандық, теңдік, кәсіпкерлік» дәуірі әйелдердің құқықтарын мүлдем ескермеді. Ал Шығыс елдерінің колонияларына ағартушылық пен өркениет әкелгенін мақтан тұтқан Ұлыбритания «Әйелдеріне азаматтық құқықтар беру туралы шешімді» XIX ғасырдың 80-ші жылдарында ғана қабылдады, оның өзінде толық көлемде тек 1928 жылы ғана берді. Ер адамдар сияқты әйелдердің де қоғамдағы рөлі

үлкен және зор. Оны осы дүние құрылымының тұжырымдамасынан-ақ байқауға болады. Алла Тағаланың жоспары бойынша, Ол жаратқан барлық жаратылыстар жұпта өмір сүреді, және тек Құдай ғана жалғыз, Оған тең келер ешкім жоқ. Халқымыздың “Жалғыздық тек Құдайға жарасады деген” сөзі бекер емес. Бұл тұрғыда әйелге адамзат ұрпағын сақтау мен жалғастырудағы басты рөл жүктелген. Алайда, балалардың дүниеге келуі ұрпақтың сапалы болатынына кепілдік бермейді. Сондықтан балаларды тәрбиелеу, әсіресе өмірдің алғашқы жылдарында, ананың маңызды міндеті болып табылады. Бұл процесс, әрине, белгілі бір дайындықты және өмірдің әртүрлі салаларында білімді қажет етеді.

Ислам өмір шындығын идеалды түрде бейнелейтін жүйе ретінде, әйелге оның табиғатына сәйкес белгілі бір рөл жүктейді, атап айтқанда, отбасылық өмірдің негізін қалаушы – Ана. Тек ана ғана қоғамды тірілтетін, оны бұзатын адам бола алады. Кез келген қоғамның құтқарылуы мен әл-ауқаты адамдардың қандай сезімдерді тәрбиелегендігіне байланысты. Нағыз ана, қоғамның негізін қалаушысы. Қайсыбір әйелдің бақытты билігі, әрине, оның ана аталуынан басталады. Алла елшісі: «Жұмақ аналарыңның аяғының астында!...» – деген, бұл оның аналарға деген құрметін көрсетеді [2, 28 бет].

Алла елшісі және оның талғампаз, дана және Құдайдан қорқатын ізбасарлары ата-аналарға, ең алдымен, аналарға деген құрмет туралы көптеген жарқын мысалдар қалдырды. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сәби кезінде Халима Садия деген сүт анасы болғандығын білеміз және сол кісіге өте жоғары құрметпен қараған, тіпті шапанын жайып, оны отыруға шақыратын. Сол секілді, басқа да сүт аналар кіргенде немесе шыққан кезде орнынан тұрып, құрмет көрсеткен [4, 7 бет].

Исламдағы әйел болашақ өмірдің мәңгілігіне асығатын сүйіспеншілікті, қуаныш пен бақытты бейнелейді. Тек аналарға адамзат ұрпағын жалғастыру үшін негізгі міндеттер жүктелгендіктен, олар жаңа өмірдің тууының негізі және қайнар көзі ретінде қарастырылады. Бала құрсақта қалыптасқандықтан, оның рухани қалыптасуы оның басшылығымен жүреді.

Аналарымызға құрметті орын беретін дініміз оған жылына бір күн емес, жылдың әр күнін арнайды. Мұсылман әйелдер өз құндылықтары жайлы білуі керек және осы назарды өздерінің ізгілігімен атқаруға тырысуы керек. Әйел адам бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады, сол себепті олар жақсы қарым-қатынас пен ерекше орынға ие болуы керек. Ислам отбасында әйел, ең алдымен, жұбайының адал әйелі және отбасының қамқоршысы. Ерлі-зайыптылық – бұл екі жастың міндеттері мен құқықтарының нақты сипаттамаларын қамтитын адами қатынастардың ерекше саласы, мұнда күйеуі – отбасының басшысы, ал әйелі – көмекші және кеңесші.

Ал енді исламдағы неке мәселесіне тоқталып кетсем, неке – бұл тарихқа белгілі барлық дәстүрлерде болған ежелгі әлеуметтік институттардың бірі. Мұсылмандар үшін неке – бұл ең алдымен қарапайым ерлер мен әйелдерге белгілі бір құқықтар мен міндеттер жүктейтін әлеуметтік келісім [6, 200 бет].

Неке – бұл қоғам тұрғысынан алғанда, адамзат ұрпағын сақтауға бағытталған әлеуметтік парыз, ал жеке тұлға үшін – әйел мен ер адам арасындағы жанашырлықты білдіру құралы [7, 198-бет].

Құран Кәрімде әйел мен ер адамның арасындағы табиғи қарым-қатынастың керемет және жіңішке сипаттамасы келтірілген: «... Олар сендер үшін (сендерді бүркейтін, күнәдан тыятын, жан мен тән рахатына бөлейтін һәм көрікті қылатын ) киім (іспетті), сендер де олар үшін дәл сондай киім (секілдісіңдер)...» (Құран, 2:187) [1, 24 Б].

Құран ерлі-зайыптыларға ерлер мен әйелдердің бір-біріне мұқтаж екенін, олардың тіршілік ету барысында бірін-бірі толықтыратынын ескертеді. Еркекке: әйел – сенің етіңнің еті, онсыз өмір сүре алмайсың деп айтады. Әйелге: сен адамнан шықтың, ол сенің бастауың, ал сен бассыз өмір сүре алмайсың, – дейді.

Қасиетті кітапта отбасылық қалыпты қатынастар ерлі-зайыптылар арасындағы келісімді қамтитындығына да баса назар аударылған. Олар екі жарты болғанына қарамастан, шын мәнінде олар бәрінде бір: эмоцияларда, сезімдерде және физикалық жақындықта. Ислам заңы бойынша, үйленген әйел күйеуінің үйінде қызметші болмайды. Алайда, өзін-өзі ұстай білетін мұсылман әйел өзінің отбасы мүшелерінің қажеттіліктері мен қолайлылығына көңіл бөліп, үй жұмысын сүйіспеншілікпен, ықыласпен жасауы керек.

Шынайы ислам әділеттілікті ұстануға және әйелге құрмет көрсетуге шақырады, бұл жұбайына әйелімен жақсы қарым-қатынаста болу керек, тіпті оған бір нәрсе жағымсыз болса да. Құранда: «... Жұбайларыңмен жақсы қарым-қатынаста болыңдар. Егер оларды ұнатпай қалсаңдар, (сабырлық танытыңдар), қайдан білесіңдер, бәлкім, Алла сендер ұнатпаған нәрсенің артын қайырлы қылып, көптеген жақсылыққа ұластыруды қалайтын шығар» (Құран, 4:19) [1, 67 Б]. Шынында да, бұл асыл аят шынайы мұсылманның жан дүниесінің тереңдігін қозғайды, оның ашуын басады және әйеліне наразылығын басады. Сондықтан ислам діні неке қатынастарын бұзылудан қорғайды, бұл қасиетті байланыстарды сезімдер мен бейімділіктердің тұрақсыздығынан туындаған қандай да бір қиырлықтың



әсерінен қорғайды. Және Құран Кәрімнің тағы бір аятында: «...Ал ізгі әйелдер – Аллаға толық мойынұсынатын және ерлерінің алдындағы міндеттерін қалтықсыз орындайтын, сондай-ақ Алла олардың құқығын қалай қорғаған болса, олар да дәл солай ерлері қастарында болмаған кезде ерлерінің құқығын аяқ асты етпей (ар– ұяттарын, отбасылық сырларды, отбасына тән абырой мен ерлері тапқан мал-дүниені) лайықты түрде сақтай білетін жандар» (Құран, 4: 34) [1, 69 б]. Күйеуі мен әйелі жеке өмірінде болып жатқанның бәрін жасырын ұстауы керек. Олардың жеке өмірі, отбасылық құпиялары ерлер мен әйелдердің кездесулерінде, достарымен және достарымен сөйлесулерде талқыланбауы керек. Бірге өмір сүрудің еріксіз қиындықтарын мұсылмандар махаббат пен әділеттілік қағидаттарына сүйене отырып жеңуі керек, ол үшін күйеуі мен әйелі мезгіл-мезгіл бір-біріне беріліп, отбасылық бірліктің нәзік өскіндерін сақтап, келіспеушілікті ақылды түрде шеше алуы керек, өзара наразылықтың алауын уақтылы сөндіріп, қарым-қатынасты мұндай күйге келтірмеуі керек. Олар бір-бірін терең құрметтеп, жартысына өте мұқият қарау керек.

Отбасындағы әйелдің бірінші міндеті, жоғарыда айтылғандай, балаларды тәрбиелеу және оқыту. Балаларға жақсы әдеттерді жас кезінде сіңіру қаншалықты маңызды екені белгілі. Біздің ата-бабаларымыз мұны «Ағаш жас кезінде иіледі» деген сөзбен әдемі жеткізген. Балаларды тәрбиелеуге арналған әйелдің өзі тақуалық және білімді болуы маңызды. Сонымен қатар, әдемі мінезі бар білімді тақуа әйелдерді күйеулері одан да қатты жақсы көреді. Шынында да, Исламның гүлдену кезеңінде Алланың Елшісі әйелдерге жазуды және оқуды, сондай-ақ күнделікті өмірде өздеріне қажет нәрсені білуді, үйренуге кеңес берді: «Бесіктен қабірге дейін білім алып, білім ізде! Қытайға дейін бару керек болса, барып ізденіңіз! Білімді іздеу – әрбір мұсылман ерлері мен әйелдерінің міндеті»[4, 51 Б].

Пайғамбарымыздың өмірінде Айша анамыз білімге деген құштарлығымен ерекшеленетін әйелдердің бірі болған. Ол мүмкіндігінше көп нәрсені білуге тырысты және жаңа бірдеңе естігенде, ол дұрыс үйреніп алғанға дейін бірнеше рет сұрады. Исламдағы ең білімді адам Айша болды кейінірек көптеген білімді адамдар ислам заңына байланысты көптеген мәселелер бойынша оның пікірін сұрайтын болған. Айшаның Пайғамбардан 2210-нан астам хадис бергені оның білімінің қаншалықты кең екенін көрсетеді. Егер біз мұсылман халықтарының тарихына үңілсек, мұсылман әйелдің қоғамдық өмірде маңызды рөл атқарғанын байқаймыз. Исламтанушы Г.Ф.Нуруллина дұрыс атап өткендей, Пайғамбардың әйгілі әйелдері – Хадиша мен Айша жаңа діни қағидаларды жариялау жолындағы алғашқы, белгісіз қадамдар кезінде исламға баға жетпес қызмет көрсетті. Ал Фатима Пайғамбардың қызы әлі күнге дейін қарапайымдылық, білім және мұсылмандық ізгіліктің үлгісі болып табылады [3, 16 Б].

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен мұсылман әйел өз елінің қоғамдық-саяси өмірінің ең белсендісі болып қана қоймай, қиын жағдайларда әрқашан ер адамның тірегі, үй шаруашылығындағы таптырмас көмекші және дана кеңесші болған. Исламдағы әйел – ғасырлар бойы қоғамдық санада тек мызғымастықтың және отбасылық негіздердің сақталуының нышаны болған. Әйел адамның исламдағы орны қай заманда болмасын жоғары құрметке ие болып қала бермек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Коран / Пер. Ю. И. Крачковского. Ростов н/Д.: Феникс, 2009. 537 б.
2. Наджметдин М. О достоинствах женщины... Казань: Академия познания, 2006. 32 б.
3. Нуруллина Г. Ф. Женщина в исламе. М.: Умма, 2003. 384 б.
4. Осман Эрсан. Женщина в исламе. Ее права и достоинства. М.: САД, 2007. 176 б.
5. Пушкин А. С. Сборник стихотворений. Т. 1. М.: Художественная литература, 1985. 734 б.
6. Рахматуллина З. Я. Башкирская традиция (социально-философский анализ). Уфа: изд-во Башкирск. ун-та, 2000. 304 б.
7. Шариат: теория и практика / Под ред. А. Б. Юнусовой. Уфа: ТАУ, 2000. Б. 197–201.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТТА АЛАТЫН ОРНЫ

*Зәуірбек Д.*

*«Тарих» мамандығының 2-курс студенті*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

*Ғылыми жетекші: Мырзахмет Ғ.К.*

*аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

Бүгінде әлемдік саясат сахнасында жаңа тәуелсіз мемлекеттер шықты, олардың халықаралық қоғамдастықтың толық құқықты мүшелері ретінде қаз тұру процесі, олардың арасындағы мемлекетаралық қатынастар осы заманғы тарихи саятнамалық халықаралық құқықтық білім зерттейтін өзекті мәселелердің бірі. Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің толыққанды мемлекетаралық қатынастардың қалыптасу кезеңдерін терең талдау және бұл процестің көз алдымызда өтіп жатқанын ескерсек аса маңызды ғылыми және қоғамдық саяси міндетке айналады.

Сыртқы саясатымыздың қалыптасу кезеңі мынадай өрелі міндеттерді жүзеге асырудан басталды:

- Бірінші, біздің мемлекетіміздің тың сипатын танытуымыз;
- Екіншіден, Қазақстанды халықаралық дәрежеден мойындатып оның қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету қажет болды;
- Үшіншіден, әлемдік шаруашылық жүргізу мен экономикалық байланыстарға белсене араласуымыз қажет болды.

Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуындағы тәуелсіз еліміздің сыртқы саясатын қалыптастыруда, жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ролін ерекше атауға болады. 1988 жылдан бастап, республика жетекшісі Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен сыртқы саясат мәселелеріне деген жалпы мемлекеттік көзқарас түбірімен өзгерді. Мемлекеттік тәуелсіздік жарияланғаннан кейін Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміз халықаралық қатынастардың дербес тұлғасы ретінде саяси дипломатиялық тұрғыдан таныла бастады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан әлемдік державалармен беделді халықаралық ұйымдардың қолдауын қажет етті. Қазақстан сыртқы саясатында стратегияның өзегі саналатын көпжақты әріптестікті таңдады. 1991 жылы 2 желтоқсандағы президенттік сайлау қорытындыларына байланысты өткізген баспасөз конференциясында Президент Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Еуропа мен Азияны жалғастыратын көпір болуы керек. Әлемнің барлық мемлекеттерімен экономикалық және саяси байланыстарды қамтамасыз ететін көпвекторлық сыртқы саясатты таңдайды», - деп атап көрсетті. Президент өзінің «Қазақстанның Егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты 1992 жылғы еңбегінде «Қазақстан жаңа халықаралық ортаға тап болды. Оның сыртқы саясатының бағыты ұлттық мемлекеттік мүдделерге сәйкес өзіндік логикамен дами бастады. Сонымен қатар Қазақстанның сыртқы саясаты жалпы адамзаттық қуатқа ие. Ол халықтардың әлемдік қауымдастықтан өз орнын таба білгенін жақтайды», - деп атап көрсетті [1.316]. Осыған орай Қазақстан өзінің сыртқы саясатында қазіргі жаһандық қатынастардағы көпполярлық саланы басшылыққа алды. Екі жақты және көп жақты сыртқы қатынастар 2009 жылы Президент Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыртқы саясат концепциясы» негізінде жүзеге асырылуда. Бұл Концепцияда қазіргі халықаралық қатынастардың негізгі даму бағыттары анықталып, дипломатиялық қызметтің міндеттері көрсетілді. Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі мақсаты елдің ұлттық мүддесін қорғау екендігі көрсетілді.

1991 жылы Кеңес одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан өзінің сыртқы саясатында Қытайдың, Ресейдің, Жапонияның, Еуроодақтың күшейе түсуін басшылыққа алды. Қазақстанның сыртқы саясатында оның Ресей және Қытаймен шекаралас болуы ерекше ескерілді. Ресей Федерациясы мен Қазақстанның құрлықтағы шекарасының ұзындығы 7,2 шақырымдай болса, Қытай Халық Республикасымен 1,7 шақырымдай ортақ шекара бар. Сондықтан Қазақстан сыртқы саясатында әлемдік басым державалар болып саналатын Ресей, Қытай мемлекеттерімен бейбіт, тең және ынтымақтастық қатынастарды орнатуға ерекше мүдделі.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін сол жылдың 20 желтоқсанында Президент Нұрсұлтан Назарбаев БҰҰ Хатшысы Бутрос-Галиге арналған хатында Сыртқы істер министрі Ақмарал Арыстанбекованы осы ұйыммен байланыстар мен ынтымақтастық орнатуға жіберіп отырғанын жазды. Сол жылы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға мүше болып қабылдануы туралы Елбасымыз қол қойған өтініш Бас хатшыға табыс етілді.

1992 жылы 23 қаңтарында БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесі өз мәжілісінде Бас Ассамблеяға Қазақстанды бейбітшіл мемлекет ретінде БҰҰ-ның мүшелігіне қабылдауды ұсынды. 1992 жылы 2

наурызда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 46 сессиясы Қазақстанды Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше етіп қабылдады, сөйтіп біздің еліміздің тәуелсіздігі халықаралық тұрғыдан танылды.

1992 жылы Қазақстан Солтүстік атлантикалық әріптестік Кеңесіне мүше болды. Бұл ұйым 1997 жылдан бастап Еуроатлантикалық әріптестік ұйымына айналды. НАТО ұйымы бұрынғы Кеңес одағы құрамынан шыққан тәуелсіз мемлекеттермен бірлесіп «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасын жүзеге асырды. Ондағы мақсат осы елдермен бірлесіп, аймақтық әскери қақтығыстардың алдын алу, терроризмге қарсы ортақ іс қимылдарды үйлестіру болды. Қазақстанның қарулы күштері АҚШ пен НАТО-ның алдыңғы қатарлы әскерилерінен соғыс техникасы мен тактикасын меңгеруді үйренді. Бірлескен жаттығулар өткізу жыл сайынғы дәстүрге айналды. НАТО мен әріптестік Қазақстанның қауіпсіздігін нығайтуға өз ықпалын тигізді.

Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде халықаралық ұйымдардың қатысушы мүшесі ғана еме, осы уақытта әлемге ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ТМД, АӨСШК секілді ұйымдардың төрағасы ретінде танылды. Бұл егемен еліміздің дамуындағы жалпыұлттық стратегиялық жобалар болғандықтан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының тарихында тұңғыш рет посткеңестік республика яғни Қазақстан Республикасы 2010 жылы төрағалық етуінің маңызы ерекше. Мұндай шешім 2007 жылы 30 қарашасында Испанияның астанасы Мадрид қаласында ЕҚЫҰ-ның сыртқы істер министрлігі Кеңесінің отырысында қабылданған еді. Қазақстан кандидатурасын Ұйымға мүше 56 елдің өкілдері қолдап сенім білдірді. Халықаралық қауымдастықтың мемлекетіміздің төрағалық етуіне қолдау құрудағы нарықтық экономика қалыптастырудағы жеткен нақты жетістіктерінің нәтижесін мойындаулары болды [2,196]. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың белсенді халықаралық, реформаторлық және бітімгерлік қызметі арықылы жинақталған беделі мен халықаралық қауымдастықтың үлкен сенімі деп атауға болады. Бұл біздің мемлекетіміздің халықаралық беделі мен Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлемдік ауқымдағы көрнекті саясаткер ретіндегі мәртебесін нақтылаған тарихи маңызды оқиға. XX ғасырдың ақырына таман социалистік жүйенің ішкі-сыртқы қайшылықтарының шиеленісу салдарынан Кеңес үкіметі әлсіреп құлады. Ежелгі қазақ жерінде жас егемен мемлекеттің қайта жаңғырып, өркендей беруіне мүмкіншіліктер жолы ашылды. Тәуелсіздік жағдайындағы 30 жыл уақыт тарих мөлшерімен алғанда мемлекет өмірінде соншалықты ұзақ уақыт емес. Бірақ оның соқпағы мен соқтықпасы да, тар жолы мен тайқақ кешуі де көп болған, аса бір қауіпті, әрі жауапты кезең болды. Осындай қысқа мерзім аралығында ел тарихында бұрын-соңды болып көрмеген жаңа саяси және әлеуметтік өзгерістерді осы мезгілдің шағын аясына сырт қараған адамға сөз жүзінде болмаса, іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін емес сияқты болып көрінеді. Дегенмен, осындай қысылшаң кезеңде Қазақстанда босағасы берік, шаңырағы биік, еңселі мемлекеттік құрылым дүниеге келіп, қалыптасып бекіді. Біздің мемлекетіміз дүниежүзілік қауымдастыққа терезесі тең дәрежеде қарым-қатынас жасай алатындығын мойындатып танытты.

Қазақстанның БҰҰ-на толық мәнді мүше болып қабылдануы, әлемнің 200 елімен дипломатиялық қатынаста болуы, 2010 жылы ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі, 2011 жылы Ислам конференциясында төрағалығын алуы, осыған дәлел бола алады. 250 жылға созылған Ресейдің отарлық саясаты 74 жылдық қызыл империяның тоталитарлық режимі бізді әлемдік өркениет жолынан алыстата алмады. XX ғасырда С.Асфендияров, М. Тынышпаев, Қ.Сатпаев, Д.Қонаев өздерінің ғылымға қосқан жаңалық үлестерімен бүкіл әлем жұртшылығын таңдандырса, М.Әуезовтың «Абай жолы» романы мен М.Төлебаевтың «Біржан-Сара», А.Жұбановтың «Абай» опералары дүние жүзілік мәдениеттің алтын қорының төрінен орын алды. Қазіргі кезеңде де біздің халқымыз соның ішінде жүздеген қазақ жастары әлемнің таңдаулы ғылыми, кәсіби мекемелерімен өнер сахналарында, спорт алаңдарында біліктілік пен шеберліктің үлгісін көрсетуде. Олар «Әлем жұлдыздары» еген атаққа ие болуда. Міне, осындай және т.б. жетістіктер халқымыздың әлемдік өркениетке қосқан үлесінің бір көрінісі болып табылады.

Бұл жылдар қазақ халқы үшін тәуелсіздіктің таңы атып, мемлекетіміздің ірге тасын қалаған Конституциямыз бен жаңарған Елтаңбамыздың, Әнұранымызды мен Туымыздың өмірге келген кезеңі болды.

XX ғасыр басындағы Ресейдегі Қазан төңкерісі қазақ халқының санасында егемендік алу деген үмітін оятты. Еліміздің ардақты ұлдары Т.Рысқұлов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, С.Сейфуллин сияқты басқа да мемлекет қайраткерлері тәуелсіздіктің жолдарын жаппай-тұрмай іздестіруде тынымсыз еңбек етті. Іс жүзіне келгенде Кеңес үкіметінің ұлттық мемлекет құру идеясын жақтаған халқымыздың ұл-қыздары тоталитаризмнің тұтқынына айналды. Өткен ғасырдың 70-80 жылдарындағы «тоқырау жылдары» деп аталынатын кезеңде ұлттың өзін-өзі билеу, халықтардың рухани қайта түлеу идеясы өзінің мәнінен айырылып, «адамдардың жаңа қоғамдағы бірыңғай Кеңес халқы»– деген тұрпайы әрі қисынсыз теориясымен алмастырылды. Ұлт ерекшелігі, ұлттық тіл, салт-дәстүр, өнер мәселелері көпірме бос сөзге айналды. Биліктің шексіз орталықтандырылуы халықтардың ұлы халық үшін қызмет

етуін, басқа ұлт өкілдерінің соның мүддесіне жұмылдыруын талап етті. Ұлттың сананың өсуі мүлдем ескерілмеді. Осындай және т.б. шешімін таппаған мәселелерге. Ел экономикасын басқару жүйесіндегі, әлем өзгерістеріндегі мәселелер қосылып, Кеңес үкіметінің жағдайын әлсірете түсті [3,516].

XX ғасырдың 80жылдарында Кеңес үкіметінің өрескел шексіз билігіне қарсы ұлттық Республикалардағы наразылықтар мейлінше өрши түсті. Міне, осындай жағдайда 1990 жылдың 25 қазанында Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі егемендіктің «Декларациясын» қабылдады. Өйткені, ол кезде біз әлі де болса Кеңес одағының құрамында болатынбыз.

Елдің ішкі және сыртқы саясатын өзіміз бұрын өмір сүрген қоғамнан түбегейлі өзгеше және демократиялық қоғам құру принциптеріне негіздеп айқындадық. Еліміздегі саяси әлеуметтік-экономикалық және демократиялық қайта құрулар бұрын соңды болмаған жаңа жағдайда дамып келеді. Күрделі уақиғаларға толы өткен сарапшылардың қорытынды есебі бойынша, Қазақстан өзінің экономикалық даму қарқыны жағынан ТМД елдері арасында бірінші орында болса, әлемдегі 200 мемлекет арасында 49 орынды иеленді.

Өткен 2013 жылы сарапшы мамандардың айтуы бойынша, дүниежүзіндегі кейбір қамтыған экономикалық және қаржы дағдарыстарына қарамастан, Қазақстанда өнеркәсіп өнімін өндіру 5-6%-ке өсті деген болжам бар. 2011 жылы ауыл шаруашылығы бұған дейін болып көрмеген Республика бойынша 23 000 000 тонна астық өнімдерін өндірсе, биылғы жылы 24 000 000 тонна өндіреміз деген ұмтылыс бар. 22 жылдық мерзім еліміздің болашақтағы әлеуметтік саласындағы даму бағыттарында: зейнеткерлердің зейнетақыларының жыл сайынғы өсім мөлшерінің 25%-ке артуы, бюджеттік мекемелердегі қызметкерлердің айлық жалақысының өсімі, тұрғын үй мәселелерінің бір жүйеге келтіруін айқындап берді. Осы уақыт аралығындағы басты бетбұрыс халқымыздың дүниетанымындағы өзгерістер. Олар мемлекет пен қоғамдағы реформаларды дұрыс түсініп, қабыл алды. Қиындығы мол өткен жылдарда біздің халқымыздың тарих қазыналарында ұмыт қалған көптеген мұра-мұрағаттарды қайта бағалауға қол жеткізді. Осындай ізгі ниетті іс-әрекеттердің нәтижесінде адамдық құндылықтарды танып білдік. Әлемдік қауымдастыққа тұтасудың күрделі жолдарынан өттік. Ұлттық тіліміз шын мәніндегі мемлекеттік мәртебе алды, бұрынғы ұмыт болу қарсаңында тұрған салт-дәстүр, мәдени мұралар қайта жанартылып, біржақты жазылған халқымыздың тарихи ғылыми негізінде жаңадан жазылып, қалпына келтірілуде. Жоғарыда айтылған мемлекет көлемінде іс-жүзінде асырылып жатқан игілікті істер өзінің жалғасын біздің облысымызда табуда. Бұл арада ерекше атап өтетін мәселенің бірі – жастарымыздың қоғамға, тәуелсіз еліміздің ішкі және сыртқы саясатына, қоғамдық жұмыстарына атсалысып, белсенді іс-қимылдар арқылы қолдау көрсетілуде. Жастар тарапынан мұндай қозғалыстардың кең етек алуы, олардың халқына, тәуелсіз мемлекетіне деген сүйіспеншілік сезімі мен ұлтжандылық ой-өрісінің күн санап арта түсуінің көрінісі деп айта аламыз.

Ел Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауында индустриалды-инновациялық саясаттың ғылым мен техника жетістіктерін қолдану барысында экономиканың тұрақты дамуына арнаған стратегиялық міндеттер атқарылуда. Экономика құрылымында сапалы өзгерістер жүргізіліп келеді. Сертификаттау жүйесін жетілдіру және экономика мен басқарудың әлемдік стандартқа көшіру мәселесі де ойдағыдай іс жүзіне айналып келеді.

2004 жылы облыста 38 инвестициялық жоба іске асырылып, 284 жұмыс орны ашылса, 2012 жылы 48 инвестициялық жоба іске асырылып, қосымша 2139 жаңа жұмыс орындары ашылды[4]. Осындай көрсеткіштерге қарап біздің еліміздің жүйелік құрылымында қысқа мерзім аралығында күрделі өзгерістердің болып жатырғандығында көзіміз жетуде. Мұндай жетістіктер тәуелсіз мемлекетіміздің нығайып, өркендеп өсуіне, халықаралық аренада беделінің артуының бір көрінісі деп айта аламыз.

Тәуелсіздік жағдайындағы 30 жыл уақыт аралығында еліміздегі ескі мемлекеттік жүйе түгелдей жойылды. Жаңа мемлекеттік аппарат пен қоғамдық құрылымның негізі қаланып, қалыптасып келеді. Солардың бір көрінісі жергілікті әкімшілік мекеме, қоғамдық және «Нұр Отан» партиясының басшыларының бұқара арасында жиі болып, жүргізіліп отырған іс-шаралар туралы олармен пікір алысу, алықтың өтініші мен мұқтажына көңіл аударып, соларды мүмкіншілігінше уақыт оздырмай шешу. Радио, теледидар, күнделікті басылымдар арқылы есеп беру күнделікті дәстүрге айналуда[5,86]. Мұндай соңғы жаңалықтар толқындары барлық мемлекеттік қоғамдық ұйымдарда өзінің нәтижесін беруде.

Қазақстанның әлемдік деңгейде ядролық қарусыздану мәселесіне қосқан үлесі жайлы тоқталсақ, жалпы Қазақстан тәуелсіздігін алған сәттен бастап және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға нақты үлесін қосып келеді. Семей ядролық полигонының жабылуы, қуаты жөнінен әлемдегі төртінші зымырандық ядролық арсеналдан бас тарту және оның инфрақұрылымын толықтай жою еліміз үшін тарихи шешім болғаны белгілі. Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы беделі оның ядролық қарусыз ел ретіндегі статусына байланысты өсе түсті. Қазақстанның осындай саясатының үлгісін

Ұлыбританияның Стенфорд университетінің «Ядролық қатерді қысқарту жһніндегі бастама қоры» асса жоғары бағалады. Қазақстан күшке емес қажеттілікке негізделген жаһандық ұсыныстар жасауда. Қазақстанның бастамасы бойынша Біріккен Ұлтта Ұйымының Бас Ассамблеясы 29 тамызды ядролық сынақтарға қарсы әрекеттің халықаралық күні ретінде жариялау туралы қарар қабылдады. 2010 жылдың қазан айының 12-13 күндері Астанадағы Тәуелсіздік сарайында БҰҰ шеңберінде белгіленге Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күніне арналған шаралар аясында «Ядросыз әлем үшін» атты халықаралық форум болып өтті. Оған БҰҰ, МАГАТЭ, ЕҚЫҰ ,ШЫҰ, АӨСШК, ЮНЕСКО, ЕурАзЭҚ сияқты халықаралық және аймақтық ұйым басшылары мен өкілдері АҚШ, Жапония, Ресей Федерациясы, Пәкістан және тағы да басқа мемлекеттер парламентінің депутаттары қоғам қайраткерлері қатысты. Форумда Ядролық қарусыз әлем жөніндегі Астана Декларациясы қабылданды.

Жалпы, Қазақстан 30 жыл тәуелсіздік жылдарында сыртқы саясатта көп бағытыты саясат принциптерін жүзеге асырды. Қазіргі таңда Қазақстанның халықаралық саясатта алатын орны ерекшеленіп, нақтыланды деп айтуымызға болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мансұров Т.А. Қазақстан және Ресей: егемендену, кірігу, стратегиялық әріптестік тәжірибесі. Алматы, «Қазақстан», 1999.-344 бет.
2. Борбасов.С.Қазақстанның сыртқы саясат басымдықтары. Ақиқат 2012ж. №7.
3. Абдулпатаев.С.Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымында. Ақиқат 2002ж. №9
4. Сейдін Н. ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету халықаралық сенім мен геосаяси жауапкершілік белгісі..Ақиқат, 2008ж, №3.
5. Ядролық қарусыз әлем жөніндегі Декларация. Ақиқат, №11.

## ОСВЕЩЕНИЕ РЕЛИГИОЗНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В ИНТЕРНЕТ-ПРОСТРАНСТВЕ

**Ибрагим А.**

*«Дінтану» мамандығының 4-курс студенті*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекші: Утебаева Д.С.*

*PhD Доктор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

21 век – это информационная эпоха, где важное место занимает технология и интернет. По социологическим данным, в настоящее время, у каждого второго на Земле есть свой определённый гаджет. Эти устройства имеют много положительных функций, такие как: найти нужную информацию, добраться до нужного места, поддерживать связь с людьми, и т.д. Какие преимущества имеются у интернета в области религии?

С введением карантинного режима не только в Казахстане, но и в других странах важность интернета возросла в несколько раз. Религиозные организации перенесли свои церкви и храмы в виртуальную реальность, чтобы оставаться актуальными и быть там, где есть люди. У религиозных лидеров есть веб-сайты, блоги и ленты, онлайн-исповеди, социальные сети для йогов-специалистов и приложения, призывающие верующих к молитве. «Интернет-сообразительность должна быть обязательным навыком для религиозных лидеров в целом», – говорит настоятельница монастыря Святой Троицы в Оксфордшире сестра Кэтрин Вибурн [1].

*Мнения религиозных лидеров касательно взаимосвязи интернета и религии. Вреден ли интернет для религии?*

«Мы не можем знать наверняка, что использование Интернета вызывает религиозное отчуждение», – сказал американский ученый Аллен Бенджамин Дауни [2]. «Всегда возможно, что отключение от сети приводит к использованию Интернета, или, что третий фактор вызывает и то, и другое».

В настоящее время сложилось двоякое мнение касательно взаимосвязи религии и интернета. Например, английский учёный А. Аткинсон говорил: «христианство должно постоянно изобретать новые средства общения с верующими». Это означает, что он был за прогресс и развитие интернета. Но, и есть мнение о том, что интернет сеет – раздор и зло. Например, приверженцы мусульманской общины Индии, говорили о Всемирной паутине таким образом: «Существует хадис, что, когда мир приблизится к своему концу, шайтан будет распространять ложь в течение нескольких минут. Мы наблюдаем, как слухи распространяются в Интернете в кратчайшие сроки. Лучше держаться подальше от виртуального мира» [3].

Западный исследователь изучающий проблему взаимодействия религии и интернета Х. Кэмпбелл считает, что Интернет не используется для межрелигиозного диалога или разнообразия. «Если вы хотите сделать это, вам нужно интенсивно создавать это сообщество». Стремление специализироваться из-за объема информации в Интернете означает, что людей, ищущих ответы, привлекают стаи птиц, которые соответствуют их перьям. «Если вы не ищете разнообразия, вы не найдете его в Интернете», – говорит Кэмпбелл [4].

Самая большая опасность Интернета заключается не в том, что он убьет или изменит религию, а в том, что, как утверждает Кэмпбелл, мы увидим различия в наших верованиях из-за нашего желания найти себе подобных [5].

Появление онлайн-служб так же повлияло на население городов и стран. Сформировались негативные и положительные стороны ведения онлайн-проповедей:

### *Плюсы*

1. Возможность приверженцев совершить религиозные ритуалы, не выходя из дома, тем самым уменьшить количество прихожан в помещении.
2. Доступность. По социологическим исследованиям в период карантина резко возросла аудитория имеющая гаджеты. Даже у младшего населения есть выход к интернету.
3. Сокращение времени на сборы и дорогу.
4. Отсутствие разногласий во время массового давления, из-за большого количества прихожан.
5. Коммуникативность. С внедрением онлайн-богослужения, почти у всех религиозных организаций появились сайты, на которых можно вести беседу с единоверцами.

### *Минусы*

1. Вероятность неправильного истолкования веры во время онлайн-богослужения. Далее введение в заблуждение, после чего случаются разногласия среди верующих.
2. Открытость информации для большого количества людей делают религиозную организацию уязвимой, впоследствии чего появляются внешние угрозы.

Также, необходимо упомянуть функции онлайн-богослужений:

1. Репрезентативная. Почти у каждого религиозного объединения действует сайт, на котором публикуются все новости, размещаются важные аудио и видео-материалы. По внешнему виду сайта можно примерно предположить суть религиозного объединения и неопитам выдается возможность ознакомиться заранее с религиозной организацией.

2. Коммуникативная. На официальном сайте, наряду с материалами, можно войти во вкладку гостя и поговорить с приверженцами той или иной религии. Создается особая атмосфера с единомышленниками, которые могут ответить на важные вопросы об организации.

Виртуальная реальность в сфере религии включает с себя не только посещение онлайн-служб религиозных объединений, но и также религиозные игры с миссионерским окрасом для младшего населения: детей. В процессе поиска информации было обнаружено 2 игры:

1. «**Left Behind: Eternal Forces**». Выпущена в 2006 году. Локация игры – город

Нью-Йорк. Цель игры – спасение неверующих от заблуждения и приобщение всех к вере. Все происходит на фоне конца света. В игре можно встретить ангелов, демонов и четырех всадников Апокалипсиса. Аудитория игры – дети младше 10 лет.

2. «**Catechumen**». Выпущена в 2000 году. События игры происходят в Риме. Цель игры – спасти от смерти заточенного в катакомбах пастыря. У главного героя есть меч, который испускает лучи святого духа. С их помощью главный герой превращает римских солдат в праведных христиан. Аудитория игры – дети младше 15 лет.

По итогам вышеуказанных игр, можно сделать вывод, о том, что религия с давних времен взаимосвязана с интернетом. Игры были выпущены в 2000-х годах, то есть на пике расширения интернета по всему миру. Уже в те времена религия начинала осваивать интернет, а на данный момент занимает важное место в самом интернет-пространстве.

По примеру американского ученого, профессора компьютерных наук Аллена Бенджамина Дауни, мною был проделан социологический опрос среди населения г. Алматы. В своей работе: «Религиозная принадлежность, образование и использование Интернета», ученым было проведено социальное исследование, где он, взаимодействуя с Чикагским университетом, проводит сравнительное исследование среди населения на предмет спада или возрастания приверженцев религиозных течений. Проект носит название – «**General Social Survey**» (Всеобщий Социологический Опрос). Основные вопросы: «Каковы ваши религиозные предпочтения?» и «в какой религии вы выросли?» [6] Ученый также собирает данные о возрастной принадлежности респондентов, уровне образования, и о количестве времени, в котором человек проводит в сети. В опросе Дауни участвовало приблизительно 9000 человек.

По итогам социологического опроса, ученый пришел к выводу о том, что интернет повлиял на спад религиозной принадлежности. Но, статистика Дауни была проведена в 1990 г. и возможно, в настоящее время, новый социальный опрос покажет новые результаты.

В моем социальном исследовании участвовало приблизительно – 120 человек.

*Цель социологического исследования:* выявить количество верующих в пост карантинный период в сравнении с до карантинным периодом и составить сравнительную таблицу (Таблица-1).

Были посещены общественные места:

1. «**Арбат**» (г. Алматы, пр. Жибек жолы, перечес. Назарбаева);
2. «**Рынок Барлык**» (г. Алматы, Ташкентский тракт 17 км, д. 1);
3. «**Рынок Car City**» (г. Алматы, мкр. Баянаыл, д. 57а).

Таблица 1.

№	Название	Возрастной диапазон		
		18-25 лет	26-35 лет	36-45 лет
1	<b>Барлык</b>	18-25 лет (75% участников – казахи, 25% – другие национальности); Верующие: <b>80%</b> (5% стали верующими в 2020-2021 гг.);	26-35 лет (85% участников – казахи, 15% – другие национальности); Верующие: <b>85%</b> (2% стали верующими в 2020-2021 гг.);	36-45 лет (90% участников – казахи, 10% – другие национальности); Верующие: <b>92%</b> (3% стали верующими в 2020-2021 гг.);
2	<b>Car City</b>	18-25 лет (85% участников – казахи, 15% – другие национальности); Верующие: <b>73%</b>	26-35 лет (75% участников – казахи, 25% – другие национальности); Верующие: <b>83%</b>	36-45 лет (85% участников – казахи, 15% – другие национальности); Верующие: <b>88%</b>

		<i>(3% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>	<i>(3% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>	<i>(2% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>
3	<b>Арбат</b>	18-25 лет  (60% – казахи, 40% – другие национальности); Верующие: <b>70%</b> <i>(4% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>	26-35 лет  (80% участников – казахи, 20% – другие национальности); Верующие: <b>87%</b> <i>(2% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>	36-45 лет  (70% участников – казахи, 30% – другие национальности); Верующие: <b>86%</b> <i>(4% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>

№	Название	Возрастной диапазон		
		46-53 лет	54-60 лет	61-70 лет
1	<b>Барлык</b>	46-53 лет  (90% участников – казахи, 10% – другие национальности); Верующие: <b>94%</b> <i>(1% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>	54-60 лет  (95% участников – казахи, 5% – другие национальности); Верующие: <b>93%</b> <i>(1% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>	61-70 лет  (90% участников – казахи, 10% – другие национальности); Верующие: <b>95%</b> <i>(2% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>
2	<b>Car City</b>	46-53 лет  (80% участников – казахи, 20% – другие национальности); Верующие: <b>93%</b> <i>(2% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>	54-60 лет  (85% участников – казахи, 15% – другие национальности); Верующие: <b>88%</b> <i>(0% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>	61-70 лет  (90% участников – казахи, 10% – другие национальности); Верующие: <b>90%</b> <i>(1% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>
3	<b>Арбат</b>	46-53 лет  (70% участников – казахи, 30% – другие национальности); Верующие: <b>90%</b> <i>(5% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>	54-60 лет  (75% участников – казахи, 25% – другие национальности); Верующие: <b>84%</b> <i>(3% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>	61-70 лет  (80% участников – казахи, 20% – другие национальности); Верующие: <b>85%</b> <i>(1% стали верующими в 2020-2021 г.г.);</i>

По итогам социологического опроса было выявлено, что количество верующих возросло приблизительно на 4%. Это означает, что карантинный период увеличил число приверженцев религиозных течений. По словам руководителя Местного религиозного объединения «Алматинской церкви «Салем» евангельских христиан-баптистов» Бауыржана: «Во время карантина богослужения проводились в онлайн режиме через Youtube канал. Благодаря этому, многие прихожане смотрели их вместе с семьями. Таким образом, в период карантина число верующих быстро возросло».

В заключении я могу сделать вывод о том, что виртуальная реальность тесно взаимодействует с религией и религиозными ценностями. В течение многих поколений она незаметно распространяла миссионерскую идею в разных религиях. Было много разногласий касательно онлайн-богослужений, виртуальной проповеди, онлайн-пожертвований и т.д., но с внедрением карантинного режима 18.03.2020 г. всем религиозным объединениям пришлось перейти на онлайн-службу и это повлияло на количество прихожан. Религиозным лидерам пришлось привыкнуть к тому, что они будут более подотчетными и прозрачными в своих делах и должны будут на равных взаимодействовать с теми, кто стоит за пределами традиционных иерархий.

#### Список литературы

1. Вибурн К. Религиозные лидеры и интернет // <https://twitter.com/Digitalnun>
2. Как относятся к Интернету представители различных религий // [https://www.dp.ru/a/2016/08/29/Kak\\_otnosjatsja\\_k\\_Internetu](https://www.dp.ru/a/2016/08/29/Kak_otnosjatsja_k_Internetu)
3. 8 религиозных лидеров, наиболее активных в соцсетях // <https://www.forbes.ru/tehnо-slideshow/70644-8-religioznyh-deyatelei>
4. Кэмпбелл Х. «Вызовы, создаваемые религиозными сетями онлайн», Journal of Media and Religion, 2004 – 81-99 с.
5. Кэмпбелл Х. Создание места для религии в исследованиях Интернета, Информационное общество: Международный журнал, 2005 г. – 309–315 с.
6. Аллен Б.Д. Религиозная принадлежность, образование и использование Интернета, 2014.



## ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖАСТАРДЫҢ СУБ-МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ (САТАНИЗМ, МОРМОНДАР, МАСОНДАР) ӘСЕРІ МЕН КӨРІНІСІ

**Қасымхан Д.**

держание, так, задача данной психологии состояла в помощи при проведении профессионального отбора и рационализации труда, психологии воздействия, то есть, психотехник, осуществлявшихся посредством реклам, телевидения и плакатов, и наряду со сказанным учение также включало в себя и психотерапию. [1, с.11]. Отчего широкое распространение психотехник пришлось на время – первой мировой войны, в армии, где производился профессиональный отбор. Далее, понятие «психотехника» печаталось в издательствах специализированных журналов и газет Советского пространства, где присутствовали вопросы труда, агитация к труду, пригодности к труду, нося названия на подобии – «Психофизиология труда и психотехника». В последующем времени понятие «психотехника» укоренилось в том определении, в котором была определена – Гуго Мюнстербергом, что дал также и методологические основы, и принадлежность одной из направлений прикладной психологии. В прикладном направлении психологии, проблематика психотехник также сводилась и к психологическому воздействию, а методами исследований могли быть как тесты, так и эксперименты в трудовых деятельности. Другое значение и понятия психотехник можно свести к системе мастерства и умений воздействовать на психику, психоэмоциональное состояние человека, что в нынешнее время, в нынешних реалиях жизни ко к раз таки приобрело негативный окрас.[1, с. 22]. Ныне, мы становимся свидетелями целых наборов различных психопрактик направленных на оказание негативного воздействия, за исключением психотерапевтических методов, нацеленных на исправление нежелательных форм поведения, проведения личного самоанализа.

Психотерапия делится на индивидуальную, групповую и семейную.[4, с.7] К индивидуальным психотерапиям относим – поведенческую – «открывающую» пациентам свое подсознание, свои внутренние нерешенные конфликты и страхи, проделав психоанализ, далее на сеансах психотерапевта словно «открываются» новые горизонты к межличностной, поведенческой и когнитивно – бихевиоральной терапиям. Межличностная терапия предусмотрена для решения проблем в социуме, в различных отношениях, и выполняется прежде всего для повышения коммуникабельности, при этом, обходит стороной вопросы подсознания. Наиболее обширной терапией является – поведенческая или бихевиориальная. Понятие и название терапии впервые появилось в конце 50 – х годов, Гансом Айзенком в соавторстве с Арнольдом Лазарусем. Ранее было оговорено, что вкратце данный вид терапии можно охарактеризовать «научением» и «прививанием» к желательной форме поведения. Наиболее известными учеными психотерапевтами в этом направлении считаются: почетный русский, советский психиатр и невропатолог, создатель концепции рефлексологии – Владимир Михайлович Бехтерев, на основе своих убеждений о различных рефлексах, таких как: врожденные, приобретенные, условные и еще множество видов форм высшей нервной деятельности человека, рассматривал личность лишь как «набор» состоящий из рефлексов. По мнению Бехтерева, в личности априори не может быть «бессознательного» и всей его структуры. Занявшись объективной психологией, автор разрабатывает концепцию, объясняющую все психические явления приобретенными видами индивидуальных рефлексов. Изучив множество видов психических расстройств лечил методами гипноза и изучал теории внушения. Наряду с этим, изучал коллективную психологию, одни из оставленных им высказываний: «Подчас внушение и прививка идей играет гораздо более видную роль, чем логическое убеждение. Всякий общавшийся с народом знает это хорошо по собственному опыту», «Коллектив живет и существует за счет индивидуального организма, и чем теснее сплочение коллектива, тем меньше места проявлению отдельной личности», «Мы подвергаемся действию психических микробов и находимся в опасности быть психически зараженными». Как верно подметил Бехтерев в своих высказываниях о психологии толп и масс, где люди, зачастую это – целое звено, одно общее настроение и эмоция. Под психическими микробами подразумевается – механизм внушения. Как известно, в толпе, такое свойство как – заражаемость затем последовательно идущие механизмы – подражание и внушение усиливаются во множество раз. Выдающимися представителями социальной психологии, изучавшими виды толп, вышеперечисленные механизмы свойственные массам, а также вожаков масс в конце 19 века и рубеже 20 века – Гюстав Лебон и Габриэль Тард в совместном соавторстве выпустили свой труд под названием – «Психология толп». Внушение считается следствием заражения и его главным орудием является – слово, действующее посредством речи. Посредством вербального и невербального видов общения на индивида воздействуют и побуждают к беспрекословному исполнению тех или иных поставленных перед ним задач и действий. Люди, находящиеся в толпе, сами того не осознавая образуют единое психополе, работающее на подсознательном уровне, под массивом давления создают друг у друга общие эмоции. Три описанных процесса тесно связаны между собой, в связи с тем, что успешность внушения, прежде всего зависит от внушаемости индивида, заражение же зависит от успешности в

подражании. Влияние на входящих в массы индивидов напрямую связаны с особенностями психологических качеств лидеров, вожаков масс. Гюстав Лебон именовал их «апостолами». [2, с. 55]. Яркий пример этому находится не только в религиозных системах, но и в светских.

Совокупность психотехник можно подразделить на следующие подвиды: Аутогенные психотехники (выполняемые самим человеком) и Гетеросуггестивные (влияние извне) – обобщая их можно назвать – методами саморегуляции. В аутогенных методах волевые усилия человека приложены к ощущениям, человек путем самовнушения и повторением установочных фраз, и их представлением может контролировать свое психофизиологическое состояние. Также достигается и гетеросуггестивное воздействие, отличающееся лишь очагом воздействия со стороны. Выполнение аутогенных тренировок предполагает релаксацию – представление – словесное самовнушение. Требуется навыки контроля над вниманием, оперирование чувственными образами, начиная с простейших заканчивая сосредоточением внимания на более сложных зрительных образах, сочетающихся с физическими ощущениями. Наиболее эффективных результатов можно добиться поддержкой коротких, четких фраз. После релаксации мышц, для того, чтобы выйти из состояния необходимо намеренно и постепенно возвращать тонус в отдельные группы мышц. К создателям аутогенных воздействий относится – Эмиль Куэ, отрицавший воздействие суггестии, то есть внушения и гипноза как такового, и считал, что существуют лишь самовнушение и самогипноз. Роль человека – суггестора обходится лишь созданием необходимых внешних условий. Психотехника Куэ также предполагала сознательное самовнушение, направленное на улучшение психоэмоционального и физиологического состояний. В перечни современных тренингов спросом пользуется техника, созданная – Иоганнесом Генрихом Шульцем, состоящая из 6 ступеней. Техника, придуманная им базируется на двух источниках. Первым началом наблюдений стало использование гипноза на своих пациентах, в ходе наблюдений особое внимание уделялось испытываемым телесным ощущениям, таким как: тяжесть или легкость. Вторым началом являлись – медиативные практики, мистическая интерпретация которых была отсеяна доктором Шульцем. Аутогенная тренировка Шульца состоит из 6 стандартных и 7 медиативных упражнений, что считается продолжительной методикой лечения. Данная методика превосходит гипнотерапию тем, что не требует суггесторного действия со стороны, вдобавок ко сказанному, давно выявлен и доказан тот факт, что гипнотерапия не действует на людей с низкой степенью внушаемости. Стандартные упражнения методики Шульца начинается с простых упражнений, требующих сосредоточенность на разных частях тела, в среднем каждый «пункт» длится около 30 – 40 секунд, постепенно переходя к последующим тренировкам ежедневно повторяются от 2 – х до 20 – ти дней. Возможность проделывать упражнения самому показывает тот факт, что данная методика хорошо и прочно себя зарекомендовала. Помимо аутогенных тренировок существует множество различных методик, также основанных на всяческом самоконтроле, внушении и медитациях. Существует колоссальное число разработанных техник манипулирования, целенаправленно созданных на достижение неординарного состояния сознания, что непременно носит негативное и пагубные воздействия на личность и ее составляющую. К примеру, приемы – нейролингвистического программирования, с помощью невербальных сигналов и словесных обобщенных фраз позволяют расположить к себе собеседника, подстроиться под него, дабы убедить собеседника или определенную аудиторию в своих воззрениях. В ходе разговора главная мысль повторяется не менее трех раз. В НЛП также изложены изощренные способы манипуляции людьми, в большом количестве изданы материалы, книги, под названиями: «НЛП – ключ к успеху» и так далее. Подобный материал издан в трудах Луизы Хей – создательницы аффирмаций. Автор, верующая в силу мыслей отмечает, какими путями можно избавиться от недугов, и предлагает к рассмотрению излечение способом психосоматики, где главной ролью выступает эмоциональное состояние человека, напрямую действующее и отражающееся на физическом здоровье. Заинтересованные читатели, как и сама автор вылечиваются благодаря ее методикам, собранными путем переживания через собственный жизненный опыт. Ныне, человек подвержен всяческому влиянию на таком уровне, на каком ему самому незаметно. Работа сфер коммуникации используя аудиальные и визуальные психологические воздействия внушают определенные установки.

#### Список литературы:

1. Т. Х. Невструева: Психотехника как научная дисциплина психологической практики – 1999. С – 22,
2. М. И. Марьин & Ю. Г. Касперович: Психологическое обеспечение антитеррористической деятельности – 2007. С – 55.
3. Н. Н. Дудаль: Электронный учебно – методический комплекс по учебной дисциплине – «Дифференциальная психология» – 2015. С – 6.
4. Е.Г. Лопес, О.А. Рудей: Основы психотерапии – практико – ориентированное пособие – 2006. С – 7.

## ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ХАЛАЛ ИНДУСТРИЯСЫ

*Маусымбаева Д.*

*«Дінтану» мамандығының 4-курс студенті*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекшісі: Альджанова Н.К.*

*PhD доктор, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Әлемдік қоғамдастықта пайдалы және қауіпсіз тағамға көбірек көңіл бөлінуде. Көптеген адамдар қандай тағамдарды тұтынатындығын біле бастайды. Олардың адамға деген таңдауы өмірдің табиғи, ұлттық және тарихи жағдайларымен ғана емес, көбінесе діни дәстүрлерге бағынумен де байланысты. Діни талаптарға сәйкес келетін ет өнімдерін әзірлеу – бұл қазіргі кезде сапалы жаңа, әзірге бос емес және үнемі нарық сегментін кеңейту. Азық-түлік нарығының діни секторының құнын нақты түсіну бүкіл әлемде бар. Әр түрлі ұлттар мен діндердің өкілдері өмір сүретін қазіргі Ресей жағдайында ұлттық және діни сипаттамалар ескеріле бастады азық-түлік өнімдерін өнеркәсіптік өндіріс кезінде есепке алу. Әлемдік діндердің өнімнің азды-көпті қатаң тізімдерін кездестіруге болады, олар өз ізбасарларына не рұқсат етілетінін не тыйым салатындығын егжей-тегжейлі сипаттайды Мұсылмандар рұқсат етілген өнімдерді (негізінен, ет талаптары бойынша алынған ет Ислам) халал деп атады, «халал» сөзі (Халал) араб тілінен аударғанда «рұқсат етілген» немесе «заңды» дегенді білдіреді. Тағамға қатысты халал – мұсылмандардың тамақтану нормасы. Ислам христиандықтан кейінгі екінші ұстанатын әлемдік дін. Қазіргі кезде исламды миллиардқа жуық адам ұстанады. Ресей Мұфтилер кеңесі басшысының айтуынша, соңғы үш жылда Ресейдегі мұсылмандар саны 1,5 еседен астамға артқан. Олардың жартысына жуығы Татарстанда, Башқұртстанда және Солтүстік Кавказ республикаларында тұрады, қалғандары бүкіл елге шашыраңқы. Ислам араб тілінен аударғанда «мойынсұну», Құдайдың еркіне бағыну деген мағынаны білдіреді. Ислам, әлемдік маңызы бар дін ретінде, әлемнің барлық бөліктерінде (120-дан астам елде), оның ішінде Ресей мен көршілес облыстарда рухани түрде ұсынылған. Көптеген елдерде ислам мемлекеттік идеология болып табылады. Исламды (исламның тағы бір атауы) Египет, Иран, Ирак, Ауғанстан, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері, Пәкістан, Марокко, Ливан, Йемен, Бахрейн, Әзірбайжан, Түркия және Тәжікстан ұстанады.

Ресей Мұфтилер Кеңесі (СМР) «Мұсылмандар тұтынуға рұқсат етілген өнімнің өндірісі мен саудасына бақылауды жүзеге асыратын өндірісті ұйымдастыру тәртібі туралы ережені -» халал «әзірледі. Бұл құжатқа сәйкес, Халал брендімен өнім шығару процесін бақылайтын кәсіпорындарда өкілдер тағайындалады. Ресейдің Мұфтилер кеңесінде осы бағыттағы жұмыстарды халал өнімдерін өндіруді және сатуды бақылау жөніндегі уәкілетті өкіл Жафар Азизбаев қадағалайды. РФ Мұфтилер кеңесі халал өнімдерін өндіру, бақылау және сертификаттау тәртібін анықтайды. Құжат келесі бөлімдерді қамтиды: негізгі ережелер, өндірісті ұйымдастыру тәртібі, шикізат пен материалдарға қойылатын талаптар, жануарларды союға қойылатын талаптар, халал өнімдерінің сәйкестігін растайтын құжаттар. Регламент діни талаптарға сәйкес әзірленген Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасы ... Ереже Халал өнімдерін сертификаттауға негіз болып табылады және жануарлар мен құс етінен алынатын өнімдерге, өндіріс пен өндіріс құрал-жабдықтарында қолданылатын компоненттерге қолданылады. Ережеге сәйкес малды союды мұсылман жүзеге асыруы керек. ұлты. Жатыр мойны артерияларының кесілуімен бір мезгілде мал сойған адам: «Бисмилла, Аллаху Акбар» деп айтуы керек. Жатыр мойны артериялары мен өңештің кесілуі бір рет, кідіртусіз және үзіліссіз, басына мүмкіндігінше жақын болуы керек. Қанның негізгі бөлігі ағып кеткеннен кейін өліктерді союға рұқсат етіледі. Халал өнімдерін өндіруде: харам, қан, шошқа еті, ислам дәстүріне сәйкес емес сойылған жануарлардың еті, жыртқыш аңдар мен құстар, иттердің, есектер мен қашырлардың, эндокриндік бездердің, өт пен қуықтың еттері. Жоғарыда айтылғандардан алынған тағамдық ингредиенттер мен қоспаларды пайдалануға тыйым салынады. Жануарлардың негізгі мойын артерияларын кесу нәтижесінде қан кетуге тыйым салынады. Ислам дәстүріне сай сойылған жануардың бұлшық еттерінде қалған қанға тыйым салынбайды. Халал өнімдерін мұсылмандар ғана тұтынушы емес екенін ескеру қажет. Ислам дінін ұстанатын адамдар бұл өнімдерді олардың сапасы мен қауіпсіздігі үшін таңдауы сирек емес. Азық-түлік тауарларын да, азық-түлік емес тауарларды да қамтитын халал өнімдерінің әлемдік нарығын сарапшылар шамамен 2,1 трлн. АҚШ доллары, әлемдегі мұсылман халқының 1,6 млрд. Әр түрлі елдерде халал өнімдерін өндірудің әр түрлі стандарттары бар. Қазіргі кезде Малайзия әлемдік халал индустриясын дамытуда жетекші орынға ие. Халал тамақ өндірісі аймақтары қазірдің өзінде салынып жатыр немесе оның алты штатында жұмыс істейді. Елдің оңтүстігінде, жеңілдетілген кедендік рәсімдерге ие аймақта халал сауда орталығы бар. 2004 жылы Малайзия халал өнімдерінің әлемдегі алғашқы көрмесін ұйымдастырды, сәл кейінірек осындай өнімдерге арналған «Халал» журналын шығара бастады. Журнал.

Еуропаның ең «мұсылман» елдерінің бірі – Францияда мұсылмандар тұтынуға рұқсат етілген өнім өндірісінің көлемі жыл сайын 15% өсіп отырады. 2006 жылы елде осындай өнімдер 5 миллион еуроға сатылды. Бұл қалған Еуропада бұл көрсеткіш 15 миллион еуроны құрағанына қарамастан. Елде жылына 300 мың тоннаға жуық халал ет тұтынылады. 2003 жылдан бастап Ресейдің Мұфтилер кеңесі бірқатар министрліктермен және ірі кәсіпорындармен бірге мамандардың бақылауымен халал өнімдерін өнеркәсіптік өндіру жобасын жүзеге асыруда. Татарстан Республикасында. (РТ) стандарттау және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органдар ислам шариғатына («халал») сәйкес өнім шығару ережелерін бекітті. «Халал маркалы өнімдерді жасау үшін мұсылмандық канонға сәйкестікке қойылатын жалпы талаптар» және «Халал маркалы ет, ет өнімдері мен құс етін өндіруге арналған мұсылмандық канонға сәйкестікке қойылатын жалпы талаптар» атты құжаттарды Мемлекеттік орталық бекітеді. Татарстан Республикасының санитарлық – эпидемиологиялық қадағалауы, «Тест-Татарстан» республикалық сертификаттау әдістемелік орталығы, Татарстан стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы, Татарстан Республикасының бас мал дәрігері, Рухани Басқарманың Мұсылман Ғалымдар Кеңесі. Татарстан Республикасы мұсылмандары және Татарстан Республикасы Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы. 2004 жылдың қазан айында Тәжікстан Республикасы Мұсылмандары Діни Басқармасы жанындағы Идел-қажылық бөлімінің құрамында жаңа бөлім – Халал стандарт комитеті жұмыс істей бастады. Оның өкілдеріне өндіріс процесінде кәсіпкерлердің ислам канондарын сақтауын бақылау құзыреті берілген, «Қазан ет комбинаты» ААҚ халал өнімдерінің 60 түрін шығарады және оны өндіру бойынша ресейлік кәсіпорындар арасында көшбасшы болып табылады; одан кейін Йошкар-Ола ет комбинаты, оның халал өнімдерінің 14 позициясы бар. Құс фабрикаларының ішіндегі ең әйгілі – «Челны-бройлер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, ол ай сайынғы сатылымды орта есеппен 30% арттырады. Жақын арада Қазан ет комбинаты өз ассортиментін балаларға арналған халал өнімдерімен толықтыруды жоспарлап отыр. Жүкті әйелдер мен балаларға арнайы әзірленген ет өнімдері, консервілер және түрлі тағамдар құрамында пайдалы дәрумендер мен минералдар бар және олар балабақшаларда таратылады, сонымен қатар кейбір супермаркеттерде сатылады, мысалы, Бахетель, Пятёрочка және Перекресток». Қазандық мектеп оқушылары қала әкімшілігі жүзеге асырған «Мектептердегі ыстық тамақ» бағдарламасының арқасында ислам нормаларына сәйкес тамақтана алады. Көптеген кәсіпорындар халал және харам өнімдерін шығарады. Халал өнімдерін шығаратын кәсіпорындар мен оларды сататын дүкендер Ресейдің басқа қалалары мен облыстары үшін жаңалық емес. Мысалы, Мәскеуде олар өткен ғасырдың 90-шы жылдарының ортасында пайда болды. Алайда бұл саланы оңтайландыру қажеттілігі 2002 жылы ғана жүзеге асырылды. Елорданың мұсылман тұрғындарының сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында 1997 жылы «Халал Аш» шұжық цехы ашылды, бұл ассортиментті едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді. тамақ өнімдері. Бүгінгі таңда «Халал Эш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – мұсылмандар сенімі талаптарына сай ет және шұжық өнімдері мен жартылай фабрикаттардың кәсіби өңдеушісі және өндірушісі. Оның дүкені жұмыс істеген бес жыл ішінде ет және шұжық өнімдері Мәскеуде және Мәскеу облысында, сондай-ақ Ресейдің бірқатар қалаларында танымал болып, сұранысқа ие болды. Мәскеуде «Бахетель» («Бақытты») супермаркеті жұмыс істейді.), Татарстандағы алғашқы дүкен Казань супермаркеттер желісі. Онда сатылатын ет өнімдері мен нан өнімдері халал етінен дайындалады. Микояновский ет комбинаты ЖАҚ халал өнімдерін өндіруді 2003 жылдың қарашасында бастады. Ет шикізаты кәсіпорынға халал сертификаты бар қасапханалардан жеткізіледі, Мәскеу облысындағы жалғыз зауыттар «Сафа» және «Халал-Аш» тек халал өнімдерін шығарады, қалғандары да халал емес өнімдерді шығарады. Черкизовский, Царицын және Таганский фабрикалары Мәскеу облысында халал өнімдерін өндіруге қызығушылық танытып отыр. СМР мәліметтері бойынша Мәскеу мен оған іргелес облыстардағы халал ет өнімдері нарығының көлемі айына шамамен 2500 тоннаны құрайды, оның тек 250-і t – DUMER сертификатымен. Халал өнімдерінің өндірісі Татарстаннан басқа, Ресейдің Саратов, Пенза, Свердловск, Тула, Ярославль облыстарындағы, Башқұртстан, Мордовия республикаларындағы және басқа аймақтардағы бірқатар кәсіпорындарда ұйымдастырылған. сиыр еті мен биологиялық толыққанды еттердің басқа түрлеріне негізделген консервілердің кең ассортименті – жоғары тағамдық құндылығы мен дәмімен сипатталатын жылқы еті, қозы, қоян және құс еті – әзірленді және табысты өндірілді. Олардың ішінде консервілер: «Жүрегі бар сиыр еті», «Тілі бар сиыр еті», «Бауыры бар сиыр еті», «Тоқты», «Кептірілген өрік қосылған қой», «Өрік қосылған қой», «Жүрегі бар қоян пюресі», «Үй сүзбесі бар қоян пюресі «және басқа түрлері. Кәсіпорындардың халал өнімдерін жасау тәжірибесін жалпылау және тарату мақсатында ВНИИМП келесі мәселелерді қарастыратын» ДІН ЖӘНЕ ЕТ: халал өнімдер «шолулар ақпаратын баспаға дайындады; ет сипаттамасы – ең маңызды тамақ өнімі; халал өнімдерін өндіру ерекшеліктері; халықаралық халал индустриясын дамыту. Ресейдің, Қазақстанның, Малайзияның, АҚШ-тың, Францияның және Швецияның жекелеген аймақтарында халал өнімдерін өндіруді ұйымдастыру және дамыту



тәжірибесі атап өтілді. Халал өнімдерінің ассортименті және оларды шығаратын кәсіпорындардың тізімі көрсетілген.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Белая А. Разделяй и зарабатывай: производители идут в переработку за дополнительной маржой // *Агроинвестор*. – 2017. – №3 (9910).
2. Белая А. Разделяй и зарабатывай: производители идут в переработку за дополнительной маржой // *Агроинвестор*. – 2017. – №3 (9910).
3. Белая А. Рынок мяса в точке насыщения // *Агроинвестор*. – 2017. – №8 (9915).
4. Белов Е.А., Дубровин И.А. особенности регионального рынка мясных продуктов // *Мясная индустрия*. – 2011. – № 11. – с. 11-14.
5. Белоножко А.В. Брендинг. отношения между потребителем и брендом // *Научные труды SWorld*. 2016. Т. 4. № 2 (43). С. 67-70.
6. Белоусова Д.А., Горянинская О.А. Исследование подходов к позиционированию молочной продукции // *Экономическое развитие региона: управление, инновации, подготовка кадров*. 2014. № 1. С. 22-27.
7. Беляева Е.А. Брендинг вчера и сегодня // *Economics*. 2016. № 8 (17). С. 23-26.
8. Бобриков О.В. Функции маркетинга в новых экономических реалиях [Текст] /О.В. Бобриков // *Маркетинговые коммуникации*. – 2015. -№1(85). С.58-64.
9. Бове К., Аренс У. Современная реклама. – Тольятти: Издательский дом Довгань, 1995. – 704 с.
10. Бондаренко В. А., Дудла Н. В. Совершенствование маркетинговой стратегии, реализуемой на развиваемом рынке фирмой ООО «Интерпроф» // *Концепт*. – 2015. – *Современные научные исследования: актуальные теории и концепции*. Выпуск 3. – 2015.. – ART 65082. – URL: <http://e-koncept.ru/2015/65082.htm>. – ISSN 2304-120X.
11. Бондаренко В. А., Миргородская О. Н., Дудла Н. В. Анализ стратегии фирмы на примере ООО «Интерпроф» // *Концепт*. – 2015. -*Современные научные исследования: актуальные теории и концепции*. Выпуск 3. – 2015.. – ART 65074. – URL: <http://e-koncept.ru/2015/65074.htm>. -ISSN 2304-120X.

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ «ШАРИЯТ-УЛ-ИСЛАМ» ЕҢБЕГІНЕ ДІНТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ**

**Мәліков Н.**

*«Дінтану» мамандығының курс 2 студенті*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекші: Қаңтарбаева Ж.У*

*PhD, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Бір Аллаға сиынып,

Кел балалар оқылық. бұл өлең жолдарын білмейтіндер жоқтың қасы. Ыбырай Алтынсариннің бұл өлеңін жаттамаған бала бар ма екен? Шынында да білімге оқуға шақырудың бастауы, ән ұраны іспетті. Ыбырай Алтынсариннің атқарған істері бүгінгі еліміздің білімінің негізі, мектебінің бастауы. Қараңғы қазақтың май шамы немесе білім жолының бастауы десекте артық айтқанымыз емес. Мейлі ұстаздық жолы болсын немесе дін жолы болсын.

Ыбырай Алтынсарин мектеп ашқан кезде, балаларға арналған оқулықтар мүлде жоқ болатын. Алғашқы ұстаз, әрі сол мектептің негізін салушы болғандықтан қысқа-қысқа әңгімелер мен өлеңдер шығара бастайды, орыстың атақты жазушыларының мысалдарын аударды. Бір уыс мақта», «Тәкәпаршылық», «Әдеп» «Түлкі мен ешкі», «Сауысқан мен қарға» мысалын аударды. Л. Толстойдың «Мұңсыз адам», «Данышпан қазы», «Үш ұры», «Жақсылыққа жамандық», «Жаман жолдас» т.б. мысалдар аударған болатын. Қараңғы қазақ қауымына озық мәдениетті елдердің үлгі – өнегесін көрсету, Отанды сүюге тәрбиелеп, сонымен қатар еңбекті сүю және қадірлеу-Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбына айналғанды. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларда халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді.

«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі арқылы елді отырықшылыққа, егіншілікке үгіттейді. Негізгі түйіні Сейітқұлдың барлық іс – әрекетін жазушы өмірге жаңаша талап жасап, отырықшы болуға, тіршіліктің пайдалы түріне көшуге ұмтылған адамның бейнесін береді. Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» кірген өлеңдерінде де халық-ағарту идеясын көтерді. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінде ақын, бір жағынан жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екенін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді. Осы орайда Ыбырай Алтынсариннің сөзсіз ұлтышылдығы, ұлттың болашағы үшін жасаған нық жоспары мен әрекеттері көрінеді.

1883 жылы Ыбырай Алтынсариннің Кеңес үкіметі тұсында көп айтыла қоймаған тағы бір кітабы басылып шыққан болатын. Ол – «Мұсылмандық тұтқасы». Бұл кітапта ағартушы дүмше молдаларды аяусыз сынайды. Мұндай сын молдалардың тарапынан жауапсызда қалмаған. Отаршылыққа, шоқындыруға қарсы күрескен, қазақ тілін, білім мен ғылым тіліне айналдырған Алтынсарин туралы «орысшыл, отаршыл, шоқынған» деген қауесет әңгімелер таратыла бастайды. Ақынның болыстыққа таласқан туыстары оның үстінен арыз жазады. Билік мектептеріне шүйліге бастайды. Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлының бір шумақ өлеңі еске түседі.

Қинамайды абақтыға жапқаны,

Қиын емес, дарға асқаны, атқаны

Маған қиын осылардың бәрінен,

Өз ауылыңның иттері үріп қапқаны....шынында да өз басын күйіттеудің кесірінен қаншама арыстарымыздан айырылды.

Ы.Алтынсариннің діни іліміне келер болсақ, өз қолымен жазған хаттар сөйлемек. Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында: «Күлсеңіз, күле беріңіз, мен кейбір оқытудан бос уақыттарда оларға ресми түрде молда болып та қоямын, сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын», – деп келтіреді.

Орыс мұғалімінің қазақ балаларына інжіл мен оның парыздарын уағыздағанын естіп, оған өзінің қарсы екенін білдіріп, ренішін осылай хатпен жазып жеткізген.

Біздің бір байқайтынымыз Ыбырайдың дін жөніненде сауатты болғандығын, мұсылман қазақ балалары үшін уайымдайтыны көрінеді.

Тек бұлай қамқорлық көрсету аздық ететінін білді. Және сол оқылықтың орынын толтыру үшін «Мұсылманшылдықтың тұтқасы» («Шариятул-ислам») атты оқулық жазып, 1883 жылы Қазан қаласында бастырып шығарған. Ия шынында бұл кітап тарихынан көшпелі болған, амалсыздан отырықшылыққа көше бастаған халыққа Ислам таңсық болды ма?

Әлде рухани шөлдеген елге қуаныш болды ма? деген сұрақ ойға келеді.

Әрине қуаныш болары анық.

«Шарият-Ул-Ислам» еңбегі өз заманындағы дінді түсіндіруші теңдесіз кітап. Ақидасын анықтап, бес парызды түгендеп қана қоймай, қазаққа қажеттісін ашып көрсеткен. Ондағы тақырыптарыда, тіліде сол орта үшін түсінікті етіп жазылған. Кітап парыз, сүннет, намаз, зекет, хаж (қажылық) сынды тақырыпты көтерді. Құлшылықтағы дұғалардың қазақша мағынасында келтірген. Қазіргі таңдағы біздің сөздерімізден ерекшеліктер байқауға болады. Мысалы Ұжмақ (жұмақ), Тамұқ (тозақ) асхаб (сахаба), Фақыр (пақыр), Жамиғ (имам) т.б терминдерді байқаймыз. Және иман турысында былай дейді-» Ей, дін-қарындастарымыз, бізге ең әуелі керегірек іс – сол, әуелі білмек керек немен мұсылман болатынымызды. Мумин мұсылманның мұсылман аталуы құр мұсылман киімін киіп, мұсылман арасында жүргеннен емес. Әуелі иманды болып, ол иман деген не екеніне түсініп, түсінген соң сол иман ішіндегі сөздерді шексіз шын көңілмен дұрыс деп білген кісіні мұсылман деп атайды. Соның үшін Құдай тағаланың пенделеріне парыз еткен парыздарының ең әуелі иман болса керек. Иманнан соң дін ғылымы дүр», – деп жазады. Аңқау елге арамза молда сөзін алғаш жазғанда Ыбырай атамыз болар ау. Нәпсісіне жақпаған молдалардың жасаған әрекеті, отарлыққа бастаған патша үкіметі Ыбырайды ғана емес, қазақтың маңдайына біткен қаймақтарын тұсаулағаны мәлім. Ендігі қайтпек керек. Абайдың ”Бірінді қазақ, бірін дос көрмесең істің бәрі бос” - деген нақылды кеше мен бүгінге айтылғандай.

Ұлтымыздың ұстазына Ыбырай Алтынсаринға 180 жыл! Алашымыздың ардақтысы жатқан жеріңіз жайлы болсын! Ұрпаққа қалдырған еңбектеріңіз жадымыздан өшпек емес..!

Алғашқы ұстаз, Алашқа ұстаз-Ыбырайым,  
Есімің алтын әріп жасырмаймын.  
Жанын берген бағбандай бақшасына  
Сендегі кең жүректі мойындаймын.

Ескегім, ақ желкенім тұсбағарым  
Қазаққа бердің бағыт елге мәлім  
Салған ізің тарихта сөйлегенде  
Алады таласқанда тақтың тағын.

Алып бірге кетпейсің деп бар жиғанын  
Бәдәуиге дін үйреткен Әй! имамым  
Парызы мен сүннетін аудармалап  
Кәләмін, шариятын бір Алланың.

Сынға алып арамза молдаларды  
Өлеңіне тұздық қып, жөнге салды  
Жылуы болған менен қара түтін  
Шығаратын кейде бітеу моржаларды.

Пайдасына күйіттеп дінді бұзып  
Болған ғой қай жерде де есті бұзық  
Кәлләсіне дұрыстап түсу үшін  
Ыбырайға қою керек беріп шыбық.

Патшаның жарлығына қарсы болса  
Түседі басың жерге тепкен допша  
Заманның қулығына қарамастан  
Ыбырай шалып жықты тазыларша.

Мектеп ашса арасында дін үйретіп  
Дінсіздерді алатын дірілдетіп  
Хат жазды досына да, бастықтарға  
Қуанды, қапа болды түндері өтіп.

Аңсаған оның күні, бүгінгі күн  
Дінің бар, білімде бар есті бүтін  
Ыбырайдың мерей тойын тойламасаң  
Қазақтың қазақ деген атына сын..

Карантин қолды байлап дертіменен  
Тез бітсін,табылсыншы шипасымен  
Алла жазса тезірек той бастайық  
Ыбырайдың 180жыл тойыменен!

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – А.,1991.  
Катаринскийге жазылған хатынан үзінді  
Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. – А.,1965.

## ДІНИ БІРЕГЕЙЛІК

*Мұхаметханова Г.*

*«Дінтану» мамандығының курс 4 студенті*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекші: Альджанова Н.К.*

*PhD доктор, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Діни бірегейлікті жыныстық, әлеуметтік тап пен этникалық ерекшеліктермен қатар әлеуметтік айырмашылық ретінде қарастыруға болады. Жоғарыда аталған категориялар сияқты, дін көбінесе дифференциалдау, әлеуметтік өзара әрекеттесуді құрылымдау, әлеуметтік орналасуға әсер ету және әлеуметтік шекараларды құру осін білдіреді. Дін дегеніміз – қауымдастық мүшелері бөлісетін наным-сенім, оның ішінде құрмет пен ғибадат сезімімен, сондай-ақ ғұрыптық іс-қимылдармен қаралатын рәміздер. Барлық діндерде табиғаттан тыс жаратылыстарға сену жоқ. Дін мен сиқырды ажырату қиын болғанымен, көбінесе сиқырды қоғамдық рәсімдердің фокусына айналдырудан гөрі инди түрлері жасайды деп санайды. «Дін» ұғымының өзі өте күрделі және көп қырлы, ол әртүрлі аспектілерден тұрады. Мысалы, Б.Линкольн осы терминнің мағынасына тән әр түрлі функцияларды ескеру үшін «дискурс», «практика», «қауымдастық» және «институтты» қамтитын анықтама ұсынады. Алайда, басқа да бірқатар анықтамалар бар, олардың кейбіреулерінде ойлар мен сенімдерге көбірек көңіл бөлінеді (М. Вебер), басқаларында – іс-қимыл мен рәсімге (Э. Дюркгейм). Діни сәйкестілік – қоршаған адамдармен (жеке деңгейде) рухани корреляцияның және қоршаған қоғаммен (макроәлеуметтік деңгейде) өзара байланыста бүкіл қоғамның өзін-өзі анықтауы мүмкін тәсілдерінің бірі. Бұл әрқашан руханияттың «басқа» контекстіне қатысты «біреудің» рухани бағдар әлемін жүзеге асыру тәсілі. Хаммонд, Дюркгеймге сілтеме жасай отырып, дін – бұл өмір сүру мәнерін еріксіз қабылдауға қолайлы жағдай туғызатын әлеуметтік жағдайлардың туындысы, әсіресе топқа мүшелікке өту нәтижесінде пайда болғанын атап өтеді. Мысалы, адамдар ритуалдарға, рәсімдерге қатысу, көзқарастар жүйесін немесе белгілерге қатысты бағдар мен мінез-құлықты ұстана отырып, өздерінің бірлігі мен тиесілігін сезіну үшін жасалады. Заттар қасиетті деп қабылданады және оларға қорқыныш пен таңдану сезімімен қарайды. Бұл көзқарас Дюркгеймнің кейсті зерттеуі үшін материал болған австралиялық аборигендердің жұмыс принципі мен жұмыс режимін дәл көрсетеді. Дюркгейм доктринасын мұқият зерттеу оның сеніміне күмән тудыруы мүмкін. Біріншіден, қазіргі қоғам қаншалықты көп жылдар бұрын Австралияның ауылдық жерлеріне ұқсайды? Екіншіден, Дюркгейм сипаттаған дін қазіргі заманғы дінге қаншалықты ұқсайды? Басқа нәрселермен қатар, өткеннің әлеуметтік ортасы қазіргі әлеуметтік жағдайларға онша ұқсамайды, ал өткен кездегі Дюркгейм қолдайтын дін біздің заманымыздың діндеріне қашықтан ғана ұқсас. Осы аспектілерді ескере отырып, Дюркгеймнің қазіргі қоғамдағы практикалық емес теориясын жоққа шығаруға болатын сияқты. Дін мен этностың сәйкестендірудің маңызды детерминаторы бола алатындығына қарамастан, қазіргі дәуірде осы екеуінің сәйкестіктің қалыптасуына әсері бұрынғыға қарағанда азырақ таралған және күшті болуы мүмкін. Мұнда дін мен сәйкестіліктің өзара байланысы жастардың сәйкестікті қалыптастырудағы ізденістерін ескере отырып қарастырылатын болады. Жастар біріктіру бірлігімен күресуге көбірек бейім, өйткені олар үнемі өзінің жеке басын, өзінің «Менін» іздейді. Негізінен, жастар өкілдері осы психологиялық жолдан өзін-өзі басқару тәжірибесін шоғырландыру және түсіну, өздерін байланысты, кәсіби, техникалық және әлеуметтік рөлдерді анықтау және байланыстыру жолымен өтеді. Жастар үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік және саяси ортамен кездесетін мәдениетте жеке тұлғаны қалыптастыруда дін маңызды рөл атқарады. Трансценденталды мағына мәні діни ұстанымнан туындайды, жастардың жеке басы мен әлауқатын дамыту үшін маңызы зор. Дін әлеуметті өмірге қатысты қызықтыратын және жастарға қатысты болуы мүмкін қиын сұрақтарға нақты жауаптар мен шешімдер бере алады. Дін мен сәйкестілік мәселелеріне арналған әдебиеттер аз. Алайда, осы саладағы бірнеше зерттеулердің мәліметтері діннің жеке тұлғаны қалыптастырумен байланысты екендігін көрсетеді. Х.Абрамсон кейбір жағдайларда дін этникалықпен теңестіріледі деп айтады, бірақ бұл барлық этникалық топтарға қатысты емес. Мысал ретінде ол амиш, мормон, хуттерит және еврей топтарын келтіреді – олар дін мен этностың тікелей байланысын көрсетеді. Бұл берік байланыс діннің жоқтығын ескере отырып, этникалық топтың өмір сүруін тоқтатуы ықтимал екендігін көрсетеді. Кейбір жағдайларда дін этностың қалыптасуында маңызды рөл атқарады, бірақ оның негізгі әсері басқа да негізгі факторлармен, мысалы, шығу тегі бірегей территориямен және мүмкін ерекше тілмен сұйылтылған. Сондай-ақ, православие гректері немесе голланд протестанттары осындай корреляцияның мысалы бола алады. Басқа жағдайларда, этностың дінмен байланысы шынайы, бірақ дін этникалық бірегейлікті қалыптастыру процесінде аз рөл атқарады. Жоғарыда келтірілген дәлелдер дін мен этностың байланыстың беріктігі бойынша әр

түрлі болуы мүмкін екенін және олардың арасындағы қарым-қатынастың әртүрлі дәрежесіне әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Этникалық және діни жаңғырудың шынайылығы туралы пікірталас осы күнге дейін тұжырымдар негізінде жалғасуда.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. 750 определений религии: история символизаций и интерпретаций: монография / под ред. Е.И. Аринина. Владимир, 2014. С. 116.
2. Lincoln B. Holy terrors: thinking about religion after September 11. Chicago, 2006. P. 5–7.
3. Stark R., Glock C.Y. American piety: the nature of religious commitment. Berkeley, 1968.
4. Ляшова С.А., Нагой А.А. Религиозная идентичность в современной культуре // Вестник Адыгейского государственного университета. 2009. Т.1, No 1. С. 221–225.
2. Erikson E.H. Youth: fidelity and diversity // Erikson E.H. The challenges of youth. Garden City, N. Y., 1965. P. 1–28.

## ӨНЕР ӘЛЕМІНДЕГІ МЕН: ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ ВИНСЕНТ ВАН ГОГТЫҢ ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

**Набиева Н.**

«Мәдениеттану» мамандығының 3 курс студенті  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Ғылыми жетекшісі: Фабитов Т.Х.  
филос.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Сіз «өнердің» не екенін білесіз бе?

Егер өнерді сезінсеңіз, өзіңізді «өнер әлеміне тиесілімін» деп, өз орныңызды айшықтай аласыз ба?

Бұл сұрақты жалпылама қоюдамын. Ал өзім жауап берер болсам, алдымен, өнер мен адамның ертеректен егіз ұғым ретінде қабылданып келе жатқанын айту керек шығар. Сондықтан да, адам әрдайым өнер әлемінің маңызды бөлшегі деп қарастырылады.

Алайда, адамның дүниетанымы мен қабылдау қабілетіне орай өнерді бағалауы да әртүрлі болып келеді. Өзімді негізге алатын болсам, «Өнер әлемінің адамысың ба?» сұрағына, «Әрине» дер едім. Субъективті пікірім бойынша, мәдениет мен үшін әрдайым өнердің әсем де асқақ түрі еді. Осы орайда өнердің қыр-сырын ұғыну үшін әр жанрына, әр жарқын өкіліне бет бұратынмын. Құдайдың берген сыйы болар, атамнан маған сіңген қабілет болар, бала кезімнен сурет өнеріне қызығып, бөлмемді сан түрлі суреттермен толтырып қоюды жаным сүйетін. Өсе келе, интернет платформаларында, әсіресе Instagram және Youtube желісінде сурет салу видеоларын, атақты суретшілердің картиналарын зерттеп отырамын. Мектеп қабырғасында сайыстарға қатысып жүрген мен «Мәдениеттану» мамандығына түсіп, өнерді, мәдениетті, өзіме ұнайтын сурет салу түрін зерттеу мүмкіндігіне ие болдым. Осы процесс ретінде, өзімнің университет қабырғасында алған білімімді айтқым келіп отыр. Мен бірінші күзгі семестрімнің төрт айында көп нәрсені үйрендім. Өнер тарихына қызығушылық танытқан біздің оқытушыларымыз өз жұмысын өте жақсы атқарды. Антикалық дәуірден бастап, бүгінге дейін өнер атаулының түр өзгерістеріне шолу арқылы, оның түрлеріне де жеке-жеке тоқталудамыз. Өзімді баурап алып, сол әлемде тұрақты еткен – сурет өнерінің әлемі.

Сурет салу барысында адам қоршаған ортаны бақылауға, көргендерін және сезінгендерін ойша талдауға дағдыланады емес пе? Өзім де суретшінің ұрпағы болғандықтан ба, әр кез осы әлемге тартып тұрады. Сондықтан енді мен басқа адам ретінде осы әлемге еруге тырысудамын. Сурет салу жанрлары мен стильдерін, түстерін, оларды қайда және қалай пайдалану керектігін ажырата алуды меңгердім. Автордың өзі сияқты терең ойланып, арт-нысанды сезінуге тырысу процесінің өзі ықыласты арттырады.

Өнер әлеміне енуіме әлбетте бірегей суретшілер де көмектесті. Суретші – визуалды образдар тілімен қоғаммен тілдесетін жандар. Олардың атақтылығы мен сұранысқа ие болуы тек талантының жемісі ғана емес, аудиториямен байланысы, сезіне алуында да жатыр. Менің талғамымдағы мені шабыттандырған қылқалам шеберінің кім екенін білесіз бе? Бәлкім, көбісі оны ұлы постимпрессионист ретінде таниды, ал кейбіреулерінің ойынша, ол есінен адасқан, терең бақытсыздыққа ұшыраған адам еді. Отбасы мүшелері Винсентті “қызық әдеттері бар”, тіл табысуға қиын бала ретінде естеріне алады. Ал отбасынан тыс Винсент мінезін өзге жағынан көрсетті – сөзге сараң, момын әрі ойшыл болды. [1]. Суретшінің өз айтуы бойынша: «*Өз жүрегім мен жан-дүниемді жұмысыма салдым, бірақ процесс кезінде ақылымды жоғалттым. « , « Жұмысым үшін өмірімді бердім, оның да құны – ақылымның жартысы еді.»*» Ван Гог он жылдай ғана осы өнермен белсенді айналысса да үлкен еңбекқорлықпен екі мыңнан аса өнер туындыларын, оның ішінде 930 картина, 1100 сурет, кескін-нобайларын дүниеге әкелді. Алайда, көрермен Ван Гогтың суреттерінің қуанышында болмады, суреттері сатылмады, танылмады. Сонда да ол қылқаламы мен кенебін тастамады. Ван Гог жұмыстары өнерден тыс қалды деп ойлап, кедейлікте қайтыс болды. Алайда бүгін оның есімі-постимпрессионизм дәуірінің символы, ал суреттері рекордтық ақшаға сатылды.

Винсент Виллем Ван Гогтың туындылары маған ерекше ұнайды. Олардан автордың сезімдерін байқауға болады. Мысалы, «Жұлдызды түн», «Ронадағы жұлдызды түн» туындыларынан автордың табиғатқа деген тамсанысын көрдім. Ван Гогтың айтуы бойынша да: «*Өнер – адам + табиғат.*» Қылқалам шеберінің өнерге құлшынысы мен табиғатты бағалауы соншалықты, кейбір табиғат көрінісінің ойдан құрастырылғанына сенбейсің. Мысалы, «Жұлдызды түн» – автордың ең атақты картиналарының бірі. Бұл картина Ван Гог Сен-Реми-де-Прованста тұрған кездегі бөлмесінің шығыс терезесінен қарағандағы көріністі береді, оның ішінде жарық алдындағы аспан, сондай-ақ ойдан шығарылған ауыл, кипарис ағаштары.

Суретші әлеміндегі тағы бір маған ұнайтын жағы бар: Ван Гогтың символдармен ойнау, сол арқылы көрермендермен тілдесуі ғажап. Осы туындысында кипарис ағашының бейнеленуі текке емес. Көптеген елдерде кипаристер өлгеннен кейінгі өмірді, мәңгілікті бейнелейді және аспанға ең қысқа жол табуға көмектеседі. Бұл жерде бұл ағаштар бірінші жоспарға шығады, олар – суреттің басты кейіпкерлері. Мұндай құрылым жұмыстың негізгі мәнін көрсетеді: адамның жаны (мүмкін, суретшінің жаны) аспанға да, жерге де тиесілі. Кипарис бұтақтары, жалын тілдері ретінде, жоғары ұмтылуда. Бұдан автордың асқақтығын, әрі сол бір кипарис тәрізді тамырының терең екенін, шын мәнінде берік екенін көрсеткісі келді деп ойлаймын. (*«Мен адамдарды өз өнеріммен жақындатқым келеді – олардың менің терең сезініп, нәзік ойлауымды білгенін қалаймын»*)

Иә, осыдан-ақ, барлық өзге өнер әлемінен (мәселен, музыка, киноиндустрия, архитектура) арт әлеміне көп көңіл бөлетінімді байқаған шығарсыздар. Кей кезде отырып ойлансам, бірнеше жыл бұрынғы мен, метро станциясының немесе үйлердің қабырғасындағы кескіндерге, жаңа ескерткіштерге, муралдарға немесе фотосуреттерге мән бермес едім. Көрмелер мен мұражайларға мүлдем аяқ баспас едім. Ал қазір, жаным осыны іздеуде. Себебі, **өнер әлеміне бір енген адам бұл атмосферадан еш шыққысы келмейді.** Өнер адамды емдеуші іспеттес. Тіпті, антика дәуіріндегі Грекияны алып қарасақ та, халық ол кезде «катарсис» процессін ойлап тапқан, яғни, жан мен рухтың өнер мен сезім арқылы тазаруы. (Ван Гогтың ойынша да, *өнер – сенің сезінуің мен қабілетің арасындағы темір қабырға, ал одан өту – өзіңе байланысты. Ішкі дауысыңды тыңда. Егер ол саған «Қолыңнан ешнәрсе келмейді» десе, ол дауыс өшуіне дейін ісіңді жалғастыр.*) Меніңше, бұл құбылыс қазіргі таңда да байқалады. Өмірден түңілген кездерде немесе көңіл-күй түсіңкі болған жағдайларда, қолыңа гитара алып, бір шерткеннің өзі, сол басыңнан өткен көптеген ауыр кезеңдерді кішкене болса да ұмытуға мүмкіндік береді. Ал оның өзі қандай керемет дүние. Адамның бойындағы дарын, талант деген осы ғой. Бірақ жаңсақ пікірдің қалыптасуына жол берілмеу керек: өнер – тек қана белгілі бір аспапты игере білу дегенге шектеліп қалу емес, өнер – жан-жақты болу демек. Асылында, өмірде барлығы өнер сияқты. Адамгершілік қасиетті сақтап жүру, адамдармен жақсы қарым-қатынаста болудың өзі, тіпті ауыр хабарды біле тұра, өзге жанға жеткізудің өзі – өнер. Сіздің іс-әрекетіңізді, киім кию үлгіңізді, сөйлеу мәнері мен жүріс-тұрысыңызды бөлек өнер түрі деп қарастыруға болады деп ойлаймын. Біреуді жақсы көруіңіз, эмоциялар білдіруіңіз секілді ішкі сезімдер мен талғамдар – өмірлік қатынастарды көрсете білудің өзіндік көркем түрі. Сіздің күлкіңіз, дауысыңыз және жеке тұлға ретіндегі болмысыңыз, арман-қиялыңыз, сенімдеріңіз, үйіңізді қалай безендіруіңіз бен тағамды қалай жасауыңыз – барлығы өнер. **Өмір – бұл өнер.**

Ал мен адамдарға осы өнерді ерекше көркем түрде жеткізгім келеді. Өзгелерге өнердің маңызын сезіндіргім келеді. Ол үшін, әрине өз ісімнің шебері болып, өнер әлеміне тамырымды терең жіберуім керек. Өз ісімнің сарапшысы болу үшін және халық игілігі мен оның мүддесі үшін жұмыс істеп, Қазақстанды дамыту – біздің қолымызда. Себебі елінің қалаулы азаматы болып, оның гүлденуіне үлес таныту баршаның арманы емес пе еді? Ал өнер әлемі жас талғамайды: барлық талапты, өнер сүйер жастар қашан болса да тыңдарманның, көрерменнің жүрегінен орын тауып, ыстық ықыласқа бөленеді.

Аталғандарды терең ой елегінен өткізу барысында, өзімнің бойымдағы өзгерістерді байқауға тырыстым. «Егер мен осының бәрін өткен төрт ай ішінде қабылдап, ой-өрісімді дұрыс арнаға бұрып, өзгерсем, менің келешектегі толық төрт жылдық оқу процесі қалай болмақ?» деген ой маған әрі күш-жігер беріп, алға жетелесе, бір жағынан қобалжытуда. Бірақ соған қарамастан «Өнерлі адам – өрге жүзеді», – демекші, өнердің құдіреттері арқылы әрқашанда биік шыңдарды бағындыратынымызға еш күмән жоқ екенін ұмытпаңыздар!

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Винсент Ван Гог, цитаты <https://ru.citaty.net/avtory/vinsent-van-gog/>
2. PSYCHOLOGIES мақалалар топтамасы
3. Дмитриева Н. А. Винсент Ван Гог. Человек и художник. – М., 1980.
4. Ревалд Дж. Постимпрессионизм / Пер. с ағылш. – Т. 1. – Л.—М., 1962.
5. Перрюшо А. Жизнь Ван Гога / Пер. с франц. – М., 1973.



## ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ДІНШІЛДІК ПРОБЛЕМАЛАРЫ

*Назарбай Т.*

*«Тарих» мамандығының курс 2 студенті*

*Шет тілдер және іскерлік карьера университеті*

*Ғылыми жетекші: Танирбергеннова Р. К.*

*аға оқытушы, Шет тілдер және іскерлік карьера университеті*

Дін қоғам өмірінің рухани дінгеі. Ол қоғаммен бірге жасасып келеді. Өзінің тарихы бар, ерекше әлеуметтік институт. Бүгіндері әлем халқының 84%-ы бір дінді ұстанса, Қазақстан Республикасы халықтарының 85%-ы дінге сенеді.

Қазіргі кезде дінге бет бұрушы жастар қатары көбеюде. Ол еліміз егеменді ел болып демократиялық үдерістер жүргізіле басталғалы дін саласында едәуір өзгерістермен 86 байланысты еді. Діни бірлестіктердің саны күн санап артып, дәстүрлі діни конфессиялардың өсуімен қатар, елімізде бұрын болмаған діни ағымдар да пайда бола бастады. Өкінішке орай, сол сырттан келген жат кертартпа діни ағымдардың жетегінде қылшылдаған жастарымыздың кеткені жасырын емес.

Біз жастар діншілдігінің екі тұрғыда, бағытта қарастыруды жөн көрдік: 1) діншілдіктің жастарға берер жағымды жағы; 2) көзсіз діншілдіктің жастар үшін, қоғам үшін қауіпқатері жағын.

Жастарымыздың дінге бет бұруының қоғам үшін, жеке басы үшін пайдасын да айтуға міндеттіміз. Өйткені, ол иман ұялатады, ондай жерге ырыс, береке дариды. Ислам дініндегі бес парыздың бірі бес уақыт намаз оқу арқылы соның ішінде жастар тазалыққа тәрбиеленсе, екінші парыз Рамазан айында ораза ұстау арқылы шыдамдылыққа шынығады. Ал, үшінші парыз зекет беру арқылы жас адам жомарттыққа үйренеді және жер бетінде сәл уақытқа болса да бай мен кедей атаулысы теңеледі.

Жастар қашанда қоғамның қозғаушы күші. Сондықтан, мемлекет Қазақстан жастарының рухани дамуына, діни ұстамының айқын болуына ерекше мән береді.

Әлемдік діндер саналатын ислам мен христиан діндерінің өзі толып жатқан бағыттар мен секталарға бөлініп жатыр. Онымен қоймай елде бұрын соңды болмаған жаңа діни ағымдар немесе дәстүрлі емес діни ағымдар жағдайды ушықтырып отыр. 1991-2011 жылдар аралығында Қазақстандағы діни ағымдардың саны 671-ден 4551-ге жетіп, 6 есе ұлғайды. Халық санағы нәтижесінде тұрғындардың 97%-ы белгілі бір дінді ұстанса, қалған 3%-ы дінге сенбейтіндер болып шықты. Соның ішінде Қазақстан халқының 70,2%-ы мұсылмандар, 26,3%-ы христиандар, 0,1%-ы буддистер, 2,8%-ы ешқандай дінге сенбейтіндер, 0,5%-ы жауап беруден бас тартқан. [1,338б].

Бүгінгі күні діншілдіктің діни мәдениеттің қалыптасу қарқынынан озып кеткенін байқаймыз. Бұл өз кезегінде радикалды идеологияның қалыптасуына ықпал етеді. Ал радикалданудың салдары жақсылыққа апармайды. Сондықтан, діндарлықтың тым жылдам өсуі қауіп-қатерлер әлеуетін арттыруына мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Десек те жастардың теріс діни ағымдарға тартылуының негізгі себептерін саралап өту соның негізінде қазіргі уақытқа дейін зерттелген мәселелер мен жаңаша көзқарастардың да қалыптасып үлгергенін байқаймыз. Зерттеу қорытындылары көрсеткендей, жастарды адастыратын теріс діни ағымдардың, олардың жас ерекшеліктерін ескеріп, қолданылатын арнайы айла-әдістері бар екені көрсетті. Олар: адастыратын ақпаратқа толы интернет пен әлеуметтік желілердің санын арттыру, санаға жеңіл ғана фанатиктік қуаты мықты теріс діни әдебиеттерді көптеп шығару, санаға жеңіл діни догмалар мен шаблондардың тартымдылығын арттыру және насихаттау, әлеуметтік мұқтаждықтары бар жастарды қаржылық ынталандыру, психологиялық тартымдылық арқылы теріс ортаға бейімдеу, отбасындағы махаббаттың жетіспеушілігі мен діни қызығушылығын оңтайлы пайдалану, жастардың бойына діншілдік психологияны діни мәдениеттен арттыра насихаттау, әлеуметтік қиындықтарының эмоцияларын жалған діни догмалар арқылы шығаруға итермелеу, психологиялық күйзелістер шеңберінде жүрген жастарға демеу болу деген секілді бірқатар діни-психологиялық әрі әлеуметтік мәселелер. [2,877б].

Сонымен қатар, бұл мәселелердің саяси жақтары да өз алдына бөлек дүние.

Еліміздегі мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы 2009 жылы 18-30 жас аралығындағы жастардың арасында туындайтын діншілдік проблеманың себебін білу үшін сауалнама жүргізген болатын. Сауалнама бойынша «Сіздің өміріңізде дін қандай рөлге ие?» деген сұраққа жастардың 34,7%-ы «өте маңызды», 32%-ы «өте маңызды емес», 10,5%-ы «рөлі жоқ», 19,9%-ы «жауап бере алмаймын» деп жауап берген. «Дінді қай тұрғыда қарастырған дұрыс?» деген сауалға 18,6%-ы «адамгершілік, мораль тұрғысынан», 19,6%-ы «философиялық дүниетаным тұрғысынан», 5,8%-ы «ерекше психологиялық құбылыс тұрғысынан», 56,1%-ы «жауап бере алмаймын» деген екен. [1,340б].

Мемлекет жастарды теріс діни ағымдардан қорғау жолында қандай шараларды жүзеге асыруда. Енді сол мәселеге тоқталсақ.

Өзекті мәселелердің бірі интернет мәселесі. Бұл тұрғыда интернеттегі теріс діни ағым идеологияларына шектеу қою жұмыстары жалғасып келеді. Дегенмен мемлекет интернетке мүлдем тыйым сала алмайтыны белгілі. Осыны пайдаланған теріс діни ағым менеджерлері интернеттегі жұмыстарын жалғастыратынын ескере келе, жастарға интернетті талғаммен пайдалану қажеттігін ескертеміз.

Сонымен қатар, қуаты мықты теріс діни әдебиеттердің санаға жеңіл діни догмалар мен шаблондарының тартымдылығын жою мақсатында бірқатар сараптама жұмыстары жалғасып келеді.

Мемлекет тарапынан дәстүрлі рухани құндылықтарды насихаттау жұмыстары үздіксіз жалғасып келеді. Ал, тәрбиелік мәселелерде мемлекет тарапынан өнер, қоғамдық салалы мекемелер арқылы жаңаша жолдарға ден қойып, қоғамдық институттар арқылы жастарды тәрбиелеу жолдары іске асырылып келеді. Тарқатып айтсақ, кино саласындағы тарихи-рухани туындылар, театр сахнасындағы қоғамдық тәрбиеге үн қосатын көрсетілімдер, тәрбиелік мазмұндағы еңбектер мен газеттер, интернет пен әлеуметтік желілерде тәрбиелік мәні зор парақшаларды тапсырыспен ұйымдастыру, рухани танымдық кештер мен іргелі іс-шараларды жүзеге асыру жалғасып келеді. Дегенмен бұл бағытта ата-аналардың тәрбие саласына аса мән беру керектігін үндейді. Неге, өйткені әр ата-ана өз балдарының тәрбиесіне аса мән беріп, отаншылдық бағытта тәрбиелесе, ол баланың болашақта игілікті істер идеясымен өмір сүретіні белгілі. Шығыс тәрбиесінде білімді әрі иманды ұрпақ тәрбиелеу үшін «баланы аз материалдық дүниелермен қанағаттандырып, көп уақыт бөлу керектігі» туралы ұстаным бар. Тарихымыздағы еліміз үшін жанын пидә еткен ата бабаларымыздың тәрбиесіне зер салсақ, арғы жағында ұлағатты ата-ананың тәрбиесін байқаймыз. Сонымен себебін мазмұндай келе, аталған мәселенің салдары бойынша атқарылған мәселелерге тоқталсақ.

Салдарларымен күресуде теріс пиғылды діни көзқарастағы жастарды дәстүрлі бағытқа оңалту жұмыстары, шетелдік діни оқу орындарына ұмтылушы жастарды қадағалау бағыты, діни экстремистік және радикалдық идеяларға шақыратын істері үшін азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тарту жұмыстары белсенді түрде жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар сотталушы азаматтарды жазасын өтеу орындарында дәстүрлі діни бағытқа бейімдеу жобалары да жүзеге асуда.

Жастарды өзгеше ойлауға жол бермеу мүмкіндіктерінің бірі, ол – спорттық және өнер орындарына тарту жұмыстары болмақ. Себебі қолы бос жастардың уақытты толтырудың ермегі әлеуметтік желілердегі теріс идеяларға байлану мен топтасу арқылы заңсыз әрекеттерге ұрыну жағдайларын туындататыны анық. Сондықтан мәдени және спорттық нысандарды салу жұмыстары елімізде қарқын алды.

Келесі бір мәселе, теріс діни идеологияларды таратушыларға заңдық негізде шектеулер қою. Бұл әр бағыттағы ҚР заңдарында көрініс табады. Дегенмен қолданыстағы заңдарға толықтырулар мен өзгертулер жылма – жыл енгізіліп келеді. Себебі, радикалды идеологиялардың жас ерекшелігі өкінішке орай жыл өткен сайын жасаруда. Заңдық шектеудің негізі осы себепті болмақ. Себебі жаһандық өзгерістер барлық тарапта өзгерістер мен бастамалар жасауға итермелейді.

Жастардың теріс діни ағымдарға тартылуының өте өзекті мәселесенің бірі, ол – әлеуметтік мәселе. Данышпан Абай атамыздың көзімен қарағанда «қарны аш адамның көңілінде ар, ойында ақыл болмайтынын» бүгінгі орын алып келе жатқан діни ахуалдан көргендейміз. Дегенмен ешбір мемлекет әлеуметтік-экономикалық мәселелерімізді толық шеше алмақ емес. Қазақстанның да өзіне тән қиындықтары жеткілікті, ол мәлім жағдай және белгілі бір дәрежеде қалыпты құбылыс. Зерделі оймен зер салып қарасақ, бұл көзқарастың да мәні мен маңыздылығы орынды мәселе.

Елбасымыз Н.Назарбаев тәуелсіздік алған сәттен бастап елімізді өркендету жолында іргелі әлеуметтік реформалар жасап келеді. «Біздің басты мақсатымыз – әлеуметтік 88 қауіпсіздік және азаматтарымыздың байқуаттылығы. Бұл – қоғамдағы тұрақтылықтың ең жақсы кепілі. Нағыз пәрменді әлеуметтік саясат – ол халықты жұмыспен тұрлаулы қамту саясаты» делінген Президент Жолдауында. Ендеше, мемлекеттің жастарды әрдайым әлеуметтік әрі рухани қолдау жауапкершілігін сеніммен жүзеге асырып келе жатқанына сеніміміз мол болуы тиіс.

Қорытынды: Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты. Сондықтан діннің келеңсіз жақтарынан, ықпалынан жастарды қорғау жұмыстарының формаларын мемлекет үздіксіз жетілдіріп отыруы қажет. Ұлы Мағжан Жұмабаев атамыз: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қырағы – мен жастарға сенемін» дегендей, бүгінгі қоғам, қазіргі нарық бәсеке заманын талап етіп отыр. Жүректерінде жалыны, бойларында күштері бар жиырма бірінші ғасырдың жастары күнделікті өзгеріп жатқан өмірге, құбылыстар мен жаңалықтарға шошып қарамай,

батыстың қитұрқы өміріне еліктемей, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп» жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

#### Пайдаланылған деректер тізімі

1. Дінтану негіздері: оқу құралы/К.О.Бекшиев, Е.А.Шайхығалиев – Алматы: Альманах, 2017. – 388б.
2. Религиоведение/ Энциклопедический словарь. – М.: Академический Проект, 2006. – 1256с.
3. Дін саласындағы өзекті тақырыптарға арналған 20 сұрақ пен жауап: 1 шығарылым: Мемлекет және дін/ Құраст. К.Т.Калиханова, Е.Е.Ибраева, Д.Б.Есенова, С.Б.Оспанова, Л.В. Стефогло, А.С.Ахметбекова, Г.М.Токтарова. – Астана: «ҚР ДИА», 2014, 49 б.

## ЖАСТАРДЫҢ ЖАҢА ДІНИ АҒЫМДАРҒА ҚЫЗЫҒУ СЕБЕПТЕРІ

**Олжабай Н.**

*«Дінтану» мамандығының 4 курс студенті*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекші: Мұқан Н.*

*PhD, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

21 ғасырда, информациялық қоғамда, діни құндылықтар туралы сұрақтар бұрыннан да актуалды болып тұр. Бұл сонымен қатар, соңғы кезде жиі құрылып жатқан жаңа діни мектептер мен экзотикалық рухани практикалардың ішінен дәстүрлі діни ұйымдарды ажырату қиындыққа соғатынымен байланысты. Діни культтердің жаңа буыны өткен ғасырлардағы культтерге қарағанда мүлдем басқа психологиялық және ақпараттық жүктемеге ие. Бір кездері маргиналды топтар болған қазіргі культтер қазіргі психология, белсенді маркетинг және бұқаралық ақпарат құралдарының үлкен әлеуетін қолданатын халықаралық корпорациялар ретінде қалыптасуда. Қоғамдық әлемдік тәртіпке балама бола отырып, қазіргі заманғы культтер қоғамдағы шиеленісті тудырады.

Діни дәстүрлер ғасырлар бойы әрбір халықтың рухани өміріне үлкен әсерін тигізуде. Адамзат тарихында діннің алатын орны ерекше екені белгілі. Ежелден адам баласы өзін қоршаған ортаны танып білуде діни нанымдар мен түсініктерге сүйенген. Дін әр халықтың мәдениетінің айнымас бөлшегі. Жаңа дәуірде әлемді шырмауықтай шырмап алған әртүрлі жаңа діни ұйымдар ұлттық санасы мен мінезі, қоғамдық моралі әлсіреген, яғни, дәстүрлі дінге сенімі азайған қоғамға өз діндерін енгізуге талпынып отыр. Қазіргі кезде жастар арасында дінге бет бұрушылық күрт өсіп келеді. Бұл құбылыстың себептерін жіктей отырып, мынадай негізгі бағыттарға бөліп қарастыруға болады: жастардың өзіндік дара бейнесін көрсетуге және өз потенциалын асыруға талпыныс, жаңа ықпалдарға бойұру, өмірлік құндылықтар дінгегін табу факторлары жатады. Дінге байланысты өзекті мәселелер – діннің қоғамдағы орны, діни тәрбие, діни сауатты болу күн тәртібінен түспек емес.

Бүгінгі таңда жаңа діни ағымдарға біржақты баға беру қиындыққа соғады. Олардың бірін «либералды» деп атауға болады, олар «отқа май құймауға» шақырады және мұндай құбылыстарға ар-ождан бостандығы мен адам құқықтары лозунгтары рухында төзімділікпен қарауды ұсынады. Мысалы, А.Баркер, С.А.Бурьянов, С.А.Мозговой, В.А.Богданов және басқалар бұл ұстанымға бейім. Бірақ басқа көзқарасты қолдаушылар да бар (С. Хасен, А. Л. Дворкин, Е.Н. Волков, А.Н. Листков және басқалары), соған сәйкес жаңа діни қозғалыстар қоғам үшін қауіпті, өйткені «олар психологиялық бақылау мен сананы реформалау технологиясын қолдана отырып, адамның жеке басын және оның сыртқы әлеммен байланысын бұзады».[6]

С.А. Бурьянов ол былай деп жазады: «секта» және «тоталитарлық секта» терминдерінің өздері дұрыс емес екенін және оларды бұқаралық ақпарат құралдарында қолдану дінаралық алауыздықты, төзбеушілікті тудырады, зорлық-зомбылықтың өршуіне себеп болатындығын түсіну маңызды»

Жаңа діни ағымдардың ілімдері, алдыңғы діни дәстүрлердің аналогтарынан айырмашылығы, әртүрлі діни жүйелердің жекелеген элементтерінің жасанды үйлесімі ретінде түсінілетін эклектизм және конъюнктура, сол қоғамның шындығына бейімделу, кейбір догмалардан бас тарту немесе оларды түсіндіру сияқты жаңа идеялардың болуымен сипатталады. Әлемнің жаңа бейнесін іздеудегі жаңа діни қозғалыстар қазіргі қоғамға альтернативті дүниетанымды білдіретін утопиялық сипаттағы әлеуметтік идеяларды дамытты, жалғыз дұрыс және шынайы, қазіргі әлемді, оның дәстүрлі нормаларын, этикалық және рухани құндылықтарын сынға немесе тіпті жоққа шығаруға негізделген адамзаттың өзгеруінің өзіндік құндылықтар моделін құрды. Бұл ілімдердің негізі апокалиптикалық күту болып табылады, онда «жанып тұрған ыстық күнде» бәрі жанының ыдысынан босап, келсі өмір сатысына өтуі керек, және олардың ілімдерінің принциптері мен ережелеріне сәйкес өмір сүретіндер ғана құтқарылады деген сенім, бұл олардың ілімдері бүкіл адамзат үшін өмір салты болуы керек деген ой.

Дін психологиясының пәні діндар адамдардың психологиялық ерекшеліктерін, оның жүріс-тұрысын зерттеу және олардың діни емес адамдардан айырмашылығын айқындауға негізделеді. Діни психология екі ғылым тармағының: психология және дінтану ғылымдарының қиылысқан жері болып табылады. Қазіргі өмір сүріп отырған қоғамымыз сан алуан өзгерістерге ұшырауда. Түбегейлі бетбұрыстар экономика, саясат және рухани салаларда кеңінен орын алуда. Қалыптасқан ұғым, түсінік құндылықтар көп ретте қайта қаралып, тіпті қарама-қарсы жағымен де ұштасып отырған жағдай бар. Тоқырау кезеңіне тән рухани өміріміздің де жұтандануының бір көрінісі ретінде жалпы адамгершілік құндылықтармен етене болып кеткен діни құндылықтардан бас тартып, бойымызды аулақ салғанымыз белгілі. Тәлім-тәрбие мәселесін тек қана атеистік негізде жүргізіп, ғасырлар бойы жалпы халық

қазынасына айналған, рухани өмірге тұтастай қабысқан дінді, оның жалпы адамгершілік нормаларымен біте қайнасқан құндылықтарын түгелдей теріске шығару, адамдар арасында мейірбандық пен қарапайымдылық, кешірімділік, қамқоршылық, ар-ұят, жанашырлық, имандылық т.б. толып жатқан қасиеттерден қол үзіп қалуға дейін алып келді. Дінге байланысты өзекті мәселелер діннің қоғамдағы орны, діни тәрбие, діни сауатты ашу, дәстүрлі діндер мен дәстүрлі емес діни ағымдардың арасындағы айырмашылықтарды түсіне білу сияқты көптеген мәселелер қатарын құрайды.

Д.К. Росс пен М. Д. Лангонның айтуынша, діни ұйымдарға кіруге қатысты жеке тұлғаның осалдығына әсер ететін белгілі бір факторлар бар. Мұндай факторларға мыналар жатады: даму кезеңі, стрессті жағдай, жеке өмірбаяны және психологиялық бейімділік.[1]

Даму кезеңдерінде көптеген жасөспірімдер айтарлықтай жауапкершілік пен міндеттемелерден босатылады, себебі, отбасы мәселелері және толық жұмыс күнімен істеу ата анасының жауапкершілігінде. Тәжірибенің жетіспеушілігі көбінесе оларда аңғалдық пен идеализммен бірге жүреді, яғни жас сананы секталар ұсынған уәделер мен жеңілдетілген жауаптарға ашық қалдырады. [1]

Жастар барлық ықтимал секталар мен діндердің жетекшілері үшін үлкен қызығушылық тудырады. Әлі де қажетті білім алмаған оқушылар мен студенттер өмірдің мәнін, өзін-өзі анықтауды, олардың болашағына уәде беретін жаңа мүмкіндіктерді іздестіру үшін секталарға келеді. Деструктивті діни ұйымдардың көпшілігі жастарға бағытталған. Осылайша, секталар мен деструктивті діндерді зерттеу ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету контекстінде аса өзекті болып отыр.

Деструктивті діни ұйымдардың ықпал ету объектісі негізінен 15-30 жастағы, айқын көрінген діни артықшылықтары жоқ адамдар болып табылады. Секталар мен деструктивті діндер жетекшілерінің негізгі міндеттерінің бірі елдің саяси және экономикалық қайта құрылуы болғандықтан, олар қоғамның идеологиялық тұрғыдан қалыптаспаған бөлігіне әсер етуге тырысады, өйткені олар идеалды (олардың идеялары бойынша) адамзаттың болашағы үшін негіз табады деп үміттенеді.

Жастар арасында жаңа діни ілімдердің танымал болуына ықпал ететін екінші маңызды фактор-дүниетанымдық дағдарыс. ХХІ ғасырдың табалдырығында адамдар қалаған бостандыққа тап болды, және көптеген адамдар оны көтере алмады. Діни ілімдер жеке адамды айла-шарғы жасау әдісіне, сондай-ақ қаржылық ресурстарды алу және тиімді әсер ету тетігіне айналды. Әрине егер адам өзі саналы түрде болашағын жоспарламаса, өмірге көзқарасын өткен шақтың тәжірибесін анализден өткізбесе, мұндай» рухани мектептер « адамды моральдық тұрғыдан байытуға, оған өмірде мақсат табуға көмектесе алмайды

Көптеген адамдар бостандықты шынымен қаламайды, өйткені ол жауапкершілікті қамтиды, ал жауапкершілік көптеген адамдар үшін қорқынышты Фрейд З.

Діни ұйымдарға, жаңадан кірген мүшелерінің айтуы бойынша, онда нағыз достық, отбасылық қатынас орнайды, әрбір адам іздеген ақиқат дәл осы жерден табылады. Жаңа адам осы табынушылыққа түскеннен кейін, ол ерекше топтың психологиялық қысымын көрсету ахуалында болады. Рухани бірлік сезімін қалыптастыру үшін топтық жылы ара қатынас, бір бірін қолдау, ән айту, құшақтасу, жағымпаздану және жанасу да қолданылады. Сонымен қатар әр мүшені жас мөлшеріне қарай группаларға бөледі Яғни Жастарды қадағалайтын адам бөлек ,ал орта жастағы адамдармен жұмыс жасайтын адепт бөлек Әр адепт жаңадан келген неофиттермен қалай жұмыс істеу керектігін біледі

Осындай шектен тыс жабысқақ махаббаттан кейін, культтің болашақ мүшесінде барлығы тек «өзін» күтіп отырғандай түсінік пайда болады, өзін «ерекше жан» ретінде сезініп, онымен қарым-қатынас басқа мүшелер үшін аса маңызды құрмет деген ой келеді. Яғни жас адамның ойында өз өзін ерекше ,тандаулы сезіну ол үшін өте комфортты Оған дәлел ретінде жасөспірімдер арасында танымал кинофильмдерді ,кітаптарды да қарасақ болады Мысал ретінде Дивергент ,Голодные игры және т б фильмдер сюжеті негізінде «ерекше», «тандаулы жасөспірім» бүкіл әлемге,системаға қарсы тұруы ,оның системаны құлатуы жатады Ал жасөспірімдер өздерін сол фильмнің ,кітаптың батырының рөлімен ассоциациялайды Ал культтің құрамына қосылған кезде сондай сезім пайда болады Жоғарғы сезім, өмірінің мақсатының қандай екеніне көзі ашылғандағыдай сезімді Харизматикалық қасиеттері бар лидер адам санасына енгізеді және қоршаған адамдарынан,социумынан өз өзіне гипер қызығушылық, назар аударуды байқағанда ол адам өзін керекті сезінеді ,махаббатты сезінеді Ал егер жасөспірім ата анасынан немесе құрдастарының ортасында ортақ тіл таба алмауымен байланысты көңіл мен махаббаттың жетіспеушілігі болған болса онда культ мүшелері оның жаңа отбасына айналады деуге болады

Бастапқыда одан ешнәрсе талап етілмейді, артық сұрақ қойылмайды, еш нәрсемен мазаламауға тырысады, сондай-ақ тек осы жерде ғана аса құдіретті күшке, яғни, Құдайды танып білу бақытына ие болатыны жайлы түсінік береді.

Жаңа діни ағымдарға жастардың қызықтыру әдістері:

- Психологиялық амалдар (мысалы, «Махаббатпен бомбалау» муниттердегі сияқты; сайентологтардың қарым қатынастағы мәселелерін анықтауға арналған «оксфорддық» тесттер);
- Тегін білім беру орталықтары ( «Иегова куәгерлерінің « , «Мормондардың» тегін ағылшын тілі курстары);
- Іліммен бетпе бет таныстыру (адепттер тарататын парақшалар,тегін берілетін діни оқулықтар);
- «медициналық» практикалар (сайентологтардың есіркіден арылуға көмектесетін реабилитациялық орталықтары);
- Экономикалық пайда табатынына сендіру (коммерциялық культтер);
- Жаңа, мағынаға толы, бақытты өмірдің перспективасы.

Алғашқы көзқарасқа, көрсетілген тәсілдер қарапайым болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл тек бірінші қарағанға. Адамды алдауды сезінбеу үшін оны алдауға мүмкіндік беретін көптеген схемалар бар. Егер бұл шындыққа сәйкес келмесе, әлемде көптеген культтердің ұстанушылары болмас еді.

Миссионерлікпен айналысатын адамдар, психологиялық тұрғыдан да, тарихи тұрғыдан да едәуір білімге ие, егер олар белгілі бір қасиетті сөздердің (Құран, Інжіл секілді қасиетті кітаптардан алынған) шығу тегіне немесе әділдігіне күмәнданатын болса, хабарламаны қажетті мөлшерде дәлелдеу , толықтыру арқылы сізді оның абсолютті адалдығына сендіреді. Олардың қараңғы, білімсіз адамдар екені туралы түсінік әдетте дұрыс емес. Егер бұл шынымен болса, онда ақпараттық қоғам ғасырында олар үшін аудиторияны ұстап қалуы мүмкіндік болмас еді. Сондықтан культ көшбасшылары танымал болуға мүмкіндік беретін ең жаңа технологияларды ғана қолданады, соның ішінде жастар арасында да. Ең алдымен, олар адамның психологиялық табиғатының ерекшеліктері туралы білімді пайдаланады. Өз сеніміне тарту туралы әңгіме барысында олар мыналарды анықтауға тырысады:

- адам осы сәтте моральдық қолдаусыз емес пе;
- адамның өзін-өзі бағалау деңгейі;
- қазіргі уақытта ол маңызды таңдау күйінде емес пе;
- ол кез-келген ақпаратты немесе көмекті іздеуде ме

Егер миссионер жауаптарда өзін-өзі бағалаудың төмендігі мен сенімсіздікті байқаса, онда әдетте әңгімеден кейін кіріспе дәріске шақыру немесе ақысыз психологиялық тренинг, қызығушылық клубы және т.б. Ешқандай да жаңа дін туралы әңгіме болуы мүмкін емес. Топпен танысу процесінде адамды әлі де олардың ерекшеліктері, топ мүшелеріне қойылатын талаптар қызықтыруы мүмкін. Топта болуға және оған енуге көбірек қызығушылық танытқан сайын, адамда бұл құқық өзі үшін біртіндеп, сезінбестен, жоғалады және, әдетте, өз құқықтарынан бас тартып, жауапкершіліктерге ие болады. Оның орнына жаңадан қабылданған жақтаушыларға жаңа адамгершілік құндылықтар мен «адамдарға шынайы қамқорлық жасайтын» ұйымға мүшелік беріледі. Жаңа ортаның әсерінен адам, әсіресе жас адам, заттарға басқаша қарай бастайды, культтің басқа ізбасарларымен көп ортақтық табады. Туыстары мен достары «өткен өмірдегі» адамдарға айналады, әлеуметтік байланыстар мүмкіндігі жоғалады, адам діни ұйымға тәуелді болады.

Жеке өмірбаянның факторларын талдай отырып, Д. К. Росс және М. д. Лангон кедей ортада өсетін жастар көбінесе» көшеде өскен жеткіншектер «Культ миссионерлерінің тарту амалдарына қарсы тұра алатындығын атап өтті. Цинизм, күдік және алдауға қарсы өткір инстинктері бұл жасөспірімдерді орташа және жоғары табысы бар құрдастарына қарағанда сезімтал етеді. Діни тәрбие туралы айтатын болсақ, Д. К. Росс және М. д. Лангон бұл табыну түріне әсер етуі мүмкін, бірақ табынушылыққа қарсы тұру құралы болмайды. Жақындық деңгейі, қарым-қатынастың жиілігі мен сапасы, отбасы мүшелерінің демократиясы немесе авторитаризмі адамның культтерге деген осалдығын төмендетуі немесе күшейтуі мүмкін. Алайда культ мүшелері берік «бақытты» отбасылардан да, дисфункционалды отбасылардан да шығады.[1]

Психологиялық бейімділік факторларының арасында: психикалық бұзылулар, ұялшақтық, сенімділік, түсініксіздікке төзімділіктің төмен деңгейі, аңғал идеализм, мәдениеттегі көңілсіздік, транс сияқты күйлерге сезімталдық немесе тартымдылық, рухани мағынаға түсініксіз ұмтылыс. Жоғары осалдық факторларын талдауды аяқтай отырып, Д. К. Росс және М. д. Лангон адамның дені сау, жақсы білімді немесе бақытты болуы маңызды емес екенін айтады, өйткені кез-келген адам белгілі бір дәрежеде ашуланшақтықты, тұрақсыздық көңіл-күйін, эмоционалды шаршауды, үмітсіздікті, идеализм мен аңғалдықты сезінуі мүмкін. Демек, қазіргі Культтерден кепілдік берілген иммунитет жоқ деген тұжырымға келеді .

Тотолитарлық ұйымдардың ықпалына кімдер түседі:

Жеткіншектер

1. Өмірден түңілген, жалғыздық зардабын шеккен, рухани қажеттіліктері қанағаттандырылмағандар.

2. Рухани және адамгершілік даму қажеттіліктері мүлде қанағаттандырылмаған, жоғары мақсаттары мен моральдық құндылықтарға деген ұмтылыстары қоғам тарапынан сұранысқа ие болмаған нағыз сенуші адамдар.

3. Рухани өмірге, оккультизм мен мистицизмге қызығушылық танытатын шизоидтік, порноойялді типтер бойынша мінез акцентуацияланған және психопатиялық тұлғалар.

4. Өз мінез-құлқын анықтауға едәуір дербес келетін, макро әлеуметтік рухани құндылықтарға бағдарланған сыншылдық ойы дамыған адамдар.

5. Қорғану реакциясының жоқтығымен, бірақ фрустрациясының болымымен сипатталатын адамдар.

6. Ішкі әділдік пен парасаттылықтың жоқтығымен ерекшеленетін, бірақ дербес сыншылдық ойы дамыған адамдар.

7. «Қандай да бір жаңалық» іздеуші аңқау адамдар.

Діни сектаның әлеуметтік-психологиялық аспектілерін зерттейтін ғалымдар арасында, секталарға кім және не үшін кіретіні туралы консенсус жоқ. Кейбіреулер секталарға психикалық аурулардан зардап шегетін ақаулы, белгілі бір ауытқулары бар адамдар ғана кетеді деп санайды, ал басқалары сектада кез-келген адам болуы мүмкін деп санайды, бірақ өмірдің белгілі бір кезеңінде. В. Мисснер діни тәжірибенің иррационалды формалары, соның ішінде транс, экстаз, мистикалық тәжірибелер истериканы тартады дейді. Құрбандық шалу тәжірибесін, азаптың гипертрофиясын, депрессанттарды мойындайтын культтер. Сенім жауларын жек көру идеялары параноидтарды қызықтырады. Олар қатты фанаттарға айналады. Жалпы алғанда, діни культтер, олардың эксклюзивтілігі мен артықшылығы туралы идеялары нарцистік мінез-құлқы бар адамдарды қызықтырады.

Д. Кларк мистикалық тәжірибеге деген ұмтылысты және өзін-өзі тануға паранормальды қажеттілікке деген сенімді түсіндіреді. Ол әйелдердің ерлерге қарағанда дінге (мистицизмге) жақын екенін және өлім мен реинкарнациядан кейінгі өмірге жиі сенетінін анықтады [1]. М. Шамс пен П. Джексон діндарлық факторы стресске буферлік әсер етеді деп санайды [3]. Л. Френсис және Дж. Беннефт діндарлықтың психотизммен байланысын орнатты [4]. Т. Робинсонның зерттеуінде импульсивтіліктің сыртқы дінділікке бейімділікпен оң байланысы және діндарлық пен экстраверсия арасындағы теріс байланыс анықталды.

Х. Ремшидт секталар жалғыздықты сезінетін, бүгінгі мен болашағынан қорқатын немесе ерекше қиын жағдайда жүрген адамдардың арасынан жаңадан келгендерді іздейді деп атап өтті. Ол секталардың тартымдылығын басқалармен қатар түсіндіреді: «олар болашаққа жеңілдетілген көзқарас ұсынады; олар ұялшақтықты жоя отырып, әдеп пен әрекеттерді стандарттауға мүмкіндік береді өзін-өзі бақылау; ұжымдық әрекеттер шектеулер мен жеке кінә сезімдерін әлсіретеді; ішкі әлемнің жақсы және зұлым күштерге толы, сыртқы әлеммен және оның нақты мақсаттары мен қауіп-қатерлерімен айқын үйлесімі бар; «үлкен ағасы» рөлін атқаратын көшбасшыға бағыну балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасқа тән екіжүзділіктен айырылады» [2].

Сектанттыққа деген қызығушылықтың себептері өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты, «мен» дегеннің нақты құндылығын түсінуді, физикалық аурулардан және психикалық ыңғайсыздықтан арылуды, сондай-ақ шындықты іздеуді қамтиды. А.А. Скородумовтың басшылығымен жүргізілген топтың зерттеу нәтижелері секталарға қатысу ең қарапайым жолмен жүруі мүмкін екенін көрсетті. Мысалы, көшеде немесе метрода әртүрлі миссионерлер адамға жақындап, сыпайы түрде: «сіз бізбен сөйлесе аласыз ба? Білесіз бе, бізде қандай қызықты? Барлық ауруларды ұмытқыңыз келе ме? Жақсы оқып, бірнеше тіл үйренгіңіз келе ме? Нағыз Құдайды білгіңіз келе ме?». «Иегова Куәгерлері» сектасының мүшелері пәтерлерге Киелі кітапты тегін оқу ұсынысымен барады. Олардың алғашқы сөйлеуі келесідей көрінуі мүмкін: «Мен сізді үйде ұстап алғаныма өте қуаныштымын. Мен көршілеріммен Киелі кітаптағы өте жігерлі оймен бөліскім келеді Қалай ойлайсыз...? Немесе: «біз адамдарды Киелі кітапты оқуға шақырамыз. Адамдар жиі таң қалдырады: Киелі Кітап ең өзекті сұрақтарға қаншалықты дана жауап береді» [5].

Секталарға кірудің көптеген жолдары болғанына қарамастан, көп жағдайда жас адам сектаға алдау арқылы тартылады, бақыт, өмірдің мағынасын табу, босатылу, бостандық, трансформация және мәңгілік өмір. Оған Құдайымыз Ұстаз арқылы сені шақырды дейді, өйткені сен ақылды, әдемі, талантты және ұлы миссияға арналғаның дейді. Алдау, жылулық, сүйіспеншілік және уәделер-секталарға тартудың ескі және сыннан өткен тәсілдері. Оларды көп жыл бұрын пайдаланған, оларды бүгінгі күні де пайдаланады, өйткені олар секталарға өздерінің саналы келісімінсіз адамдарды тартуға мүмкіндік береді.

Секталардың алдында ең осал жастар -жақын әлеуметтік ортамен қақтығыс жағдайында жүрген, жалғызбасты, қатты психикалық күйзеліске ұшыраған, өзіне деген сенімін жоғалтқан, өзіне, өміріне,

құндылық бағдарлары мен көзқарастар жүйесіне ішкі наразылықты сезінетін жастар. Қалай болғанда да, сектанттыққа деген құштарлық адамның әлеуметтік жағдай мен әлеуметтік саланың өзгеруіне жауап ретінде жасаған әрекетінің нәтижесі болып табылады.

Тағы бір маңызды фактор, американдық зерттеуші Г. Сухдео атап өткендей, адам өмірінің сенімділігі мен реттілігі. Г. Сухдео өзінің зерттеуінде: «қазіргі қоғам баламаларға»альтернативаларға» бай, сондықтан адамдар көп нәрсені таңдауға мәжбүр»олардың ішінде дұрыс емесін таңдаса, жауапкершілік адамның өзінде болады», сондықтан олар көбінесе өз шешімдерін тиімді қабылдай алмайды. Олар басқалардың олар үшін шешім қабылдағанын қалайды және олар олардың соңынан ереді. Көбінесе адамдар өз өмірлеріне белгілі бір сенімділік әкелу үшін өз бостандықтарын едәуір шектеуге дайын». Оның себебі бала кезінен бастап қалыптасады Мысалы ата анасы баланың орнына барлығын өздері таңдайды ,балаға маңызды заттарды таңдау мүмкіндігін бермейді ,ал өсе келе баланың ойынша ол ештеңе де таңдай алмайды ,оның орнына басқа адам шешім қабылдауы керек ,ол жақын досы немесе сол күйі ата анасы болуы мүмкін Ал ол бала ата анасынан университетке немесе басқа қалаға кететін болса ,онда жаңа жерде ,жаңа социумда ол өзінің орнына шешім қабылдайтын адамды харизматикалық культ лидерінен табуы мүмкін Культ қоршаған шындықты құрылымдауды ұсынады. Ол өмірдің барлық жақтарын реттейді: қашан тамақтану, қашан ұйықтау, қашан дұға ету, қашан егін егу және қашан жинау. Адамда өз өзімен қалып, барлығын анализден өткізіп,қатемен жұмыс жасауға, тіпті уақыты да болмайды

«Адам еркін болуға душар ; өйткені әлемге бір рет тасталған кезден бастап, ол жасаған ісіне жауап береді» – Жан-Поль Сартр

Адам жасы неғұрлым кіші болса, соғұрлым сыртқы әсерлерге,эмоцияға жылдам берілгіш болып келеді, себебі олар айналаны зерттеу ортасы ретінде қабылдайды.Бұны примативтілік деп атақ та болады Демек, діни ұйымдардың мақсаты – ұйым мүшесінің шешім қабылдауына билік жасау емес, сонымен қатар оның ойына, сезімдеріне де, тұлғалық ерекшеліктеріне де жетекшілік ету болып табылады. Осылардың негізінде діни ұйымдардағы адамдардың діни ұстанымының жоғары дәрежеде кемелденуі мен тұлғаға қолайлы әсер етуі қолайлы қоршаған ортадағы шарттарға байланысты болуымен қатар, дұрыс діни уағыз, білім алу мен білім беру нәтижелеріне және сонымен қатар, адамның осы бағытқа орай талабына да байланысты. Діннің адам мен қоғам өміріне жасайтан ықпалына келер болсақ: дін адамның табиғатындағы әлсіз нүктелерді толықтыратын әсершіліктерді қалыпқа түсіретін, жеке тұлғалық болмысына бағыт беретін, оның бір бүтінге айналуын қамтамасыз ететін психологиялық элемент болып табылады. Бүгінгі таңдағы күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қатарынан орын алатын діни ұйымдардың жастар арасында тартуы, олардың санасы мен психикасына әсер етуі ерекше орын алып отыр. Себебі қазіргі таңда діни сауаттылығы әлі қалыптасып үлгермеген өрімдей жастарымыз сан алуан діни ағымдардың жетегінде кетіп, өмірден өз орындарын табуда адасушылық себептері де осыған дәлел бола алады. Бұл көпшілікке ой салатын, баршамызды алаңдататын күрделі де қиын мәселе. Олай болса, жастарымыздың діни сауаттылығын арттыру олардың дәстүрлі діни сенімдерінің тұрақтылығын арттыру қажеттілігін туғызады.

Мемлекет пен қоғамның міндеті-жастарды осы қауіптен қорғау, қажетті біліммен, әлеуметтік білім беру институттары арқылы психологиялық өзін-өзі қорғау әдістерімен қамтамасыз ету, олар сектанттықтың кеңеюіне қарсы тұрудағы және жастарды діни секталарға тартудағы өзінің жауапкершілігі мен рөлін түсінуі керек.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Ross J., Langone M. Cults: What parents should know. Weston, MA: American Family Foundation, 1988.
2. Ремшмидт Х. Подростковый и юношеский возраст: Проблемы становления личности. М., 1994.
3. Argyle M., Beit-Hallahmi B. The Social Psychology of Religion. London, Boston: Rout-ledge and Kegan Paul, 1975.
4. Francis L.J., Benneft G.A. Personality and religion among female drug misusers. Drug and Alcohol Depend., 1992.
5. Скородумов А.А. Социально-психологические предпосылки вовлечения в религиозные секты // Вестн. психосоц. и коррекц. реабилитац. работы. М., 1997.
6. Гордиенко Н.С. Российские Свидетели Иеговы: история и современность. – СПб., 2000.
7. Баркер А. Новые религиозные движения. – СПб., 1997.
8. Угринович Д.М. Психология религии. М., 1986.



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КИНОИНДУСТРИЯСЫН ДАМУДАҒЫ ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

*Оразғалиева С.*

*«Шығыстану» мамандығының 4 курс студенті*

*Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Ғылыми жетекші: Құрманғали Г.Қ.*

*филол.ғ.к., Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

Елдегі кинематографияның даму деңгейі бойынша қандай да бір дәрежеде жалпы қоғамның жай-күйін бағалауға болады. Кез-келген әлеуметтік мәселе кинода қарастырылып, кеңінен насихатталады. Киноиндустриясындағы насихат барлық елдерде, барлық қоғамда бар. Ол нацизммен күрес, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу, махаббат пен ізгілік сияқты сезімдерді оятады. Ел экономикасының маңызды саласы ретінде киноиндустрияның дамуы сөзсіз мемлекет құзыретінде болу керек. Мемлекет киноиндустрияны қорғаумен ғана айналыспай, оны дамытуда ынталандыру керек. Оңтүстік Кореяда киноиндустриясына осындай күшті қолдау көрсету өте үлкен масштабқа жетуге және прокаттағы үлесін сақтауға мүмкіндік берді.

Оңтүстік Кореядағы үкімет пен мәдениеттің бастамалары елдегі киноны күшейтуде үлкен рөл атқарды, бұрын-соңды болмаған көптеген фильмдер жаһандық прокатқа шықты. Қазір бұл ел ең ірі киноиндустриясы бар әлемдегі бестіктің қатарында. Корей киносының даму тарихы қиын кезеңдерді бастан өткізді және екі оқиғамен қатар жүреді: отыз бес жылдық жапон оккупациясы мен елді екіге бөлген азаматтық соғыс. Сонда да, жапон оккупациясы мен соғыс уақытындағы қиыншылықтарға қарамастан, көп қырлы индустрия өзін таныта алды. Ірі конгломераттардың инвестициясы, «Кино тура Заңның» өзгеруі, режиссерлердің «жас толқыны» келуі, квоталар мен субсидиялар, бастаушы кәсіпкерлерді қаржыландыру және көмек көрсету сияқты жағдайлар киноиндустрияны дамытуда өз әсерін тигізді. Корей мәдениетінің экспорты шетелдік азаматтардың Кореяға деген қызығушылығын оятып, әлемдік деңгейде танымал етті, туризм мен ел экономикасының өсуіне ықпал етті[1].

1990 жылдардың аяғынан бастап корей киноиндустриясы үлкен өсімге қол жеткізді және қазіргі кезде Корея Республикасы әлемдегі Голливудтық блокбастерлерді жеңетін әлемдегі санаулы елдердің бірі ретінде танымал болды. Өндірістік бюджеттің ұлғаюы фильмдерді көрермендердің көңілінен шығуына мүмкіндік берді. Сонымен бірге, капиталды инвестициялау ауқымы кино индустриясының «Корея толқынына» қатысуын оның өркендеуі үшін маңызды ете отырып, нарықтарды кеңейтудің виртуалды міндеттемесін жасады. Корей фильмдеріне деген сұраныс Шығыс, Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азияда 2000 жылдардың басынан бастап ортасына дейін күрт өсті. Алайда, басқа елдерде корей киносы жалпы әлемдік кинематографтың бөлігі ретінде қарастырылады және арт-хаус театрларында немесе кинофестивальдерде көрсетіледі. Кореядан шыққан фильмдер өздерінің көркемдік және көбінесе экстрималды және экзотикалық қасиеттермен танымал.

1990 жылдардың соңына дейін бірнеше Оңтүстік Кореялық фильмдер шетелдерде көрсетіліп келгенмен, сәтсіз болды. Алғашқы сәттілік 1999 жылы Гонконгта «Тамыздағы Рождество» мен «Ширидің» көрсетілуі мен 2000 жылы Жапонияда «Ширидің» көрсетілімінен кейін болды. 2002 жылы шыққан «Менің батыл қызым» фильмі бүкіл Азия бойынша Қытайға, Тайваньға, Тайланд пен Гонконгқа және Сингапурға дейінгі кең аудиторияға жетті. Осыдан кейін корей фильмдері мелодрама мен қорқыныш сияқты түрлі жанрларда Азия нарығында көрермендерді тарта бастады. «Сәуірдегі қар» мен «Еске алу сәті» атты фильмдері 2005 жылы бүкіл аймақтағы хитке айналды. Корей фильмдері Азияда өзіне үлкен назар аудартауда.

2000 жылдары аймақтағы корей фильмдерінің танымалдығы әдетте, киноның сапасына, олардың жанрлары мен сюжеттерінің алуан түрлілігіне, азиялықтарға таныс сюжеттер мен тақырыптардың болуына және тартымды актерлерді таңдауына байланысты болды. Аталған артықшылықтардың бірі – баға бойынша керемет сапа және дәстүрлі азиялық сезімдермен бірге өмір сүретін қазіргі заманның көрінісі. Азиядағы Голливуд фильмдерін ауыстыру үшін мазмұнының сапасының жақсы болмауы, ішінара Гонконг киносының құлдырауы және Жапониядан келген фильмдердің әртүрлілігінің болмауы корей фильмдерінің пайдасына әкелді. Корей киносының брендті бүкіл Азияға танымал болды. Алайда, халлю әсері аймаққа байланысты әр түрлі болды, ал корей фильмдерінің танылу деңгейі жергілікті инфрақұрылым мен нарықтың жетілуіне байланысты[2].

Корея Республикасы – кассалық алымдар бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі, бұл ретте ұлттық кинопрокатта негізінен жергілікті өндіріс өнімдері басым. Корей киноиндустриясы мелодрамалар, романтикалық комедиялар, фантастикалық экшн-фильмдер, мистикалық триллерлер және тарих драмалар сынды кино саласындағы барлық жанрларды игерді.

Корей киносының қарқынды жетістігі бірнеше маңызды элементтерден тұрады. Тарихи тұрғыдан корей үкіметі ұлттық киноға қаржылық қолдау көрсетті. Корей фильмдері фестивальдарда қаншалықты көп жеңіске жетсе, соғұрлым мемлекет өндіріске және индустрияны қолдауға ақша бөлді. Сонымен қатар, 1990-шы жылдары Кореяның әрбір кинозалында ені 30 метрден астам 4DX технологиясымен қамтылған кең экрандар пайда болды және үш проектор (ScreenX жүйесі) арқылы фильмдер көрсетілді. Мұндай жағдайларда артхаустың да мүмкіндіктері пайда болды, яғни коммерциялық фильмдермен айналысатын алып CGV жалға беру желісі авторлық киноға арнайы сыйлықтар бөлді, елдің ең ірі кинотеатрларына таратылды. Ел ішінде өндіріс мүмкіндіктері артқан сайын бәсекелестік те өсті.

Шынында да бүгінгі таңда Корея Республикасы халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысады, халықаралық деңгейдегі іс-шараларды өткізуде айтарлықтай тәжірибеге ие, өзінің саяси және мәдени құндылықтарын белсенді түрде алға жылжытуда. Ол бүкіл әлемге әсер ете алатын «жұмсақ күштің» тиімді ұлттық моделін жасай алды. Оңтүстік Корея жоғары технологиялар өндірісінде көшбасшы болып табылады, жоғары сапалы білім алуға, қолжетімді бағамен медициналық қызметтер алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мәдениеті де тартымды, көпшілікті өзіне баурап алады. атап айтар болсақ, корей өнері, мәдениеті, асхана дәстүрлері күллі әлемге таралды.

Оңтүстік Кореяның «жұмсақ» сыртқы саяси моделінің тиімділігі Орталық Азия, атап айтқанда Қазақстанда да күшейе түсуде. Кореяның қазіргі поп-мәдениетіне келетін болсақ, жақында «халлю» корей мәдениетінің қозғалысы Азияны ғана емес, бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп, орасан зор ауқымға жетті. Өзінің телехикаяларын, фильмдерін, музыкасын, сәнін әлемдік қоғамдастыққа белсенді түрде ілгерілетуде.

Екі Кореямен дипломатиялық қатынастар орнатылғаннан кейін Қазақстан Оңтүстік Кореямен алмасуда Орталық Азияның алты елінің (бұрынғы Кеңес Одағы республикалары мен Моңғолия) ішіндегі ең белсендісі болды. Корея 2010 жылды «Қазақстанға сапар шегу жылы» деп жариялап, Алматы қаласының әкімі мен 160 адамнан тұратын делегацияны Тегу қаласына шақырды. Делегаттар концерттерге, көрмелерге, тіпті сән көрсетілімдеріне де қатысты. Кенги провинциясы мен Алматыдан келген өкілдер де бауырлас қала келісіміне қол қойды.

Өз кезегінде, Қазақстан 2011 жылды «Кореяға сапар шегу жылы» деп белгілеп, Корей фильмдерін, дорамаларын, концерттерін, туристік жерлерін, тағамдарын көрсету үшін көрмелер, тіпті тэквондо бойынша қойылымдар ұйымдастырылды. Өзара түсіністікті тереңдету мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілді. Осындай мәдени алмасулар арқылы Халлю музыка, фильм және тамақ сияқты салаларға бөлініп, кеңейе түсті. Бүгінгі күні Қазақстанда барлығы дерлік корейлік электронды өнімдер, сонымен қатар телехикаяларының көптеп көрсетілуін назарға ала отырып, Корей Республикасымен қарым-қатынасының жыл санап дамуының куәгері бола аламыз.

Халлю әсері Қазақстанда бастапқыда күткеннен әлдеқайда жоғары ықпалға ие болды. Бұндай әсер теледидардан, яғни бірнеше жыл бұрын ұсынылған кинолардан басталды. Қазір жасөспірімнен бастап алпыс жасқа дейінгі көрермендер корей телехикаяларын тамашалайды. Киноларымен қатар корей шоулары да үлкен ықыласқа бөленген. Өйткені олардың сюжеттерінде қазақтарға таныс үлкендер мен қарттарға құрмет, отбасының маңыздылығы және перзенттік тақуалық сияқты элементтер бар. 2010 жыл Қазақстандағы корей дорамаларының шарықтау шегі болды. Оған дейін корей киноларын тек мемлекеттік каналдар ғана эфирге шығарды, көп жылдар бойы оларды «Хабар», «Эл-арна» және «Қазақстан» прайм-таймдарында көрсетіп отырды. 2010 жылдан кейін коммерциялық каналдар өздерінің танымалдылығын көріп корей киноларын ұсына бастады, кейбіреулері тіпті бірнеше жыл бұрын шыққан киноларды да іздестіре бастады. Бұл алға жасалған қадам болды, өйткені ең танымал бес дорама соның ішінде «Алғашқы махаббат», «Күзгі ертегілер» және «Барлығы бірге» мәдениет алмасу бастамасы аясында Қазақстанда тегін көрсетілді.

Корей толқынының таралуымен Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы экономикалық қатынастар ғана емес, мәдени қатынастар да нығайып, жаңа деңгейге көтерілді. Қазақстанда «Халлюдың» кең таралуы арқасында екі ел арасындағы мәдени алмасу күн сайын қарқындап келеді. 2010 жыл Корея Республикасындағы Қазақстан Республикасының жылы болды, ал 2011 жыл Қазақстан Республикасында Корея Республикасының жылы деп жарияланды. Демек жыл бойы қазақстандықтарды мәдени қызықты іс-шаралар күтті: концерттер, кинофестивальдар, көрмелер және т.б. Осыған орай Астанада концерт өтті, оған алғаш рет корей эстрада жұлдыздары, танымал «Ханзада Чжумонг» телехикаясында басты рөлді сомдаған актер Сон Иль Гук шақырылды. Бұл да қазақстандықтарды корей мәдениетімен тереңірек таныстыруға үлкен септігін тигізді.

Қазақстан жастары корей мәдениетіне деген қызығушылығына байланысты корей толқынына қатысты түрлі мәдени іс-шаралар өткізуде үлкен бастамашылық танытады.

Қазақстанмен кино алмасу Корея фильмдер апталығында корей фильмдерің тегін көрсетумен шектеледі. Бұл іс-шарасы жылына екі рет ел ордасы Астанамыздағы «Корей мәдени орталығы» өткізеді. «Тэгукки» сияқты тарихи сюжеттегі фильмдер Орталық Азияда танымал болғанымен, драмаларда әлі айтарлықтай жетістікке жеткен жоқ.

2011 жылдың маусым айында Алматыдағы «Цезарь» кинотеатрында корей кинофестивалі өтті. Фестиваль корей фильмдеріне үлкен қызығушылық тудырды. Қазақстандағы «Жаман адам», «Уақыт» және «Көктем, Жаз, Қыс және Көктем» сияқты шығармашылығымен танымал корей режиссері Ким Ки Дук болды. Ол сондай-ақ қазақстандық теледидарда бірнеше рет шығып, Еуропа мен Азиядан келген басқа да танымал режиссерлер мен актерлердің алдында Корея Республикасының ресми өкілі ретінде өнер көрсетті. Қазақстан Ким режиссерге деген сүйіспеншілігін көрсетіп, 2011 жылы өткен «7-ші Еуразия халықаралық кино фестиваліне» халықаралық байқаулардың төрешісі ретінде шақырды. Халықаралық кинофестивальдерде танымал болған корей фильмдері қазақстандықтар арасында да кең ықыласқа бөленді.

Корей кино контентінің ішінде тарихи дорамалар Орталық Азия теледидарындағы ең танымал жанр болып табылады және өздерін барлық жастағы адамдарға арналған ойын-сауық ретінде көрсетті. 2005 жылы эфирге шыққан «Сарайдағы інжу-маржанның» сәтті болғаны соншалық, көпшілік корей тілін үйренуге деген ықыласын білдірді. Сериалдың рейтингі 70 пайыздан жоғары болды және мемлекеттік желілерге қайта көрсету туралы өтініштер жіберілді. 2010-2011 жылдар аралығында қазақ теледидарында көрсетілген «Джумонг» та халыққа үлкен әсер тигізіп, көрермендерді өзіне ғашық етті. Нәтижесінде, бұл дораманы да қайта эфирге беруді бірнеше рет сұрады. «Джумонг» көрермендердің сұранысы бойынша қайталама ретінде көрсетіліп, танымалдылығы жағынан түрік сериалдары мен латынамерикалық новеллерден әлдеқайда асып түсті. Бұл танымалдылық Қазақстанда тұратын 100 мыңнан астам этникалық корейлердің өз тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін танып білу үшін Отанында түсірілген фильмдер мен дорамаларды көруімен байланысты болуы мүмкін.

Алғаш рет «Кешір. Мен сені жақсы көремін», «Қысқы соната», «Толық үй» сияқты корей телехикаялары қазақстандық теледидарда 2000 жылдардың басында көрсетіле бастады. «Ханзада Чжумонг», «Жидектерден кейінгі гүлдер» мен «Мұрагерлер» деген телехикаялар қазақстандық көрермендердің үлкен ықыласына бөленді. «Күзгі ертегі», «Сарайдың інжу-маржаны» сияқты кинолар 2007 жылы қазақстандық ұлттық арналардың бірінде жол тартып және олар бірден көрермендер, әсіресе елдің ересек тұрғындары тарапынан үлкен танымалдылыққа ие болды. Қазақстандық көрермендер үшін телехикаялар қазақ тіліне аударылды. Нәтижесінде, Қазақстанда осындай телехикаялардың рейтингі 86%-дан асты. Бір сөзбен айтқанда, «Ханзада Чжумонг» хикаясы Қазақстандағы «Корей толқынының» символына айналды. Телехикаялардың танымалдылығы туристік ағымдардың артуына ықпал етті. Кейінірек, «Жидектерден кейінгі Гүлдер» де дәл осындай танымалдылыққа ие болды[3]. Осы сериалдан кейін корей киносына деген сұраныс өсіп, киноларды орыс тіліне аударатын арнайы фансаб-топтар ашыла бастады.

Өзінің 30 жылдық тарихында Алматыдағы «Корей білім беру орталығы» корей тілін үйренгісі келетін жергілікті тұрғындар санының көбеюіне куә болды. Қытай тілі Қытайдың экономикалық дамуымен қатар, бұрынғы өрлеуді бастан кешіргенімен, соңғы онжылдықта теледидарда көрсетілген корей дорамалары барлық жастағы адамдардың корей мәдениеті мен тілін үйренуге деген құлшынысын арттырды. 2012 жылдың 1-ші семестріне қарай «мәдени орталыққа» қабылдау 2009 жылғыға қарағанда екі есе өсті және үлкен этникалық корейлерден кіші мектеп оқушыларына дейін өзгерді.

3-ші қыркүйекте Қазақстанда этникалық корей жастарына арналған ІТ кәсіби бағдарламасы басталды. Шетелдік корейлер Қорының қолдауымен бұл бағдарлама алғаш рет он жыл бұрын құрылған. Жыл сайын жергілікті этникалық топтардың 25-ке жуық өкілі тіркеледі. 2012 жылы Қырғызстан Республикасынан да келді. Жалпы алғанда, бағдарламаға 46 адам тіркелді, оның ішінде 19-ы қарапайым курсқа, 12-сі ілгері курсқа және 15-і тұрақты курсқа. Бұл өз кезегінде корей тілі мен мәдениетіне деген қызығушылықтың тұрақты өсуін көрсетеді.

Корейлік фильмдердің көрермендеріне беретін тәрбиесі қандай?

Конфуций мәдениетінің киносы жоғары адамгершіліктің, ата-ананы құрметтеудің, патриотизмнің, достық қарым-қатынастың, тіпті жеке гигиенаның мысалдарын нақты келтіреді, яғни тамақ дайындауға, үйді таза ұстауға, өз-өзінді күтуге баулиды. Сонымен қатар конфуцийлік ізгілік рухында тәрбиелеуге тырысады. Мысалы, қайырымдылық (гуманизм); қатынастардағы теңдік; салтанатты, дәстүрлі этикет; үлкендерге қамқорлық, олардың еркіне құрмет, олардың нұсқауларын орындау; әлеуметтік иерархияны ұстану (әркім өзінің әлеуметтік мәртебесіне сәйкес келуі және өзінің иерархиясында бола отырып, өз міндетін орындауы керек); әдептілік пен білімділікті насихаттайды. Міне,

осындай мәселелер, яғни адамгершілік қағидаттар корей киноларының басты мақсаты болды, оны аталған фильмдерден айқын аңғаруға болады.

Қазақстанда өтетін Almaty Film Festival – нақты бизнес-міндеті бар халықаралық кинофестиваль: бірлескен туындылар шығару және елімізде фильм түсіруге шетелдік кинематографистерді тарту арқылы Қазақстанның киноиндустриясын дамыту мақсатында ашылған. Кинофестивальдің мақсаттарының бірі – Алматыны әлемдік кино үшін ең әдемі және қауіпсіз орындардың бірі ретінде насихаттау. Бұл мақсатқа жету үшін қонақтарды тікұшақпен серуендетіп, Алматы маңындағы әдемі жерлер көрсетілді. Қонақтар ішінде әйгілі оңтүстік корейлық кинорежиссер Ким Ки Дук-та болды. Нәтижесінде, Ким Ки Дук-тың бастамасымен «Еру» психологиялық драмасы түсірілді және ол Almaty Film Festival-дің екінші байқауында қазақстандық және оңтүстік корейлық кинематографистердің бірігіп шығарған туындысы ретінде ұсынылды[4]. Бұл қазақстандық кинематографистерге отандық киноны дамыту үшін қажетті ынтымақтастықтың бірі болып есептеледі.

Кино – басқа елге мәдениетті экспорттай алатын өнім. Егер осы бағытты дамытатын болса, 5-10 жылдан кейін отандық фильмдердің ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да жетістікке жете алу мүмкіндігі бар. Бұл жағдайда, Оңтүстік Корея жақсы үлгі бола алады. Олардың әйгілі «Пусан Кинофестивалі» (1996 жылы жаңа азиялық кинорежиссерлерді таныстыру үшін ашылды) Оңтүстік Корея киносын жаңа деңгейге көтеруге көмектескен маңызды құралға айналды. Алматылық кинофорум да сондай нәтижеге жете алады деген үміттемін.

Сонымен қатар Корея Республикасының біздің еліміз үшін алар тәжірибелерінің бірі – жас режиссерлерге үлкен қолдау беріліп, арнайы заң шығару. Тағы да бір ерекше айтар ұсыныс, адамгершілік, ізгілікті насихаттайтын көркем фильмдерді насихаттау. Көп көрермен жинап, көрерменнің көзайымына айналған «Ханзада Чжумонг» хикаясы сынды біздің де көне тарихымыз туралы сыр шертетін тамаша телесериалдар түсірілсе, қазақ киносының да алар биігі көп болар еді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей Корея үкіметі баспасөз, радио, кино салалары үшін салықтан босатудың түрлі тәсілдерін ұсынғаны сияқты біздің үкімет те осы мәселені мықтап қолға алса, қазақ киноөнері тың туындыларымен үлкен белестерді бағындырады деп есептеймін.

Жалпы алғанда корейлық кинотуындылар халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеті арта түсуі үшін жасаған қадамдарын отандық киноиндустрия да қазақы менталитетке ыңғайлы етіп қолданса, қазақ киноөнері де халықаралық деңгейде өз орнын алатынына сенімдімін.

Корея – өзінің кинематографиясын ел ішінде де, шетелде де насихаттауды ойлайтын елдің жарқын мысалы. Бұл үшін, әрине, бірқатар қатал протекционистік шаралар қабылданды. Олар жергілікті дистрибьюторлар, кинотеатрлар мен халықаралық дистрибьюторларды корей фильмдерін сатып алуға ынталандырды. Бұған мемлекеттің көп күш пен қаражат жұмсағаны сөзсіз. Корея киноны қорғау, сақтау және дамыту үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Көрермендерді өз киносын көруге, оны түсінуге және жақсы көруге шақырды. Сондықтан, бүгінгі таңда көрсетілетін отандық фильмдердің үлесі шетелдік фильмдерге қарағанда әлдеқайда жоғары болып келеді.

Қазақстан өзінің кино өнерін дамытуда әлі де бірнеше салаларға көңіл бөлгені жөн деп санаймын. Өнердің, музеологияның және мәдениеттанудың барлық салаларында ғылымды дамытуға ерекше назар аудару қажет. Бүгінгі күні мұражайлар, тарих, археология, этнография, реставрация, өнер және мәдениеттану саласындағы ғылыми зерттеулердің келісілген саясаты іс жүзінде жоқ.

Жастар мәдениетін дамытуға, сондай-ақ балалар мен жастардың шығармашылығын, көркемдік-эстетикалық тәрбиесін қолдау жүйесіне тиісті назар аудару қажет. Бұл жағдай қоғамның, әсіресе жастардың, шетелдік мәдени құндылықтар мен мұраттарға жаппай бағдарлануына әкелді, ал бұл құндылықтар мен мәдени иммунитеттің тұрақты масштабының қалыптасуына теріс әсер етеді.

Эстетикалық талғамға, адамгершілікке, ұлттық мәдениетке деген қызығушылық пен сыйластықты тәрбиелеуге арналған балалар мәдениетінің әртүрлі түрлерін өндірудің стратегиясы жоқ.

Оңтүстік Корея тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттің мүддесі мен мәдениет саласындағы қалыптасқан саясат әлеуметтік тұрақтылыққа, құндылықтар жүйесін қалыптастыруға және оның сабақтас-тығына, отансүйгіштік пен ұлттық бірегейлікке ықпал етуі керек. Оның үлгісімен әлеуметтік маңызы бар жобалар мен коммерциялық емес салаларға, әсіресе классикалық және академиялық өнерге мемлекеттік қаржыландыруды қолдау өте маңызды. Кореяның тәжірибесі оңтайлы, мұнда орталық органдар ұлттық деңгейдегі жобаларды іске асыруды өз мойнына алады және мәдени істер жөніндегі кеңестер жұмыс істейді.

Осындай Оңтүстік Корея киноиндустриясының даму тарихындағы түрлі саяси аспектілерді мысалға ала отырып, Қазақстан да өз кинематографиясын дамытуда тәжірибе ала алады деген ойдамын. Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы мәдени, экономикалық және саяси байланыс жылдан жылға нығаюда. Соның себебінен «Корей толқыны – халлюдың» әсері қазақ жастары үшін ғана емес,

қазақ кинорежиссерлері үшін де өте жоғары. Қазақстандық киноөнер инновациялық идеяларды іздейтіндіктен, музыкалық фильмдер мен комедияларда әлсіз болғандықтан, корей киносының тың оқиғалары мен стильдендірілген бейнелерінен шабыт іздейді деп ойлаймын. Корей киносын мысалға ала отырып, сапалы фильм түсіруге ұмтылған режиссерлер қаншама. Сол режиссерлерге әлі де білімін шыңдау керек, сонымен қатар мемлекеттің көмегі де қажет. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің көптеген салаларының серіктестігі мен бәсекелестігі негізінде әлемдік мәдени процеске интеграциялану әлеуеті толық іске асырылған жоқ. Танымал имидждік жобаларды іске асыру – халықаралық байқаулар мен фестивальдер өткізу, трансұлттық туристік маршруттар мен кластерлерді дамыту – қазақстандық мәдениеттің әлемдегі мәртебесін нығайтуға ықпал ете алады. Сол кезде қазақ киноөнері Корея мемлекеті сынды алғашқы бестіктің біріне ілінері сөзсіз.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Jwa S.H., Lee T. 한국 영화산업의 구조적 변화와 발전 (Құрылымдық өзгеріс және корей киноиндустриясының дамуы) (корей тілінде), Сеул, 2006, 99-100 бет.
- 2 Korean Film for 1966-2002, Korean Film Commission (various issues) for 1999-2002, and Korean Film Council (various issues) for 1998-2013 [Электронды ресурсы] // URL: <http://www.koreanfilm.org>
- 3 Распространение Корейской волны в Казахстане, [Электронды ресурсы] // URL: <https://www.showasia.ru/198312-rasprostranenie-koreyskoj-volny-v-ka>
- 4 Как сделать Алматы привлекательным для Голливудских кинематографистов. [Электронды ресурсы] // URL: [https://forbes.kz/life/afisha/kak\\_sdelat\\_almatyi\\_privlekatelnym\\_dlya\\_gollivudskih\\_kinematografistov](https://forbes.kz/life/afisha/kak_sdelat_almatyi_privlekatelnym_dlya_gollivudskih_kinematografistov)

## ДНИ СЕҢІМДІ ТАҢДАУДАҒЫ БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЕРКІНДІГІ

**Оралқұл Ә.**

*«Дінтану» мамандығының курс 4 студенті*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекші: Утебаева Д.С.*

*PhD доктор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Арнайы қызмет өкілінің айтуынша, лаңкестікті насихаттайтын сайттар мен олардың серверлерінің басым бөлігі еуропалық зонада орналасқандықтан, мұндай сайттарды толық жабу кейде мүмкін де болмайды. Осыған орай еліміздің өкілетті органдары бүкіл әлемдік қауымдастыққа қатыгездік желісіне бірлесе қарсы тұру туралы ұсыныс жолдаған.

Зерттеушілер лаңкестік топтарға еріп кететіндердің негізінен жастар, 52%-ның тұрақты жұмыс орны жоқ, 38%-ның тұрмыс деңгейі төмен, 52%-ы баспанасыздар екенін анықтаған. Бұлардың ішінде жастардың ең көп бөлікті құрауы расында алаңдатарлық. [2]

Радикалды ағымдар көбінесе «Facebook», «Вконтакте», «Tapatalk», «Одноклассники», «Instagram», «Telegram», «Tik-tok» әлеуметтік желілерін жастар арасында кең қолданысқа ие. Экстремистер әлеуметтік желілерде күндіз-түні жастарды аңдып, олардың өмірлік көзқарастары мен дүниетанымдарын зерттеп, өз айла-тәсілдерімен саналарын сан түрлі жолмен арбауға тырысып бағады. Деструктивті діни ағым өкілдері жас өспірімдердің назарын аудару мақсатында түрлі форматта контент жасауда. [3]

Діни топтар адамдарды өздеріне қалай тартады? Көпетеген діни топты құрушылар адамы көп жазылымды парақшаларды сатып алып, ондағы бастапқы жазылымдарды діни ақпараттармен ауыстырады. Мамандардың айтуынша көптеген адамдар өздерінің діни парақшаға қалай тіркелгенін білмей жататынында осы себептен.

Содан кейін пайдаланушы, егер қызығушылық танытса, жазылған каналдан белгілі діни мазмұндағы қауымдастықтарға сілтемелер таба алады, ол жерден «жақсы сұхбаттасушылар» тауып, дінге қатысты «сұрақтарға» жауап ала алады.

Сәләфилік арналар да осындай тактиканы ұстанады, олардың көпшілігі араб тілін үйренудің негіздерін және ислам негіздерін ұсынады, бірақ іс жүзінде ислам туралы бұрмаланған мәліметтерді, Құран аяттары мен сүрелерінен үзінді деректерді, сондай-ақ дәрістер ұсынады жақын және шет елдерден келген «танымал» және «дамыған» жалған шейхтер, олардың орындау барлық жас категориялары үшін қызықты әрі түсінікті және қазақ тілінде дайындалған.

Сәләфия – сөздіктегі мағынасы «алғашқылар, бұрын келгендер» болып келетін «سَلْفٌ» – «сәләф» түбірінен шыққан сөз. Ад терминде мұсылмандардың алғашқы тізбегі болып саналатын сахабалар мен табиғиндер және әтбағу табиғиндерге айтылады. [4]

Сәләфилік ұстанымы, олардың түрлері, қоғамға келтіретін зиянына тоқтала кетсек. Қазіргі таңда «сәләфиміз» деп жүргендер өздерін осы Исламның әуелгі үш ғасырында өмір сүргендерге теңеуде. Әуелгі сәләфилер шынайы Ислам жолын ұстанушылар болса, қазіргі уақытта өзін солай атаушылардың бағыты, шын мәнінде, олай емес.

Бүгінде әлемде «сәләфия» мен «уаһхабизм» сөзі қатар жүретінін білгеніміз жөн. Себебі, ағымды «белсенділікке» жетелеген Мұхаммед ибн Абдул-Уаһхабтың атына балау әлем мұсылмандары арасында кең етек жайған.

Сондай-ақ, «уаһхабист» деген лақап ағывның негізін қалаушы – Мұхаммед ибн Абдул-Уаһхабтың көзі тірісінде оның соңынан ерушілерге тиелген-ді. Уаһхабилік тарихта «хауариждік» әрекет ретінде танымал болған. Өйткені, олардың әрекеттеріндегі қатыгездік, өз ұстанымдарына қосылмағандарды «кәпір» деп айыптау әрекеттері «харижиттер ағымы» ақидасының (сенімінің) көшірмесі іспетті».

«Сәләфизм» ағымының тармақтары – Мадхализм, Суруризм және Такфиризм болып бөлінеді. Бұл сәләфилік бағыттағы тармақтар – Мухаммад Ибн Абдул-Уаһхабтың көзқарастарын мойындап, ақидалық сенімдерін Ибн Таймияның ұстанымы негізінде бекітеді, мәзһаб пен сенім мектептерінің негіздерін қалаған «Сүннет жұрты және жамағаты» ғұламаларын теріске шығарып, тіпті, күпірлікке де шығарады. Сәләфилік ақидасының негізгі принципі – Ибн Таймия құрған «Таухидті Үшке бөлу» ақидасы. Демек, Алланың жалғыздығын зерттейтін «Таухид» ілімін – үшке бөліп қарастырады. Таухидті үшке бөліп қарастырудағы мақсаты – Алла Тағаланың құрандағы мұтәшабиһ аяттарына Құранда келген сөздің тікелей тілдік, күнделікті қолданыстағы мағынасын беріп, астарлы, мақсат етілген ойды ескеруші «тәуилді» жоққа шығарады.

Суруриліктің идеологиясын Сәләфизм мен Ихуанизмнің (жиһадизм) қосындысы десек болады. Сарапшылардың тұжырымы бойынша – Суруриттердің діни дайындығынан өткен адамның радикалданып, заңды билікке, басқа дін өкілдеріне, зайырлы азаматтарға қатысты шектен тыс төзімсіздік танытып, өзінің саяси мақсатына жету үшін кез келген тәсілді қолданатынын, соның ішінде қарулы қақтығысқа да баратынын айтады. *Түйетініміз:* Уаһапшылардың қатарына жататын – Сурурит, Мадхалит және Такфир жамағаттарының ақида (сенім) негіздері бір болғанымен, діни көзқарастары мен саяси ұстанымдары әртүрлі.

Суруриттердің ақида тұрғысындағы көзқарастары қалған екі топтың ұстанымымен бірдей. Бірақ, Исламды жеткізу мен түсінудегі пікірлері қарама-қайшы. Міне, осы келіспеушілік уаһапшылардың өз ішінде бөлінетіндігінің басты айғағы. Ал қазіргі таңда өздерінің теріс пиғылды пікірлерін тарату істерімен қарқынды жұмыс жасап отырған ағым – Мадхалиттер. Десек те, олар өздерін мадхалиттер деп атауға қарсы, себебі өздерін «біз Рабиғ әл-Мадхалидің шәкірттері емеспіз» деп ақтайды. Сондықтан да, өздеріне тағылған бұл атауды негізсіз деп таниды. Бірақ, олардың мойындайтын көсемдерінің барлығы дерлік – Рабиғ әл-Мадхалидің ұстанымын жақтайды. Мадхалиттер алғашқы уаһапшыларға қарағанда аз да болса жұмсақтық танытады. Сондай-ақ, үлкен күнә жасағандарды кәпір санағанын ашық жарияламайды, бірақ мәзһапқа еруді адасушылық санатына жатқызады. Белді Ислам ғұламаларын даттап, мәзһапты мойындамағанымен өздерінің ұстанған жолдарын тура сол мәзһап қатарына жатқызуға болады. Себебі ол да бір жүйеленген көзқарастар жиынтығы, діни жол. Айырмашылығы – Исламның ғылыми ортасы оларды тура бағыттағы, ұстануға ұсынылатын ресми діни жол ретінде қарастырмайды. Ал олар болса, ақида сенім жүйесінің негізін қалаған Сүннет жұрты және жамағатының аты әлемге әйгілі ғалымдары – Имам Әбу Мансур әл-Матуриди және Имам әл-Ашғари сынды ақиқат сенім тұғырларын жоққа шығарғанымен қоймай, оларға «адасқан философтар» деген сынды жала жабудан да тайынбайды.

Бүгінгі таңда ағымдардың түпті ақиқаты ашыла түсуде. Сондықтан да, сурурия ағымы – ихуандық бағыттағы, салафия жамылғысын жамылған, айла-тәсілдері қоғамдағы аса қатерлі болып есептелетін топтардан болып табылады дей аламыз. Өйткені, ішкі дүниелері мен көзқарастары мүлдем бөлек. Ал

мұндай теріс сенімдегі ағымдардың қоғам бірлігі мен ынтымағына, өсіп-өркендеуіне зиян тигізері сөзсіз. Әлемдегі мұсылман елдері дәстүрлі Исламға қайшы келетін сенімдегі ағымдардың үгіт-насихат жүргізуіне тыйым салған, тіпті ресми тіркеуге де алмаған. Мұндай дін атын жамылып, шынайы Исламға залалын тигізуші адасқан ағым өкілдерінің сөзіне құлақ салмас бұрын, олардың тарих сахнасында пайда болу себептері мен мақсаттарына мән беріп, зияндылығы анықталған жағдайда ел болашағы мен мүддесі тұрғысынан сарапқа салып, қажетінше оларға тиісті шара жасауды талап ететіндігі екендігі даусыз. [3]

SMM-дің агрессивті алға жылжуы мен ойластырылған маркетингінің арқасында жас Қазақстандықтардың көпшілігі «Instagram», «Telegram», «ВКонтакте» әлеуметтік желілердегі түрлі діни ресурстарға тап болды, олардың ішінде псевдо-салафиттік саны мыңдаған, ерлер мен әйелдер аудиториясы үшін барлық жастағы санаттар үшін әртүрлі мазмұндағы ресурстар бар.

Ғаламторда тағы бір ұсынылатын контент – ол қайырымдылық жасау, өз парақшаларында құран аяттары мен сүннет амалдары, сауда саласында жарнамалар т.б туралы материал жариялаумен бастайды. Аудиториясын жинап алғаннан кейін өздерінің уағыз-насихат жұмыстарын жүргізуді қолға алады. Олар материалдарын сапалы форматта (бірдей фон, әр материал бірдей форматта) дайындайды. Желі қолданушыларының назарын аударатын инфографикалық және анимациялық роликтер мен көз тартарлық дизайнды қолданады. Кейбір сайттарында халықты экстремистік немесе террористік әрекеттерге шақыруды насихаттамауы мүмкін. Бірақ исламға арналған ақпараттық портал ретінде жұмыс жүргізеді. Алайда, олар шын мәнінде халықтың дәстүрлі діни ұстанымдарын ыдыратып, мұсылмандар арасына жік салып, дінді іштей бөлшектеуді көздеуі мүмкін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің рөлі// Әдістемелік материалдар жинағы. – Алматы: 2011. Философия және саясаттану институты, – 151б.
2. <https://kazislam.kz/dini-radikalizm-ideyalaryn-taratuda/>
3. <https://syрboyi.kz/akparat/destrwktivti-dini-aghymdardyng-internetтеgi-kontentteri-52962/>
4. Қалдыбеков Н. -Харижилік: өткені мен бүгіні // -“Көкжиек» баспасы. – Алматы, 2017.– 208б.
5. <https://www.muftyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2014-10-08/21206-uaapshyldyi-rbanyi-slfizm/>

## ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

*Хасиетова Ж.*

*Мәдениеттану мамандығының 4-ші курс студенті*

*Ғылыми жетекші: мәдениеттану магистрі, оқытушы Есболова Молдир Ауелтаевна  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің мұрасын зерттей отырып, сол мұраның бүгінгі күні алатын орны мен, ұлттық рухани мұраның жаңғыруында және отандық әдебиеттің әлем тануындағы рөлі ерекше екендігі жайында баяндалады.

**Түйін сөздер:** Әбу Насыр әл-Фараби, Рухани жаңғыру, трактаттар, ғылым, ізгілік, ізгілік қала, бақыт, қазіргі заман.

«Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген,  
бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді  
қайта түлетуіміз керек»

*Н.Ә.Назарбаев*

Өткеннен сабақ алып, болашаққа нық қадам басуымыз бен, тағылымы терең жүйелі ойды қалыптастырар, еңбектері бізге мирас болып қалған асыл мұра, әлемге әйгілі екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабидің ұлттық рухани мұраның жаңғыруында және отандық әдебиеттің әлем тануындағы рөлі ерекше.

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында «Екінші Ұстаз» атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат» деп аталады. Оның атақты “Музыка туралы үлкен трактат” деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды. Сонымен қатар әл-Фарабидің шығармашылығы ислам мәдениетінің «Алтын ғасырымен» байланысты. Себебі ол жастайынан өзінің бойына Дешті Қыпшақтың еркіндік сүйген рухын сіңірді. Отанның кең байтақ жазиралары, арғымақтардың жел толқытқан жолдары оның сана–сында еркіндік, бақыт, алысы елдер мен әлі ашылмаған жаңалықтар туралы ойларды оятты. Фараба Аристотельдің философиясына түсіндірмелер жаза отырып, өз тарапынан тарихта алтын әріптермен сақтаулы тұрған асыл мұраны мирас етіп қалдырды. Оған қоса ол туған елінің мәдени байлығын, иран, үнді, антика мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Сондықтан да ол тайыз ұғымдар мен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле біліп, өзінің ойлау жүйесін сындарлы да икемді ете білді. Сондықтан болар, әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала біліп, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірден-бір ғылым саласы жоқ, және оның айшық та бейнелі ой тұжырымдары әлемге әйгілі трактатарында көрініс тапқан. Солардың әйгілеріне тоқталып кетсек.

Әл-Фарабидің ең атақты шығармаларының бірі «Ғылымдар энциклопедиясы» деп аталатын трактатын жазған. Бұл еңбектің ғылым тарихында алатын орны ерекше үлкен. Осы трактат «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдар реті», «Ғылымдар классификациясы», т.б. аттармен Шығыс пен Батыс елдерінде өте ертеде-ақ мәлім болып, одан көп ғұламалар тәлім алды.

Бұл кітап мынадай бес тараудан тұрады:

1. Тіл білімі және оның тараулары;
2. Логика және оның тараулары;
3. Математика, яғни арифметика, геометрия, оптика, математикалық астрономия, музыка, статистика, айла-әрекет жөніндегі ғылым (механика);
4. Физика мен метафизика және олардың тараулары;
5. Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және кәләм (дін ғылымы) [1].

Қала, заң жөніндегі ғылымдар және дін ғылымы (кәләм). Ғылымдардың бұл салалары этика, тәрбие, мемлекет басқару мәселелерімен айналысады.

«Фарабидің энциклопедиясы» XII ғасырда арабшадан латын тіліне екі рет аударылған. Одан кейінгі ғасырларда бұл еңбек толық немесе үзінді түрінде ескі еврей, неміс, ағылшын, француз, түркі,

т.б. тілдерге тәржімаланған. Роджер Бэкон, атақты Әбу Әли ибн Сина (980–1037) және басқалар тікелей соның әсерімен өздерінің көпке мәлім энциклопедиялық еңбектерін жазған [2]. Ұлы ғұламаның бұл еңбегінің құндылығы, оны басқа халықтардың өз қажетіне жаратып, оның еңбек заңдарына, еңбек адамдарының өз жұмысына саналылықпен, ұқыптылықпен қарап, өндірісті дамыту, еңбек өнімін, жеке адамның еңбекке құштарлығын, ынта-жігерін арттыру мақсаты көзделгендігінде. Ұлы ойшылдың еңбектерінің бәрін де философиялық тұрғыдан қарауы үлкен жеміс алып келді. Осы тұста оның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» деген еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларында «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Осы трактатында «қайрат», «ақыл» және «жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» [3], – деп жүрекке шешуші мән береді.

Ал өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келіп, «Интеллект» сөзін келесідей философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды

- *«потенциалды интеллект»*
- *«актуалды интеллект»*
- *«әрекетшіл интеллект»*
- *«жүре келе дарыған интеллект»*

Әл-Фараби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллекттің өзі жүре келе, есітіп, көріп барып қана дамитынын ескертеді.

«Музыканың ұлы кітабы» – әл-Фарабиді әлемге танытқан, музыка теориясына арналған шығармаларының бірі. Бұл еңбек жарық көрген соң-ақ, оны дүние жүзінің барша ғалымдары Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» деп таныған.

Арабтар Фарабидің музыкалық шығармаларын осы уақытқа дейін пайдалануда. Сондықтан да араб музыкасының жалпы тарихын жазған белгілі ғалым Г. Фармер: «Барлық ғылымдар саласында әл-Фараби – «Екінші ұстаз». Ал музыка саласын алатын болсақ, әл-Фараби бір өзі ғана бас король

болып табылады. Басқаша айтқанда, музыка саласында әл-Фарабиге үлгі боларлық, бірінші ұстаз боларлық адам болмаған» [3;18], – деген екен. Қорыта айтқанда, әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» – музыка өнері хақында толық білім беретін қайнар көз. Оқырман бұл кітаптан музыкалық өнердің тәжірибесі және теориясы туралы пайдалы білімдерді табады.

Ғұлама бұл еңбекте математикалық тәсілдер пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге әкелген. Қазір музыкада жеті нота болса, әл-Фарабидің еңбегінде нота саны – 12. Сол бес нотаны әлі күнге дейін ешкім тапқан жоқ. Трактат негізгі төрт бөлімнен тұрады. А. Көбесовтің жіктеуінше, олар мыналар:

1. «Музыка өнеріне кіріспе»;
2. «Музыка өнерінің теориялық негіздері»;
3. «Музыкалық аспаптар»;
4. «Музыка композициясы»;

Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық тақырыптағы шығармаларын солардың ішінде «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Қайырлы қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбектерін оқып, талдау барысында байқайтынымыз, ойшыл ғалым қарапайым ұғымдар арқылы адамның бойындағы кез келген мінез-құлықтардың, әдеттер мен түрлі қасиеттердің тумысынан емес, жүре келе, бірте-бірте барып қалыптасатынын логикалық жүйелілікпен баяндап, дәлелдеп берген.

Энциклопедист-ғалымның әлеуметтік-этикалық мәселелерді қозғайтын ой-толғаныстары көп. Мәселен, ол мынадай мәселелерді сөз етеді: адам өмірінде кездесетін және онымен тығыз байланыста болатын нәрсе, оны мадақтауға немесе жазғыруға болмайтын жағдайлар және мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайлар. Мадақтауға немесе жазғыруға болмайтын жағдайларда адам бақытқа жете алмайды. Ал әрі мадақтауға, әрі жазғыруға болатын жағдайлардың жиынтығы қосыла келгенде адам бақытқа жетеді. Әрі мадақтауға, әрі жазғыруға жеткізетін жағдайларды ғұлама үшеу дейді. Олар:

1) Әрекеттер. Адам өзінің дене мүшелерін пайдалану үшін керекті әрекеттер. Мысалы, тұру, отыру, көру, есту т.б.

2) Жан аффектілері. Мысалы, рахат, қуаныш, өкініш, ашу, қызғаныш т.б.

3) Ақыл-парасат. Бұл адам өмірінің бүкіл бойында болады немесе кейде болады, кейде болмайды [5].

Әл-Фараби «жақсы немесе жаман ақыл-парасат тудыратын күйдің түрі екеу» дейді. Оның біреуінің арқасында жақсы ақыл-парасат туады және мұның өзі ақыл күші деп аталады; екінші түрінің арқасында

жаман ақыл-парасат туады, бұл ақыл кемдігі деп аталады. Әл-Фараби өз зерттеулерінде этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударып отырған. Этиканың зерттеу нысанасы – мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты дәлелдеген. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, этиканың ең жоғары категориясы бақыт болып табылады [6]. Ғұлама ғалым «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» және тағы басқа саяси-әлеуметтік трактаттарында қайырымдылық пен бақыт мәселесіне кеңірек тоқталған.

«Бақыт» – Фарабидің негізгі мәселесі, саяси философиясы. Бақыт дегеніміз – ол абсолюттік игілік. Фарабидің айтуынша, адамдар көп нәрселерді өзінің өмірінің мақсаты мен негізі деп ойлайды. Олар – өзіне ұнайтын, керекті нәрселер, мысалы: ақша, атак, тағы басқалары. Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл– парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бақытты дұрыс түсінетін адамдар – данышпан адамдар [6]. Бақытқа жетудің маңызды шартын, әл-Фараби адамның әрекетті таңдау және осы істеген әрекеттің өз ырқына негізделуінде. Әл-Фараби адам ырқының еркіндігіне, жақсы мен жаманды еркін таңдауына көп маңыз артады. Ерік еркіндігі жан парасаттылығымен анықталады және ол тек адамға тән, адамдағы ізгілікті қалыптастыратын және күшейтетін қажетті шарт. Ойшыл данышпан тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескерткен.

Ғалымның мұрасында әсемдік мәселесі ерекше орын алады. Сұлулықты, үйлесімділікті сұлулық пен сәнділіктің жоғары дәрежесіне ие Алла ғана жасай алады деп дәлелдейтін мұсылман идеологтарына қарағанда, Әбу Насыр ізгі істі іздеуге және жасауға тек адам ғана қабілетті деп дәлелдейді: «Адам рухани ізгілігіне байланысты ғана жағымсыз және ізгі істерге барады», «Адамға қысқа ғана ғұмыр берілгенмен, ол қас-қағымды көп екен деп есептейді, адамдар бір-біріне азап шектіре отырып бірімен-бірі жауласады, бір-бірімізді қашанға дейін азап шектіре береміз. Табиғатта әсемдік мәңгі өмір сүреді, ал қайталау түрінде пайда болатын өнердегі ізгілік пен сұлулық адамнан ғана шығады».

Әл-Фарабидің эстетикасында әсемдік пен пайдалылық, сұлулық пен пайда бірімен-бірі үйлесімді түрде тұтасып кеткен, бірінен-бірі бөлінбейді. «Адам ақыл-ойының арқасында ғана адам болды», – дейді ғұлама. Ұлы бабамыз – Аристотельдің философиясын дамыта отырып, өз тарапынан көптеген маңызды ғылыми еңбектер жазды. Әл-Фараби ғылымының философиялық– логикалық іргетасын дұрыстап қайта қалап шықты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т.б. ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні ерекше зор.

Дүние жүзі мәдениетінің дамуында із қалдырған қайраткерлер осы заманға дейін адамзат мәдениетінің бірлігін паш етіп келеді. Әл-Фараби осындай дүниежүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Ол туған елінің мәдени байлығын, Иранның, Үндістанның ежелгі дүние мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Дәл сондықтан да ол таяз ұғымдар мен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле білді. Өзінің ойлау жүйесін сындарлы да икемді ете білді. Әл-Фараби заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді. Өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірден-бір саласы жоқ деуге болады.

Әл-Фараби тек Шығыстың ғана емес, Батыстың да ғылым мен мәдениетінің дамуына зор үлесін қосқан энциклопедиялық білімі бар ғалым. Оны толық растайтын мына деректер:

– XV–XVI ғғ. еңбектері Еуропада басылып шыға бастайды. Әл-Фараби еңбектері алғаш рет еврей тіліне аударылды.

– 1869 ж. Ресейде «Әл-Фараби, оның өмірі мен шығармалары» атты кітапты М. Штейншнейдер жарыққа шығарды.

– 1895 ж. Ф. Дитерици «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбегін басып шығарды.

– 1927 ж. Хайдарабатта «Азаматтық саясат» атты еңбегі жарыққа шығады.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (ҚазҰУ), осы оқу орнының 80 жылдық мерейтойына байланысты, Фараби мұрасын зерттеу қызу қарқын алды. 2013 ж. 23 желтоқсанында университетте «Al-Farabi university smart city» ғылыми-инновациялық жобасы жол тартты. Ол әл-Фараби бабамыздың ізгілік қаласы туралы іліміне негізделген. Жобаны жүзеге асыру мақсатындағы басты шаралардың бірі – әл-Фараби мұрасын қалың көпшілікке жеткізуге бағытталған оқу құралын қазақ және орыс тілінде дайындау.

– 2014 ж. ҚазҰУ-дегі Әлем халықтары әдебиеті институты және «Әл-Фараби» орталығы бірлесе отырып, Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала» мен «Музыка туралы кітап» атты еңбектерінің екі томын, «Ақыл кітабын» («The Book of Mind» орыс және ағылшын тілдерінде) және «әл-Фараби туралы кітап» жинағын жарыққа шығарды.

– 2014 ж. мемлекет Басшысының тапсырмасымен қолға алынған «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы аясында тарихшыларымыз Испания музейінен әл-Фарабидің бұзау терісіне жазылған 10 трактатын, Ғұндардың көсемі – Еділ қағанның бейнесін және сайын даламыздан шыққан ғалымдардың араб тіліндегі қолжазбаларын тапты. Еуропада сақталып келген бұл аса құнды жәдігерлердің көшірмелері мен СД-дискіге түсірілген нұсқасы елге жеткізілді.

– Рамазан Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры белгілі ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлі сонау Еуропа төрінен ұлтымызға тән тарихи құжаттардың табылғанына байланысты хабарды жеткізе отырып: «Әбу Насыр әл-Фарабидің 150 беттен тұратын он трактаты ішіндегі керекті сөздердің асты қызыл сиямен сызылыпты. Мұны бабамыздың өзі сызды ма, мүмкін, кейіннен біреу белгіледі ме, білмеймін, зерттеу керек» [7], – деген ұсыныс жасады.

Жоғарыда келтірілген біршама факторлар мен деректерді елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай – «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек». Әрине бұл үлкен міндет заманауи жастарға жүктеліп, бабамыздан қалған асыл мұраны келешек ұрпаққа дәріптеу де біздің қолымызда. Оның алғышарттары қазіргі уақытта етек жайып, жоғарғы оқу орның аға оқытушы профессорларының бастауымен, студенттерге тиесілі болуда. Солардың бірден бір мысалы университетіміздің қабырғаларында әл-Фараби мұрасын жаңғыртуға арналған түрлі бағдарламалар мен іс-жобалар бастау алып, студенттер арасында кеңінен тарап кеткен «әл-Фараби және қазіргі заман» атты дисциплинаның өтуі, біз үшін бабамыздың еңбектерімен танысуға үлкен мүмкіндік тудыруда.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://www.zakon.kz/4908813-ruhani-zha-yru-hal-yмыz-a-ruhani-zhol-k.html> ақпараттық порталы.
2. Орынбеков М., Алтаев Ж. Әл-Фараби философиясы // Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 160 б.
3. Сағындықов Н. Фарабитану қайта жаңғыру кезеңінде тұр // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2011. – № 17 (29). – 31, 32-б.
4. Исахметұлы Ж., Даутбаев М. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие мәселелері // Ақиқат. – № 6. – 105, 106-б.ХЖ
5. Философия және мәдениеттану: Оқу құралы/ Ж.Алтаев, Т.Ғабитов, А.Қасабеков және т.б.– Алматы, Жеті жарғы, 1998.-272 б.
6. Сүлейменов П. Әл-Фарабидің қоғамдық философиялық және педагогикалық ғылыми көзқарасы // Ақиқат. – 12. – 67–70-б.
7. әл-Фараби және қазіргі заман оқу құралы / Ғ.М. Мұтанов, М.Ш. Хасанов, Г.Ж. Нұрышева-Алматы: Қазақ университеті, 2014-239 б.



Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ 180 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ АҒАРТУ  
ІСІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ

РОЛЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ Ы. АЛТЫНСАРИНА В РАЗВИТИЕ ПРОСВЕЩЕНИЯ  
КАЗАХСТАНА», ПРИУРОЧЕННАЯ 180 ЛЕТИЕ Ы. АЛТЫНСАРИНА

PEDAGOGICAL HERITAGE S.ALTYNSARINA IN THE DEVELOPMENT OF EDUCATION IN  
KAZAKHSTAN», DEDICATED TO THE 180TH ANNIVERSARY OF Y. ALTYNSARINA

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ, ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ  
ҮДЕРІСІНДЕ ЖАСТАРҒА РУХАНИ-ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ  
В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ, ПРИУРОЧЕННАЯ 30 ЛЕТИЕ  
НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА

ACTUAL PROBLEMS OF SPIRITUAL AND MORAL EDUCATION OF YOUNG PEOPLE  
IN THE MODERN EDUCATIONAL PROCESS DEDICATED TO THE 30TH ANNIVERSARY  
OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН СЫБАЙЛАС-ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТӘРБИЕЛЕУ

*Күнту А.,*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының  
4 курс студенті*

*Ғылыми жетекші: п.ғ.к., Шағырбаева М.Д.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

### **Аннотация:**

Сыбайлас жемқорлық бүкіл қоғамның проблемасы, оның пайда болуы уақыты б.з.д. мыңжылдықтардан басталады. Себебі, қоғамның барлық кезеңінде моральдық тұрғыдан әлсіз, ар ождан, адамгершілік құндылықтары төмен, өзіне сенімсіз адамдар болған. Сыбайлас жемқорлықтың қоғамда болғаны сияқты, онымен күресушілер де болды, әлі де күресіп келеміз. Әлемдік сыбайлас жемқорлықпен күрес үшін 100-ден аса елдер кірген ұйымдардың тәуелсіз сарапшылары жыл сайынғы санақты жасап, шынайы статистикаларын шығарып, қолдау көрсетіп отырады. Себебі, жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, бүкіл әлемде елдің экономикасын артқа тартатын, қоғамды іштей шірітетін жағымсыз проблемамен күресу әлем үшін маңызды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бірінші кезекте отбасыдағы тәрбиеден басталады, сосын білім ордасындағы білім мен тәрбиенің ұштасуы: – шыншыл, мәдениетті, зерделі тұлғаны қалыптастыруда міндет ретінде қаралуы керек. Антикоррупциялық сананы қалыптастыру үшін мемлекет пен қоғам, яғни халық, бірігіп жауапкершілікпен жұмыс жасауы керек. Әр адам, тұрып жатқан елінің патриоты ретінде әлсіздік танытпай, кез келген іске жауапкершілікпен қарай алса, бұл мәселенің де тамыры кесілетін күн келеді.

**Түйін сөздер:** жемқорлық, сыбайлас жемқорлық, оқушылар, тәрбие, сана.

Балалар біздің болашағымыз, қазіргі біздің істеп жатқан әс-әрекетімізді айна секілді өзімізге қатйалап береді. Әрбір қоғамда болашақ – жастардың қолында деген лозунг бар, бірақ соны халық санасына толық енгізе алды ма? Болашағының жарқын болатынына қаншалықты үлес қосып жатыр, қандай үлгі-өнеге беріп жатырмыз кейінгі ұрпаққа? Мен де сол жастардың бірімін, бірақ мен саналы таңдау жасай алатын, тәуелсіз, ақыл тоқтатқан жасқа келген азаматшамын. Және мен де, аға ұрпақ сияқты елімнің болашағына алаңдаушылықпен қараймын, шындап келгенде әлемнің жақсы болғанын қалаймын. Сондықан да, сыбайлас жемқорлық туралы балалардың алғашқы оқу ордасында қалыптастыратын білімі мен тәрбиесі туралы тақырыпта сөз қозғап отырмын. Біз білетін тамыры тереңге жайылған Сыбайлас жемқорлық – барлық қоғамдарда және барлық дәуірлерде өмір сүріп келе жатқан, түйіні әлі толық шешілмеген проблема. Ол бар кезде экономика әлсірейді, елдің өсуге деген көрсеткіші төмен болады, қоғамдық қарым-қатынас барысында адамдар арасындағы бір-біріне деген сенім әлсіз болады. Және бұл проблема біз ойлағаннан да әлдеқайда ерте басталып, онымен күрес те, бірнеше мың жылдықтар бұрын басталды. Оны Ерте ғасырдағы сазға жазылған сына жазудың арқасында, қазіргі кезге дейін жеткен тарихи мәліметтерге сәйкес, жемқорлықпен күрескен ең алғашқы биліктегі күресушілердің бірі б.з.б. 2400 жылы өмір сүрген Шумерлік билеуші Урукагин туралы ақпараттан білеміз. Ол, жемқорлық жасағандарға қатал жаза қолданған, бірақ нәтижесі мен жазаның түрлері туралы нақты ақпараттар жоқ. Одан бөлек тарихта сыбайлас жемқорлықпен сәтті күресудің көптеген мысалдары бар, соның бірі Францияда XVII ғасырдың аяғында Якубиндік диктатура қазасынан кейін билікті мемлекеттің тарихында ең сыбайластық тәртіп Директория жаулап алды. Директория басқарған жылдары Францияның экономикалық жағдайы құлдыраған, кейіннен билікке консул болып, сыбайлас-жемқорлықпен батыл күрес жүргізген I Консул ретінде Напалеон келді. Бірнеше ай ішінде Напалеон керемет жетістіктерге жетті, сондай-ақ Директория кезінде ұрланған ақшаларды қазынаға қайтарған. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бір адамның қолымен жасалмайды, және онымен күресті бір адамның мойнына артып қоя алмаймыз, –Жұмыла көтерсе жүк жеңіл,– деген барлық мағынада айтылған.

Әлем елдерінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана» ұғымы қоғамның барлық нысандарда қарастырылады. Бұл интегративті ұғым, себебі ол өзіне әртүрлі ғылым саласынан ақпаратты сіңіреді, әртүрлі оқу пәндерінде зерделенеді, сонымен қатар ол туралы білімді тұжырымдауда зерттелетін құбылысты түсінудің жаңа деңгейіне шығады. Нәтижесінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қоғамдық сананың өзге де нысандарымен тікелей өзара байланыста болады және қоғамдық дұрыс санаға тән жақсы қасиеттер және сипаттамаларды қабылдайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана – бұл адамдардың өздерінің эгоисттік қажеттіліктерінен қоғамға пайдалы қажеттіліктерді, игі істерді, ізгілікті биік қоя білу, және сыбайлас жемқорлықтың зұлымдық ретіндегі қатынасын білдіретін ұғымдар, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы. Бүкіл әлем елдеріндегі сыбайлас жемқорлықтың көлемін, деңгейін өлшеу үшін **Transparency International** (Транспаренси Интернешнл) тәуелсіз эксперттерден

тұратын үкіметтік емес ұйым құрылған. Транспаренси Интернешнал 1993 жылы Берлинде Дүниежүзілік банктің Шығыс Африканың бұрынғы директоры Питер Эйгенмен құрылды. Қазіргі кезде әлем бойынша 100-ден астам елде ұйымның филиалдары бар. Transparency International ұйымының филиалы Қазақстанда да бар, ұйымның жүргізген зерттеулері бойынша Қазақстан жемқорлық жөнінен өте жоғары елдердің қатарында. Жыл сайынғы елімізде жүргізетін мәлімет бойынша Қазақстан коррупция деңгейі жөнінен 175 елдің арасында, 2013 жылы 140 орында тұрса, соңғы жылдағы көрсеткіш бойынша қатысқан 180 елдің ішінен 113 орында тұр. Яғни, Қазақстан сыбайлас-жемқорлық бойынша деңгейі өте жоғары елдердің қатарына жататындығына көз жеткіздік. Тәуелсіз эксперттерден тұратын ұйым 2004 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздері» деп аталатын экономикалық және заң мамандықтарының студенттеріне арналған оқулық шығарды, ол Қазақстан Конституциялық Кеңесінің төрағасы – Игорь Рогов, Жоғарғы Кеңестің төрағасы – Қайрат Мәмидің редакторлығымен жасалыған болатын. 2014 жылдан бастап Transparency Kazakhstan жалпы білім беретін мектептердің 10-сынып оқушыларына арналған «Мектеп оқушыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім» оқулығын әзірлеу үстінде. Transparency Kazakhstan «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мектепті» ұйымдастырды, ол 2014 жылы Алматыда және 2016 жылы екі облыс орталығында: Қарағанды және Ақтау қаласында өтті. Мектеп бағдарламасы қазақстандық және халықаралық сарапшылардың қатысуымен түрлі тренингтер мен семинарларды, жағдайларды және іскерлік ойындарды модельдеуді қарастырады. Елімізде 2004 жылдан бері, 9 – желтоқсан халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күні. Бізде нәтижелер болып жатыр, бірақ өте жай болуда, сондықтан күрес жұмысында жұмыла жасаған жүк жеңіл демекші, бұл – бүкіл әлемдік сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте оң және жоғары нәтижені ертерек көрсетіп, еліміз тезірек көркеюі үшін мемлекет пен қоғам бірігуі керек.

Бір рет пара беріп сіз қылмысқа барасыз, ол істің пайдасы сізге қаншалықты, сізді күнде кешке үйіңізде біреу күтеді ғой...

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру» ұғымы «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсылықты көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті аясында жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі. Сонымен бірге білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім» – тұлғаның адамгершілік, мәдени, зияткерлік тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесін айтады. «Ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызды іс-шараларды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды ұйымдастыру арқылы іске асырылады». Егер адамгершілік ережелері жұмыс істемесе, қоғамның азғындағаны, мұндай жағдайда мемлекет – әлсіз болады, егер социум өмірінде мораль тиісті орын алмаса, азғынданған қоғамның болашағы жоқ. Жоғарғы буын мұны жақсы түсінуі керек, яғни, сыбайлас жемқорлық және оның көріністері дегеніміз не, олардың болашағына және жас ұрпақтың болашағына қандай қауіп төндіреді жөнінде ойланады. Осылайша, адамдардың түсінігінде қазіргі сыбайлас жемқорлық: – қоғамдық санаға, тұрмыс пен қызметтік жұмысқа терең тамырын жайған зұлымдық, – билік басындағы адамдардың жүзеге асыратын қылмыстық әрекеті, – адамгершілік мінез-құлық шектеулері жоқ, бірақ қоғамдық процестерге кері ықпал ете алатын арам адамдардың өмір сүру қалпы сияқты көрінеді. Адамдардың позитивті адамгершілік бағдары болатын мінез-құлық ережелері бір мезгілде пайда болмайды, олар – олардың қайда пайда болғанына, қандай формада таралғанына және әлеуметтік норма белгілерін қашан иеленгеніне қарамастан тарихи тәжірибенің нәтижесі болып табылады.

Негізінде адамгершілік бастаулары тамыр жайған қоғамда заңдар сақталады, ондай жағдайда жемқор өзінің әс-әрекетінен қолайсыз сезінеді, оның іс-әрекеті шектелген болады және өзінің қылмыстық мүмкіндіктерін жүзеге асыра алмайды. Басқаша айтқанда, мораль және жоғары өнегелі орта жемқордың қылмыстық іс-әрекетіне тосқауыл болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру үшін жазалау шаралары жеткіліксіз. Сот тағайындайтын жазаның қаталдығы мен жұрт алдында тұтқындау кезінде қарапайым адам саналы түрде арты қорлыққа артын қылмыстан бас тартуы керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жазалау тетіктеріне немесе ғылыми зерттеулерге ғана сүйенбеуі тиіс. Адамдардың сыбайлас жемқорлық туралы моральдық құндылықтар негізінде қалыптасатын түсінігін басты мәселе ретінде қойған жөн. Тек қана осы жол арқылы мемлекет қарапайым адамдардың «мемлекет» және «сыбайлас жемқорлық билік» ұғымдарын теңдестіруіне жол бермеуі тиіс. Егер соңғысы бұқара халықтың санасында тамыр жайса, онда сыбайлас жемқорлық мыңдаған жемқорлар

жазаланса да жойылмайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиенің негізгі әдістерінің бірі – сендіру. Бұл әдіс тұлғаның маңызды қасиеттерін алға тартып, оның дұрыс дүниетанымын, сана-сезімін, жақсылыққа деген сенімділікті қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Сендіру тек әңгіме ретінде жүрмеуі тиіс. Бұл келесі педагогикалық шарттарды қатаң сақтауды қажет ететін ойластырылған педагогикалық технология:

– тәрбиешінің білімді адамның болашағы жарқын болатын шындыққа сендіре білуі және өзінің мүлтіксіз сенімі;

– адамның шынайылығы, адамгершілігі, мәдениеті, өз күшіне деген сенімділігі, өткір және өзекті сұрақтарға тікелей жауап беруге дайын болуы. Осындай қатынас қана білімділердің сеніміне ие бола алады, тек осы жағдайда ол өзінің сөзіне, идеясына және пікіріне жақсы қатынаста бола алады. Мәлімделген фактілердің, қағидалардың, ережелердің, дәлелдердің негізділігі, объективтілігі, теріске шығарылмайтындығы туралы түсінігі.

– басқаны тыңдау, сендірілген адамның ескертулеріне, қарсылықтары мен пікірлеріне дұрыс әрекет ету қабілеті, тәкаппарлыққа жол бермеу, антикоррупциялық иммунитет қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім марапаттау әдісінің аяқталмайды. Дәл осы адамға маңызды ынталандыруға міндеттеме тағайындалады. Ынталандыру адамды шабыттандырады, оқушыларының күштері мен қабілеттерін дұрыс бағалауға, өзін-өзі объективті бағалауды дамытуға, әріптестерінің алдында беделін арттыруға ықпал етеді. Көтермелеуді оның дәрі де, у да болуы мүмкін екенін ескеріп, абайлап қолдану керек. Ынталандыру әсерінен максималды нәтиже алу үшін келесі шарттар сақталуы керек:

– ұқыптылық;

– ойлылық пен мақсатқа сайлық;

– кез келген тапсырмаға жауапкершілікпен қарау;

– моральдық және материалдық ынталандырудың дұрыс үйлесуі;

– жариялылық;

– ұжымның пікірі бойынша ынталандыруды негіздеу.

Сыйақы әдісі мәжбүрлеу әдісімен бірге қолданылады. Мәжбүрлеу әдісі дегеніміз – жеткіліксіз жауапкершілік, намыссыздық, немқұрайлылық, мінез-құлықтағы бұзушылықтар мен өз міндеттерін орындау нәтижесінде, тиісті тілек пен жұмылдырусыз жұмыс істейтін, сондықтан қызметкерлерге ықпал ету құралдары мен әдістерінің жүйесі деп түсінеміз. тиімділігі төмен. Бұл жақсы мақсатпен жасалады: қызметкердің қызметтік моральға қатынасын өзгерту, оларға берген антын, заңдары мен мінез-құлық нормаларын құрметтеуге мәжбүр ету, олардың өздеріне деген талаптарын арттыру. Қызметкерді мәжбүрлегеннен гөрі оны ынталандыру әрдайым өнімді болатынын әрдайым есте ұстаған жөн. В.Короленко «өлім жазасын парадан алып тастау мүмкін деген ойдан басқа қате ештеңе жоқ» деп атап өтті. Алайда, егер импульс жұмыс істемесе, онда мәжбүрлеуді соңғы шара ретінде қолдану керек. Біз өзімізді мазалайтын нәрсені шексіз кешіре аламыз, бірақ мемлекетке және қоғамдық қызметке зиян келтіру жағдайында кешірім болмауы керек. Мәжбүрлеу нысандарына мыналар жатады: оларды жою мақсатында бар кемшіліктерді көрсету, ашық айыптау, сын, категориялық талап, қызметкердің қызметі мен мінез-құлқына бақылауды күшейту, қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы ескерту, әкімшілік жаза, команда және т.б.

Латвия: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім ашық элемент ретінде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру әдістері Латвияда бұрыннан енгізілген, және одан кейін оң нәтижелер болған. Бұл PHARE жобасымен енгізілген жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаны іске асырудың салдары болды. (бастапқыда Еуропалық Одақтың бастамасымен және оған қосылғысы келетін Шығыс Еуропа елдеріне көмектесуге бағытталған PHARE). Жоба осы уақытқа дейін, әсіресе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында жалғасуда. Латвия – мектептерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру жүйесі дамыған елдердің сирек кездесетін мысалдарының бірі, сондай-ақ антисептикалық оқытудың сәтті үлгілері – жоғары оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлық қарсы күрес пәндері, оны Латвияның тәуелсіз оқу орталығының жұмысы мысалында көруге болады. Еуропалық Одақтың қолдауымен орталық сот жүйесінің ашықтығын және оны азаматтардың, оның ішінде мектеп оқушыларының қабылдауын дамытуға бағытталған бірқатар бағдарламалар әзірледі. Бағдарламада сот бұйрықтарын жариялаудың маңыздылығы, сотта дәлелдемелерді қолдану, сот жүйесіне және сот жұмысына Интернетке қосылу мүмкіндігі көрсетілген. Жоғарыда айтылған жайлардан басқа, оларды әзірлеуге қатысқан сарапшылар белгілі істер мысалында азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізудегі құқық қолдану мәселелері бойынша пікірталас өткізуді, сондай-ақ оларды талдауды ұсынды. Бағдарламаның мақсатты аудиториясы орта және жоғары сынып оқушылары болды. Оқу циклына дәрістер, пікірталастар, сот істерін сахналау және оларды талдау кіреді. Мұнымен тоқтамайды, Латвияның орта мектептері оқушылар арасында адалдықты насихаттауға, олардың сыбайлас жемқорлық пен параның

зияны туралы түсініктерін дамытуға және оларды азаматтық бақылауға дайындауға бағытталған жобаға қатысты. Жобаға Латвияның барлық аймақтарынан үш жүзге жуық мектеп қатысқан, үш санатқа – 1-4, 5-9 және 10-12 сыныптарға бөлінген әр түрлі жас топтарынан жүз жүзге жуық оқушы қатысты. 1-ден 4-ке дейінгі топтағы мұғалімдер адал емес іс-әрекет туралы ертегі айтып, оны оқушылармен талқылап, әңгімені жазып, өз жұмыстарын байқауға жібеген. Орта және жоғары жастағы топ оқушылары жоба ұйымдастырушылары ұсынған 14 жағдайдың бірін таңдай алады (немесе өз тәжірибелеріне сүйене отырып, өз бетімен ойластыра алады). «Сыбайлас жемқорлыққа бірге» ұранымен арнайы оқу-әдістемелік материалдар әзірленіп, мектептерге жіберілді. Бағдарламаға қатысушы сарапшылардың пікірінше, сыбайлас жемқорлықтың кең етек алуының себептерінің бірі – жалпы қоғамда осы салада жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдардың жоқтығы айқындалды, олар Латвияда тек Transparency International филиалымен ұсынылған. Оның қызметкерлері жыл сайын Латвияның жеті ірі қаласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы семинарлардың ұйымдастырушылары ретінде қатысады, олардың барысында сыбайлас жемқорлық мәселелерін шешудің мүмкіндіктері, сыбайлас жемқорлықпен күрес тәжірибесі және оның нәтижелері талқыланады. Семинар, лекциялары әдетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді құруға айналады, мысалы, Лиепаядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және Латвиядағы алғашқы мамандандырылған веб-сайт. Егер өзіміздің ұлттық мәдениеттің мысалын алсақ, отбасында балаларды еңбекке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу дәстүрі әрқашан да болған. Сондықтан отбасында ұлттық тәрбиенің негізі, адамгершілік пен іс-әрекеттің негізі ретінде адал еңбек басты қағида болуы тиіс. Сол кезде ғана отбасы деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тосқауыл қоя аламыз. Бұл тосқауыл осы мәселені заңдық реттеуге қарағанда мықтырақ және тиімдірек. Жоғарыда айтылғандарға орай мынадай қорытынды шығаруға болады: – өскелең ұрпақты тәрбиелеуде отбасының адамгершілік жауаптылығын арттыру қажет, жанұяда борыш, адалдық, ар-намыс, әділдік талаптарына сәйкес келетін тұлғаның мінез-құлқының адамгершілік қасиеттерін күшейту қажет, адамды, әділдік пен ар-ождан рухында тәрбиелеу тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі ретінде қоғам мен мемлекеттің тарапынан сұранысқа ие болуы тиіс. Және де өзін-өзі дамыту, білім алу, мәдениетін көтеру антикоррупциялық іс-әрекетке жасалған тағы бір қадам. Елдегі сыбайлас жемқорлықпен тек билік қана күресуге қауқары жетпейтіні белгілі, сондықтан да 50% жауапкершілік қарапайым халықта, әр адам аналы түрде әділдікті таңдай білгенде ғана өзгеріс болады. Қазіргі кездегі еліміздегі антикоррупциялық ұйымдар халықты шындықты, тек шындықты тосқауылсыз, қорқусыз айтуға шақыруда, тіпті жемқорды ұстап берген адам сыйақыға ие болады, әрине бұл жақсылыққа деген мотивтің бірі. Мақаланың түйінін Шынболат Ділдебаевтың «Шындық» өлеңімен аяқтайын:

Заман қалай, адам қалай өзгерді,  
Өзгергенді шүкір, қазір көз көрді.  
Арың менен ақиқаттың алдында  
Шындықты айтып, Шыңғыратын кез келді,–

дей отырып, – әділдік бәрі бір жеңеді!– дегім келеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://transparency.org.ru/projects/antikorrupsionnoe-prosveshchenie/praktiki-antikorrupsionnogo-obrazovaniya-v-evrope.html>
2. <https://students-library.com/library/read/35974-metody-antikorrupsionnogo-vospitania>
3. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам // Егемен Қазақстан. – 2012. – 10 шілде.
4. Индекс восприятия коррупции (англ. Corruption Perceptions Index, CPI) – ежегодный рейтинг государств мира, отражающий оценку уровня восприятия коррупции аналитиками и предпринимателями по десятибалльной шкале. Составляется компанией «Transparency International» с 1995 года. <https://ru.wikipedia.org>. – 5 сентября 2015 года.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы. <http://adilet.zan.kz>
6. Дамаскин О. В. Коррупция: состояние, причины, противодействие. – М., 2009. – 304 с.

## АТА-АНАЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ

**Перденбекова М.,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының  
4 курс студенті

Ғылыми жетекші: п.ғ.к., Шағырбаева М.Д.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Аннотация:** Бұл мақалада оқушыларды тәрбиелеуді ізгілендірудің көзі ретінде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастырудың жүйелі моделі айтылады. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың тиімді құралы ретінде білім беру процесін ізгілендірудің педагогикалық жағдайларының жиынтығы анықталды. Мұғалім-оқушы-ата-ана арасындағы қарым-қатынасқа бағытталған негізгі ережелер мен шарттар көрсетілген.

**Түйін сөздер:** тәрбие, педагогикалық жұмыс, мәдениет, қарым-қатынас.

*«Педагогика барлығына бірдей ғылым болуы керек: мұғалімдерге де, ата-аналар үшін де»  
В.А. Сухомлинский*

Ата – аналардың педагогикалық мәдениеті – балалардың рухани-адамгершілік дамуының, тәрбиесі мен әлеуметтенуінің ең тиімді факторларының бірі. Мемлекеттік білім беру стандартын енгізумен ата-аналармен жұмыс жасауға көп көңіл бөлінеді. Жалпы педагогикалық мәдениет – ол ғасырлар бойы балалардың тәрбиесі жайлы жинақталған білім мен тәжірибеге байланысты.

1-кесте

### Педагогикалық мәдениет құрылымына



Жалпы (кесте 1) педагогикалық мәдениет құрылымына жататын негізгі бағыттар жайында айтылады. Бұл зерттелген, қолданыста бар құрылымдар деп атай аламыз. Мағжан Жұмабаевтың «тәрбиелік мақсат-баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып тәрбиелеу» деп өзінің мағыналық сөзін қалдырды [1, 136]. Бұл сөздің түпкі ойына мән беретін болсақ. Мектеп ол оқушылар үшін оның ата-аналары үшін жүргізілетін жылулық танытатын, ұйытқы болатын орын болуы керек. Жалпы бұл байланыс оқушы-ата-ана-мұғалімнің арасындағы берік байланысты қарым-қатынас арқылы дамиды. Оқушылардан бөлек ата-аналарға арналған білімін жетілдіру мақсатында өткізілетін жұмыстар қазіргі кезеңдерде өте аз. Бірақ бұл оқушылардың дамуына әсер етпеуі үшін барынша бірігіп жасалынуы керек. Сондықтан мектептегі өз жұмысында жақсы нәтижеге ата-аналар-мұғалім-оқушы байланыстарының мәдениетін дамыту үшін, бірлесе отырып жұмысын ынтымақтастық негізінде құрғаны абзал.

*Жалпы отбасылық тәрбиеде мектеп пен отбасының ынтымықтастығын дамыту және оны ұйымдастырудың негізгі қағидалары:*

- Тәрбиені қалыптастыруда қоғам, мектеп, отбасы және тәрбиелік оқу бағыттары;
- Мектеп отбасындағы педагогикалық ұжыммен тығыз байланыстарды орнату арқылы, әр бір баланың қабілетін ашу, дамыту, оны жеке тұлға қалыптастыру;
- Мұғалім-оқушы-ата-ана белсенділігін мен шығармашылығын арттыру және байланыстыру.

*Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық азартудың формалары:*

- Ата-аналармен балаларды отбасында және мектепте тәрбиелеудің жалпы және неғұрлым өзекті мәселелерін талқылауға, ата-аналарды мектеп жұмысының міндеттерімен және қорытындыларымен таныстыруға бағытталған мектептің ата-аналар комитетінің отырыстары.

– Жалпы мектептік ата-аналар жиналысы ата-аналарды мектеп туралы нормативтік-құқықтық құжаттармен, жұмыстың негізгі бағыттарымен, міндеттерімен, қорытындыларымен таныстыру үшін жылына екі рет өткізіледі;

– Сыныптағы ата-аналар жиналысы сыныптың оқу-тәрбие жұмысының міндеттерін талқылау, тәрбие жұмысын жоспарлау, отбасы мен мектептің тығыз ынтымақтастық жолдарын анықтау, өзекті педагогикалық проблемаларды қарау мақсатында жылына төрт-бес рет өткізіледі;

– Балаларды тәрбиелеу туралы білімді кеңейтуді, тереңдетуді және бекітуді көздейтін және отбасылық тәрбиелеуде тәжірибе алмасуға арналған ата-аналар конференциялары, сондай-ақ проблемалық тақырыптар мен жағдайларды талқылайтын конференциялар;

– Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға ықпал ететін ата-аналар лекторийі;

– Табысты отбасылардың оң тәжірибесін қолдануға ықпал ететін отбасылық тәжірибенің тұсаукесерлері;

– Балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша мамандарды шақыра отырып, сұрақтар мен жауаптар кеші;

– Дөңгелек үстел-бұл білім берудегі әртүрлі жағдайларды талқылауға, оқушылар тобында, мектепте, отбасында қалыптасқан жанжалды жағдайларды жеңу тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік беретін форма. Бұл форма өзекті мәселелерді практикалық шешуді ұсынады;

– Семинар-практика – ата-аналар семинарларында олар баламен дұрыс қарым-қатынас жасауға, ата-аналар мен балалар арасындағы қақтығыстардың себептерін анықтауға, баламен және басқалармен сындарлы қарым-қатынас орнатуға үйретеді;

– Балалармен бірлескен жиналыстар-бұл ата-аналар мен балаларды біріктіретін, балаларын «екінші жағынан», олардың мүмкіндіктері мен талантарын, мектеп өміріндегі жетістіктерін көруге мүмкіндік беретін жұмыс түрі.

Ата-аналардың жоғары педагогикалық мәдениеті деңгейі бірқатар еңбектерден сипатталады. Ата-аналардың тәрбиесіндегі ең басты мақсаты – дамыту, белсенді тұлғаны қалыптастыру оны түсіне білу. Мұғалім үшін ең маңызды және жақын серіктестердің бірі – оқушылардың ата-аналары.

*Жұмыстың негізгі міндеттері:*

– әр оқушының отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату;

– балаларды дамыту және тәрбиелеу үшін күш-жігерді біріктіру;

– өзара түсіністік, ортақ мүдделер, эмоционалды өзара қолдау атмосферасын құру;

– ата-аналардың тәрбиелік дағдыларын жандандыру және байыту;

– өздерінің педагогикалық мүмкіндіктеріне деген сенімдерін сақтау.

*Ата-аналармен өзара әрекеттесу принциптері:*

1. Мұғалімдердің ата-аналармен қарым-қатынасының достық стилі.

Қарым-қатынасқа деген оң көзқарас топ мұғалімдерінің ата-аналармен барлық жұмысы негізделетін берік негіз болып табылады. Мұғалімнің ата-аналармен қарым-қатынасында категориялық талап етілмейді. Мұғалімдердің ата-аналармен күнделікті достық қарым-қатынасы балалардың ерекше ықыласына бөленуіне көмек береді.

2. Жеке тәсіл тек балалармен жұмыс жасауда ғана емес, сонымен бірге ата-аналармен де қажет. Сабақ барысындағы мұғалімнің жұмыс барысындағы қызметі адами және педагогикалық шеберлігі ата-ананы тыныштандыруға, жанашыр болуға және балаға қандай да бір жағдайда қалай көмектесуге болатындығын бірге ойластыруға көмектеседі.

3. Ынтымақтастық. Қазіргі аналар мен әкелер көбінесе сауатты, білімді және, әрине, өз балаларын қалай тәрбиелеу керектігін жақсы білетін адамдар. Сондықтан бүгінгі таңда педагогикалық білімді тәлімгерлік және қарапайым насихаттау ұстанымы оң нәтиже бермейді. Күрделі педагогикалық жағдайларда өзара көмек пен отбасын қолдау атмосферасын құру, балабақша ұжымының отбасылық мәселелерді түсінуге деген қызығушылығын және көмектесуге деген шынайы ықыласын көрсету әлдеқайда тиімді болады.

4. Тиянақты дайындық. Ата-аналармен жұмыс жасаудың кез-келген, тіпті ең кішкентай оқиғасы да мұқият және байыпты дайындалуы керек. Бұл жұмыстағы ең бастысы – бір-бірімен байланысты емес, бір-бірімен байланысты емес іс-шаралардың саны емес, сапасы. Әлсіз, нашар дайындалған ата-аналар жиналысы немесе семинар жалпы мекеменің жағымды имиджіне теріс әсер етуі мүмкін.

5. Серпінділігі. Бүгінгі таңда білім беру бағыттарында мұғалімдер тек жұмыс істеу емес, даму режимінде болуы керек, мобильді жүйе болып табылады, ата-аналардың әлеуметтік құрамының өзгеруіне, олардың білім беру қажеттіліктері мен білім беру қажеттіліктеріне тез жауап беруі керек. Осыған байланысты мектепте отбасымен жұмысының нысандары мен бағыттары өзгеруі керек. Ата-аналармен жұмысты жоспарлау үшін оқушылардың ата-аналарын жақсы білу керек. Сондықтан ата-

аналардың әлеуметтік құрамын, олардың көңіл-күйін және баланың мектепте болуын күтуін талдаудан бастау керек. Сауалнама жүргізу, осы тақырып бойынша жеке әңгімелер ата-аналармен жұмысты дұрыс құруға, оны тиімді етуге, отбасымен өзара әрекеттесудің қызықты формаларын таңдауға көмектеседі [2, 106].

Отбасылық тәрбиенің басты ерекшелігі-отбасының эмоционалды микроклиматы, соның арқасында бала өзіне деген көзқарасты қалыптастырады, құндылық сезімі анықталады, құндылық бағдарлары мен дүниетанымы пайда болады.

*Әлеуметтік әріптестіктің міндеттері:*

- отбасы мен мектепте балаларды тәрбиелеу мен білім берудің бірыңғай тәсілін іске асыру;
- ата-аналармен өзара әрекеттесудің қолайлы микроклиматы үшін жағдай жасау;
- ата-аналардың тәрбиелік және білім беру дағдыларын жандандыру және байыту;
- отбасылық тәрбиенің оң тәжірибесін зерттеу, қорытындылау және тарату;
- балалардың, ата-аналардың және мұғалімдердің тұлғааралық тәжірибесін байыту [3, 236].

*Педагогтердің тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимылын ұйымдастыру қағидаттары:*

- тілектестік, сенім, ашықтық;
- мақсаттылық, жүйелілік, жоспарлылық;
- әр отбасының ерекшелігін ескере отырып, ата-аналармен жұмыс істеуге сараланған тәсіл.

2-кесте

### Педагогтардың оқушының отбасыларымен өзара іс-қимылын ұйымдастыру кезеңдері



Бұл (кесте 2) жалпы мұғалімдердің тарапынан ұйымдастырылатын ата-аналарға деген жұмыс барысы.

Мұғалімдердің отбасымен байланысын ұйымдастыру модельдері бар. Оларды жіктеп айтып өтер болсақ. Ақпараттық-аналитикалық яғни ата-аналардың мүдделерін, қажеттіліктерін, сұраныстарын, олардың педагогикалық сауаттылық деңгейін анықтау, мұғалімдер, ата-аналар мен балалар арасында эмоционалды байланыс орнату. Оларға жататын: әлеуметтік сауалнамалар, тесттер, сауалнама, пошта жәшігі, ақпараттық себеттер.

Бос уақыт: «мұғалім-ата-ана-бала» желісі бойынша сенімді қарым-қатынас, эмоционалды байланыс орнату, бірлескен демалыстар, мерекелер, ата-аналар мен балалардың көрмелерге қатысуы: түрлі мерекелік кештер, спорттық мерекелер, түрлі көрмелер.

Танымдық. Ата-аналарды балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерімен таныстыру, ата-аналарда балаларды тәрбиелеудің практикалық дағдыларын қалыптастыру. Оларға жататын негізгі ерекшеліктер: семинар-практикумдар, дөңгелек үстел, конференциялар, шеберлік-кластар, тренингтер, педагогикалық қонақ бөлмесі, жиналыстар, кеңестер өткізу, педагогикалық мазмұндағы ойындар, ата-аналарға арналған педагогикалық кітапхана.



Көрнекі-ақпараттық. Ата-аналарды білім мекемесімен оның жұмысының ерекшеліктерімен, бала тәрбиесінің ерекшеліктерімен, мұғалімдермен таныстыру. Оған жатады: балалар жұмыстарының көрмелері, балалар мен ата-аналардың бірлескен жұмыстарының көрмелері, ата-аналарға арналған ақпараттық проспектілер, сенім поштасы, білім беру ұйымдарындағы балалардың түрлі іс-әрекеттерін ашық түрде қарау, газеттер шығару, отбасылық педагогиканың негізгі мәселелері бойынша шағын кітапханалар ұйымдастыру, ақпараттық стендтер және жылжымалы папкалар жатады. Осы жұмыстарды жүргізу арқылы байланысты нығайтуға болады.

Бүгінгі таңда менің ата-анаммен жұмыс жасауда белгілі бір жүйе бар деп айта аламыз. Жұмыстың әртүрлі формаларын қолдану белгілі бір нәтижелер берді. Отбасымен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру қиын жұмыс, дайын технологиялар жоқ. Оның жетістігі мұғалімнің түйсігі, бастамасы мен шыдамдылығымен, отбасында кәсіби көмекші болу қабілетімен анықталады.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде ата-аналармен қарым-қатынастың әртүрлі формалары мен әдістерін қолдану нәтижесінде ата-аналардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығы артты, топтағы балалардың тұлғааралық қарым-қатынас мәдениеті артты. Осы аталған жұмыс тәжірибелерін жасай отырып келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді: дәстүрлі емес жұмыс түрлерін қолдана отырып, ата-аналармен тығыз ынтымақтастықта маған алға қойған міндеттерімді шешуге мүмкіндік береді.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру көбінесе жеке тұлғаға байланысты. Маңызды педагогикалық мәселені шешу үшін – мәдени құндылықтарды қолдану негізінде баланың жеке басын ізгілендіру отбасына, әсіресе ата-аналардың педагогикалық мәдениетіне жүгіну қажет. Бұл зерттеудің логикасы гуманистік дүниетанымның берік негізіне негізделген әлеуметтік субъектінің сапалық сипаттамасы ретінде жеке мәдениетті қалыптастыру тұрғысынан ғалымдардың бірқатар қорытындыларына негізделген. Жеке тұлғаны ізгілендіру процесін ынталандыратын шарттардың бірі-гуманистік идеологияға негізделген оның барлық компоненттерінің бірлігі мен өзара тәуелділігін білдіретін тұлғаның гуманистік мәдениетін қалыптастыру деп саналады.

Педагогика ғылымы тұлғаның гуманистік мәдениетінің жеке компоненттерінің мәнін ашатын мәліметтер алды: адамгершілік қатынастар, гуманистік сенімдер, сезімдер, гуманистік бағыт. Осы компоненттердің өзара байланысы, олардың әртүрлі жас кезеңдеріндегі даму ерекшелігі зерттелді, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру және қалыптастыру шарттары анықталды және негізделді.

Философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді теориялық талдау, мектептердің озық педагогикалық тәжірибесін және өздерінің педагогикалық бақылауларының нәтижелерін жалпылау көптеген факторларды анықтады, онсыз талданатын құбылыста айтарлықтай жетістіктерге жету қиын. Ал:

– қазіргі заманғы әлеуметтік-педагогикалық жағдай теріс процестерінің күшеюімен сипатталады: моральдық-психологиялық келбеттің сарқылуы, өзімшілдік, немқұрайлылық, мәдениет пен мораль құндылықтарына жеке көзқарас;

– қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтардың жандануы өте баяу, қарама-қайшылықты, мектеп пен отбасының оларды қалыптастыру бойынша мақсатты, жүйелі жұмысы байқалмайды;

– мектептің жалпы адамзаттық құндылықтарды өсірудегі, қоғамдық өмірді ізгілендірудегі рөлі зор және маңызды, бірақ жақында ол адамның рухани әлемінің дамуына немқұрайлы қарауымен сипатталады;

– білім беру процесін ізгілендірудегі мектептің осындай маңызды рөлімен қазіргі уақытта оқушы тұлғасының гуманистік мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыс жеткіліксіз мақсатты, жүйелі, жедел жүргізілуде;

– мектепті оқу процесін ізгілендіруге бағыттаған кезде оқушының ішкі өмірі, оның өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту процестерін бағаламау, ата-аналар мен балалардың, оқушылар мен мұғалімдердің құндылық-адамгершілік ұстанымдарының алшақтығы байқалады;

– жеке тұлғаның гуманистік мәдениетін қалыптастыру, олардың адамгершілік мінез-құлық тәжірибесін байыту және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында сабақтан тыс іс-әрекеттің гуманистік әлеуеті жеткіліксіз пайдаланылады;

– баланың жеке басын ізгілендірудің объективті қажеттілігімен қатар, бұл процесті сәтті жүзеге асырудың ғылыми негізделген педагогикалық шарттары жоқ.

Тұлғаның гуманистік мәдениетінің құрылымына және олардың негізінде құрылған оны қалыптастыру технологиясына қатысты заманауи теориялық ережелерді әзірлеу қажет, бұл жас ұрпақтың гуманистік тәрбиесін ұйымдастыруда жүйелілікті жүзеге асырудың маңызды әлеуметтік міндетін ше-

шуді қамтамасыз етеді. Отбасындағы тұлғааралық қарым-қатынастардағы психологиялық қақтығыстардың тұрақты қаупі ата-аналар мен тәрбиешілердің бір бөлігінде жүйке кернеуінің күйін тудырады. Бұл жағдай мұғалімге баланың ерекше жеке ерекшеліктеріне назар аударуға кедергі келтіреді. Демек, дәл осы салада ата-аналар мен тәрбиешілер көмекке мұқтаж. Осылайша, тәрбие теориясы мен практикасында қарама-қайшылықтар пайда болды: отбасындағы дұрыс қарым-қатынасқа бағытталған ата-аналарды даярлаудағы тәжірибенің қажеттілігі, білім беру процесін ізгілендірудің қайнар көзі және педагогикалық ғылым мен практиканың педагогикалық мекемелерде осындай дайындық міндеттерін жүзеге асыруы керек деп ойлаймын.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Журнал: «Әдіскер». С.Умирбаева. «Оқушылардың бағалауды негізгі әдістері» №6 (30) 2015ж 13 бет. Қараша-желтоқсан.
2. «Ата-ананың педагогикалық мәдениеті». Ғылыми мақала, «Білім» 2010ж конференция.
3. Бабанский Ю.К. Педагогика. М: Педагогика. 1980. -540 б.

## ЖАСТАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫ – ТҮЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Суяханова Қ.Б.

*«Тарих» мамандығының 3 курс студенті  
Ғылыми жетекші: тарих магистрі, Мырзахмет Ф.К.  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

**Аңдатпа:** Мақалада шығармашылық әрекеттің негізгі сипаттамаларын, оларға сәйкес қалыптасатын қабілеттіліктер мен мүмкіндіктерді, шығармашыл тұлғаның жеке ерекшелігі, табиғи дарындылығы, шығармашылық қабілеттердің деңгейлері ғылыми тұрғыда қарастырылып, сондай-ақ шығармашылықты дамытудың шарттарын белсенді түрде зерттеу қолға алынды. Қазіргі заманғы шығармашылық жетістіктерді жеке және әлеуметтік мәнде мойындау проблемасына бет бұру жан-жақты байқалады. Қазіргі кезде жасөспірімдердің креативтілігін қалыптастыру мәселесіне қызығушылық арта түскенін айта кету керек. Мұндай қызығушылықтың артуы креативті, бәсекеге қабілетті мамандарға деген әлеуметтік қажеттілікпен түсіндіріледі.

**Түйін сөздер:** «Құтадғу білік», креатив, аффекті, дидактика, детерминант, эвристика, философиялық жүйелер.

Қазіргі кезеңде жалпы білім берудің мақсаты – қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдылық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті шығармашылық тұлғаны қалыптастыру. Қоғамда болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім берудің қызметіне жаңаша қарауды, жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін дамытуды талап етеді. Шығармашылық тұлғаны ойдағыдай қалыптастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық ізденістер шығармашылық тетіктері мен критерийлері мәнін теориялық тұрғыда саралаудың өзекті қолданбалы аспектілерінің бірі саналады. Шығармашылық-адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен ізденісінен құралып, ақыл ойы мен сезімінің, қиялының ерекше бітімінен көрінеді. Шығармашылық – белсенді танымдық іс-әрекет нәтижесінде жүзеге асатынын ескерсек, бұл бағыттағы зерттеу жұмыстары бұл ұғымның мәнін ашуда маңызы зор болып табылады.

Шығармашылық ұғымы орта ғасырлар дәуірінде Орта Азия ойшылдарының көптеген даналық сөздерінде кездеседі. Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби еңбектерінде: «Әрбір адам өз өмірінің басында-ақ жаратылысында қабілетті болады, соның арқасында оның әрекеттері жан аффектілері және ақыл-парасаты тиісінше жақсы болады немесе жақсы болмай шығады», – деген болатын [1,136]. Ғұлама еңбектерінде мінез-құлық ерекшелігі айқын сипатталып, оқу процесіндегі олардың қалыптасу жолының негіздері беріледі. Әл Фараби тұлғаның жеке сапалық қасиетіне белгілі деңгейде психологиялық мән береді. Ол адам мүмкіндігін дамытуға қолайлы негіз қалайтын дұрыс басшылық жасау кезінде ой-сана мен жан күшін көрсететін ынта-ықыласты, мінез-құлықтың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін қапысыз байқаған. Осының негізінде ойшыл әрекеттің көп қайтара қайталануы нәтижесінде адамның икемділігі бекиді деген идеяны дәлелдеген. Әл Фарабидің пікірінше, іс-әрекет тұлғаның жекелеген қасиеттерін қалыптастыру үшін белгілі деңгейде алғышарттар жасайды. Сонымен қатар XI-XII ғасырларда М. Қашқари [2,396], Ж. Баласағұни сияқты ойшылдардың философиялық-психологиялық ойларында жеке адамның қалыптасуы және дамуы жөніндегі мәселелер қозғалған. Мысалы, Ж. Баласағұнидің дидактикалық бағыттағы «Құтадғу білік» атты еңбегінде адамдардың өзара қарым-қатынасының жеке ерекшелігі көрінетін тілдесу өнері жайлы жазылған [3]. Адамның өзін-өзі тану проблемасы А. Яссауидің еңбектерінде көп көңіл бөлінген. Оның өсиеттерінде әлеуметпен байланысты тұлғаны қалыптастыру туралы терең психологиялық толғаныстар жатыр [4]. Сөйтіп, түркі ойшылдарының еңбектерінде әрбір табиғи детерминант адам қай қоғамда өмір сүрсе, сол қоғам менталитетінің ұлттық құрылымын жеткізуші, тасушы деген идея негіз болған. «Шығармашылық» сөзі «шығару», «ойлап табу» деген ұғымды білдіреді. Философиялық сөздікте «шығармашылық – қайталанбайтын, тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет» деп түсіндіріледі.

Көрнекті психолог Л.Вygотский еңбегінде «шығармашылық» жаңадан ашатын әрекет деп түсінік беріледі [5]. Ал осы мәселені терең зерттеген психологтардың бірі Я.Пономарев оны «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені, әрбір жаңалық, әсіресе, интеллектуалдық тұрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді. Бұл пікір бүгінгі педагогиканың талаптарына сәйкес келетіндіктен көңілге қонымды [6]. М.Жұмабаев: «Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы

жүйрік, өткір, терең болуға тиіс» деп қазақ баласының қиялы кең, ойы ұшқыр болуы тиіс екендігін атап көрсетеді. М. Жұмабаев атап көрсеткен жан қуаттары біз зерттеп отырған феноменнің тұлға бойында қалыптасуына әсер ететін көрсеткіштердің бірі болып саналады, яғни креативті ойлау белгісі деп есептейміз [7].

Сонымен, қазіргі заманғы шығармашылық жетістіктерді жеке және әлеуметтік мәнде мойындау проблемасына бет бұру жан-жақты байқалады. Қазіргі кезде жасөспірімдердің креативтілігін қалыптастыру мәселесіне қызығушылық арта түскенін айта кету керек. Мұндай қызығушылықтың артуы креативті, бәсекеге қабілетті мамандарға деген әлеуметтік қажеттілікпен түсіндіріледі. Осыдан келіп креативтілікті қалыптастыру қажеттігі, креативті анықтау критерийлері және жалпы ақыл-ой қабілеті табиғатын теориялық тұрғыда қайта қарастыру, креативтіліктің шығу көздері, креативтілік әлеуеттің дамуына мүмкіндік беретін жағдайлар зерттеу қажеттілігі туындайды.

Шығармашылық әрекеттің негізгі сипаттамаларын, оларға сәйкес қалыптасатын қабілеттіліктер мен мүмкіндіктерді, шығармашыл тұлғаның жеке ерекшелігі, табиғи дарындылығы, шығармашылық қабілеттердің деңгейлері ғылыми тұрғыда қарастырылып, сондай-ақ шығармашылықты дамытудың шарттарын белсенді түрде зерттеу қолға алынды.

Кеңестік дәуір кезеңіндегі зерттеулерде шығармашылық әрекеттің сипаттамасына ерекше назар аударған атақты кеңес психологы С.Л. Рубинштейн болды. Ол шығармашылықты «жаңа материалдық және рухани құндылықтар жасайтын қоғамдық мәні бар адам әрекеті» – деп түсіндіреді. Сонымен қатар ол әлемді тану, меңгеру субъектінің өзінің шығармашылық әрекеті нәтижесінде болатынына ерекше тоқталады.

С.Л. Рубинштейн жасөспірімді әрекеттің белсенді де шығармашылық субъектісі ретінде қарау керектігін айқындайды. Сонымен қатар, ол жасөспірімге сәйкес даму принципін зерттей отырып, адам қоғамдық іс-әрекет арқылы дамып қана қоймай, оны шығармашылық және орындаушы түрде жүзеге асады. Сыртқы себептер ішкі жағдайлар арқылы әрекет етеді деген принципін дамыта отырып, креативті жастарға түрлі детерминант ықпалдастығы механизмін ашуға ұмтылған С.Л. Рубинштейн оны қалыптастыруды тарихи контексте қарауды ұсынды, яғни, шын мәнінде «болашақтың тұлғасы» туралы мәселе қойған еді [8, 416].

Мақалаға қатысты ойлау мәселесі туралы айтатын болсақ, ақыл-ой белсенділігін қалыптастыру, тамыры тереңге бойлайтын көне замандардан бастау алады. Ежелгі Грецияда мен Римде, Антикалық дәуір мемлекеттерінде өскелең ұрпаққа тәрбие беру ісіне, әсіресе ой тәрбиесіне, шәкірттің өз ой тұжырымын дамытуға ерекше мән берілді. Жас ұрпақтың ақыл-ойын қалыптастыру мәселесі Аристотель, Платон, Сократ, еңбектерінен бастау алады, сондай-ақ бұл идеялар Рим философтары Плутарх, Тацит, Квинтилиан еңбектерінде одан әрі дами түсті. Сократ оқыту барысында шәкірттердің танымдық белсенділігі мен шығармашылығын дамытуға көп көңіл бөлді. Ол оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын арнайы оқыту әдісін эвристикалық әңгімелесуді алғаш болып қолданды. Сократ білімді жай ғана бере салмай, шәкірттеріне сұрақ қоя отырып, олардың ойлау қабілетін, қызығушылығын арттырып, өз ой тұжырымын жасай білуге үйретті. Эвристикалық сұрақтарды алдын-ала дайындай отырып, танымдық белсенділігін оқыту құралы ретінде қарастырылды [9]. Демек, ежелгі дәуірдің өзінде-ақ тұлғаның өзіндік ой тұжырымын жасау, оны дамыту үшін репродуктивті және эвристикалық әдістерді дұрыс қолдану мәселесіне көңіл бөлгені байқалады.

Ж. Аймауытұлы «Жан жүйесі мен өнер таңдау» деген еңбегінде «орташа ақыл мен күшті қайрат қосылса, адам талай қызметті орындауға қабілетті болады, әсіресе, қайратты құтты, жүйелі болып келгенде, бұл қасиеттері болмаса, қандай күшті талант дарыған адам болса да, үздік талантына лайықты қызмет істеп, өзін-өзі көрсетіп, жарқырап шыға алмайды» – дейді. Бұл ойларында педагог креативті жасөспірім бойындағы ерекше қасиет қайраттылығы екендігін атап көрсетеді [8].

Отандық және шетелдік ғалымдар креативті ойлауды зерделеу үшін негізгі төрт бағытты бөліп қарауға болады. Бірінші бағыт өкілдері К. Тейлор, И.Я. Лернер креативті ойлауды оның өніміне қарап бағалау ұсынады. Бұл жерде креативтілік көрсеткіштері өнімнің саны мен сапасы және маңыздылығы болып табылады. К.Тейлор мынадай креативті өнім деңгейін сипаттайды:

- креативтіліктің көрнекілік деңгейі, бұл студент өзінің білімін, пікірін, сезімін, түрлі әрекет барысында көрсетуі (сөйлеу барысы, тапсырмалар орындау, сурет салу т.б.).
- креативтіліктің өнімді деңгейі, яғни, меңгерілген білімді қолдануда талап пен қабілеттің көрінуі.
- өнертапқыштық деңгейі, маңызды көрсеткіші ойлау икемділігі болып табылады.
- жаңашылдық деңгейі, мәселені бұрын болмаған жаңа әдістермен шешуде көрінеді.
- шығармашылық деңгей, яғни жаңа қағидалар мен болжамдардың пайда болуы.

Екінші бағыттың өкілдері М. Вертгеймер, А.М. Матюшкин, Г. Уоллес, В.С. Шубинский, П.М. Якобсон креативті ойлауды жағдайға байланысты туындайтын шешімдер негізінде пайда

болатын, нәтижесінде адамның жаңа, белгісіз нәрселерді табуы дей отырып, психикалық үдеріс ретінде зерттейді және креативті ойлаудың түрлі кезеңдерін бөліп қарастырады.

Үшінші бағыт өкілі Б.М. Теплов креативті ойлауды оның сапасы арқылы қарастырады. Сапа – бір объектіден екіншісіне ажыратуға мүмкіндік беріп, объектінің спецификалық сипатын танытатын құрамдас элементтердің тұрақты байланысын көрсетеді. Б.М. Теплов креативті ойлауды мынадай ой сапаларымен: жүйелілігі, дербестігі, икемділігі, сыншылдығы, логикалығы, болжамдылығы, әсерленгіштігі арқылы анықтауға мүмкіндік береді.

Төртінші бағыттың өкілі О.К. Тихомиров креативті ойлауды тұлғаның ең терең сипаттамаларының бірі болып саналатын жеке қасиеті тұрғысында қарайды. Креативті ойлау «құндылық-тұлғалық жасампаз категория тұрғысында адамзат руханиятының бөлінбес бір беті және жеке тұлғаның өзін-өзі шығармашылық дамыту жағдайы бола отырып, оның өз өзектілігін танытатын айтарлықтай резерві болып табылады, жеке тұлға білімінің сан қырлылығын көрсетіп қана қоймай, проблемаларға сезімталдығын, алғырлығын, жаңа идеяларға ашықтығын және ескі көзқарастарды жаңарту үшін бұрынғы қатып қалған стереотиптерді бұзып, өзгертуге бейімділігін, өмірлік өзекті проблемалардың тосын, күтпеген, ешкімге ұқсамайтын шешімін таба білетіндігін көрсетеді» [9].

Креативті ойлау жастардың тұлғалық қасиеті ретінде шығармашылық даму мен белсенділіктің жетекші факторы болып саналады. Креативті ойлау ғылыми әдебиетте қандай да бір жаңалықты тәжірибеге енгізетін, жаңа проблемаларды шешу және қою жағдайында өзіндік идея туғызатын, кемшіліктер мен қайшылықтарды сезініп, жағдайдың жетіспейтін элементтерін салыстырмалы түрде болжауды қалыптастыратын әдіс, сондай-ақ жастардың жеке ашылуына мүмкіндік беретін тұлғалық сипаты ретінде қарастырылады.

Жастардың тұлғалық ерекшеліктерінің әртүрлі екендігіне қарамастан ғалымдар жеке тұлғаның басты креативті қасиетін анықтауға тырысады: ой еркіндігі; дербестікті сезіну; интеллектуалды бас-тамашылдық; ашықтық; тұлғаның хаосқа бейімділігі; жаңаға және ерекше ақпаратты өзіндік қабылдауға қабілеттілік.

Отандық ғылыми лексиконда «креативтілік» түсінігі таяу жылдарда ғана пайда болды. Бұл дәстүрлі қызметтік түсінікті мазмұн түрінде айқындаудың күрделілігіне және оның ғылыми категория шеңберінде қатаң негізделуіне байланысты болса керек. Креативтілік сөзі – латынша «жасау, адамның шығармашылық дарын деңгейі, шығармашылық қабілеті, жасап шығару» дегенді білдіреді. Ойға келгеннің бәрін жасауға болады, бірақ осы орайдағы әр үдеріс креативтілік емес. Креативтіліктің мәнісі өз міндеттерін жүзеге асырудың түрлі әдістерін ойластыру, әр әдістің белгілі деңгейде нәтижеге бастауы дегенді білдіреді. Мұндай жағдайда креативтілік белгілі бір мақсатқа жету барысында идеяларды жүзеге асыру қабілеттілігін айқындайтын, тұлғаның сапалық қасиеті ретінде көрінеді. В.Н.Дружинин берген анықтамада «креативтілік – бұл қабілеттілік, қабілеттілік – бұл өмір сүру барысында дамитын сапалық-қасиет. Осыған сабақтаса, креативтілік – қатып қалған белгілі бір көлем емес, «белсенді креативтілік» жағдайында пайда болатын, дамитын қасиет». «Креативтілік – шығармашылыққа деген жалпы қабілеттілік, тұлғаның тұтас сипаты, белсенділіктің түрлі кезеңдерінде байқалады».

Көп зерттеулерде жастардың креативтілікті шығармашылығының туындауына әсер ететін ойлау мен тұлғалық ерекшеліктер жиынтығы деп қарастырады. Қазіргі психология ғылымының дамуы кезеңінде жоғарыда берілген «креативтілік» түсінігін еш өзгермеген бірегей анықтаушы ретінде қабылдауға болмайды және креативтіліктің құрылымдық компонентер жүйесін анықтау әлі де болса терең зерттеуді қажет етеді. Сонымен көптеген психологтар креативтілік – өзгеше бір идеялар туғызатын, дәстүрлі, қалыптасқан ойлау жүйесінен ерекше көрінетін, проблемалық жағдайларды тез шешуде көрінетін қабілеттілік; креативтілік шығармашылық қабілеттің қалыптасуы үшін қажетті кейбір ойлау және тұлғалық қасиеттер жиынтығын қамтиды деген тұжырымдаманы құптайды.

Бүгінгі таңда креативтіліктің табиғатын айқындайтын әр түрлі көзқарастар бар. Сондықтан барлық зерттеушілерді бірдей қанағаттандыратын бірегей, жинақтаушы анықтама беру мүмкін емес. Креативтіліктің кейбір анықтамалары өнімділік терминдерінде, іс-әрекет нәтижелерінде қалыптасты; кейбіреулері үдеріс терминдерінде, тұлғалық қасиеттер негізінде пайда болды. Кейбір авторлар «креативтілікті» қабілеттің сирек кездесетін арнаулы түрлерінде ғана кездеседі десе, басқалар барлық адамдарда қалыптасатын жалпы креативтік қабілет дейді. Креативтілікті жалпы қалыптасқан әдістерге қарағанда бөлек көрінетін, бағыныштылыққа қарама-қарсы деп қарастыру жиі кездесіп тұрады. Соған байланысты креативтілікті дамыту саласында зерттеу жұмысын теориялық тұрғыда талдау мынадай негізгі мәселелерді бөліп қарауға мүмкіндік береді:

1. Креативтілік – бұл жаңа әдістер мен жаңа өнімдер қажеттілігіне бейімделу қабілеті. Бұл қабілеттілік саналы немесе санасыздық сипатта болатын үдерістерге қарамастан жаңалықты мойындауға мүмкіндік береді.

2. Жаңа креативті өнім жасау көбінесе жеке адамның тұлғасына және оның ішкі мотивация күшіне байланысты.

3. Креативті үдерістің, өнімнің және тұлғаның арнайы қасиеттері олардың біртұмалылығы, ерекше өзгешелігі, міндеттердің баламалылығы.

4. Креативті өнімдер табиғатында әр түрлі болуы мүмкін: педагогикалық тың шешімдер, жаңа үдерістердің ашылуы, әуен шығару, суреттер немесе поэмалар жазу, жаңа философиялық жүйелер, әлеуметтік және экономикалық проблемалар және тағы басқалар. Егер креативтілікті аталған ұстанымдардың бірі ретінде түсінсек, онда оның проблематикасы барынша жұпыны күйге түседі және біржақты қаралады. «Шығармашылық адамның арнаулы қабілетімен сәйкес келетін іс-әрекеттің бір ғана түрінде пайда болуы мүмкін, яғни шығармашылықтың әр түрінде өзіне ғана тән іздеу, үдеріс, өнім объектілері бар. Креативтіліктің шығармашылық бастауы – тұлғалық сипат ретінде, іс-әрекет түрлерінде байқалады» [10].

Қазіргі кезеңде зерттеушілердің креативтілік проблемаларына қызығушылығы «креативтілік қалай пайда болады және ол барлық жастарға тән бе?» деген сұраққа жауап іздеумен байланысты болуда. Сонымен бірге, креативтілік әрекет түрі, үдеріс немесе өнім ретінде зерттеліп келеді. Мұнымен бірге, ғылымда шығармашылық пен интеллектуалдық қабілеттіліктердің арасалмағына баса көңіл бөлінеді. Интеллектуалдық және шығармашылық қабылеттіліктердің арасалмағы жөніндегі проблемалар көптеген зерттеулерге арқау болды. Мұндай зерттеулер интеллект пен шығармашылық негізі бірдей емес екендігін және ортаға бейімделу барысында түрлі қызмет атқаратынын көрсетеді. Менің пайымдауымша, ең тиімдісі олардың қиюласуы, яғни бірігіп келуі. Креативтілікті қалыптастыру барысында осы ерекшелікті ескеру қажет деп есептеймін. Креативтілік субъект санасы мен мінез-құлқындағы қайта құру ретінде де, одан шыққан және одан бастау алатын өнім ретінде де жаңаны туғызу, жаңаны жасау дегенді білдіреді. Келтірілген талдаулар креативтілік проблемасының әлі де зерттелу үстінде екенін және оны одан әрі зерттеу үшін әдістемелік және теориялық тұрғыда жеткілікті кең көлемді база жасақталғанын көрсетеді. Сонымен, креативтілік күрделі феномен болғандықтан, оны бір ғана негізгі сипатымен анықтау мүмкін емес, сондықтан біздің одан әрі зерттеу жұмыстарымыз креативті ойлаудың негізгі белгілерін анықтауға бағытталуы қажет.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1992. – 112 б.
2. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. Шығармалар жинағы. – Т. 3. Алматы, 1997. – 528б.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Ғылым, 1986. – 617 б.
4. Яссауи Қ.А. – Алматы: Ғылым, 1971. – 168 с.
5. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992. – 147 б.
6. Рубинштейн С.Л. Принципы творческой самодеятельности. //Вопросы психологии. – 1986. – №4. – С. 101-108.
7. Брушлинский А.В. Субъект: мышление, учение, воображение – М.: МОДЭК, 1996. – 387 с.
8. Аймауытов Ж. Жан жүйесі және өнер таңдау. – Алматы, 1984 – 157 б.
9. Теплов Б.М. Проблемы индивидуальных различий. – М., 1961. – 536 с.
10. Нағымжанова Қ.М. Креативтілік феноменінің педагогика мен психологияда дамуы // Білім. – 2006. –№5. – Б. 10– 16.

## АКАДЕМИЯЛЫҚ ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ ДАМУДАҒЫ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ӘСЕРІ

*А.М. Қалдыбаева,*

*Педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті  
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, Ғылыми жетекші: Қ.Б. Жұмабекова  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Мақалада академиялық дарындылықтың ерекшеліктерін зерттеу және оны дамытуға мұғалімді даярлау моделін жасаудың теориялық және практикалық маңызы бар екенін ескере отырып, «академиялық дарындылық» және «интеллектуалды дарындылық» ұғымдарының арасындағы айырмашылық талданып, соңғы зерттеу тәжірибелері қарастырылды. Жасөспірімдердің арасындағы академиялық дарындылықтың көріну ерекшеліктері талқыланды. Жаратылыстану және нақты ғылыми пәндер бойынша мұғалімнің академиялық дарындылықты дайындығының құрылымы: дайындық компоненттері және дайындық деңгейін бағалаудың әзірленген критерийлері әзірленді.

**Түйін сөздер:** дарындылық, академиялық дарындылық, интеллектуалды дарындылық, қабілет, дағды, академиялық үлгерім.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Дарынды оқушылар мен талантты жастарды анықтау, дамыту мен қолдау бойынша қазақстандық ұлттық жүйелік негіздерін 2018 жылы 16 қазанда бекітті.

«Дарындылық» терминін 1869 жылы Фрэнсин Гальтон «данышпандықтың тұқым қуалаушылығы: заңдылықтары мен салдарын зерттеу» еңбегінде алғаш қолданды. Дарынды балалар – сирек кездесетін феномен, олармен жұмыс жасау ерекше назарды талап етеді. Бұл мақалада біз дарынды оқушыларды қолдауға және дамытуға бағытталған мұғалімнің оқу процесін тиімді құру және ұйымдастыру мақсатында жасөспірімдердің академиялық дарындылығын қарастырамыз.

Б.М. Теплов «дарындылық – қабілеттердің сапалық тұрғыдан ерекше үйлесімі, оған қандай да бір қызметті жүзеге асыруда жетістікке жету мүмкіндігі тәуелді» деген анықтама берді. Қабілеттерінің даму деңгейі тұрғысынан өзінің достары арасында немесе олардың әлеуметтік тобының арасында ерекше көзге түскен балаларды, жасөспірім ұл-қыздарды дарынды деп атайды [1].

Қазіргі уақытта шетелдік және отандық ғылымда дарындылықтың әр түрлі типтері болуы және әрбір тип көрінісі мен даму алгоритмдерінің белгілі бір артықшылығымен ерекшеленеді. Олар: психомоторлық, интеллектуалдық, академиялық, шығармашылық, әлеуметтік және рухани дарындылық. Алайда, академиялық дарындылықты диагностикалау мен дамыту мәселесі жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр.

Бүгінгі таңда мектептегі білім беру жүйесі орта деңгейлі оқушыға бағытталған, нәтижесінде мұғалім өзінің талаптарын орташа деңгейдегі оқушының мүмкіндігіне бейімдейді, бұл көбінесе оқушының оңтайлы даму аймағының төменгі шегіне сай келмейді.

Академиялық дарынды тұлғаның дамуындағы тағы бір маңызды мәселе – баланың дарындылық типі мен дарындылығының уақытылы анықталмауы [2].

Оқушының академиялық дарындылық критерийі дәстүрлі түрде барлық мектеп пәндері бойынша оқу жетістіктерінің жоғарғы деңгейімен есептеледі. Сонымен қатар, бір немес бірнеше пәндерді ойдағыдай игере алуға қабілеті жоғары балалар мен әлдебір себептермен дарындылық қабілеті жасырын қалып қойған оқушылар назардан тыс қалып отыр. Кеш диагностикалау оқушының мүмкіндіктеріне сай келмейтін оқу қарқынын қолдануға алып келеді [3].

Дарындылық мәселелері бойынша әдебиеттерді талдай отырып, академиялық дарындылық мәселелерін тек кейбір ғалымдар көтерген, атап айтқанда. В. Дружинин, А.Буров, В. Онацкий, Э. Антонова, Д. Богоявленская, Н. Лейтес, В. Юркевич және т.б. зерттеушілердің едәуір бөлігі академиялық және интеллектуалды дарындылықты бөліп көрсетуді құптамайды, осы типтегі балаларды ақыл-ой дарынды балаларға жатқызады.

Академиялық дарындылықты зерттеуде педагогикалық психология бойынша ресейлік (Б. Ананьев, В. Дружинин, Н. Менчинская, С. Калмыкова, А. Маркова, Н. Лейтес, Г. Холодная және т.б.) және украиналық (О. Власова, Г. Костюк және т.б.) ғалымдар жүргізген оқу зерттеулерге негізделген. Академиялық дарындылықтың құрылымы туралы отандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған [4].

Д. Богоявленская мен М. Богоявленская дарындылық түрлерін академиялық, интеллектуалдылық және шығармашылық деп бөлу себептерін Гиллфордтың интеллект теориясына негізделгенін көрсетеді [5].

Академиялық дарынды индивид пәндік мазмұнмен жұмыс жасау тәсілі бойынша репродуктивті іс-әрекетке, білімді игеруге, өзгертуге және қолдануға бейімделген. Сонымен қатар, танымдық қажеттіліктері бойынша сырттан алған таңдамалы ақпаратты белсенді түрде түрлендіруге негізделген. Интеллектуалды дарынды тұлға жаңа білімді қалыптастыруы бойынша өнімді әрекетке назар ауадарады.

В. Рафикова жеке тұлғаның құрылымына, қажеттіліктері мен мотивациялық сипаттамаларына қатысты теориялық ережелерге сүйене отырып, академиялық дарындылықты былай тұжырымдайды. Академиялық дарындылық – туа біткен және жүре келе алған білімдердің, дағдылардың, жеке қасиеттер мен нақты қатынастардың жеке конгломераты деп санайды [3]. Зерттеуші академиялық дарындылықты мектептегі барлық пәндер бойынша жоғары оқу жетістіктерінің көрінісі ретінде түсінеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, академиялық дарындылық жеке тұлғаның психологиялық және психофизиологиялық қасиеттерінің күрделі көп функционалды жүйесіне негізделген жеке тұлғаның интегралды сипаттамасы деп санаймыз. Академиялық дарындылық оқудағы ерекше жетістіктерде, ақпараттың үлкен көлемін игерудің жылдамдығы мен оңтайлылығы, барлық пәндер немесе жеке пәндер бойынша жоғары үлгерімде көрінеді.

Сондай-ақ, жоғары сынып оқушылары қызметінің кәсіби бағдарланған бағытын, олардың нақты бейіндік пәндерді тереңірек деңгейде зерделеудің артықшылықтарын таңдауды ескере отырып, академиялық дарындылық пен академиялық үлгерімді ажырату керек деп есептейміз. Академиялық үлгерім – бұл академиялық дарындылықтың белгіленген нәтижесі, бағалармен, марапаттардың, дипломдардың және т.б болуымен анықталады.

Әр түрлі оқу пәндері бойынша жоғары сынып оқушыларының академиялық үлгерімі әртүрлі болуы мүмкін, бұл болашақ мамандық алу үшін қажетті пәндерді оқудың басымдылығымен және уақыттың жетіспеушілігімен, басқа пәндерді сол деңгейде оқуға физикалық мүмкіндіктермен байланысты. «Профиль бойынша қабілет» пен «арнайы дарындылықты» ажырату керек, онда оқушылар белгілі бір пәндер мен қызмет түрлері бойынша қабілеттерін көрсетеді. Академиялық дарынды оқушы барлық пәндерді оқи алады, өйткені ол оқу қабілетіне ие және жеткілікті уақыт болса, ол аз көңіл бөлген пәндер бойынша да үлгерімін бірден жылдамдата алады.

Дарындылықты табысты жүзеге асыру үшін жеке тұлғаның қалыптасуының білім беру ортасы маңызды, атап айтар болсақ: мұғалімдердің дайындық деңгейі, оқу орнында тиісті жабдықтарының болуы, дарынды тұлғаның ерекшеліктерін және оның жетістіктерін қабылдауға және түйсінуге қабілетті референттік топтың болуы. Осыған байланысты педагогикалық кадрларды даярлау және олардың академиялық дарынды оқушылармен жұмыс жасауға дайындығын қалыптастыру мәселесі жетекші деңгейлердің тараптарында.

Мұғалімнің жасөспірімдердің академиялық дарындылығын дамытуға дайындығы оның интегративті сипаттамасы болып табылады, педагогикалық іс-әрекеттің игерілген құндылықтары болып табылатын академиялық дарынды тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау және сәйкестендіру бойынша оның кәсіби құзыреттілік деңгейін көрсетеді. Дарынды оқушылармен жұмыс істеуге дайындық игерілген кәсіби маңызды білімге, дағдыларға, іс-әрекет тәсілдеріне негізделеді. Мұғалімнің дайындығы – бұл кәсіби білім алу кезінде және өзінің өмірлік және кәсіби тәжірибесі кезінде қалыптасқан ішкі жеке білім; бұл жоғары деңгейге жетуі мүмкін тұрақты қалыптасу мен дамуды қажет ететін динамикалық сипаттама.

Біз жасөспірімдердің академиялық дарындылығын дамытуға педагог-психолог мамандарының дайындық құрылымын оның кәсіби біліміне, білігі мен дағдыларына, кәсіби маңызды қасиеттеріне қойылатын талаптардың жиынтығы ретінде қарастырамыз. Маманды даярлау барлық кәсіби қалыптасу процесінде мұғалімнің дайындығын қалыптастырудың белгілі бір кезеңдерін, шарттарын, принциптерін, әдістері мен құралдарын қамтиды.

Педагог-психологтардың академиялық дарындылықты дамытуға ұсынылатын құрылымы мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктің мүмкін деңгейіне және осы санатты орта мектеп оқушыларымен жұмыс істеуге дайын болуына барынша жақын. Жоғары сынып оқушыларының академиялық дарындылығын дамытуға педагог-психологтың дайындық белгісінің келесі компоненттерін анықтадық: аксиологиялық, мотивациялық, тұлғалық, когнитивті, процесуалдық, белсенділік, рефлексиялық, шығармашылық.

*Аксиологиялық компонент* мұғалім кәсібінің құндылықтарын және әр адамның дарындылығын дамытудың маңыздылығын түсінуге негізделген. Сонымен бірге тәлімгер жеке тұлғаның құндылығын түсінуге, дарынды оқушының жеке басын құрметтеуі қажет, бұл тек өзін-өзі құрметтеу және өзінің жеке басы мен өзінің жетістіктерін бағалай білу жағдайында мүмкін болады.



*Мотивациялық компонент* академиялық дарынды оқушылармен жұмыс барысында мотивтердің, кәсіби қатынастардың, ішкі қажеттіліктердің, қызығушылықтардың болуын болжайды; ішкі мотивацияны, жеке тұлғаны өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге бағыттайды, бұл мұғалімнің оқушылар тұлғасын дамытуға ұмтылуына негіздейді.

*Жеке компонент* мұғалімнің бойындағы адалдық, әдептілік, әділеттілік, мақсаттылық, шығармашылық сияқты мінез-құлық қасиеттерінің болуын қамтамасыз етеді. Дарынды оқушының тәлімгері үшін зияткерлік қасиеттер, білім, психофизиологиялық құзыреттілік, өзін-өзі дамытуға дайындық тән.

*Когнитивті компонент* мұғалімнің академиялық дарындылықты дамытуға дайындығының психологиялық, педагогикалық, кәсіби, ғылыми-зерттеу және әдістемелік білімді қамтитын интегративті сипаттағы білімнің болуын қамтамасыз етеді. Ең бастысы -дарындылық мәселесін, психологиялық және педагогикалық аспектілерін білу, олар дарындыларға арналған білім беру бағдарламаларының мазмұнын таңдау кезінде ескерілуі керек. Дарынды балалармен жұмыс істейтін педагог-психолог дарынды балалардың оқу қызметін ұйымдастырудың; оқыту мотивациясын диагностикалау және дамыту әдістері, мотивация деңгейін зерттеу, өз іс-әрекетін көрсетуді жүзеге асыру қабілетін дамыту әдістері, студенттерді стандартты емес шешімдер қабылдауға ынталандыру. Мұғалімнің танымдық дағдылары дарынды оқушылармен және олардың ата-аналарымен тиімді өзара әрекеттесуіне ықпал етуі қажет. Сонымен қатар, академиялық дарынды оқушының мұғалімі негізгі пәнді терең және жүйелі білуі қажет, жалпы білім, қалыптасқан дүниетаныммен ерекшеленуі керек; мамандандырылған пәндерді оқыту әдістерін білуі керек.

*Процессуалдық-әрекеттік компоненті* ғылыми-жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер жасөспірімдердің академиялық дарындылығын дамытуға арналған сындарлы, ұйымдастырушылық және коммуникативті дағдыларды біріктіреді. Осындай дағдылардың жиынтығы академиялық дарынды оқушылардың қабілеттерін анықтауға және дамытуға, сонымен қатар, мұғалім мен оқушылар, мұғалім мен дарынды баланың ата-аналары арасындағы мағыналы қарым-қатынастарды ұйымдастыруға ықпал етеді.

*Рефлексивті компонент* өзінің жеке, орындалған педагогикалық және ғылыми іс-әрекеттері туралы, атап айтқанда, өзінің іс-әрекетін талдау, оны бағалау және түзету, жаңа тәжірибені түсіну және өзіндік жұмыс әдісін қалыптастыру, жетістіктер мен сәтсіздіктерді ескере отырып, себеп-салдарлық байланыстарды құру қабілетін білдіреді; өзін-өзі тану және өз-өзіне есеп бере алу қабілеті.

*Шығармашылық компонент* құрамына нақты оқушыға деген өзіндік және бейстандартты көзқарас, дарынды балалармен жұмыс істеудің өзіндік әдісін дамыту, өз идеяларын креативті түрде ұсыну және оларды іс жүзінде қолдану мүмкіндігі жатады; білім беру процесінде шығармашылық орта құру, шығармашылық диалогтік оқытуды ұйымдастыру, академиялық дарынды оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды ынталандыратын инновациялық құралдарды, оқыту әдістері мен тәсілдерін енгізу мүмкіндігі. Мұғалім шығармашылығының жоғары деңгейінде педагогикалық іс-әрекет шығармашылық белгілеріне ие болады және табысты, нәтижелі болады.

Дарындылық мәселесі ғасырлар бойы әлеуметтік-педагогикалық тәжірибеде дербес қарастырылып келеді және зерттеле бермек. Бүгінгі таңда дарындылық пен дарындылықтың түрлерін, бала бойындағы дарындылық сипаттарын жетілдіру мен дамытуға білім беру мамандарының барлық субъектілері кешенді жұмылдырылып, сонымен қатар, дарынды балаларды ертерек анықтау мен дамытуға ерекше назар аударылуда.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Теплов Б.М. Способности и одаренность. – М.: Изд-во АПН РСФСР, 1941.-96 с.
2. Буров А.Ю. Критерии и модель академической одаренности / А.Ю. Буров // Интеллектуальная, академическая и творческая одаренность: общее и отличное: Материалы круглого стола 20 января 2012 г., г. Киев. Киев: ООО «Информационные системы», 2012. С. 6-8.
3. Рафикова В.М. Педагогические условия формирования академической одаренности школьников: Автореферат дис. ... канд. пед. наук. Ижевск, 2003.
4. Данилевич Л.А. Перфекционизм как личностный фактор академической одаренности: автореф. дис. ... докт. психол. Киев, 2010.
5. Богоявленская Д.Б., Богоявленская М.Е. Одаренность: природа и диагностика. М.: АНО «ЦНПРО», 2013.
6. Онацкий В.М. Академическая одаренность и методы ее диагностики // Одаренный ребенок. 2002. № 2. С. 51-56.

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ 180 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ АҒАРТУ ІСІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ

**Бақытова А.О.**

*Педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті*

*Ғылыми жетекші: Есенова К. А.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Түйін:** «Білімдіге дүние жарық, Білімсіздің күні ғаріп» демекші, білім алу қай заманда болмасын, өзекті мәселе екені баршамызға аян. Соған сәйкес, бұл мақалада Қазақстандағы ағарту ісінің дамуында, халыққа білім беруде ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұраларының рөлі мен гуманистік идеялары қарастырылады.

**Түйін сөздер:** оқу-білім, ағартушы, мектеп, мұғалім, еңбек, адамгершілік.

Білім беру жүйесінің дамуы ғасырлар бойы өзгеше болды, алайда, заман жаңарып, ғасыр өзгерсе де оқу-білім өзінің құндылығы мен күшін сақтап келеді. Оқыту, тәрбиелеу идеялары ұрпақтан-ұрпаққа эстафета сияқты берілі келеді. Осы идеяларды шындыққа айналдырудың формалары мен әдістері өзгеруі мүмкін, бірақ бұл идеялар өзгермейтін шындық болып қала береді. Олардың қатарына:

- Адамның қадір-қасиетін көтеретін педагогика үшін күрес;
- Педагогикадағы гуманистік принциптерді дамыту үшін күресу;
- Адам және оның мүмкіндіктері үшін үздіксіз күрес;
- Әр баланың бойында болатын ерекшелікті анықтау және дамыту үшін күресу.

Аталған дәл осы мәселелер, идеялар қазақтың тұңғыш ағартушысы, ұлы ұстаз, ірі тұлға атанған, қазақтың маңдайына біткен шоқ жұлдызы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасының мәнін құрайды.

XIX ғасырдың соңында қазақ қоғамының өркендеуіне, білім саласының дамуына өзінің зор үлесін қосқан еліміздің көрнекті өкілдері мен ағартушыларының бірі, әрі біргеі деп ұлы ғалым Ибрагим (Ыбырай) Алтынсаринді айта аламыз. Қазақ тарихындағы ірі тұлға болған, Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы, қараша айының 2-ші жұлдызында, Торғай елді мекенінің (Қазіргі Қостанай облысы) Арақарағай ауданында дүние есігін ашқан. Ыбырай Алтынсарин – қазақтың әдеби-мәдени дүниесін жаңғыртып, жаңа сатыға көтерген алыптардың бірі болды.

Ыбырай Алтынсаринді, біз педагог – ағартушы, ғалым, ақын, публицист және балалар жазушысы ретінде білеміз. Ыбырай өскелең ұрпақтың бойында адамгершілік – эстетикалық мұраттарды тәрбиелеудің қайнар көзі ретінде әндерге, мақал-мәтелдерге ерекше назар аударды. Ыбырай Алтынсарин білімін табандылықпен игере отырып, әрқашан да өзі қызығатын өз халқының тарихын да зерделеді.

Ұлы педагог өзінің еңбек жолында, қазақтар арасында өте ақылды, талантты, өнертапқыш, қабілетті және ынталы балалар бар екенін біліп, қазақ ауылдарында білім беруді дамытуға, жасынан зерек, білімдар жастарды білім нәрімен сусындатуға күш салған. Сол себепті, өзінің бар ғұмыры мен күш-қуатын қазақ халқын рухани ағартуға арнады. Әсіресе, жастарға заманауи білім беріп, мәдениет пен өркениет көшіне ілесуге шақырды және сол жолда талмай еңбек етті. Ыбырай Алтынсариннің жазушылық қызметінің, оқу және өнер-білім саласымен тікелей сабақтасуы да осында болса керек. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітірген басты нысана – қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, ұлтымызды озық мәдениетті елдердің қатарына қосу болды. Алайда, осы арман-тілегін жүзеге асыру жолында, бірқатар кедергілер туындайды. Ол жайында, ұлы ұстаз өзінің арқа сүйер, жанына жақын тұтар бірқатар атпалдай азаматтарға жазған хатынан байқай аламыз [1]:

– Н.И.Ильминскийге (ол кезде Ильминский шекара комиссиясының басшысы болған, 1860), Орынбор бекінісіндегі (қазіргі Торғай) қазақтардың балаларын оқытқысы келетіндігі, бірақ мектептің әлі ашылмағандығы, мектеп ашылғанша жергілікті балаларды оқытуға бір пәтер босаттырып беруді ресми түрде Бароннан өтініш жасағаны, бірақ ол өтінішінен ешбір нәтиже шықпағандығы жөнінде айтады.

– Н.И.Ильминскийге (1861), Орынбор бекінісіндегі балаларды оқытудағы қиыншылықтар – атап айтқанда, оқу құралдарының жетіспеушілігі, оларды алуға қаражаттың жетіспеушілігі, ата-аналардың балаларын тек заң үйрету үшін ғана оқытқылары келетіндігі, оқушыларды тәртіпсіздігі үшін сәл жазаласа ертеңіне мектепке жібермей қоятындығы, ал бекіністің бастығы мектептің салынуына зер салмай отырғандығы жайлы жазады.

– А.А.Бобровниковке (1861, 6 маусым), жазған хатында Орынбор бекінісінде әлі мектеп салынбағаны, қызмет жөніндегі бір іспен айналысайын десе – ешқандай іс жоқ, оқын десе кітап жоқ. Әбден жалғыздықтан жабырқағаны туралы, қымбат уақыттарының зая кетіп жатқаны туралы айтады.

Жоғарыда атап өткенімдей, ағартушы өзінің терең толғанысын, орамды ойларын ақ парақ бетіне түсіріп, қарапайым халықтың сауат ашуына, білім кеңістігіне бойлауына билік басындағылардың салғырт қарап отырғандығын, аса күш сала қоймайтындығын айқындап көрсетеді.

Үнемі, халқы үшін қам жеп, шындықты шырылдатып айтып жүргенінің арқасында, бертін келе, ұлы ағартушының тынымсыз еңбегі мен талмас талабы ескеріліп, ақырында, 1860 жылы губерниялық басқарма Ыбырай Алтынсаринге Орынбор бекінісінде (Қазіргі Жанкелдин ауданы) қазақ балаларын оқытатын бастауыш мектеп ашуға рұқсат беріп, өзін сол мектепте орыс тілінен сабақ беретін мұғалім ретінде тағайындады.

Ал, 1864 жылы 8 қаңтарда, Торғай қаласында қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашылды. Бұл жайында, Ыбырай Алтынсарин Н.И. Ильминскийді де хабардар қылады: «Осы жылы январдің 8 күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар» деп қуана жазды.

Қазақ даласында алғаш мектеп ашып, қаншама баланың көкірек көзін оятып, санасына рухани сілкініс әкелді. Солайша, Ыбырай Алтынсарин қазақ тарихында педагогикалық ой -пікірдің негізін тұңғыш қалаушы, бұрын – соңды болмаған жаңа үлгідегі мектеп ашушы, ұйымдастырушы болды. Жергілікті билік тарапынан материалдық және моральдық қолдау жеткілікті дәрежеде болмағандықтан, бөтен қалада мектеп ашу, әрине, оңайға соққан жоқ. Алайда, ұлы ағартушы Алтынсариннің талпынысын, талап-тілегін бұл қиындықтар тоқтатқан жоқ. Өз кезегінде ұлы ағартушының білімі оқушыларға толыққанды нәр беріп, сусын бола алды.

Орыс әріпін қазақ сөздеріне сәйкес келтіру жолында біраз еңбектеніп, кейіннен ғалым 1879 жылы орыс әріпімен өзінің «Қазақ хрестоматиясының» бірінші бөлімін шығарды. Ағартушының «Қазақ хрестоматиясы» тек Торғай облысындағы мектептерге ғана емес, бүкіл қазақ жеріндегі мектептерге оқу құралы болып таратылынды [2].

Өзінің «Қазақ хрестоматиясының» сөз басында, Ыбырай Алтынсарин:

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық.  
Оқысаңыз балалар,  
Шамнан шырақ жағылар,  
Тілегінің алдыңнан  
Іздемей-ақ табылар, –

деп балаларды оқуға шақырды, оқығанға жарық, оқымағанға қараңғы екендігін нақтылы ескертті.

Мал дәулеттің байлығы,  
Бір жұтасаң жоқ болар.  
Оқымастың байлығы,  
Күннен-күнге көп болар,  
Еш жұтамақ жоқ болар, –

деп өмірдің біліммен байланысты екендігін, малдың білім арқылы табылатындығын жұртшылыққа түсіндірді.

Сонымен қатар, Алтынсарин «Адамгершілік тәрбиенің негізгі құралы – бұл ата-аналардың үлгісі мен еңбек», – дейді. Оған дәлел ретінде, өзінің атасы Балғожа бидің оқудағы немересі Ыбырайға арнап жазған мына бір өлең-шумақтарын келтіре аламын:

Үміт еткен көзімнің нұры балам,  
Жаныңа жәрдем берсін Құдай тағалам;  
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,  
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.  
Атаңды сағындым деп асығарсың,  
Сабаққа көңіл берсең басыларсың;  
Ата-ананды өнер білсең асырарсың,  
Надан боп, білмей қалсаң аһ ұрарсың.  
Шырағым, мұнда жүрсең нетер едің?

Қолыңа құрық алып кетер едің.  
Тентіреп екі ауылдың арасында  
Жүргенмен не мұратқа жетер едің?

Бұл өлең-хат қазақ баласының тұңғыш оқу кітабы «Қазақ хрестоматиясында» жарияланды. Балғожа бидің жазған хаты тек Ыбырайдың ғұмыр мұратының ғана арқауы емес, бар қазақ баласына ықпалы жайылған жәдігер болды. Ыбырай бұл өлеңді оқу жылдарында дәтке қуат, жанына медет тұтынса, ата-әжесін, ағайын–туғанын, ауыл-аймағын сағынған сәттерде есіне алып, өзіне одан күш пен жігер тапса, есейе келе оны өмірлік тұмар етіп тағынды. Өзге жастарды да оқуға, өнерге тарту мен талпындырудың ұтымды құралы ретінде пайдаланды. Өлең кейін Ыбырай хрестоматиясы арқылы мүлде өлмес қасиетке ие болып, қазақ шәкірттерінің сан ұрпағына бастапқы мақсатында қызмет етті.

Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүниежүзіндегі педагог ғалымдардың ертеден бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселесінің бірі десек, XIX ғасырдың екінші жартысында, қазақ даласынан оларға үн қосушы бірінші қазақ педагогі Ыбырай Алтынсарин еді. Бұл мәселе жөнінде, ол көптеген педагогтердің, әсіресе орыстың алдыңғы саптағы ұлы педагог ғалымдары К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, Бунаковтармен пікірлес болды. Ағартушының 1879 жылы басылған «Қазақ хрестоматиясын» алсақ, әрі методология, әрі методика жағынан жастарға дұрыс тәрбие беруге лайықталынып құрылғандығын көреміз. Методологиялық жағы, татар тіліндегі әдебиеттер арқылы далаға кең тарауға бет алған ислам діні, оның зиянды әрекеттеріне қарсы шығу, жаңа принципті ұсыну және оны орыс алфавиті арқылы өзінің ана тілінде құнды мәліметтер тарату болса, методика жағынан: балалардың жастарына лайықты, ең, керекті материалдарды жинастыру болды.

«Қазақ хрестоматиясы» төрт бөлімнен құралған:

1. Бұл кітапқа балалар өмірі туралы орыс тіліндегі әртүрлі хрестоматия, көбіне Паульсонның хрестоматиясынан алынған әңгімелер;
2. Әр түрлі жастағы адамдардың өмірін суреттейтін әңгімелер;
3. Қазақ жыршы-жырауларының өлең, жырларынан үзінді;
4. Қазақтың мақал-мәтелдері енгізілген.

Ыбырай Алтынсарин ғылыми және ағартушылық қызметімен қатар көрнекті қоғам қайраткері ретінде де танымал. Ол Қазақстанда мүмкіндігінше көп адамның білім алуы үшін қолдан келгенінің барлығын жасады. Мәселен, Қазақ жерінде қыз балаларды оқыту ісі Ыбырай Алтынсариннің есімімен тығыз байланысты. Қазақ қыздарына арналған алғашқы мектеп 1887 жылы Ырғызда ашылды және тек 20 орынға есептелген болатын. Соған байланысты, Ыбырай Алтынсарин патша әкімшілігінен Торғай облысынан басқа да уездер де қыздарға арналған училищелерін ашуға рұқсат сұрады. Бұл идея ескеріліп, мектеп училищелерін ашу туралы өтінішке рұқсат берілгеннен кейін, араға бірнеше жылдар салып өзге қалаларда мектептер бой көтере бастады. Торғай қаласында – 1891 жылы, Қостанай қаласында – 1893 жылы, Қарабұтақ кентінде – 1895 жылы және Ақтөбе қаласында – 1896 жылы, Алтынсариннің өтінішіне сәйкес ашылған осы бес мектеп-училищесінде қыздар сауат ашуға мүмкіндік алды. Бұл маңызды бастаманы іске асыру кезінде де ол патша өкіметі тарапынан жасалған кедергілерге тап болды. Алайда, кедергілерді еңсеріп, ақырында, қазақ қыздарына арналған мектеп-интернаттары ашылғанда ғалымның қуанышында шек болған жоқ. Ал, қыздарға берілетін сабақтардың негізгі тақырыбы қолөнер (қолмен тігу, машинамен тігу, кесте тігу, тоқу) аясында болды.

Дегенмен, Алтынсарин халыққа білім беру ісі тек жоғарыда аталған мектептердің ашылуымен ғана шектелмейді деп есептеді, өйткені бұл мектептер халықты ағарту ісіндегі алғашқы қадам болды. Ыбырай Алтынсарин халыққа білім беру жүйесін кеңейтуге ұмтылды және осы мақсатта әрбір болыста бастауыш мектептердің ашылуы туралы арнайы жазба жасады. Оның үстіне бұл мектептер, оның пікірінше, қазақтардың өмір салтына сәйкес болуы, яғни жылжымалы мектептер болуы тиіс: жазда қазақ ауылдарымен бірге жайлау бойымен көшуі, ал қысқы уақытта – қыстауларда болуы тиіс.

Ұлы ұстаздың көзқарасы бойынша, болыстық бастауыш мектептердің ашылуы арқылы ғана қазақтардың жалпыға бірдей білім алуының негізін қалауға болады. Сол себепті, ағартушы өлкедегі бастауыш халық мектептері үшін мұғалімдерді, ең алдымен қазақтардан дайындау ісіне көп еңбек етті. Аталған мәселеге сәйкес, Ыбырайдың бастамасымен 1883 жылы Орск қаласында тұңғыш қазақ мұғалімдер мектебінің ірге тасы қаланды. Онда қазақ мектептері үшін мұғалімдер даярланды.

«Адамның құндылығы мойындалатын гуманизм идеясы – бүгінгі педагог қызметінің негізі!» – деп Ыбырай Алтынсарин атап өткен болатын. Соған орай, алғашқы қазақ педагогтарының бірі Ыбырай өз еңбектерінде бүкіл білім беру жүйесін мұғалім тұлғасының ықпалымен оқушы тұлғасын қалыптастыру процесі ретінде қарастырды. Алтынсариннің өзінің педагогикалық қызметінде балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері маңызды орын алады. Ол мектептердегі бүкіл оқу және тәрбие процесінің басты

қозғаушысы ретінде мұғалімнің рөліне үлкен мән берді. Оған, ағартушының мынадай бір ой-пікірі дәлел болады: «Баланы туған өлкесіне таңдануға және сүйсінуге, туған табиғаттың қасіреті мен қуанышын сезінуге және бұл махаббат сезімінің өмір бойы жүректе қалуы үшін туған жерін, Отанын сүйуді тек мұғалім ғана үйрете алады».

Ұлы ұстаз, қарапайым халықтың өміріне шынайы жанашыр болып, қазақ даласында қазақ тілін де, орыс тілін де білетін, барлық халықтардың дәстүрлерін құрметтейтін білімді адамдардың көп болуына ұмтылды. Қазақ мәтіндерін жазу үшін орыс графикасы негізінде әліпби нұсқаларын жасап, халқының зайырлы білімінің негізін қалады. Сол себепті, Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласында да, әдебиет пен мәдениетіміздің тарихында да алатын орны бөлек. Оның терең ойлы шығармалары, мағыналы да тағылымды өлеңдері, қысқа да нұсқа әсерлі әңгімелері қай дәуірдің болмасын шоқтығы биік мұрасы болып саналады. Ал, ұстазын ұлағаттаған қалың жұрты, оның қандай еңбегі болмасын ыстық ықыласпен қабылдап, саналарына тоқып жүрген.

Ұлы ағартушы орыс-қазақ мектептеріне тек орыс тілін ғана оқитын, оқу, жазуды ғана үйрететін мектептер деп қарауға болмайтынын ескертіп, ол мектептерден оқушыларды, тазалыққа дағдыланатын, әр нәрсеге дұрыс ақыл-оймен қарай білетін тұлға етіп шығару керектігін айтқан болатын. Бұл бірінші кезекте деп қарастыра аламын.

Екіншіден, қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына, мысалы, құрғақ, жылы бөлмелерде тұруға үйретудің өзі қазақ даласында тәрбиелік мәні бар жұмыс деп қарады [3].

Үшіншіден, Ыбырай Алтынсариннің бала тәрбиесіне қатысты ұлы ағартушылық идеясы, оның көркем шығармаларында да, ғылыми мақалаларында да көрініс тапты. Ол өзінің әңгімелері арқылы қазақ балаларының заманына лайықты озық азаматтық көзқарасын қалыптастыруды көздеді. Оның бұл педагогикалық қағидалары күні бүгінге дейін бала тәрбиесіндегі маңызын жойған жоқ.

Сонымен қатар, өзінің еңбек жолында, Ыбырай Алтынсарин оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде оқушылардың бойына парасаттылық, жақсы істер мен әдеттерді сіңіртуге тырысты. Сол себепті, бала тәрбиесінде патриотизм, гуманизм, адалдық, қарапайымдылық, әділеттілік, жауапкершілікке қатысты идеяларды алға тартып, соларды басшылыққа алды. Мұның жарқын мысалы, ағартушының адамгершілікке арналған «Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға» деген өлең шумақтары бола алады:

Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға,  
Қартаймақ киын сауда тағыңызда.  
Іске аспай бақ-дәулеттің қалуы оңай,  
Басыннан бағың тайған шағыңызда.  
Мақтанба сұлуымын деп ажарыңа,  
Ажарсыз адамдарды ал назарыңа!  
Злиха Жүсіппенен сұлу өткен,  
Тұрмаған ажар ара ажалына!

Қазіргі таңда, біздің алдымызда тұрған, шешуге тиісті басты міндет – мектепті, қоғамымызды, қоршаған ортамызды ізгілендіру. Халық арасында «Мектеп – бала үшін, қоғам – адам үшін» деген көзқарас қалыптасқан. Соған сәйкес, аталған міндетті атқару тек жаны жайсаң, жүрегі жылы, көңілі дархан және кез-келген адамзат баласының ішкі жан-дүниесін сезініп, бірге бөлісе алатын адамның ғана қолынан келеді. Яғни, осыдан-ақ адам өміріндегі мұғалімнің рөлі қаншалықты маңызды екенін байқай аламыз.

Қорыта айтқанда, Алтынсариннің өз халқын оқуға, өнерге үндеуі, надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кезде әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі қазақ тарихында ойып тұрып орын алатын еңбек болды. Сол бір кездері сөнбейтін білім отын тұтатқан данышпан рухы, халқымыздың жүрегінде нұр болып жағылып, оның мәңгілік жарқыраған рухы бізді шабыттандырып, күш пен үміт ұялата білді.

Ұлы ұстаз бар ғұмырын бір ұлы мақсатқа – қазақ халқын надандықтың шырмауынан босатып, мәдениетті елдердің қатарына қосылып, терезесі тең болуына арнағаны баршамызға аян. «Ер есімі – ел есінде», демекші, Ыбырай Алтынсарин есімінің мәңгі өлмейтіндігінің себебі де осында.

Біз де ризашылық білдіретін ұрпақтардың қатарынан болып, ағартушымыздың бай мұрасын мақтаншпен қабылдап, асқан жауапкершілікпен атқаруға тырысып келеміз. Осы тұста, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының 21-ші сессиясында айтқан мына бір ауыз сөзін тілімізге тиек, ісімізге дәйек ете аламыз: «Осы залда көптеген жастар, соның ішінде біздің Тәуелсіздігіміздің құрдастары отыр. Мен бұдан толеранттылық, достық пен бауырластық идеяларын қазақстандықтардың жаңа буынының бүкіл ғасырларға

қабылдауының жақсы нышанын көремін. Бұл біздің босқа жұмыс істеп жатпағанымызды білдіреді!» [4]. Расымен де, ұлы ағартушымыздың педагогикалық мұраларын өскелең ұрпақ жандарына медет қылып, үкілеген үмітін жалындаған жас ұрпақ жалғастырып келеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. <https://repo.kspi.kz/bitstream/handle/item/447/%D0%AB%D0%B1%D1%8B%D1%80%D0%B0%D0%B9%20%D0%90%D0%BB%D1%82%D1%8B%D0%BD%D1%81%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%BD%20%D0%BC%D2%B1%D1%80%D0%B0%D1%81%D1%8B%20%D0%91%D0%B8%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D1%84%D0%B8%D1%8F%D0%BB%D1%8B%D2%9B%20%D0%BA%D3%A9%D1%80%D1%81%D0%B5%D1%82%D0%BA%D1%96%D1%88.pdf?sequence=1&isAllowed=y>
2. Алтынсарин Б. (Ибраһим). Қазақ хрестоматиясы / Б.Алтынсарин.– Алматы: Білім, 2003. – 112 б.
3. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. – Алматы:1955. – 413 б.
4. [https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/kazakstan-prezidenti-nenazarbaevtyyn-kazakstan-halky-assambleyasynyn-xxi-sessiyasynda-soilegen-sozi](https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/kazakstan-prezidenti-nenazarbaevtyyn-kazakstan-halky-assambleyasynyn-xxi-sessiyasynda-soilegen-sozi)

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІ МӘДЕНИЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Халелова З.Е.*

*Педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті  
Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент Мамырбекова Г.А.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Түйін:** Қазіргі қоғамда ақпараттық-коммуникативті мәдениет өмір салты мен қарым-қатынас сипатын қайта қалыптастырады, адамның менталитетіне, мінез-құлқына әсер етеді, өйткені ол негізінен дыбыс пен суретке бағытталған аудиовизуалды мозаикалық формаларда беріледі, бұл аудиторияның санасын өзгертетін виртуалды шындықтың маңыздылығын арттыруға әкеледі. Осыған байланысты ақпараттық-коммуникативтік мәдениеттің оқушыларға көп бағытты әсерін ғылыми тұрғыдан түсіну қажеттілігі туындайды.

**Түйін сөздер:** ақпараттық-коммуникативті мәдениет, оқу-тәрбие процесі, мектеп оқушылары, педагогикалық технология.

XXI ғасыр – жаһандану заманы. Уақыт өткен сайын айналамызда түрлі өзгерістер мен жаңалықтар орын алуда. Бұл өзгерістердің барлығы адамзат игілігі үшін жасалып жатқандығы белгілі. Өзгерістер өміріміздің барлық саласына өзіндік әсерін тигізбей қоймайтындығы да ақиқат.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың кеңінен дамуы, педагогикалық практикаға енгізілген ақпараттық сауаттылық, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік, ақпараттық мәдениет, ақпараттық-коммуникативтік мәдениет сияқты ұғымдарды неғұрлым дәл анықтауды талап етеді. Ақпараттық-коммуникативтік мәдениет тұжырымдамасы – адамның ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін (қабылдау, өңдеу, сақтау, беру, құру), нақты және виртуалды әлемдерде қарым-қатынас жасау қабілетін сипаттайтын жеке тұлғаның интегративті сапасы ретінде түсіндіріледі. Ақпараттық – коммуникативтік мәдениет дегеніміз – ақпаратты пайдалану контекстін және оның әлеуметтік-жеке мағынасын ескере отырып, адамның өзгелермен қарым-қатынас жасауы. Ақпараттық-коммуникациялық құзіреттіліктен айырмашылығы, ақпараттық-коммуникативтік мәдениет ақпараттың шығу тегі, оның құрылу негіздері мен тарихын түсінуге негізделген, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік ақпараттық кодтардың берілген мәндерін функционалды пайдалануға негізделген. Бұл бізге ақпараттық-коммуникативтік мәдениеттің пайда болуының екі салыстырмалы тәуелсіз түбірлерінің болуын болжауға негіз береді: нақты Ақпараттық («мағыналы» және символдық) және мәдени (семантикалық).

Бүгінгі таңда ақпарат өндірістік ресурсқа айналуға бастады. Бұл процестің жеке көрінісі болашақ мамандардың кәсіби қызметіне жаңа талаптар болып табылады, олар жеке білім беру кеңістігін өзін-өзі ұйымдастыруда, жеке шығармашылық стильді дамытуда, тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуде көрінеді.

Оқушылардың танымының белсенді қалыптасуы бастауыш мектепте басталады, оқушының жетілуінің барлық кезеңдерінде жалғасады. Бастауыш мектеп жасында білімді сіңіру және жинақтау процесі жүреді, бұл білімді олардың басты белгілері бойынша игеру кезеңі: білім неғұрлым қызықты, ерекше, бейнелі болса, балалардың оларға деген қызығушылығы мен қызығушылығы артады.

Оқытудың орташа кезеңінде ақпаратты алу әдеті қалыптасады, оны үнемі қолданады, ақпаратты иелену қажеттілігі туындайды. Оқытудың орта кезеңінде оқушылар үшін олардың ақпараттық өрісін барынша дамыту, ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ету үшін жағдай жасау қажет.

Ақпараттық мәдениет – бұл оқушылардың оқу, ғылыми, танымдық және басқа да іс-шаралар барысында туындайтын ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған жеке ақпараттық іс-әрекеттің оңтайлы жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін білім мен дағдылардың жүйелі жиынтығы. Тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастырудағы жетекші рөл білім беру мекемелеріне жүктелген.

Білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да әлеуметтік институттардың бірқатарындағы білім беру мекемелері ғана оны ақпараттық дайындау бойынша жүйелі жұмысты қамтамасыз ете отырып, әр оқушыға күнделікті әсер ете алады. Жалпы білім беретін мектепте оқушыларды ақпараттық даярлауды оқытатын оқу пәндері шеңберінде барлық мұғалімдер жүзеге асыруға тиіс.

Іс жүзінде, ақпаратпен жұмыс істеу дағдылары негізінен үш оқу пәнін оқу барысында қалыптасады: орыс тілі, әдебиет және информатика, сондай-ақ оқушылардың өзіндік, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында: рефераттар, баяндамалар, конкурстық жұмыстар дайындау және т. б.

Оқушылардың ақпараттық дайындығындағы мұғалімнің сөзсіз артықшылығы-оқу сабақтарының жүйелілігіне байланысты студенттерге әсер етудің жүйелі сипаты, оқушылардың әр жас тобының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін білу, оқытудың заманауи формалары мен әдістерінің

кең спектрін, инновациялық педагогикалық технологияларды кәсіби игеру. Сонымен бірге, жоғары білікті пән мұғалімі әрқашан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға байланысты және кәсіби ақпараттық білім мен дағдылардың кең спектрін ғана емес, сонымен қатар сенімдерін де қамтитын пәндік саланы иелене бермейді. Бұл адамзаттың ақпараттық қоғам мен білім қоғамына енуінің сөзсіздігіне негізделген нақты аргументация жүйесіне негізделген сенім; және адамзат жинаған ақпараттық ресурстардың әртүрлілігі туралы түсінік; және ақпараттық іздеу алгоритмдерін білу. Бүгінгі таңда қоғамның барлық мүшелері үшін біліктілікті үнемі арттыру, білімді жанарту, жаңа қызмет түрлерін дамыту қажеттілігі артып келеді.

Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру ерекше өзектілікке ие, оның алдында адамзат жинаған ақпараттық ресурстарды тиімді пайдаланудың кең перспективалары ашылады. Жеке адамның ақпараттық-коммуникативті мәдениетін қалыптастырудың тұтас тұжырымдамасының болмауы, сондай-ақ жас ұрпақты ақпараттық қоғамдағы өмірге дайындау міндетінің ғаламдық сипаты бұл проблемаға ұлттық мән береді. Оның шешімінде, әрине, жалпы білім беру мекемелері ерекше орын алуы керек. Тек іргелі білім адамға ақпаратты дұрыс пайдалануға және оны білімге айналдыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, оқу процесінде келесі педагогикалық технологиялар орындалса, негізгі мектеп оқушыларының ақпараттық-коммуникативті мәдениетін дамыту процесі тиімді болады деген болжам құрылады:

«мұғалім-оқушы» жүйесіндегі және оқу диалогындағы қарым – қатынас әр оқушы оқу ақпаратын өңдеудің белсенді процесіне қатысқан кезде жүзеге асырылады;

– «ынтымақтастықта оқыту», проблемалық оқыту және жобалар әдісі жүзеге асырылса, бұл кезде оқушылардың оқу міндеттерін шешудегі дербестік дәрежесі едәуір артады, оқушылардың жеке қасиеттері жетілдіріледі;

– ақпараттық-коммуникациялық мәдениеттің барлық компоненттері үйлесімді дамыған кезде негізгі мектеп оқушыларының ақпараттық-коммуникативті мәдениетін дамытудың белсенді бағытталған технологиясы қолданылады.

И.В.Роберт ақпараттық технологияларды пайдаланудың келесі педагогикалық мақсаттарын анықтайды:

1. Ақпараттық технологияларды қолдану негізінде оқу– тәрбие процесінің барлық деңгейін жетілдіру

- Оқыту процесінің сапасын арттыру
  - Танымдық қызметтің екпінділігін арттыру
  - Пәнаралық байланысты тереңдету
  - Қажетті ақпаратты іздеуді оңтайландыру
2. Оқушы тұлғасын дамыту, ақпараттық қоғам шартында өмір сүруге даярлау

- Ойлаудың формаларын дамыту
- Коммуникативтік қабілетті дамыту
- Күрделі жағдайда шешім қабылдауға дағдыландыру
- Компьютерлік технология арқылы эстетикалық тәрбие беру
- Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру

3. Қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау

- Ақпараттық сауаты бар тұлға даярлау
- Компьютерлік ортаны пайдаланушыны даярлау

Оқыту үрдісінде компьютерлік технологияларды пайдалану келесі мақсаттарға бағытталады.

• Компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін іске асыру арқылы оқыту үрдісінің ықпалдылығы мен сапа деңгейін көтеру

- Танымдық әрекеттерінің белсенділігін арттыратын ынталарды қамтамасыз ету
- Қазіргі заманғы ақпарат өңдеу орталарын пайдалану негізінде пәнаралық байланысты тереңдету.

Ақпараттық мәдениетті оқытудағы заманауи ақпараттық-коммуникативті технологиялар келесі факторларға байланысты дәстүрлі әдістерге артықшылық береді:

1. Қатысушылардың (білім алушылар мен білім алушылардың) оқу процесіндегі өзара іс-қимылы өндірістік және жеке байланыстарды орнатуды ынталандырады.

2. Әр түрлі әдістерді қолдану мектеп оқушыларын оқытуға, олардың ақпараттық мәдениетінің даму деңгейін зерттеуге ғана емес, сонымен қатар ойын барысында кітапханалық қызмет көрсетуде практикалық іске асыру үшін жобалар мен модельдер жасауға мүмкіндік береді.

Ұжымдық ақыл-ой әрекеті барысында адамның ақпаратты игерудегі проблемаларын тереңірек түсінуге қол жеткізіледі.



Қазіргі постиндустриалды (ақпараттық) қоғам адамның негізгі мәдениетінің жаңа компонентін – ақпараттық-коммуникативті бөлуді анықтады. Мәдениетті түсінудегі қазіргі заманғы ғылымдар бірнеше бағытты ажыратады: мәдениеттің құндылықтар жиынтығы ретінде аксиологиялық анықтамасы; әлем және ондағы адамның орны туралы білім жүйесі ретінде танымдық түсіндіру; мәдениетті адам іс-әрекетінің және қоршаған ортамен өзара әрекеттесудің нақты әдісі ретінде Технологиялық анықтау; мәдениетті тұлғаның шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру процесі ретінде қарастыру.

Бұл ережелер белгілі бір адамның ақпараттық-коммуникативтік мәдениетін төрт компоненттен тұратын құрылым ретінде қарастырады: аксиологиялық, танымдық, технологиялық және жеке шығармашылық. Ақпараттық-коммуникативті мәдениет өзара енетін және өзара әрекеттесетін үш деңгейде жұмыс істейді: әмбебап, ерекше және жалғыз. Мәдени және жеке-белсенділік тәсілдері – ақпараттық-коммуникативтік мәдениетті адамның жалпы мәдениетінің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді; оның ақпараттық-коммуникациялық бағыты мен білім мен дағдылар жүйесінің жиынтығы, жеке ақпараттық-коммуникативтік қажеттіліктерді оңтайлы қанағаттандыру үшін субъектінің шығармашылық қызметін анықтайды және басқалармен диалогтық өзара әрекеттесуді орнатады, бұл тұтастай алғанда тұлғаның дамуына ықпал етеді. Негізгі мектеп оқушыларының ақпараттық-коммуникативті мәдениетті дамыту проблемасының жай-күйін талдау бұл мәселені арнайы ұйымдастырылған оқу процесі арқылы шешуге болатындығын көрсетті. Алайда, педагогикалық теорияда табиғи цикл объектілері арқылы ақпараттық-коммуникативтік мәдениетті дамытудың жалпы принциптері мен технологиялық әдістері әзірленбеген. Педагогикалық практикада көбінесе оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік қызметін мұғалім бір сабақтың аясында жоспарлайды және тар әдістемелік сипатқа ие. Ақпараттық коммуникация саласынан теориялық және практикалық білімді пәнішілік және пәнаралық көшіруге оқушыларды оқыту мәселелері қарастырылмайды. Осылайша, аталған мәселені шешу үшін оқушылардың ақпараттық-коммуникативті дамуына ықпал ететін арнайы педагогикалық жағдайларды және, ең алдымен, ақпараттық-коммуникативтік мәдениетті дамытудың белсенді бағытталған технологиясын таңдау, теориялық негіздеу және тәжірибеде тексеру қажет.

Үздіксіз білім беру идеясын жүзеге асыру қазіргі білім беру жүйесінің негізгі қарама – қайшылығын – қазіргі әлемдегі білімнің қарқынды өсу қарқыны мен олардың мүмкіндіктері арасындағы қайшылықтарды жеңуге бағытталған. Бұл қарама-қайшылық білім беру ұйымдарын, ең алдымен, оқу, ақпарат алу, одан қажетті білім алу қабілетін қалыптастыруға мәжбүр етеді. Алайда, бұл үшін мұғалім арнайы ақпараттық білім мен дағдыларды игеріп қана қоймай, сонымен қатар мәдениеттің ерекше түрін – жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыра отырып, оларды таратуға кәсіби дайын болуы керек. Осылайша, білім беру мекемелері үшін ақпараттық білім беруді ұйымдастыру және жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін арттыру өте маңызды міндет болып табылады, ал мұғалімдердің өзі ең алдымен оқушы жастардың ақпараттық мәдениетін нақты арттыру мүмкіндігі байланысты болатын негізгі тұлғаларға айналады. Ақпараттық мәдениетті арттыру және халықтың ұлттық және әлемдік мәдениет қазыналарына қол жеткізуін қамтамасыз ететін жаңа ақпараттық технологияларды енгізу проблемасының ерекше маңызы бар. Оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру процесінің тиімділігі ғылыми, теорияның практикамен байланысы, жүйелілік, дәйектілік, көрнекілік, қол жетімділік, сараланған тәсіл сияқты жетекші дидактикалық принциптерді жүзеге асырумен анықталады. Адамның ақпараттық мәдениеті-бұл жалпыадамзаттық мәдениеттің бөлігі, мұғалімдердің де, оқушылардың да білім беру іс-әрекетінің қажетті буыны, олардың білім беру іс-әрекетінің құрамындағы ақпараттық қызметінің сапалық сипаттамасы. Оқушылар алынған ақпаратты маңыздылығы бойынша жүйелеуге және бөлуге дағдыланбайды, осылайша зерттелетін мәселенің мәнін ашады. Арнайы таңдалған жаттығулар жиынтығын қолдана отырып, оқу процесінде ақпараттық мәдениетті қалыптастыру кезінде жоғары сынып оқушылары ғылыми зерттеулердің өзіндік деңгейін жоғарылату үшін оларды өнімді пайдалану үшін ақпараттың белгілі бір қасиеттерінің маңыздылығын анықтау дағдыларын игереді. Жеке адамның табылған ақпаратты қайта ойластыру арқылы ол сапалы басқа білімге айналады, осылайша ақпараттық кеңістіктің ауқымын кеңейтеді. Мұндай қарама – қайшылықты жеңу студенттерге ақпараттық мәдениеттің деңгейін арттырып қана қоймай, сонымен қатар ақпараттық қоғамның дамуына айтарлықтай үлес қосуға мүмкіндік береді-ақпарат алмасудың стихиясы және оны ақпараттық қоғамның дамуы жағдайында реттеу қажеттілігі. Бұл қайшылық ақпараттың таралуының, көбеюі мен таралуының табиғи ерекшелігіне байланысты. Әлеуметтік кеңістіктегі ақпарат қозғалысын реттеу адамгершілік, адалдық, жауапкершілік, ар-ождан және әдептілік тұрғысынан жүзеге асырылатын ақпарат алмасудың белгілі бір қызметін студенттер таңдаған кезде моральдық дилеммаға тап болады. Оқушы үнемі белгісіздік жағдайында болады және негізінен авторлық әзірлемелерді қарызға алуға көшеді. Мұндай табиғи қайшылықтарды болжау немесе болдырмау қиын, тек студенттерге оқу процесінде олардың тәуелсіз мүмкіндіктерінің жолын көрсетуге болады. Қарама-

қайшылықтарды жеңу мәселесінің этикалық жағы негізгі болып табылады. Оқытудың міндеті-ақпараттандырудың теріс тенденцияларына қарсы тұру тетіктерін әзірлеу және дамудың гуманистік басымдықтарын күшейту. Ақпараттық қоғамның қалыптасуын оның өкілдерінің ақпараттық мәдениетін дамытпай елестету мүмкін емес екенін атап өткен жөн. Ақпараттық мәдениет жалпы мәдени жетістіктер мен құндылықтарға қосылуға мүмкіндік беретін факторға айналады, қоғамның зерттелген мәселелерін өз бетінше түсіну, қашықтықтан оқыту, сырттай конференцияларға қатысуға жаңа мүмкіндік береді!

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании. – М.,
2. Болотов В.А. Основные направления информатизации общего образования // Вестник образования. – 2003. – № 4
3. Исабаева Д.Н. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруда ақпараттық коммуникациялық технология құралдарын қолдану әдістері: пед.ғылым.канд. ... дисс. – Алматы, 2009. – 150 б.
4. Караев Ж.А. «Педагогикалық жүйені технологиялық тұрғыдан жаңартудың өзекті мәселелері» атты монографиясының тұсаукесерінен үзінді // Қазақстан мектебі. – Алматы, 2005. – № 42-45. –7 б.
5. Ахметова О.К. Педагогические условия формирования основ информационной культуры учащихся средней школы: автореф. ... кан. пед.наук. – Алматы, 2007. – 35 с. 6.»Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. 1-деңгей 5, 17, 29-бет.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМГЕ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Каиржанова Ж.Д.*

*Педагогика және психология мамандығы, 4 курс студенті*

*Ғылыми жетекші: аға оқытушы Құдайбергенова А.М.*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

**Түйін:** Мектепте оқытудың аралық кезеңдерінде (5,7 сыныптар) білімге құндылық бағдары мәселелері қарастырылады. Орта сынып оқушыларының білімге құндылық бағдарын айқындалуын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тиімділігінің жолдары анықталды. Мектептің оқыту кезеңдерінде оқушылардың білімге құндылық бағдарын анықтауына талдау жүргізілді. Осы процесс динамикасының тән ерекшеліктері сипатталған.

**Түйін сөздер:** құндылық, құндылық бағдар, орта сынып оқушылары, білім сапасы.

Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, тәуелсіздігімізді алғалы қоғамдағы саяси, әлеуметтік – экономикалық, мәдени өзгерістер көрініс тапты. Ал қоғамдағы кез-келген өзгеріс білім беру саласына, өскелең ұрпақ санасына тікелей өзіндік әсер тигізетіні анық. Сондықтан білім беру мазмұнында да жаңа көзқарастар, жаңа парадигмалар, жаңа құндылықтар жүйесі пайда болып отыр. Білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу мақсатында қазіргі білім саласындағы елеулі өзгерістердің бірі 12 жылдық білім беруді атап өтуге болады. Осыған сәйкес жаңа өзгерістерге бейімделіп оларды іске асыру жолдары қарастырылып жаңа міндеттер мен мақсаттар айқындалып отыр. Осы өзгерістерге сәйкес оқушылардың білімге құндылық бағдарын қалыптастыру, өз бетінше білім алуға деген қызығушылығын арттыру және үздіксіз білім алуға жағдай жасау көкейкесті мәселе болып отыр. Білімге құндылық бағдарын қалыптастырудың әдіс – тәсілдерін диагностикалық зерттеулерде қолдану, психологиялық және педагогикалық түзету жұмыстарында қолдана отырып кеңес беру, оқушылардың білім құндылығына деген көзқарастарын қалыптасыру қажеттілігі туындап отыр.

«Құндылық» термині болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән – мағынасын білдіру үшін қолданылады. Адам өмірінің өзегі – құндылықтар, ал басқа мақсаттар оған жеткізетін баспалдақтар ғана. Осы қағидаға сүйенсек, қоғамның жанару кезіндегі жаңаша көзқарастардың бірі – құндылық бағдар.

Құндылық ұғымын түсіндірудегі талпыныстар мен терминологиялық анықтамаларды төмендегідей топтастыруға мүмкіндік бар:

1. Құндылық жеке тұлғалық немесе әлеуметтік бағдарлы жаңа идеяларды белгілеу және оны сипаттау үшін қолданылады;
2. Құндылықтың белгілі бір заттар мен құбылыстарға тән болуы немесе қоғамға тән құбылыс болып танылуы;
3. Құндылық нақты өмірлік ұстанымдар мен әдептіліктің қоғамда қалыптасқан үлгісі ретінде көрінуі.

Педагогикалық сөздікте «құндылық – адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы, іс – әрекет кезіндегі көрсетілетін тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі», – делінген. Сондықтан біз «құндылық» ұғымын адамды тәрбиелеу үшін оның өмір сүруіне ең керекті, маңызды, қажетті, бағалы дүниелердің жиынтығын құрайтын педагогикалық категория ретінде қарастырамыз.

Жалпы құндылықтар арасында педагогикалық құндылықтар өз алдына дербес топ құрайды. Олардың мәні тәрбиелеу және білім беру қызметінің ерекшелігі, оның әлеуметтік рөлі және жасампаздық мүмкіншіліктерімен анықталады. Педагогикалық құндылықтар білім саласында қалыптасқан қоғамдық дүниетаным, көзқарастар мен педагог қызметтері арасында жанама және тікелей байланыстырушы ретінде, әрі педагогикалық іс-әрекетті реттеуші талаптар (нормы) ретінде қабылданған. Барша құндылықтар сияқты педагогикалық құндылықтар да қоғамдағы әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастарға тәуелді. Олар тарих желісінде қалыптасып, ерекше танымдық бейне және ұғымдар түрінде қоғамдық сана формасына енеді. Өмірдің әлеуметтік шарттарының өзгеріске келуімен, тұлға, қоғам қажеттерінің дамуымен педагогикалық құндылықтар да ауысып барады. Білім беру – мәдениет трансляциясы институты

Білім беру бүкіл әлемде базалық жалпы мәдени құндылықтар ретінде қарастырылады. Демек білім берудің мәдени-шығармашылық миссиясы «мәдениетті адамды» қалыптастыруды қамтамасыз етеді деп айтуға болады. Жалпы алғанда бұл адам санасында, мінез-құлқында, әрекетінде, әлеуметтік әрекеттесуінде қоғамның мәдени-әлеуметтік дамуының нормаларына сәйкес өмір сүреді деген сөз. Білім беру, оқыту мен тәрбиенің бірлігінің көрінісі ретінде оқушыға тұлғалық мәнді білімді жасау әрекетін қамтамасыз етуге тиісті.

Білімнің құндылық бағдарын бірнеше деңгейде қарастыруға болады.

Макродеңгей	Мезодеңгей	Микродеңгей
Мемлекеттік құндылықтар ретінде қарастырылады. Кез-келген мемлекеттің ғылыми-техникалық, зияткерлік, рухани-мәдени, моральдық және экономикалық әлеуеті оның білім саласының мүмкіндіктері мен ахуалына тікелей байланысты екендігі айқын. Сондықтан мемлекет білімді жетілдіруге, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың дамуына жағдай жасайды. Мемлекет білімнің мәртебесін арттыру, қоғам мүшелерінің толыққанды білім алуға деген мотивін және қажеттіліктерін құлшындыруға ұмтылуы тиіс.	Қоғамдық құндылық. Қоғам өз мүшелерінің әрқырлы білім алуына мүдделі. Қоғам мемлекетте білімнің дамуына бастамашылық жасаушы және қадағалаушы да рөл атқарады	Білімнің құндылық маңызы болашақ маманға кәсіби салада еркін қозғалуға мүмкіндік жасайтындығымен, мәртебелілеу, қызықтау жұмыс табуға, тұлғаның өзіндік жетілуіне, шығармашылық дамуына ықпал етуімен анықталады.

Қоғам өмірінің кезеңдерінде құндылықтар жүйесі өзгеріске түсіп, ауысып барады. Құндылықтар өзіне тән ерекшеліктерге ие. Олардың кейбірі тарихтың қай кезеңінде де өз маңызын жоймайды. Мысалы, ежелгі дүниенің тарих сахнасында өшкенімен, онда мұрат етілген эстетикалық құндылықтар әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Ортағасырлық ағару (просвещение) дәуіріндегі гуманистік, демократиялық идеялар бүгінгі заман қызметіне жарауда.

Қоғамдағы құндылықты қатынастардың аса маңызды элементтерінің бірі – құндылықты бағыт – бағдар. Құндылықты бағыт – бағдар – бұл стратегиялық өмір мұратты және жалпы дүниетанымдық алғышарт ретінде танылған құндылықтардың адам санасында бейнеленуі. Қалыптасқан, тұрақты құндылықтар бағыттарының жиынтығы тұлға тұрақтылығын, қажеттер мен қызығулар бағдарында көрінген әрекет – қылық және іс-әрекет типтерінің өзара байланыса, ұштасуын қамтамасыз етеді. Осыдан, құндылықты бағыт тұлға мотивтеріне себепші, реттеуші маңызды жағдаят (фактор) ретінде іске қосылады. Құндылық бағдарының негізгі мазмұны – адамның саяси, философиялық (дүниетанымдық), адамгершілік наным – сенімдері, терең әрі тұрақты бейімділіктері, іс-әрекеті, мінез принциптері. Осыдан, қай қоғамда да тұлғаның құндылықты бағыт – бағдары тәрбие және мақсатты ықпал жасау нысаны ретінде қарастырылады. Олар арқылы еріктік күш салу, зейін, ой-өріс бағдарлары анықталады.

Құндылық бағыттар арасындағы қайшылықтар әрекет – қылық пен мінездегі тұрақсыздықты туындатады. Құндылықты бағыт-бағдардың мешеуленуі адамның селқостығы мен енжарлығы себепші болады. Бүгінгі күнде әлем елдерінде әрқилы құндылықтар жүйесі қабылданған. Осы заманғы гуманистік педагогика олардың арасында жалпы адамзаттық келесіде құндылықтарды аса маңыздылар қатарында алға тартады : адам құқы, адамды ең жоғары құндылық ретінде тану, бала тұлғасы мен оның қадіріне құрмет; бала еркіндігі мен даму құқы қорғау; білім және тәрбиедегі демократиялық принциптерді берік ұстану.

«Құндылық бағдар» ұғымы философия, психология, әлеуметтану сияқты бірқатар гуманитарлық ғылымдарда қолданылады. Аталмыш ғылым салаларының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бұл ұғымға берген анықтамалары да әр алуан. Біздің міндетіміз – қарастырылатын категорияның педагогикалық мағынасы мен мазмұнын ашып, нақтылау болмақ.

«Құндылық бағдар» ұғымы XX ғасырдың ортасында әлеуметтік психологияға философиялық ұғым -»құндылықты» алмастыру мақсатында енгізілгенімен, бұл екеуінің арасында нақты шекара күні бүгінге дейін жоқ. Алғашқыда құндылық бағдарларды жеке тұлғаның өз деңгейінен биік құндылықтарға ұмтылуы ретінде қарастырып келсе, «құндылық» және «құндылық бағдарлар» өзара «жалпы» немесе «жеке», «өмірде бар» немесе «рефлексивті сезінетін құндылықтар» деген өлшемдер арқылы ажыратылды. Қазіргі уақытта құндылықтарды түрткілік қырынан, құндылық бағдарларды тұлғаның іс-әрекетін реттеушілер құрылымының сатысында биіктен орын алатын құндылықтардың субъективті тұжырымдары немесе әлеуметтік ұстанымдардың түрлері ретінде қарастыру жолға қойылған.



### Модель «оқушының құндылық бағдарының құрауыштары»

Адам құқы және еркі – жалпы адамзаттық құндылық, себебі олар адамзаттың жалпы мүдделерін танытады, әрқилы халықтардың, діндер мен дәуірлердің рухани мұраттарын жақындатады әрі туыстырады. Барша халықтар туындыларын сыйлауға, бағалау мен қорғауға үйрену – бұл ұлттық және ұлтаралық ынтымақтың белгісі ретінде қабылданған жадпы адамзаттық құндылықтарды сезіну мен қабылдау нышаны.

Білім берудің мақсаттарын нақтылап, құрамдас бөліктерін ашып көрсетейік: оқушыға қоршаған дүниені тануға үйренуге көмектесу қажет. Оқушыны таным үдерісіне үйренуге көмектесу білім беру ұйымдарының міндеттерінің жүйесінде көптен қойылып жүр. Бірақ мектептерде оқушылардың жалпы оқу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырудың тұтас жүйесі әлі күнге дейін толық іске асқан жоқ. Білім берудің бірінші мақсатын орындау үшін оқушылардың зерттеу әрекетіне және зерттеу біліктіліктерін меңгеруге қызығушылығын дамытуға жағдай жасалуы қажет. Айталық, білім алуға үйрену үшін оның интеллектуалдық мәдениетін, ақпараттық мәдениетін, өзін-өзі ұйымдастыру мәдениетін, зерттеу мәдениетін дамыту қажет. Бұл мәдениет түрлері оқушыға өмір бойы оқып-үйренуге мүмкіндік тудырады. Сонымен, «өмір бойы білім алу» шындық болмысқа айналады.

Білім берудің екінші мақсаты – оқушыға жұмыс жасауға үйренуге көмектесу. Ең әуелі білімдерін практикада пайдалануды үйрету қажет. Бұл үшін оқушыларда жүйелі сыни ойлауды дамытуына әсер еткен жөн. Еңбек етуге үйрену өзінің кәсіби әрекет саласында өзін жетілдіру қажеттілігімен байланысты. Ең әуелі білімдерін практикада қолдануға және теориялық мәселелерді шешуге үйренуі керек. Бұл оқушыда жүйені ойлауды қалыптастырған жөн. Сондай-ақ, өзі таңдаған салада кәсіби маман болуы қажет. Оқушыларда көшбасшылық сапаны тәрбиелеу қажеттігі де туындайды. Көшбасшы – нақты саланың мәселелерін талдауға, сыни ойлауға, өзінің айналасындағы мәселені шешу үшін адамдарды топтастыруға қабілетті маман. Сонымен, көшбасшыны тәрбиелеу – білім беру мақсаттарының бірі.

Білім берудің келесі мақсаты – оқушыны адамдармен бірге өмір сүруге үйренуге көмектесу. Адамдармен өмір сүру үшін басқаны қабылдау мен түсінуге, оған құндылық ретінде қарауға, топта, сыныпта, отбасында, әлеуметте, әлемде өмір сүру дағдыларын меңгеруге үйренеді. Осыған байланысты балалардың әлемдегі өзара бағыныштылықты түсіну сезімін ояту және қолдау, оларды қарым-қатынаста кикілжіннің алдын-алуға үйрету аса маңызды болып табылады. Коммуникацияда ең негізгісі – басқа адамды құндылық ретінде сезіну. Басқаны қабылдау, түсіну, оған көмектесу сияқты адами сапалар коммуникативті мәдениетке тән.

Ең кең мәнінде құндылықтар проблемасы мәдени дәстүрлер мен қоғамның идеологиялық негіздерінің құнсыздану дәуірінде шарасыз пайда болды. Философия ғылымының дербес саласы ретінде аксиология болмыс ұғымы реальдық және адам қалаулары мен ұмтылыстарының объектісі ретінде құндылықтар болып екі элементке бөлінгенде пайда болады... Антикалық және орта ғасырлық философияда құндылықтар (этико – эстетикалық және діни) сипаттамалары реальдық ақиқат болмысында ұғымында кірістірілген еді.



Эксперимент : «Мен және менің құндылықтарым» әдісінің нәтижесі

Диалектикалық – материализм құндылықтарды олардың қоғамдық – тарихи, экономикалық және әлеуметтік – саяси себептіліктерімен қоса қарастырылады. Құндылық объективті құбылыстарды, немесе олардың қасиеттерін және адамдар үшін, отбасы, ұлт үшін баға жетпес құндылықтар. Бірден – бір объективті ең жоғарғы құндылық – адамзат тарихында әлі де болса жаппай мойындаушылық сипат алмаса да, бұл адам өмірінің өзі. Бірақ, адамзат тәжірибесі белгілі бір қоғамдық – тарихи параметрлерде шекті және абсолютті болып көзге түсетін құндылықтар құндылықтық белгілерін тудырады.

Педагогикалық аксиологияның негізгі ережелерін құрастырған В.А.Сластениннің пайымдауынша, – аксиологиялық «Мен», құндылық бағдарлар жүйесі ретінде ішкі бағыт-бағдар рөлін атқаратын когнитивті ғана емес, эмоционалды-еріктік құрам бөліктерге де ие. «Құндылық бағдарлар» категориясына жасалған талдаулар бізге бұл ұғымның анықтамасын нақтылауға мүмкіндік жасады: *құндылық бағдарлар* – тұлғаның өзі саналы түрде таңдаған, өзінің мінез-құлқын реттеуші мұраттардың, нормалар мен құндылықтар жүйесінің бүкіл жиынтығына деген іріктеушілік ұстанымдары мен көзқарастары

Құндылықтардың табиғаты және олардың қоғамдық өмірдегі рөлі туралы мәселе көптеген осыған дейін қарастырылған адам мен қоғам, мәдениет пен өркениет , табиғат пен қоғам арасындағы қарым – қатынастар және басқа проблемалармен тікелей байланысты.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нургалиева Г.К. Ценностные ориентации личности методология, теория, практика, формирования. А., 1994 г.
2. Майғаранова Ш. Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 124 б.
3. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века (в поисках практико-ориентированных образовательных концепций). – М.: Изд. «Совершенство», 1998. – 608 с

## ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЖЕТКІНШЕКТЕР АРАСЫНДАҒЫ КИКІЛЖІНДІ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСЫ

**Кенесбекова А.Б.**

*Педагогика және психология мамандығы, 4 курс,  
Ғылыми жетекші: Ертарғынқызы Д. PhD, доцент м.а.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Түйін:** Мектептегі жасөспірімдер арасындағы кикілжіңдердің алдын алу мәселесі бойынша педагог-психологтың атқаратын жұмысы бойынша мәселелерді қарастырады. Кикілжіңдердің пайда болу себептеріне талдау жүргізіледі.

**Түйін сөздер:** кикілжіңдер, конфликтология, педагогикалық-психологиялық жұмыс.

Жасөспірімдердің адекват әрекет жасай алмауы біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемді алаңдатып отырған мәселе. Ересек адамша салмақты сөз сөйлейін десе, айналасындағылардан иемденеді. Бала боп жүгіріп, секіріп ойнап кетейін десе, сериген бойына ойы сәйкес келмей қалардай тағы қымсынады. Осылай не боларын білмей, екі ортада өтпелі кезеңде жүрген жеткіншек қандай әрекетпен болса да өзінің ақыл тоқтатып, есейіп келе жатқанын сыртқы ортаға дәлелдегісі [1] кеп тұрады. Қаны тасып, тұлабойына сыймай тұрған адамның жолында кезіккен кісімен қақтығысып қалатыны бар. Мұндай жағдайға қалай түсіп қалғанын тіпті өзі аңғармай да қалады. Бойында ойнап тұрған жаңадан бөлінген гормондар оны еркінен тыс әрекеттер жасауға итермелейді де, әлеуметтік, психологиялық стресске түсетін жасөспірім көбейеді. Осылайша педагог-психологқа жас жеткіншектердің арасында болатын кикілжіңдерді зерттеп, оны болдырмау шараларын ұйымдастыру міндеті жүктеледі.

“Кикілжің” сөзінің өзі қолдану аясына қарай ауқымы аса кең. Ғалымдардың ғылыми еңбегіне көз жіберсек, кеңес заманындағы атақты психолог Лев Выготский кикілжің ұғымын жасаралық дағдарыс ретінде [2] қарастырған. Жылдар бойы баланың бойында жиналып келе жатқан агрессия бұлқынып атқылаған жанартаудай, әбден шегіне жеткен кезде жарылады. Өмірінің жаңа кезеңіне аяқ басқан кезде осындай кім көрінгенге соқтығысу, не болса соған тез өкпелеп, тез жазылу секілді әрекеттерінен көрініс табады.

Жасөспірімдер арасындағы кикілжіңді алдын алу мәселесіне кіріспей тұрып, бұл реакция қайдан шығады, неден пайда болады, түп төркіні қай жерден бастау алады, осыны анықтап алғанымыз абзал. Орыстың халық жазушысы Александр Иванович Левитов кикілжіңді адамның ішкі күресі деп сипаттайды [3], яғни ішкі күйзелісі, “екі оттың ортасында” тығырыққа тіреліп, таңдай алмауы, түрлі нәрсенің түрткі болуынан ойланып-толғанып шешім шығара алмауы – осының барлығы оның өзгемен кикілжіңге келуіне әкеліп соғады. Адамдар арасындағы түсініспеушілік концепциясының негізін қалаған австриялық психолог, психоаналитик Зигмунд Фрейд осындай күйге түскен адамның психикасына алғаш болып сипаттама берді. Оның тұжырымы бойынша, психика сананың, инстинктің бітіспес күштері арасындағы қарама-қайшы өріс [4]. Демек, адамның ішкі және сыртқы әлемі бір арнаға тоғыса алмай, бір-біріне қарама-қарсы келген кезде, мұны өзгелерге қарым-қатынасы арқылы да көрсетіп қалады. Немістің әлеуметтанушы, философ, психологы Эрих Фромм жас жеткіншектің қоғамда жеке тұлға ретінде қажеттіліктерін өтей алмаса, ой-арманын іске асыра алмаса, өзгемен жаға ұстаса кетуге дайын болатынын айтады, ал америка психоаналитигі Карен Хорни болса жасөспірім қоршаған ортасынан қамқорлық сезіне алмаса, әсіресе ата-ана тарапынан мейірім жетіспесе, осылай қоғамға қайшы әрекеттері арқылы ішкі ызасын шығарып алатынын жазған. Осы орайда өзіміздің қазақ арасынан шыққан ғалым, профессор, педагог Алма Қыраубаеваның мына сөзін келтірмеске болмайды. Ол өзі педагог ретінде білім және тәрбие беру ісімен айналысатын тұлғаларға көп баланың ішінен тентек оқушыны көбірек мейіріміңе бөле, басқаларына қарағанда ерекше қамқорлығыңа алып, жиірек көңіл бөл [5] дейді. Оның осы көзқарасы америкалық психолог К.Хорнидің пікірімен үндес екенін байқауға болады. Өйткені Алма Қыраубаева да бала үйдегі ата-анасының, мектептегі мұғалімнің назарын аударту үшін әдейі оғаш істерге баратынын айтады. Осыдан шығатын қорытынды жеткіншектер арасындағы кикілжіңнің алдын алу үшін педагогтың ең бірінші міндеті балаларға барынша мейірімді болып, олардың ішкі агрессиясын өзінің қамқорлығымен, махаббатымен жауып отыру. Олардың қалауына, тілегіне құлақ түріп, арман-мақсатын бөлісіп, ары қарай түзу жол сілтеп, бағыт беріп отыру. Ұстазы алдындағы әр шәкіртімен досындай сырласып, оның мұң-сырына ортақтаса білсе, ондай балаларда ашуға бой алдырып, өзгемен кикілжіңге келу ықтималдығы да біршама азаяды.

Жеткіншектердің қандай ситуацияда кикілжіңге келетінін зерттей келе мынадай пункттерге жіктедік:

– Бірі өтірік айтса, екіншісі әділетсіздікке төзе алмауына байланысты;

- Пікірталас кезінде көзқарасы қайшы кеп қалуы немесе “ойыннан от шығуы”;
- Қызығушылығы, талғамы, танымы әртүрлі болуына байланысты;
- Құндылығы әркелкі болуына қатысты;
- Бір-бірінің жеке шекарасына өтуі;

Осындай жағдайларға жол бермеу үшін педагог-психолог қандай шара қолданғаны абзал? Мектеп бағдарламасынан тыс тәрбие сағаттарын ұйымдастырып, сабақ барысында оқушылардың бір-бірі туралы пікірін айтқызып, шындыққа тура қарай білуге, сын қабылдауға және кемшілігі болса достарымен бірге күресуіне дағдыландыру. Жеке шекара түсінігін жеткіншектердің санасына терең сіңіріп, бір-бірінің де, өзге адамның да жеке басына қол сұқпауға, қарапайым мысал ретінде заттарын рұқсатсыз алмауға, көмек сұрамаса ісіне килікпеуге үйрету, сонымен қатар өзінің де шекарасын қорғай білуге машықтандыру аса маңызды. Тағы бір ескерерлік жайт, жасөспірімдер тұлғалық өсу жолында әлі кемелденбегендіктен, көп жағдайда басқалар неге мен сияқты ойламайды деген оймен ашуланады және өзінің пікірін өзгелерге дәлелдеймін деп соңы жанжалға ұласады. Осы орайда педагог-психологтың міндеті балаға ешкім сен секілді ойлауға міндетті емес екенін, өмірде әркімнің өз құндылығы болатынын, қанша адам болса, сонша пікір бар екенін ұқтыру, өз ойын біреуге танбауға машықтандыру.

Қазіргі заманда жеткіншектің де, ересектердің де өмірінің біраз бөлігі телефонға тәуелді екені белгілі. Сәйкесінше, дау-дамай да көп жағдайда оқушылардың месенджеріндегі ортақ чатында туындауы жиі кездеседі. Мұндай жағдайда педагог-психолог мәселені сыныпқа келгенде не бетпе-бет көріскенде шешуді ұсынуы қажет. Өйткені хабарлама жазысқан кезде өзі қызуқанды боп, ашуға беріліп отырған оқушы бір-бірін дұрыс түсінбей, жағдайды тіпті шиеленістіріп алады. Оның үстіне хабарламада адам интонациясын, сөйлеу мәнерін, қандай түрмен айтып тұрғанын толық жеткізе алмайтын болғандықтан, кикілжің де күшейе береді. Кездескен кезде сөйлеу мәнері, агрессияға көрсететін реакциясы да аса маңызды, мұғалім жасөспірімдердің кикілжіңге келмеуі үшін барынша бірқалыпты, ұстамды тонмен сөйлесуі, ойын ашу-ызасыз жеткізуі қажет екенін мейлінше тереңірек түсіндіреді. Тағы бір мысал келтірейік. Мәселен бір оқушы әлеуметтік желіден сыныптастарының барлығы отырысқа барғанын және өзін шақырмағанын көріп, біледі. Мұндай жағдайда шу-щұрқан шығармай-ақ жай ғана жанына жақын тартатын құрбысынан “Кеше менің көңіліме келетін ештеңе істемедің бе?” деген секілді сөзбен жағдайдың анық-қанығын біліп алуына болады. Егер педагог-психолог ұстаз болумен ғана шектелмей, жеткіншектердің сырлас-досына айнала алса, осында ситуациялардан тыс қалмайды. Орайлы сәтті пайдаланып жасөспірімдерге қандай жағдайда өзін қалай ұстауды, кикілжіңді болдырмау үшін диалогты қалай құруды іс жүзінде үйретіп отырады. Демек, жас жеткіншектің тұлға боп қалыптасуы жолында педагог-психологтың атқаратын рөлі өте зор.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.И.Митичева, Возможности профилактики конфликтного поведения подростков в группе сверстников // Молодой ученый. – 2018. – № 4 (190). – 178 с.
2. Л.С.Выготский. Психология. – Москва: “Эксмо”, 2000. – 442 с.
3. Н.И.Леонов. Конфликтология. Воронеж: Издательство НПО “Модэк”, 2013. – 132 с.
4. З.Фрейд. Введение в психоанализ. СПб: Издательство “Питер”, 2007. – 403 с.
5. Қыраубаева А. Жаным садаға. – Алматы: “Өнер”, 2011. – 141



## ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ҮЙДЕ БІЛІМ АЛУШЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫСЫ

**Бақытова А.О.**

*Педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті*

*Ғылыми жетекші: Есенова К. А.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Түйін:** Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі оқушыларды қоғамдық ортаға толық кіріктіру мәселесі дүние-жүзінде ерекше белсенділікпен қарастырылып отыр және осы мәселелерді шешу жолдары іздестірілуде. Соған байланысты, бұл мақалада мүмкіндігі шектеулі балалармен түзету-дамыту жұмыстарының, педагогикалық-психологиялық көмек көрсетудің шарттары мен әдістері сипатталған. Мүмкіндігі шектеулі балаларға, үйде білім алушыларға ерекше көңіл бөліп, дамуына ат салысатын болсақ, бір жағынан осындай жандарды да өзгелермен теңдей сезінуіне жағдай жасаймыз, екінші жағынан қоғамда да ізгілікті көзқарасты қалыптастыра аламыз. Мақаланың материалын арнайы түзету мектебінің және мектепке дейінгі ұйымдардың мұғалімдері мен тәрбиешілері, психологтар, дефектологтар, студенттер қолдана алады.

**Түйін сөздер:** мүмкіндігі шектеулі, арнайы білім, үйде білім алушы, педагог-психолог, коррекция, педагогикалық-психологиялық көмек.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың, патологиясы бар ерекше жандардың саны жыл санап артып келеді. Мұндай мәселеден Қазақстан Республикасы да тысқары қалып отырған жоқ. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарының алдында, қазіргі қоғам алдында және білім беру жүйесінде – балаларды біліммен қамтамасыз етуге байланысты сұрақ туындап отыр.

Денсаулық министрлігінің деректеріне сәйкес, Қазақстанда 150 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі балалар өмір сүреді. Алайда, бұл толығымен нақты көрсеткіш емес, себебі, өз балаларын мүмкіндігі шектеулі балалар қатарына қосқысы келмейтін, арнайы жұмыстарға қарсылық танытатын және мүгедек деп санамайтын ата-аналар да кездеседі. Соған байланысты, балалардың нақты санын шығару қиындық тудырады. Шамамен алғанда, кәмелет жасына толмаған балалардың 3% -ы білім беру мен тәрбиелеу жұмысында арнайы көмекті қажет етеді [2]. Қазіргі заманғы әлеуметтік қоғам да мүмкіндігі шектеулі балаларды білім алу, өзінің жеке қабілетін, дарынын дамыту және өзін-өзі таныту, жан-жақты қарым-қатынасқа түсу құқығынан айырмауға тиіс деген идеяны алдыға тартады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар – қазір баршаның назарын аудартып отырған басты мәселелердің бірі болып отыр. Қазақстан 2008 жылы «Мүгедектердің құқығын қорғау туралы Халықаралық Конвенцияның» мүшесі атанды. Инклюзивті білім – бұл құжаттың міндетті компоненті болып саналады.

Ендігі, «Мүгедектік дегеніміз не?», «Инклюзивті білім дегенді қалай түсінсе болады?» деген сұрақ туындайды.

«Мүгедектік» ұғымы арқылы адам ағзасының қызметінде белгілі бір тұрақты бұзылыстың болуының салдарынан денсаулығында ақауы бар, тіршілік әрекетінің шектелуіне әкелетін және әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдарды анықтайды. Мүгедектік физикалық, психологиялық, сенсорлық, когнитивтік, әлеуметтік, мәдени, заңнамалық және басқа да кедергілерге байланысты мүмкіндіктердің шектеулі болуы ретінде түсіндіріледі, бұл патологиясы бар адамға қоғамда интеграциялануға және онда белсенді өмір сүруге мүмкіндік бермейді.

Бала мүгедектігінің спецификасы – оның тұлға болып қалыптасуы кезінде, жоғарғы психикалық функциялардың дамуы және білім мен дағдыларды игеру қарсаңында өмірлік белсенділіктің шектелуімен түсіндіріледі.

Бұл тұрғыда, баланың мүгедектігі елеулі мәселе тудырады, өйткені ол баланың өзінің жеке тұлғасын танытуда ғана емес, оның қалыптасу процесіне де шектеулер қояды. Мүгедек балаларға қатысты синонимдер ретінде « даму ерекшеліктері бар балалар «және» мүмкіндігі шектеулі балалар «ұғымдары қолданылады.

Осы уақытқа дейін, денсаулығында кінәраты бар балаларды, толыққанды жетілмегендердің санатына қосып келді. Естуінде және көруінде кемістігі бар, Церебралды сал ауруымен ауыратын, ақыл-ойының дамуында тежелулер байқалатын немесе аутизмі бар балалар осы аталған санатқа кіретін [4].

Мектеп оқушыларының сабақ жүктемесі денсаулығы қалыпты балалар үшін оңай емес, ал денсаулығында ақаулығы бар оқушыларға ол тіптен ауырлық тудырады (күрделі болып келеді). Ауырлық (күрделілік) деп отырғанымыз – бұл оқудың өзі ғана емес, мектепте болу шарттарын да кіргізе аламыз. Мәселен, балалардың үлкен тобы (большой коллектив детей) , бір баламен ғана емес, бірден барлық балалармен жұмыс істейтін оқыту жүйесі, сабақтың жоғары қарқынын жатқыза аламыз (аламын).

Патологиясы бар оқушылармен жеке жұмыс жасаудың тиімді жолы ретінде – үйде оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын жатқыза аламыз. Оның жағымды жақтары баланың өз бетімен жұмыс істеуіне

мүмкіндік беретін жеке жоспар, жеке жүктемелердің құрылуы. Сонымен қатар, оқу қарқыны күн ішінде ғана емес, апта бойы да тұрақты түрде өлшеніп тұрады. Баламен жеке жұмыс оның жұмыс қарқынын, жұмысқа қабілеттілігін, мүмкіндігін және ерекшеліктерін ескеруге, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдердің қоғамнан, мектептен тысқары қалып қалмауына мүмкіндік береді.

Жалпы білім беру ордасында білім ала алмайтын (үйде білім алушыларға) оқушыларға қатысты, ғылыми еңбектерде ғалымдар әртүрлі синонимдік ұғымдарды қолданады: «отбасылық білім», «үйде оқыту», «үйде жеке оқыту», «үйде білім алу». Үйде оқыту формасы бойынша біз балалар мен жасөспірімдерге түзету-дамыту, әлеуметтік-педагогикалық, медициналық және психологиялық көмек көрсететін, отбасы жағдайында жүзеге асырылатын оқыту мен тәрбиелеудің көп функциялы жүйесін түсіне аламыз. Сенсомоторлық, зияткерлік, сөйлеу, эмоционалды-еріктік дамудағы мәселелері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуді қамтитын арнайы білім беруде, үйде оқыту формасы маңызды орын алады.

Сонымен қатар, қазіргі таңда, қоғамымызды гуманизациялау, құндылық бағдарын арттыруға байланысты идея өзекті болып отыр. Соған сәйкес, үйде білім алушыларға арналған оқу-тәрбие процесі де рухани-адамгершілікке, құндылыққа бағытталуы тиіс.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаны арнайы білім беру дегеніміз – бұл терең, жеке және нақты процесс, оның көлемі, сапасы және соңғы нәтижелері дамудың ауытқуларының сипатымен, анализаторлардың, организмнің функциялары мен жүйелерінің қауіпсіздігімен анықталады. Жалпы процесте мынадай жайыттар ескерілуі тиіс:

- баланың және оның отбасының өмірінің әлеуметтік-мәдени және этномәдени шарттары;
- отбасының арнайы білім беру үдерісіне қатысуға деген ұмтылысы мен қабілеті;
- қоршаған қоғамның, білім беру жүйесінің барлық талаптарды орындауға және арнайы білім алу үшін барлық жағдайларды жасауға мүмкіндіктері мен дайындығы;
- бала мен оның отбасы үшін жұмыс істейтін педагогтар мен психологтардың кәсіби құзыреттілік деңгейі.

Арнайы білім беру, мүмкіндігі шектеулі оқушылар мен үйде білім алушыларды рухани дамыту, ортаға қосу (адаптация), құндылыққа бағдарлауға келгенде, қай уақытта болмасын, бұл мәселелер ғалымдардың назарынан тыс қалған емес. Үйде білім алушыларды әлеуметтендіру мәселесімен айналысқан ғалымдарды қатарына: Э. А. Абгарян, Л. И. Божович, Л. В. Василенко, М. А. Егорова, А. В. Кротова, Л. Ф. Сербина, В. Ф. Стан, И. В. Цукерман сынды ғалымдарды жатқыза аламыз.

Ал, Отандық ғалымдардың зерттеулері мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуындағы бұзылыстарын анықтау мен коррекциялық-дамытушылық көмек көрсетудің маңыздылығын анықтайды (Р. А. Сүлейменова, А. К. Ерсайына, Б. С. Халықова, А. Қ. Жалмухамедова, Р. Ж. Мухамедрахимов).

Үйде оқыту мәселелерін талқылай отырып, бірқатар авторлар (Л. Х. Авдеева, М. Р. Леонтьева, Т. М. Масликова, В. В. Полищук, В. Рубенс және т.б.) оны іс жүзінде жүзеге асыру, өз алдына көптеген проблемаларды айқындайды деген қорытындыға келеді. Е. В. Обухова, О. С. Рыжова, В. Ц. Цыренов және басқа ғалымдар өз зерттеулерінде үйде оқыту жағдайында оқушыларға коррекциялық көмек көрсету мәселелерін қарастырады.

Арнайы білім өз дамуының қазіргі кезеңінде шешетін маңызды мәселелердің бірі-педагогикалық процесті ізгілендіру. Оны шешудің теориялық және практикалық жолдарының негізі оны жүзеге асырудың оңтайлы формаларын іздеу болып табылады. Оқыту мен тәрбиелеу формаларын таңдаудың жеке тұлғаға бағытталған моделіне негізделген бұл тәсілді жүзеге асыру, ең алдымен, баланың соматикалық және психологиялық денсаулығын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды қамтиды. Денсаулығының қолайсыздығына немесе басқа себептерге байланысты мектептен тыс, оның ішінде отбасында білім алуға болады. Тіпті, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын отбасылық білім түрінде игеруге болады» делінген. Соған сәйкес, арнайы білім берудің, үйде оқытудың негізгі идеясы – баланың білім беру жүйесіне қосылуға дайын болуы емес, жүйенің өзінің кез-келген баланы қамтуға дайын болуы керек дегенді білдіреді. Бұл дегеніміз, барлық тәрбиешілер, педагог-психологтар мен ата-аналар инклюзивті білімнің негізін білдіретінін түсінуі керек – бұл мемлекеттік мектеп немесе балабақша үшін ашық есік ғана емес, сонымен қатар оқыту нәтижелері үшін жауапкершілік болуы тиіс.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен түзету жұмыстарын, педагогикалық-психологиялық жұмыстарды неғұрлым ерте бастасақ, соғұрлым қайтарымы үлкен болады деп ойлаймын. Тіптен, өз заманында бұл заңдылықты ұлы педагог Ян Амос Коменскийдің өзі айтқан болатын: «Барлық тіршілік иесінің табиғаты сондай, – олар икемді болып табылады және нәзік жас кезінде олар тәсілдерді жеңіл

қабылдайды, қатайып кеткен соң, оларға қабылдау қиын болады. Жұмсақ балауызды оларға түрлі пішін беріп сомдауға болады, ал егер қатып қалса, оны сындырып тастау оңайырақ», -деп жазды [1].

Ендігі, коррекциялық-дамыта оқытуды ұйымдастырудың нақты педагогикалық тәжірибесіне тоқтала кетер болсам. Қазіргі заманғы мектеп тәжірибесінде балаларды оқыту мен тәрбиелеуде оң нәтижелерді қамтамасыз ететін коррекциялық-дамытушылық білім беруді жүзеге асырудың белгілі бір тәжірибесі жинақталған. Түзету процесінің психологиялық астары мұғалім мен балалар арасында түрлі эмоционалды байланыстар орнату, қарым-қатынастардың жағымды эмоционалды климатын құру болып табылады. Педагог-психологтар «көмекші мінез-құлық», «көмек қатынасы» деп аталатын қасиеттерді жетік игереді. Жағымды қарым-қатынастар, олар әртүрлі тараптардың бірінің екіншісіне тұлғаның өсуіне, жетілуіне, жақсы өмір сүруіне, айналасындағылармен тіл табыса алуына және әлеуетті ішкі мүмкіндіктерінің дамуына үлес қосатындығымен сипатталады. Мұғалім мен оқушы арасындағы бұл қатынас маңызды рөл атқарады. Мұндай қатынастардың негізі – сүйіспеншілік, қабылдау, даралықты құрметтеу, сенім, түсіністік, өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік беру және олардың таңдауына құрметпен қарау, балаға деген қызығушылық танытумен айқындалады. Түсіну, эмпатия таныту, баладағы ерекшелікті тану – педагог-психологтың білім алушылардың дамуына қосқан ең маңызды үлесі. Сонымен қатар, мұғалім тұлғасы, оның адамгершілік қасиеттері және оқушыға қарым- қатынасы баланың табысты бейімделуі мен оқуының негізгі факторы болып табылатыны белгілі.

Мұғалім оқушы үшін жақын адам мәртебесіне ие болады. Себебі, кейде ата-ана мен туыстарға қарағанда артық көретін тұлға болып табылады. «Оқушы-мұғалім» жүйесі бала өмірінде басымдыққа ие болады. Тұлғаны дамытудағы оның мәні мұғалім өз әрекетінде қоғамның талаптарын іске асыратындықтан балаларды «бала – қоғам» қарым-қатынасын шынайы түрде қосары анық. Сабақ өткізу кезінде жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру өте маңызды. Ол үшін баланың қуаныштары мен өкініштеріне ортақтасып, сеніміне ие болу керек.

Педагог-психолог әрекетінің негізгі нәтижесі, ең алдымен, табысты жағдайды жасау және оны бекіту, оқушыда жағымды өзін-өзі бағалауын қалыптастыру. Себебі, тіпті бір рет қана сезілген қуаныш, жетістікке жету сезімі бала өмірінің ырғағы мен салтын өзгертіп, оны мән-мағынаға толтыруы мүмкін. Мәселен, үйде жеке білім берет мұғалім өз оқушысын мектептегі іс-шараларға қатыстырып, мерекелерге алып баруына рұқсат етілген. Балалар қалауы бойынша және ата-анасының келісімімен қызығушылығына байланысты қосымша сабақтарға, арнайы емдік-сауықтыру сабақтарына, мектеп оқушылары шығармашылық жұмыстарының көрмелері мен сайыстарына қатыса алады.

Мектептегі педагог-психологтың негізгі міндеттерінің қатарына мұғалімдерге, сынып жетекшілерге, мектеп әкімшілігіне үйде оқытылатын бала мінез-құлқының қандай да бір ерекшеліктерін, оның себептерін түсіндіруді, баламен өзара әрекеттесудің белгілі бір тәсілдерін таңдауда көмек көрсетуді, баланың қоғамда бейімделу динамикасын қадағалауды, балада және оның ата-анасындағы, сондай-ақ мұғалім мен сынып оқушыларындағы қандай да бір қиындықтарды ерте анықтауды жатқыза аламыз.

Қорыта келгенде, арнайы білім беру барлық білім алушылардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын, рухани дамуын қамтамасыз ететін білім үрдісін дамытуға мүмкіндік береді. Қоғамда да гуманизмнің орнауына, адамдар арасында қамқорлық, адамгершілік сезімін оятуына көп септігін тигізеді. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өзі, 2014 жылы Қазақстан халқына жолдаған «ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ – 2050: БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ» атты Жолдауында, мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты мәселеге айрықша мән берген:

«... Мүгедек азаматтарымызға деген назарды арттыруымыз керек. Олар үшін Қазақстан мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кедергісіз кеңістікке айналуы тиіс. Біздің өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз – бұл осындай мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық жасау» [3].

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Батырғалиева А.С. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу жолдары . – Алматы , 2011. – Б. 10-19 .
  2. Интеграцияланған (инклюзивті) оқыту мен тәрбиелеудің нормативті-құқықтық негіздері.
  3. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
  4. «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». 17.01.2014.
- Психикалық дамуы тежелген бала, И.Ю. Троицкая «Егер отбасында ақыл-есі кем бала болса», «Виноград» журналы, №1, 2009.

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЕСЕЮ МӘСЕЛЕСІ ЖОЛЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ

*Есенқұл А.Қ.*

*Педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті*

*Ғылыми жетекші: Қыдырбек Ө.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Түйін:** Жасөспірімдердің (9,10,11 сынып оқушыларының) әлеуметтік есею, әлеуметтік бейімделу кезеңдері қарастырылады. Ересектік кезеңге өту барысында кездесетін қиындықтарға талдау жасалды. Әлеуметтену процесінде жасөспірімге әсер ететін факторлар мен оған тікелей ықпалын тигізетін жандардың іс-әрекеті сипатталады. Мектеп тарапынан көрсетілетін қолдау мен педагог-психолог маманының негізгі дағдыларды қалыптастыру жұмысының жолдары анықталады.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік есею, әлеуметтік бейімделу, педагогикалық-психологиялық қолдау, жоғары сынып оқушылары.

Қазіргі таңда әлеуметтік және психология ғылым салаларының зерттеу мәселелерінің маңызды бір бөлігі – жеке тұлғаның әлеуметтік есеюі және әлеуметтік психологиялық ерекшеліктері болып отыр. Соның ішінде, жасөспірімдердің мектеп қабырғасынан бастап қоршаған ортаға әлеуметтенуі, әлеуметтік есеюіне тікелей әсер ететін жандар мен факторлардың маңыздылығы бірінші кезекте. Әлеуметтік есею және әлеуметтену процесі, жасөспірімнің, яғни, жеке тұлғаны қоғамның ажырамас бір мүшесі ретінде өмір сүруіне мүмкіндік туғызатын құндылықтар мен нормалар жүйелерінен игеруге қажет барлық әлемде орын алып жатқан процестер мен іс-әрекеттердің жиынтығы болып табылады.


Әлеуметтік есею мен әлеуметтенудің негізгі мәні екі жақты процесс жүйесінде іске асады, біріншіден, әлеуметтік ортаға кірудің арқасында жасөспірімнің, яғни, жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірбиені кезең-кезеңмен игеруі, екіншіден, жеке тұлғаның әлеуметтік байланыстарды түсіне отырып, әлеуметтік ортада орын алып жатқан мәселелерге белсенді түрде араласуы жатады. Біріншісі – әлеуметтік тәжірбиелерді игеру арқылы қоршаған ортаның жеке тұлғаға тигізетін тікелей әсерін сипаттаса, екіншісі – жеке тұлғаның өзіндік іс-әрекетінің негізінде қоршаған ортаға әсер етуін көрсетеді.

Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық есеюі, оның ішінде бейімделу мәселесі психология ғылымында толықтай зерттелене қоймаған күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Әлеуметтік есею немесе әлеуметтендіру дегеніміз – белгілі бір себептердің әсерінен күйзеліске ұшыраған, жабығу немесе көңілі қалу нәтижесінде қатардан шыққан не болмаса оқшаулану секілді қоғамдық ортада өмір сүруіне кедергі болатын мінез-құлқын тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу, қалпына келтіру арқылы тұлғаны қатарға қосу. Әлеуметтендіру дегеніміз – сана-сезімі, психикасы, мінез-құлқына нұқсан келген не болмаса басқаларға ұқсамайтын ерекше қабілетті жасөспірімдерді қоғамдық ортада толыққанды өмір сүруіне жағдай жасау үшін істелетін жұмыс жүйесі. Кез-келген адам туған сәттен бастап әлеуметтендіру ықпалына түседі. Отбасы тәрбиесі, мектептегі оқу-тәрбие жұмысы, сабақтан тыс қоғамдық жұмыстың барлығы да оқушыларды әлеуметтендіруге арналған десек те болады. Себебі сол арқылы балалар болашақта қоғамдық ортада қатарынан қалмай өмір сүруге үйренеді, қажетті білік, дағдыларды бойына сіңіреді. Бұл әрекеттерді меңгере алмаған, оқу-тәрбиеге көнбеген балалар арнайы әлеуметтендіру шараларына қатысады.

У.Штерн жасөспірімдік кезеңді тұлғаның қалыптасу кезеңінің бірі ретінде қарастырды. Ол өз еңбектерінде жасөспірім кезеңі тек ой мен сезімнің ерекше бағыттылығымен ғана емес, сонымен қатар ерекше әрекет тәсілімен де сипатталады деген тұжырым жасады [1]. Яғни, жасөспірімдік шақта тұлға бойында жасырын жатқан өзіндік қабілеттер мен іс-әрекеттер ерекше сипатқа ие болып, таныла бастайды.

Жасөспірімдердің әлеуметтік есеюі мен бейімделуі жеке позициясы мен әлеуметтік мәртебесін түсінуін, сондай-ақ онымен тығыз байланысты рөлдік мінез-құлық түрлері ретінде жалпы топтық міндеттерді шешу процесінде тұлғаның жеке дара ерекшеліктерін жүзеге асыруды қарастырады. Жасөспірімдердің әлеуметтік есею процесі кезінде қоршаған ортаға бейімделуі немесе бейімделе алмауының сипаты мен деңгейі көбінесе оның биологиялық, физиологиялық, психикалық қасиеттеріне және әлеуметтік дамуы кезеңдеріне тікелей байланысты болады.

Жасөспірімдердің әлеуметтену мәселесіне байланысты көптеген тұжырымдар бар. Солардың ішінен ресейлік ғалым Г.М.Андрееваның көзқарасын қарастырсақ, жасөспірімнің әлеуметтені мазмұнын үш аумаққа бөлген:



Осы үш аумақтың өзіне тән психологиялық ерекшеліктері бар. Жалпы сипаттары жасөспірімнің сыртқы қоршаған ортамен әлеуметтік байланысы ауқымды түрде кеңейіп, көбейе түседі. Осы үш аумаққа тоқталсақ.

- *Іс-әрекет аумағы.* Жасөспірім әлеуметтенудің барлық уақытында өзінің іс-әрекеттік қорын кеңейтіп, көбейтіп, жаңаша іс-әрекеттер мен тәжірибелерді меңгерумен жүреді. Жалпы осы кезеңде жасөспірім құрбы-құрдастырымен және үлкендермен қарым-қатынас кезеңінің жаңа жүйесіне көше бастайды;

- *Қарым-қатынас.* Жасөспірімнің әлеуметтені процесінде қарым-қатынасқа деген ынтасы арты түседі. Осы кезде ол «үлкендермен байланысын» уақыт өте келе «құрбы-құрдастарымен байланыс» жүйесіне ауыстыра бастайды. Себебі, дос-құрбыларының арасында ол өзін әлдеқайда сенімдірек ұстап, өзін тұлға ретінде көрсете алады. Үлкендермен қарым-қатынасқа қараған өз жас шамаласындағылармен қарым-қатынас барысында өзіне деген сыйластық пен өзгелердің беретін бағасының арта түскенін байқайды. Сонымен қатар, өзімен жасты немесе өзінен кіші жастармен араласу барысында басқаларды бағалау қажеттігін қанағаттандырып отырады. Осындай құбылыс жасөспірімнің қоғамдағы өз орнын білдіру мен өзінің бар екенін көрсету өажеттігінен туындайды.

- *Өзіндік сана аумағы.* Өзіндік сана актісі (өз-өзіне деген қарым-қатынас, өзін-өзі байқау, өзін-өзі тану, өз мінез-құлқы мен іс-әрекетін реттеу және оған жауап беру) ең басты қажеттіліктер болып есептеледі. Осы қажеттіліктер негізінде рухани-адамгершілік сапалар жүйесі туындайды. Осындай қажеттіліктің негізінде тұлғаның рухани-адамгершілік сапалары туындайды[2, 25-29].

Жасөспірімдерде әлеуметтік есею мен бейімделу процесі ересектік өмірге немесе кезеңге қадам басқан шақта іске асады. Осы кезеңде жасөспірімдер жас ерекшелік дағдарысын бастан кешеді. Жас ерекшелік дағдарысы тұлға дамуындағы белгілі бір жас кезеңінен, екінші жас кезеңіне өтудегі күйзеліс немесе өтпелі кезең деп қарастырылады. Бұл дағдарысты екі жас кезеңінің қосылуы деп те айтуға болады. Оның сипаты бірінде даму кезеңінің аяқталу процесі болса, екінші кезеңнің басталу белгілерімен сипатталады. Жас ерекшелік дағдарыс кезеңінің айырмашылығы, жасөспірімнің темпераментіне, мінез-құлқына, биологиялық және әлеуметтік қатынасына байланысты өзгерістердің көрінуімен анықталады.

Сонымен қатар жасөспірімдер әлеуметтік есею процесін бастан кешіп жатқан кезде бірнеше кедергілерге тап болады.

1. *Құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас.* Жасөспірімнің жолдастарымен қарым-қатынасы дәл осы кезеңде маңызға ие болады. Себебі, дәл осы шақта оның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің негізгі мазмұнын анықталады. Білімге деген құштарлық пен басқа да қызығушылықтарының артуы құдастарымен қарым-қатынас барысында іске асады.

2. *Жалғыздық.* Жасөспірімдер өзін-өзі бағалаудың төмендігіне, мазасыздық немесе депрессияны сезіне бастағанда, адамдарға деген сенімсіздік туындағанда өзін қоршаған ортамен байланыс орнатуы ерекше қиын болып, өзін жалғыз сезінуі мүмкін.

3. *Жасөспірім және ересектер.* Бұл мәселенің бірінші қайнар көзі – ересектердің жасөспірімнің ішкі әлемін, оның жан-дүниесін, қызығушылықтарын түсінбеуі. Жасөспірімдерде ересектерге қарсы шығуға, өзінің тәуелсіздігі мен құқығын қорғауға деген ұмтылыс болуы мүмкін. Сондай-ақ дәл осы кезде олар ересектерден көмек, қорғаныс және қолдауды ерекше күтеді.

Жасөспірімдік кезеңге жеткен оқушылардың көңіл-күйлері мен ой-толғаныстарына, үлкен мен кішіге сыйластық қарым-қатынас ұстануына, араласатын құрбы-құрдастарына, оны қоршаған әлеуметтік ортаның тікелей әсер ететіндіген білген жөн.

Осы бір шақта жасөспірімдердің айналасында болып жатқан құбылыстар: көрген киносы да, оқыған кітапбы да ішкі жан дүниесі мен болмысына әсер етпей қоймайды. Оны ерекше нәзік сезімге түсіріп тебіренгіп қана қоймай, ерекше күйге келтіріп толғанып жіберуі әбден мүмкін. Осындай әсерлердің салдарына психологиялық танымдар қалыптасады. Жасөспірімдердің дұрыс жолда қалыптасып есеюіне ең қажетті жағдайлардың бірі – оның салыстырмалы түрде тәрбие алып отқан ортасының маңызы өте зор екенін ескерген жөн. Егер де, жасөспірімдердің өзін-өзі тәрбиеулеу барысында сырттан алатын таным-тәлімдері үндесіп, бір-бірімен үйлесіп жатса, одан артық жақсылық пен жарастықта болмайды.

Жасөспірім өміріндегі бұл кезеңде оған тікелей әсер ететін ата-ана, сынып жетекші, мектеп әкімшілігі, педагог-психологтың қолдауы аса маңызды болып табылады. Себебі, осы бір өтпелі кезеңнің көпінде тұрып жасөспірімнің өзін қоғамның толыққанды бір мүшесі ретінде сезіне алуы өте маңызды. Қоғамда өзінің нақты және сенімді позициясын көрсетуіне, өз ойы мен іс-әрекетін басқара алуына ақыл-кеңесін айтатын, ол, жасөспірімнің жақын адамдары. Менің ойымша, осы шақта жасөспірімнің бойындағы өзгерістерді мектептегі мұғалімдер мен сынып жетекшісі бірден аңғарулары керек. Себебі, жасөспірім өзін мектеп қабырғасында үйге қарағанда басқаша ұстайды. Айтатын сөзі, іс-әрекеті бәрі өзгеше сипатқа ие болады. Сондай бір өзгерістерді байқаған мұғалім бірден мектеп педагог-психологына байланысқа шығуы керек. Педагог-психолог жасөспіріммен жеке әңгімелесіп, оны мазалап жүрген сұрақтардың басын ашып, ақыл-кеңесі мен қолдауын танытуы қажет, керек жағдайда ата-анасымен де сұхбат жүргізіп, жасөспірімнің өтпелі кезеңнен жеңіл өтуіне ықпалдарын тигізуі өте маңызды.

Жасөспірімдік кезеңде баланың ересектермен деген қарым-қатынасы біраз кедергіге тап болып, күрделене түсуіне байланысты, оның өзін-өзі тануы жаңаша қасиеттерге ие болып, сапалы өзгеріске ұшырай бастайды. Жасөспірімнің кезеңдегі бұл өзгерістерді С.Л.Рубинштейн былай түсіндіреді: «Жасөспірімдік кезеңге қарай өзін-өзі танудың дамуы бірнеше сатылардан өтеді, аңғырт хабарсыздықтан тереңірек өзін-өзі тануға қарай өзгере бастайды» [3, 520]. Өзін-өзі танудың сапалық өзгерістерінің ерекшеліктері жасөспірімдік кезеңде үлкен мәнге ие болады. Осы орайда, жасөспірімнің өзін-өзі тану процесінде бойындағы ерекшеліктерді аңғарып, түсінуіне ең алдымен ата-анасының ақыл-кеңесі мен қолдауы ауадай қажет. Себебі, жасөспірімге дәл осы шақта өмірдің оң бағыттағы арнасына бұрылу өте маңызды. Бойындағы күш-жігері мен қабілетін дұрыс пайдалану, қоғамға пайдасын тигізер жолда жұмсау, оның болашаққа оң көзқарасының туындауына әкеледі.

Өзін қоршаған жандардың тарапынан шексіз қолдауды сезінген жасөспірім жаман жолға түсуден аулақ болып қана қоймай, өмірлік достарын, ортасын таңдауда аса сақ болады. Келешекте де өзін күн өткен сайын жаңарып, дамып жатқан қоғамда еңсесін биік ұстап, өзінің нақты іс-әрекетімен, тұлғалық позициясын ұстана білетін, бәсекеге қабілетті жастардың қатарынан көрінері анық.

Ғалым Л.С.Выготскийдің айтуы бойынша: «Жеке тұлғаның негізгі функциялары қоғамдық тәжірибені шығармашылықпен меңгеру және қоғамдық қатынас жүйесіне қосылу» [4]. Бұл тұлға қоғамдық тіршілік иесі сипатында көрініп, әртүрлі әдет-қылықтарымен ерекшеленеді. Жеке адамдық қасиетке ие болу, оның табиғи биологиялық болмысына емес, қоғамдық қасиеттерге тікелей байланысты.

Қорыта келе, жасөспірімнің болашақта қоғамның толыққанды бір мүшесі болуы, оның ересектік кезеңге өтудегі әлеуметтік есею процесінің дұрыс бағытпен жүруі, оған қолдау көрсететін жандардың ықпалына тікелей байланысты екенін ұмытпауымыз керек.

Жасөспірімдердің әлеуметтік есею және әлеуметтік ортаға бейімдеу бағытындағы іс-әрекеттерді саралай келе, көптеген нәтижелерге қол жеткізуге болады. Олар: әрбір тұлғаға жан-жақты қолдау болған кезде ғана өз-өзін құрметтей отырып, өз ісіне талдау жасап, өзінің жасаған іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарайтын болады; бала өзінің жақсы жақтарын танып, өз бойындағы адами құндылықтарын қалыпты дәрежеде қалыптастырады; өзін жан-жақты дамыған, рухани адамгершілігі мол басқаларға сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға болып қалыптасады.

Осы аталған себептердің қатарында әсіресе баланың әлеуметтік-психологиялық қараусыздығы, оларға қоршаған ортаның немқұрайлы қатынасы басты орын алады, нәтижесінде шет қалу, өзінің қажет еместігі, қорғансыздығы сияқты сезімдер туындайды. Сондықтан өскелең ұрпақ тәрбиесіне әрқашан жауапкершілікпен қарау керек.

Өскелең ұрпақты қоғамдық өмірге қатыстыру, жеке тұлғаның қасиетін дамыту және оны қоғамда толық мәнді өмір сүруге дайындауды тәрбиеге қойылатын талаптардың бірі ретінде қабылдап, қоғам болып бірге қызмет атқарсақ өте жақсы болады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Штерн У.Л. Дифференциалды психология. – Берлин, 1991.
2. Андреева Г.М. Проблемы социализации личности // Социальное исследования. – Вып.3. – М.: МГУ, 1970. – 25-29 б.
3. Рубинштейн С. Л. Жалпы психология негіздері– СПб: «Питер» баспасы, 2000. – 520 б.: («Психология шеберлері» сериясы)
4. Выготский Л.С. (1929, 1930 және 1931). Жасөспірімдер педологиясы: 1929, 1930 және 1931 үш томдық; Мәскеу мемлекеттік университетінің баспасы.
5. Голованова Н.Ф. Социализация и воспитание ребенка. СПб.: Речь, 2004. – 272 б.
6. Ковалева А.И. Социализация личности: норма и отклонение. – М.: Голос, 1996. – 222 б.
7. Мухина В.А. «Возрастная психология» учебное пособие, -М.: «Владос», 2004.

## КРЕАТИВТІ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Талғатқызы Н.*

*Педагогика және психология мамандығы, 4 курс*

*Ғылыми жетекші: педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Әсілбек Н.Ә.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Мақалада креативті ойлау, шығармашылық ойлау ұғымдарына анықтама беріледі және осы ұғымдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы мысалдар келтірілген.

**Түйін сөздер:** креативті ойлау, шығармашылық, ойлау, идея, сана-сезім.

Қазіргі әлемде шығармашыл, креативті адамға қоғам дамуының барлық кезеңдерінде үлкен сұраныс бар. Адам өмірінде қысқа уақыт аралығында болатын өзгерістер оның өнімді және кез-келген өзгеріске шығармашылық тұрғыдан дайын болатын қасиеттерін талап етеді. Сондықтан тұрақты өзгерістерге бейімделу және оларды дұрыс қабылдау үшін, адамға өзінің шығармашылық, креативті энергиясын белсендіру қажет. Сонымен қатар, дәстүрлі қалыптасқан білім беру жүйесіне тән өнімділік пен қоғамның тұлғаны дамытудың шығармашылық жүйесіне артқан талаптары арасында қарама-қайшылықтар да туындайды. Әлем өте қатты жылдамдықпен өзгеруде, кейде бұл өзгерісті басқару қиын мәселе сияқты көрінеді. Біз күтпеген көріністерге және өзгерістерге бейім және дайын болуымыз керек. Демек, қазіргі қоғамға шығармашылықпен ойлана алатын, стандартты емес шешімдер қабылдай алатын, жағдайға тез әрі адекватты жауап бере алатын белсенді тұлға қажет.

Еліміздің білім беру жүйесінде креативті ойлау туралы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына жолдауында : «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда», – деп атап көрсеткен мәлідемесін айтсақ болады [[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-nanazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan)].

Шығармашылық туралы айту үшін ойлау, шығармашылық, креативті ойлау сөздеріне анықтама берсек. Ойлау – бұл шындықтың жалпыланған және жанама көрінісімен сипатталатын жеке тұлғаның танымдық іс-әрекеті. Шығармашылық – бұл қызмет, оның нәтижесі – жаңа материалдық және рухани құндылықтарды құру. Бұл адамның қабілеттері, мотивтері, білімі мен дағдылары бар деп болжайды, соның арқасында жаңашылдығымен және өзіндік ерекшелігімен, бірегейлігімен ерекшеленетін өнім жасалады. Шығармашылықпен ойлау – бұл адамның шығармашылық мүмкіндіктері (қабілеттері), олар ойлауда, сезімде, қарым-қатынаста, қызметтің жекелеген түрлерінде өзін көрсете алады, жеке тұлғаны тұтастай сипаттайды және (немесе) оның жеке аспектілері, қызмет өнімдері, оларды құру процесі .

Энциклопедиялық сөздікте берілген анықтама сүйенсек: «креативтілік дегеніміз – бұл жаңа сапалы нәрсе тудыратын және бірегейлігімен, өзіндік ерекшелігімен және әлеуметтік-тарихи бірегейлігімен ерекшеленетін қызмет»

Кейін Дж. Гилфорд шығармашылықтың алты параметрін анықтайды :

- анализ және синтез – мәселелерді шешу мүмкіндігі;
- икемділік – идея тудыру мүмкіндігі;
- өзіндік ерекшелік
- қораптан тыс тітіркендіргіштерге жауап беру мүмкіндігі;
- проблеманы анықтау және қою мүмкіндігі;
- идеяларды қалыптастыру мүмкіндігі;
- мәліметтерді қосу арқылы жетілдіру мүмкіндігі.

Г. Пирогов «креативтілік» термині шығармашылық жұмыс пен шығармашылық қабілетті де білдіреді деп санайды .

Ал, А.Н. Воронин креативтіліктің белгілеріне интеллектуалды шығармашылықтық, тәжірибеге деген ашықтықтың, жаңа нәрселерге деген сезімталдықтың, проблемаларды көре білу мен қоюдың қабілеттілігін жатқызады. Оның ойынша, бұл жердегі шығармашылықтың басты ерекшелігі көптеген фактілерді, идеяларды, проблемаларды, шешімі қоғамда танылатындарды таңдай білуінде.

Н.Ф. Вишнякова болса мынадай пікір білдіреді: «Креативтілік дегеніміз – проблемалардың тәуелсіз шешілуіне, өзіндік идеялардың көп мөлшерін қалыптастыруға және оларды дәстүрлі емес шешуге ықпал ететін жеке тұлғаның интеллектуалды және жеке қабілеттерінің кешені».

Отандық педагогтар А.К. Мынбаева мен Н.Р. Галимованың анықтамасына сүйенсек, олар шығармашылық пен креативтілікті талдай келе мынадай тұжырым жасайды: «Бұл екі ұғым, креативтілік пен шығармашылық бірдей емес деген тұжырымдар. Креативтілік – бұл адамның сапалық жағынан жаңа нәрсе жасауға, жасауға мүмкіндік беретін белгілі бір сапасы немесе қабілеті. Сонымен, олар келесі

анықтаманы берді: «шығармашылық дегеніміз – бұл жаңа нәрсе жасау процесі, ал креативтілік – бұл ерекше ойлау тәсілі, мәдениеттің жаңа түрлерін жасауға дайындық» [2, Б.19].

Креативтілік дегеніміз – қабылданған ойлау үлгілерінен ауытқып, жаңа түпнұсқа идеяларды құру және табу, қолда бар мәселелерді стандартты емес жолмен ойдағыдай шешу. Бұл проблемаларды басқа қырынан көру және оларды ерекше тәсілмен шешу туралы. Креативті ойлау – революциялық және сындарлы ойлау.

А.Маслоу (2003) креативтілікті екі түрге бөледі: талант креативтілігі және өзін-өзі жүзеге асыратын креативтілік. Ол соңғысы әлдеқайда кең таралған және жеке өмірмен тығыз байланыста екенін, оны күнделікті өмірде шығармашылықтың керемет және айқын өнімдерінде ғана емес, сонымен қатар көптеген басқа тәсілдермен де, мысалы, ерекше әзіл-оспақпен де көрсететіндігін жазады., бір нәрсені шығармашылықпен жасауға бейімділік. А.Маслоу өзін-өзі актуализациялау креативтілік компоненттерін былай сипаттайды: қабылдау, өзін-өзі көрсету, «екінші аңғалдық», белгісізге тарту[3, Б.27]. Осы компоненттерді ашып көрсетейік (кесте 1).

1-кесте. А.Маслоудың креативтілік компоненттері туралы анықтамасы

Компонент	Анықтама	Мысалдар
Қабылдау	Шығармашылық өзіндік актуализациясы бар адамдарда қабылдау ерекше сезімталдыққа, ашықтыққа ие (Х. Х. Андерсеннің жалаңаш патша туралы ертегісіндегі бала сияқты). Мұндай сезімталдығы бар адамдар жаңа, ерекше және жаңа көріністі көре алады. Нәтижесінде, олар қарапайым адамдар нақты әлеммен шатастыруға бейім ұғымдар, абстракциялар, сенімдер мен стереотиптердің әдеттегі әлемінен гөрі табиғаттың нақты әлемінде әлдеқайда көп өмір сүреді.	А.Флеминг көгеру бактерияларды өлтіретіндіктен, оның емдік қасиеттері бар екенін түсініп, пенициллин құрды. Рентген сәулесін В.Рентген ашқанға дейін көптеген ғалымдар да байқады, бірақ олар оларға мән бермеді. Коперниктік революция астрономияда ешқандай жаңа бақылауларға сүйенбеді. Сонымен қатар, Коперниктің теориясы белгілі астрономиялық мәліметтерді бұрынғы К.Птолемей теориясына қарағанда тіпті аз дәл сипаттады.
Өзін-өзі көрсету	Өзін-өзі көрсету. Шығармашылық өзіндік актуализация адамдардың стихиялылығы мен мәнерлілігінде көрінеді.	Адамдар өздерін табиғи және жайбарақат ұстайды, сыртынан мазақ етуден қорықпай өз ойлары мен мотивтерін ашық айтады.
«Екінші аңғалдық»	«Екінші аңғалдық». Өзін-өзі танытын адамдардың шығармашылығы барлық бақытты және алаңсыз балалардың шығармашылығына ұқсас. «Екінші аңғалдық» стереотиптер мен стереотиптерге сілтеме жасамай, өздігінен көрінеді.	Олар, балалар сияқты, тәжірибеге аз мөлшерде ғана ашық. Оларды қабылдау мен мәнерліліктің кінәсіздігі ақылдың талғампаздығымен үйлеседі. Бұл адам мәдени нормалармен таныс болған кезде басылмаған туа біткен ерекшелік.
Белгісізге тарту	Белгісізге тарту. Өзін-өзі танытын адамдар белгісіздіктен, жұмбақ нәрседен, тылсым дүниеден аз қорқады. Керісінше, белгісіздік оларды қызықтырады. Күмәнмен шешім қабылдауды кейінге қалдыру, кейбір адамдар үшін жағымсыз, сондықтан өзін-өзі танытатын кейбір шығармашылық адамдар үшін психологиялық құлдырау емес, керісінше, өрлеу дегенді білдіреді.	Олар таныс, белгілі нәрселерге тәуелді емес және олардың шындыққа ұмтылуы тәртіптің, сенімділіктің және қауіпсіздіктің асыра сілтеу қажеттілігімен ешқандай байланысы жоқ. Олар хаоста өзін жақсы сезінеді, шешімсіздік, күмән, белгісіздік көрсетеді.

Сонымен қатар, Я.А. Пономарев шығармашылық тұлғалардың хаос пен тәртіпсіздікке бейімділігіне, белгісіздікпен сенімділікке баса назар аударады, бұл өзіндік үлес қосуға, таңдануға, әсерлі болуға, мәселені тұтастай көре білуге, ондағы навигацияға ықпал етеді, бірден негізгі және маңызды нәрсені табу.

Шығармашылықты алғаш зерттеген ғалымдардың бірі – американдық психолог Джой Гилфорд. Ол шығармашылық ойлау адамға проблеманың бірнеше шешімдерін бірден табуға мүмкіндік береді, бұл күтпеген қорытындылар мен нәтижелерге әкеледі деген тұжырымға келді. Бұл өте маңызды, өйткені шығармашылық өмірдің әр түрлі салалары үшін маңызды дағды болып табылады. Жұмыста және оқуда бұл күрделі мәселелердің шешімін көруге көмектеседі. Жақындарымен қарым-қатынас кезінде бұл оларды жақсырақ түсінуге және қарым-қатынаста көмектеседі. Сонымен қатар, Дж.Гиллфордтың пікірінше, кез-келген адам шығармашылықпен айналыса алады.

Американдық психолог Пол Торанс шығармашылық ойлаудың төрт ерекшелігін анықтады:

- Түпнұсқалық, ерекше идеялар.
- Семантикалық икемділік – бұл объектіні әр қырынан көру мүмкіндігі.



– Бейнелі икемділік дегеніміз – заттың жасырын жақтарын көру үшін оның қабылдауын өзгерту мүмкіндігі.

– Белгісіз жағдайда әртүрлі идеяларды қолдана білу.

Тиімді шығармашылыққа үлкен ықпал ететін жеке қасиет – бұл жаңа тәжірибеге ұмтылу. Бұл қасиет адамның қоршаған ортасында пайда болатын жаңаны қабылдауға және игеруге дайындығынан байқалады. Сонымен қатар, жаңа тәжірибеге ашық адамдарға қызығушылыққа жақын. Шығармашыл адамға келесі қасиеттер де тән:

Тәуелсіздік – олар үшін жеке стандарттар топтың стандарттарынан жоғары.

«Ашық ой» – өзінің және басқа адамдардың қиялына сенуге дайын болу, жаңа және ерекше нәрселерді қабылдау.

Белгісіз және шешілмейтін жағдайларға жоғары төзімділік таныту

Әсемдікке ұмтылып, эстетикалық сезімі дамыған.

*Шығармашылық – бұл туа біткен қасиет емес, оны дамытуға болатын және дамыту керек дағды.*

Шығармашылық ойлау негізінен адамдардың алдына қойылған міндеттерді, сұрақтарды, мәселелерді шешудің рөлін атқарады. Мәселелерді шешу кезінде адам ойланады, қорытынды жасайды және сол арқылы заттар мен құбылыстардың мәнін біледі, олардың байланыс заңдылықтарын ашады, содан кейін осы негізде әлемді өзгертеді.

Әр түрлі зерттеушілер шығармашылық ойлау процесінің әртүрлі компоненттеріне, яғни орталық деп танылған бір компонентке немесе күрделі процестер жүйесіне назар аударады, бір-бірімен өзара әрекеттесу деп те анықтама береді.

Мысалы, Д.Фельдман үш өзара байланысқан шығармашылық ойлау процесінің үш бөлімнен тұратын моделді ұсынады :

1) рефлексивтілік адамды жануарлардан ажырататын және олардың өзіндік сана-сезімін, өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға, тіл арқылы жоспарлауға, әлемді талдауға және бейнелеуге мүмкіндік беретін негізгі тенденция ретінде;

2) мақсатты немесе қарқындылық, бұл қоршаған ортаны өзгертуге деген сенімділікпен бірге нақты өзгеріске жақсы мүмкіндікпен бірге «дененің ішінде және сыртында» тәжірибені сезінуге мүмкіндік береді;

3) даралық ерекшеліктермен жасалады және мәдениет ұсынатын ұйымдық және басқа имиджге айналу жолдарын игереді.

Көптеген зерттеушілер креативті ойлау тенденциясы білім мен қызметтің әр түрлі салалары үшін эксклюзивті болады деп санайды . Бірақ шығармашылық ойлау процесіне қойылатын кейбір жалпы талаптар бар. Шығармашылық ойлау процесі, ол қандай проблемаға бағытталғанына қарамастан, келесілерді қамтуы керек[4, Б.16]:

1. Тұжырымдамалық айырмашылықтарды қосу және ұқсастықты қалыптастыру арқылы ішкі және сыртқы мәліметтер құрылымын өзгерту.

2. Мәселені үнемі қайта құру.

3. Жаңа білім құру үшін ескі білім мен дағдыларды жаңа тәсілмен қолдану үшін тиісті білімді, бейнелі естеліктерді пайдалану.

4. Ауызша емес ойлау моделін қолдану.

Қорытындылай келе, креативті және шығармашылық ойлау адам бойындағы көптеген дағдыларды дамытады және қамтиды деп есептейміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мынбаева А.К, Серикова К. Д, «Развитие креативности для повышения стрессоустойчивости школьников» Вестник. Серия «Педагогические науки». N 3 (56). 2018
2. Сактаганов Б.К, Амирбекова М. А, «Психологические аспекты развития креативного мышления студентов вуза»
3. Маклаков А.Г. «Общая психология».

## РАБОТА ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА ПО АДАПТАЦИИ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ ЗРЕНИЯ К УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОМУ ПРОЦЕССУ ШКОЛЫ

**Касенова А.С.**

*Педагогика и психология, 4 курс*

*Научный руководитель: д.п.н., профессор Мукашева А.Б.  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

**Аннотация.** Адаптация детей с особыми образовательными потребностями является актуальной проблемой для всей системы образования, на сегодняшний день. Попадая в школьный коллектив первый раз, ребенок попадает в совершенно новую для себя среду. Соответственно у него могут возникнуть те или иные проблемы, от большой учебной нагрузки и общим неприятием ребенком нового уклада жизни, до неприятия самого ребенка школьным коллективом. Адаптировать ребенка с особыми образовательными потребностями к учебно-воспитательному процессу школы – это приспособить его к новой социальной среде, а также создать условия для его последующего развития. В данной статье рассмотрены, субъект и объект, задачи и принципы, особенности и направления работы педагога-психолога по адаптации детей с нарушениями зрения к учебно-воспитательному процессу.

**Ключевые слова.** Инклюзия, дети с нарушениями зрения, адаптация, дезадаптация, психолого-педагогическая служба, программа, учебно-воспитательный процесс.

Основные концепции инклюзии в образовании, это без барьерное обучения, полноценное участие всех учеников в школьной жизни, а также развитие отношений поддержки и сотрудничества. Те или иные различия между учениками – это прежде всего ресурсы, способствующие педагогическому процессу, а не препятствия, которые необходимо преодолевать. Рассматривая полноценное участие, как концепцию инклюзии следует понимать, что прежде всего подразумевается под этими словами, помимо активно вовлечения в учебно-воспитательный процесс, это прежде всего то, что ученика принимают и ценят таким, какой он есть. Создание инклюзивной культуры в школе, способствует созданию безопасного, терпимого сообщества, разделяющего идеи сотрудничества и стимулирующего развитие всех своих участников. [1] На сегодняшний день наблюдается значительное увеличение количества детей с нарушениями зрения. Следует отметить, что по мнению специалистов, человек как оптическое существо, 90% общей информации об окружающей среде получает благодаря визуальному контакту. Являясь одним из средств познания мира, зрение помогает человеку ориентироваться в предметном мире, пространстве, социуме в целом. С помощью зрения человек познает и закрепляет новую информацию, формирует представления о тех или иных явлениях, социальных контактах и др. К основным нарушениям зрительных функций относят: снижение остроты центрального зрения, нарушение периферического зрения, т.е. сужение поля зрения или поля взора, нарушение бинокулярного зрения, а также нарушение цветоощущений и светоощущений. В специальной педагогике принято разделять детей со зрительной патологией на две категории слепых и слабовидящих детей. К *слепым* относятся дети с полным отсутствием зрения или имеющим остаточное зрение не более 0,04. Также, в зависимости от степени потери зрения, категория слепых подразделяется на тотальную слепоту – дети, у которых полностью отсутствуют какие-либо зрительные ощущения, и частичную, парциальную – дети, у которых имеется либо светоощущение или остаточное зрение. В зависимости от времени наступления слепоты, в категории слепых детей, выделяют слепорожденных и поздно ослепших. К *слабовидящим*, относятся дети с остротой зрения от 0.05 до 0.2 или с более высокой остротой зрения, но в сочетании с другими зрительными патологиями. Говоря об отличительных характеристиках слабовидящих и слепых детей, для слабовидящих детей зрение все еще остается основным средством восприятия. Так или иначе, зрительная патология у детей ведет к другим особенностям в развитии. При первичном дефекте у ребенка происходит нарушение зрительного анализатора, при вторичном дефекте наблюдается нарушение некоторых когнитивных функций ребёнка, третичные дефекты включают в себя нарушение эмоционально-волевой сферы и личности ребенка в целом. По мнению ученого А.Г. Литвака, психическое состояние ребенка с нарушениями зрения, напрямую связано со зрительной патологией. Изменения в психике слепых и слабовидящих детей А.Г. Литвак разделяет на количественные и качественные. К количественным по мнению ученого, относятся изменения на уровне чувственного познания, к качественным относятся изменения взаимодействия анализаторов, что приводит к нарушению образного и понятийного мышления, к изменениям эмоционально-волевой сферы и становятся специфичными ощущение и восприятие. Также следует отметить, что у детей с нарушениями зрения, присутствуют особенности в физическом развитии. Нарушение зрения, сказывается на активности ребенка, это объясняется затруднениями в пространственной ориентированности ребенка и ограничениями в свободе передвижений. Как следствие, малоподвижный образ жизни ребенка, вызывает мышечную вялость и

соматическую слабость, что может привести к более серьезным последствиям, таким как деформация скелета, недостаточность сердечно-сосудистой системы и т.п. Не смотря на имеющиеся особенности в психическом и физическом развитии детей с нарушениями зрения и их последующее негативное влияние на формирование личности ребенка, при создании благоприятных условий в семье ребенка и школе, а также коррекционной работе, данное влияние в определенной степени можно инвентаризировать.

Говоря об адаптации детей с нарушениями зрения к учебно-воспитательному процессу, изначально следует рассмотреть термин адаптация и особенности данного процесса у детей с особыми образовательными потребностями. Изучением особенностей адаптации и дезадаптации, проблем психологической готовности к школьному обучению занимались В.Н. Дружинина, Л.И. Божович, А.Л. Венгер, В.П. Зинченко, Г. Коджаспиров, А. Коджаспирова, М.М. Безруких и др. Ученый педагог М.М. Безруких считает, что адаптация – это длительный процесс приспособления ребенка к школе, он также отмечает, что адаптация проходит как в социально-психологическом, так и физиологическом плане. По мнению В.М. Шепеля, адаптация – это «процесс приспособления личности к социально-психологическим условиям среды» [2]. По мнению И.С. Лучинкиной и А.А. Кононовой одной из проблем в процессе адаптации детей с нарушениями зрения к учебно-воспитательной деятельности, является неготовность педагогов работать с детьми с ограниченными возможностями здоровья. Своеобразный психологический барьер, мешающий педагогам, является следствием профессиональной неуверенности и психологической неготовности. Необходимо отметить, что дети с нарушениями зрения – это те дети, чье состояние здоровья освоение учебно-воспитательных программ, вне специальных коррекционных школ. Согласно исследованиям специалистов, такие дети нуждаются в дополнительной психолого-педагогической помощи [8]. Попадая в школьный коллектив первый раз, ребенок попадает в совершенно новую для себя среду. Соответственно у него могут возникнуть те или иные проблемы, от большой учебной нагрузки и общим неприятием ребенком нового уклада жизни, до неприятия самого ребенка школьным коллективом. Получая новую для себя социальную роль «школьник», «ученик», «первоклассник», ребенок начинает выполнять социально значимые функции и заниматься общественно оцениваемой учебной деятельностью. Так, ребенок поступает в школу и становится полноправным субъектом образовательного процесса [3]. В случае адаптации детей с нарушениями зрения к школе, необходимо рассматривать адаптацию как взаимодействие индивидуума с новой для него средой, процесс овладения им новой социальной роли. Таким образом, адаптировать ребенка с особыми образовательными потребностями к учебно-воспитательному процессу школы – это приспособить его к новой социальной среде, а также создать условия для его последующего развития. Адаптация детей с особыми образовательными потребностями является актуальной проблемой для всей системы образования, на сегодняшний день. Развитие ребенка с нарушениями зрения отличается в процессе онтогенеза. Это прослеживается в психологической инертности ребенка, задержке в общем физическом развитии, а также в зачастую сниженном интересе к окружающему миру. Следует отметить, что изменения в психическом и физическом развитии, влекут за собой нарушения в личностной сфере, из-за чего, личность ребенка с нарушениями зрения формируется со значительной задержкой, что можно проследить в сроках и темпах развития. По данным В.А. Лониной, для запоминания того или иного материала у слепых и слабовидящих, характерно понижение продуктивности, что особенно отчетливо проявляется у первоклассников и уменьшается по мере взросления ребенка. Так, в первом классе объем произвольного запоминания материала у ребенка с нарушениями зрения составляет на 21% меньше, чем у обычно видящих одноклассников, к четвертому классу эта разница будет составлять 15%. В процесс приспособления ребёнка с нарушениями зрения к обучению, могут возникнуть психологическая тревожность, низкая самооценка, психосоматические заболевания, а также невротические симптомы. Для успешной адаптации ребенка, необходима комплексная поддержка и сопровождение родителей или опекунов ребенка совместно с психолого-педагогической службой школы. Родители или опекуны ребенка, как зоны его ближайшего развития, должны также активно участвовать в этом процессе. Немалую психолого-педагогическую проблему представляют собой неблагоприятные детско-родительские, партнерские внутрисемейные отношения и соответствующая атмосфера в семье ребенка. Следует отметить, что влияние типов отношений в семье на формирование и развитие личности у слепого и слабовидящего ребенка изучались Г.А. Буткиной и С.М. Хорош.

Работа педагога-психолога по адаптации детей с нарушениями зрения к учебно-воспитательному процессу школы, должна носить сопровождающий характер. Рассмотрим *сущность* понятия психолого-педагогическое сопровождение, который на сегодняшний день, прочно вошел в образовательный глоссарий отечественной и зарубежной науки. Так или иначе, проанализировав психолого-педагогическую литературу, можно сделать вывод о том, что единой трактовки данного термина нет, зачастую

Наблюдения и практический опыт показывают, что школьники с ограниченными возможностями здоровья нуждаются в повышении двигательной активности. К сожалению, эти дети чаще всего находятся в условиях малоподвижности как вынужденной формы поведения. Обычно они освобождены от занятий физической культурой. А значит уроки оздоровительной (адаптивной) физической культуры в этих условиях особенно актуальны и значимы. Некоторым может показаться, что в инклюзивном образовании физическое воспитание и физическая культура будут представлять собой значительно большую проблему по сравнению с другими школьными предметами. Но это необходимо рассматривать не как проблему, а как модернизацию условий для обучения. Да, потребуются значительные изменения программы, организации и содержания урока в соответствии с возможностями, интересами, да и не всегда возможна организация распределения учащихся в специальные медицинские группы по заболеваниям (болезни сердца и системы кровообращения, болезни костно-мышечной системы, болезни нервной системы, болезни эндокринной системы и обмена веществ, болезни глаз, болезни органов дыхания, болезни органов пищеварения, злокачественные новообразования, психические расстройства, болезни кожи) и возможностями учащихся одного класса отнесенных к основной группе. В данной ситуации помощь педагогу может оказать технология «индивидуализации обучения». Модель обучения по данной технологии на занятиях физической культуры была разработана в 2006 году Малаховой Е. А. и имеет следующий вид [5]:

Система индивидуализации обучения на занятиях по физической культуре.




Рисунок 1

Диагностика и учёт исходных данных двигательных возможностей человека, характера двигательных нарушений позволяет разрабатывать индивидуальные физические упражнения – основные средства обучения на уроке физической культуры. При этом весь процесс физического воспитания и обучения для детей с ограниченными возможностями здоровья нужно строить так, чтобы ученики осмысленно выполняли упражнения, пытаясь их осознанно проговаривать и анализировать, чтобы они могли регулировать темпа, сохранять ритм, координировать свои движения и осуществлять основные требования характеристик для двигательного действия. Формирование у них способов контроля и самоконтроля за движениями, создание условий для повышения мотивационного интереса к занятиям физическими упражнениями позволят обучающимся достигать выполнения цели и задач физического воспитания.

Кроме того, «особые» дети на инклюзивных уроках физической культуры получают доступный пример для двигательного подражания обучающимся основной группы; у них также формируется способность к преодолению физических и психологических барьеров; появляется желание улучшать свои физические кондиции. Применяя технологию «Индивидуализация обучения» на уроке физической культуры в начальной школе, дети с ограниченными возможностями здоровья будут ощущать при взаимодействии поддержку, взаимопомощь, равноправие и дружбу.

В статье «Индивидуальное преимущество» в технологии индивидуализация обучения на занятиях по физической культуре автор Малахова Е.А. приводит пример такого урока (<https://urok.1sept.ru/articles/573995>) [6]. На уроке созданы такие условия, что учащиеся выбирают индивидуальное физическое упражнение и по результатам выполнения каждым игроком команды, вся команда занимает стартовое положение по результатам выполнения этого упражнения. Получается, что каждый соревнуется индивидуально и соревнуется в команде. Но в нашем случае, когда на уроке присутствует инклюзивное обучение, мы должны изменить выбор физических упражнений для учащихся начальной школы в облегченном варианте для основной группы, а для обучающихся с особыми образовательными потребностями подобрать физические упражнения из комплексов лечебной физической культуры в соответствии с выставленными диагнозами врачей. Например, для детей с задержкой психического развития упражнения: поднимания туловища или сгибания и разгибания рук в упоре лежа, заменить упражнением – исходное положение – лежа на животе, ноги выпрямлены, носки натянуты, руки прямые вверх, счет 1 – поднять правую ногу вверх прогибаясь в поясничном отделе спины, а левую руку отвести назад; счет 2 – вернуться в исходное положение; счет 3 – выполнить упражнение левой ногой и правой рукой; счет 4 – вернуться в исходное положение. А основное упражнение бег на скорость заменить на быструю ходьбу с переноской мешочка с песком на голове (важное условие при этом не уронить мешочек).

Поскольку школьники начальных классов лучше усваивают учебный материал через игровую деятельность, то на роках физической культуры были разработаны уроки с сюжетными играми: это и времена года, различные варианты профессиональной деятельности, морская тематика, туристическая, сказочная и многие другие. Педагогу необходимо подобрать такие средства физического воспитания (физические упражнения), которые бы отвечали возможностям и потребностям обучающихся основной и различных нозологических групп. Это сложная и подчас кропотливая работа, но она стоит того результата, когда ребёнок с особыми возможностями здоровья осознает, что он может общаться на равных со здоровыми детьми, понимает, какие качества нужны для общения с другими, убеждается в собственном физическом потенциале. При разработке краткосрочного плана (поурочный план-конспект) предлагаем еще один лист Приложение, в котором расписывается содержательная часть урока, и указывается индивидуальная дозировка.

*Приложение 1*

**Таблица индивидуальной физической нагрузки обучающихся 1-4 классов**

№ частей урока	Средства физического воспитания	Анна	Берик	Олег	Гульжан	Омар	Роза	Асель
		дозировка						
1 начало урока (вводно-подготовительная)	Ходьба	54 м	54 м	108 м	108 м	54 м	54 м	54 м
	Ходьба с заданиями ( на носочках, на пяточках, на внешней стороне стопы, на внутренней стороне стопы)	54 м	54 м	108 м	108 м	54 м	54 м	54 м
	Легкий бег	270 м	270 м	216 м	162 м	270 м	270 м	270 м
	Ходьба, восстановление дыхания	54 м	54 м	54 м	54 м	54 м	54 м	54 м
	Упражнения в движении	6-8 раз	6-8 раз	5-7 раз	5-7 раз	6-8 раз	6-8 раз	6-8 раз
	Общеразвивающие упражнения на месте с малыми мячами	6-8 раз	6-8 раз	5-7 раз	5-7 раз	6-8 раз	6-8 раз	6-8 раз
2 середина урока (основная часть)	Эстафеты с мячами	10 мин	10 мин	7 мин	5 мин	10 мин	10 мин	10 мин
	Упражнения на восстановление дыхания			2 мин	3 мин			
	Релаксация			1 мин	2 мин			

	Активный отдых индивидуальные упражнения	3 мин	3 мин	2 мин	2 мин	3 мин	3 мин	3 мин
	Упражнение комплекса ЛФК			1 мин	1 мин			
	Подвижная игра «У медведя во бору»	3 мин	3 мин	2 мин	2 мин	3 мин	3 мин	3 мин
	Восстановление дыхания			1 мин	1 мин			
	Упражнение на развитие силы «Приседания»	20 раз 4 мин	30 раз 4 мин	15 раз 4 мин	15 раз 4 мин	30 раз 4 мин	20 раз 4 мин	20 раз 4 мин
	Активный отдых	1 мин	1 мин	2 мин	2 мин	1 мин	1 мин	1 мин
	Подвижная игра «Совушка»	3 мин	3 мин	3 мин	3 мин	3 мин	3 мин	3 мин
	Перестроение	1 мин	1 мин	1 мин	1 мин	1 мин	1 мин	1 мин
3 конец урока (заключительная часть)	Игра на внимание «Полетели, полетели»	2 мин	2 мин	2 мин	2 мин	2 мин	2 мин	2 мин
	Домашнее задание: «Приседания»	20 раз	30 раз	15 раз	15 раз	30 раз	20 раз	20 раз
	Рефлексия «наклей смайлик»	1 мин	1 мин	1 мин	1 мин	1 мин	1 мин	1 мин
	Формативное оценивание на уроке	2 мин	2 мин	2 мин	2 мин	2 мин	2 мин	2 мин

Таким образом, целенаправленные и дозированные физические упражнения, с четким подбором средств и методов являются мощным фактором коррекции и компенсации недостатков в физическом и психическом развитии детей с ограниченными возможностями здоровья.

Чтобы выявить информированность учащихся и их родителей о значимости инклюзивного образования физического воспитания совместно с психологом школы были разработаны анкеты о реализации инклюзивного образования. Проанализировав результаты опросов, можно сделать вывод, что большинство родителей детей с ограниченными возможностями здоровья не имеют достаточной информации по инклюзивному образованию, и не всегда имеют представление о том, как преподается физкультура в школе. Что может рождать определенные трудности в работе с детьми, имеющими ограничения здоровья. Более 95% детей и родителей считают, что состояние здоровья можно улучшить с помощью физических упражнений, но есть такие учащиеся, которые не занимаются вообще (19,4% от общего количества учащихся, отнесенных к спец. мед. группе здоровья). 77,3% взрослых согласны на дополнительные занятия для своих детей в группах лечебной физической культуры. Полученные результаты исследования могут стать основанием для разработки программы по физической культуре для детей с ограниченными возможностями здоровья и детей инвалидов в процессе реализации инклюзивного образования в школе, о необходимости консультативной работы с учащимися и их родителями по данному вопросу. Поэтому для родителей мы можем предложить различные комплексы лечебной физической культуры для выполнения домашних заданий по инклюзивному обучению, в которых предлагаются не только физические упражнения, соответствующие диагнозам заболеваний обучающихся, но и различные процедуры закаливания, варианты диетического меню, проблемы характерного заболевания.

Преимуществом инклюзивного образования для детей с ограниченными возможностями здоровья является то, что они при таком образовании демонстрируют более высокий уровень социального взаимодействия со своими здоровыми сверстниками по сравнению с детьми, находящимися в специальных школах. Инклюзивное образование с большей вероятностью обеспечивает им доступ к общеобразовательным программам. Результатом этого становится улучшение их академических достижений. А для детей с нормальным развитием в инклюзивных классах взаимодействие и дружба между детьми с особенностями и без особенностей становится более обычным делом. У них больше знаний о том, что означает понятие «ограниченные возможности». При инклюзивном обучении создаются равные условия для всех детей, то есть не ребенок с ОВЗ приспосабливается к школе, а система идет навстречу этому ребенку, отвечает его интересам, потребностям и нуждам. Совершенно очевидно, что такие идеальные условия требуют системных усилий всех, кто обеспечивает инклюзивное образование.

Таким образом, инклюзивное образование как часть системы образования позволяет вполне удовлетворять права детей на образование, социальное развитие и достойную жизнь. А общеобразовательные школы успешно справляются с созданием условий для организации инклюзивного образования.

### Список литературы

1. Послание Президента Н.А. Назарбаева 2014 года, «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее»
2. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы.
3. Конституция Республики Казахстан
4. <https://rus-pedagogical-dict.slovaronline.com/search>
5. Индивидуализация обучения старшеклассников на занятиях по физической культуре// Сборник научных трудов Международной научно-методической конференции. часть 1 – Зыряновский центр ВКГТУ, 2006.– С. 416.
6. <https://urok.1sept.ru/articles/573995>



## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Шағырбай Н.*

*Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 4 курс студенті*

*Ғылыми жетекші: Аринова Н.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аннотация.** Мақалада оңалту орталықтарындағы әлеуметтік педагог қызметінің ерекшеліктері қарастырылады. Ғылыми мақаланың мақсаты – Қазақстандағы оңалту орталықтарындағы әлеуметтік педагог қызметінің деңгейін зерттеу. Тандалған тақырыптың өзектілігі еліміздегі оңалту орталықтарына мұқтаж мүмкіндігі шектеулі балалар санының өсуі және олардың әлеуметтік интеграциялануында әлеуметтік педагог мамандардың атқаратын қызметінің маңыздылығымен байланысты. Әлеуметтік педагог қызметінің бағыттары мен қызмет сапасының жоғары деңгейде болуы оңалту орталығындағы мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтену деңгейіне тікелей байланысты болады. Әлеуметтік педагог қызметінің қағидаттары айқындалып, қызметтің оңалту орталығындағы мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалту мақсатына жетудегі рөлі зерттеледі.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік педагог, оңалту орталығы, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер саны күн санап артуда. Елімізде 2020 жылдың қорытындысы бойынша мүмкіндігі шектеулі адамдардың саны 705 500 адамды құрайды, оның ішінде 93 900 –і мүмкіндігі шектеулі балалар. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша, былтырғы жылмен салыстырғанда көрсеткіш 1,5%-ға өскен [1].

Соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасауға мемлекеттің қызығушылығының артқанын байқауға болады. Жыл сайынғы президент жолдауларында және мемлекеттің саясатында мүгедектігі бар балаларды оңалту мәселелері қарастырылады. Қазақстан Республикасының мүгедектерге қатысты мемлекеттік әлеуметтік саясатының мақсаты – мүгедектерді әлеуметтік қорғау, оның ішінде әлеуметтік оңалту, мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсарту, зейнетақы төлемдерінің лайықты деңгейін қамтамасыз ету, денсаулықты сақтау және қалпына келтіру, білімнің қол жетімділігін, ұтымды еңбек әлеуметтік қызметтерді ұсыну, сонымен қатар демалу және бос уақытты өткізу үшін жағдайлар жасау болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекеттік деңгейде заңнамалық актілер қабылданып, жүзеге асырылуда, осы санаттағы балалармен жұмыс істейтін мамандандырылған мекемелер жүйесі қалыптасуда, оның құрамына арнайы оңалту орталықтары да кіреді. Елімізде мұндай мүгедектерді медициналық оңалтумен айналысатын 500-ден астам ұйым бар, оның ішінде 37 ересек және 23 балаларды оңалту орталықтары қызмет атқарады.

*Мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерді оңалту орталықтары* осы санаттағы адамдарға медициналық, әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, кәсіптік көмектің білікті мамандандырылған кешенді шараларымен қамтамасыз етуге арналған оңалтуға ықпал ететін мекемелер болуы керек.

Бүгінгі таңда оңалту орталықтарында ең алдымен балалар мен жасөспірімдерді емдеу және медициналық қолдау басым бағыт ретінде қарастырылады және бұдан кейінгі басым бағыт ретінде әлеуметтік-педагогикалық қызмет жүйесі шығады. Оңалту орталықтарының жұмысы – туа біткен кемістігі бар, тірек-қимыл жүйесі, жүйке жүйесі аурулары және т.б. дертке шалдыққан балалар мен жасөспірімдерге тұрақты түрде ақысыз кешенді медициналық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық көмек көрсету болып табылады. Сондықтан да, медицина қызметкерлері, психолог мамандар және әлеуметтік-педагог қызметкерлерінің кешенді жұмыс жасауы өте маңызды деп есептеуге болады [2].

Әлеуметтік-педагог қызметінің негізгі міндеттерінің бірі – бұл еңбек етудің оңтайлы тәсілдерін іздеу, мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және педагогикалық дамуына жағдай жасау болып табылады. Сондықтан да, әлеуметтік-педагогикалық қызмет кешенін қалыптастыру мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалтуда басты міндеттерді атқарады. Сондықтан да, әлеуметтік-педагогикалық қызмет кешенін қалыптастырушы ретінде әлеуметтік педагог қызметінің функцияларын, қызмет барысындағы қағидаттарын және қызмет кешенін қалыптастырудағы қызмет ерекшеліктерін зерттеу өте маңызды болып отыр.

М.А. Галагузов, әлеуметтік-педагогикалық қызметтің мәні тұлғаны дамыту негізінде жүзеге асырылатын тұлғаның әлеуметтік-мәдени бейімделуі мен өзін-өзі тану қажеттілігін қанағаттандыру негізінде адамның, топтың және әлеуметтік ортаның өзара байланысын үйлестіру әдісі тұрғысынан анықталады деп есептейді. Ал, Н.Н. Калацкая әлеуметтік-тәрбиелік іс-шаралар профилактикалық,

реабилитациялық, түзету-дамыту шаралары кешені түрінде, сондай-ақ адам өмірінің әр түрлі салаларын педагогикалық мақсатқа сай ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін деп тұжырымдайды. Осыған сүйене отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: әлеуметтік педагогикалық қызмет – бұл баланың әлеуметтену үдерісінде, әлеуметтік-мәдени тәжірибені игеруіне көмектесуге бағытталған мақсатты әрекеттің белгілі бір түрі. Әлеуметтік педагогтың қызметі – баланың қоғамда өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау; нақты қоғамдағы жеке тұлғаны әлеуметтік тәрбиелеудегі маманның оны сәтті әлеуметтік бейімдеу мақсатындағы мақсатты жұмысы болып табылады [3].

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту орталықтары өздерінің негізгі міндеттерін әлеуметтену процесінде осы санаттағы адамдардың бейімделуі, ата-аналарының жайлы жағдайын қамтамасыз ету, халықтың арасында мүмкіндігі шектеулі балаларға деген адекватты қатынасты қалыптастыру және осы санаттағы балалардың қазіргі қоғамға енуі деп санайды. **Педагогикалық оңалтудың мәні** – баланың танымдық, физикалық, эмоционалдық, рухани және адамгершілік күштерін дамытудың табиғи әлеуетін қалпына келтіруге жағдай жасау болып табылады.

Оңалту орталығындағы әлеуметтік педагогтың қызметі бірнеше міндеттерден және қызмет бағыттарынан тұрады. Оңалту орталығындағы мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі құрметтеу және көңілділік, өзіне сенімділік, қауіпсіздік сезімдерін ояту, орталыққа және жалпы өмірге бейімделу қабілеттерін ашу, орталықтағы мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірлерінің субъектісі ретіндегі қызметін айқындауға көмектесу, балалардың өмірдегі әлеуметтік маңызын түсінуге және осы негізде әлеуметтік маңызды өмірлік жоспарлар құруға бағдар беру, жалпы білім беру біліктері мен дағдыларын, ерік-жігерге қабілеттілігін нығайту, қоршаған ортамен, алғашқы ұжыммен, отбасымен және бейресми қарым-қатынас ортасымен байланыстар мен қатынастардың бұзылуы кезіндегі іс-әрекеттер жиыны мен өзін-өзі ұстаудың жолдарын үйрету, педагогикалық оңалтудың маңызды негіздерінің бірі ретінде білім мен тәрбие беру процесінде жетілдіру сынды міндеттерді орындау әлеуметтік педагогтың қызмет ерекшеліктеріне жатады.

Әлеуметтік-педагогикалық оңалту әлеуметтік тәжірибені қалпына келтіруге және әлеуметтік байланыстарды, мінез-құлық нормаларын, қарым-қатынасты, эмоционалды тұрақтылықты, белсенді әлеуметтік өмірді және әлеуметтік мәртебені жаңартуды орнатуға бағытталған. Осыдан әлеуметтік педагогтың оңалту қызметінің негізгі бағыттары айқындалады. Оңалту орталығындағы балалар мен жасөспірімдерге көмек көрсету, оқушы мәртебесін қалпына келтірудің кешенді жұмыстары, негативті қатынастан позитивті қатынасқа ауысу үдерісін бақылау, қолайлы, жағымды орта құрудағы бала потенциалын айқындау және ұштау, баланың өзінің күші мен қабілетіне сену дағдысын қалыптастыруға жағдай жасау (олқылықтардың орнын толтыру), баланың өмірлік белсенділігін арттыру, қажырлы еңбектің нәтижесінде мүмкін болатын өмірде сәттілік үшін әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеу, оңалту орталығындағы балалардың тұлғалық дамуы мен белсенділіктің, рефлексияның, іс-әрекеттің ішкі жоспары сияқты т.б психикалық қайта құрулар үшін жағдайлар жасау әлеуметтік педагог қызметінің бағыттар кешенін құрайды [4].

Осы бағыттардың негізінде әлеуметтік педагогтың қызмет барысындағы мынадай функцияларын топтастыруға болады:



Сурет-1. Әлеуметтік педагог қызметінің функциялары [4]

Әр балаға арналған оқу процесінің заңдылықтарын анықтау, әр баланың әлеуметтік картасын жасап, соған сәйкес оқу жоспары мен әлеуметтік –педагогикалық іс-әрекет жоспарын құру – әлеуметтік педагогтың қызметінің басым бағыттарын құрайды. Себебі, оңалту орталығындағы әр баланың өзіндік медициналық және психологиялық ерекшелігіне сәйкес өзіндік индивидуалды жоспар құрылады. Мұнда, сонымен қатар, баланың мәдени-шығармашылық дағдыларын қалыптастырып, сол арқылы баланың өмірге деген құлшынысын арттыру өте маңызды қызмет түрі саналады. Оған эстетиканың әртүрлі түрлерін (өнер, музыка, хорея, ертегілер, құм, хош иіс, күлкі, өсімдік әлемі, еңбек және т.б.) оқу процесіне енгізу арқылы қол жеткізуге болады.

Оңалту орталығындағы әлеуметтік педагог қызметін іске асыру барысында әр баламен индивидуалды қызмет жүргізіледі. Әлеуметтік педагог әр баланың оңалтуға бағытталған жылдық, айлық жоспарлары құрылып, сол жоспар бойынша білім беру, әлеуметтік-мәдени дағдыларын қалыптастыра отырып ортаға бейімдеу, әр баланың психологиялық ерекшеліктерін меңгере отырып әлеуметтік терапия жүргізу, балалардың бос уақытын ұйымдастыру сынды әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттер кешені жұмыстарын жүргізеді. Бұл қызметтер кешенін жүзеге асыру үшін әлеуметтік педагог **оңалту бағдарламасын** жасайды. Оңалту бағдарламасына сәйкес көптеген психологиялық және педагогикалық қызмет бағыттарын айқындауға болады.

Ерекше қажеттілігі бар балаларды оқытуда және тәрбиелеуде психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесі әрбір баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сай нәтижелі оқыту мен дамытуға арналған әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасайтын мамандардың тұтас, жүйелі ұйымдастырылған әрекетін білдіреді.

Қолдау қызметінің жұмысы келесі бағыттарда жүргізіледі:

- психоәлеуметтік диагностика;
- психотүзету жұмысы;
- білім беру процесіне қатысушыларды психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік ағарту жұмысы;
- әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық көмек беру;
- ұйымдастырушылық-әдістемелік әрекет.

Психоәлеуметтік диагностика даму бұзылыстарын ерте (баланың мектептегі бірінші күнінен бастап) анықтауды және оңалту орталығында қиындықтардың себебін талдауды қарастырады. Ол бала туралы мәліметтерді кешенді жинақтауға, эмоционалды-еріктік саланың дамуы мен тұлғалық ерекшеліктерін зерттеуге, баланың отбасылық тәрбиелеу жағдайлары және дамуының әлеуметтік жағдайын зерттеуге, оның бейімделу мүмкіндіктері мен әлеуметтену деңгейіне негізделеді. Нейро-психологиялық диагностика нәтижелері бойынша қолдау қызметінің мамандарымен Түзете-дамыту жұмысының жеке бағдарламалары әзірленеді. Бағдарламалардың мазмұны даму мүмкіндігі шектеулі

оқушылардың психофизикалық дамуының жеке ерекшеліктерін есепке алуға негізделген. Бағдарламалар Қолдау қызметінің мамандары (мұғалімдефектолог, логопед, психолог) жүргізетін жеке түзету сабақтарында, сонымен қатар білім беру-тәрбиелеу процесі барысында да жүзеге асырылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың басты бағыты кеңес беру әрекеті болып табылады. Кеңес беру даму мүмкіндігі шектеулі балаларды, олардың отбасын және педагогтарды оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен әлеуметтендіруде сараланған психологиялық-педагогикалық жағдайларды жүзеге асыру сұрақтары бойынша арнайы қолдаудың үздіксіздігін қамтамасыз етеді[5].

**Кеңес беру жұмысына:**

– білім беру процесінің барлық субъектілеріне бірыңғай даму мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыстың негізгі бағыттары бойынша негізделген біріккен ұсыныстар әзірлеу;

– даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс тәсілдерін және жеке бағдарланған әдістерді таңдау бойынша мамандардың педагогтарға кеңес беруі;

– даму мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеу стратегиясы мен оны түзете оқыту тәсілдерін таңдау сұрақтары бойынша отбасыға консультативті көмек беру.

Оңалту орталықтарындағы білім беру процесінің субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау оның әрекетін үйлестіругіз жүзеге асырылмайды. Қызмет әрекетін үйлестіруші осындай орган Психологиялық медициналық-педагогикалық (ПМП) консилиум болып табылады. ПМП консилиум – негізгі идеясы балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне, өзекті даму деңгейіне, соматикалық және жүйке-психикалық денсаулық жағдайына сәйкес балалар өмірінің тиімді жағдайларын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық қолдаудың тұтас жүйесін құру болып табылатын тұрақты әрекет ететін, үйлестірілген, ортақ мақсатпен біріктірілген, қолдау стратегиясын жүзеге асыратын мамандардың ұжымы.

Консилиум әрекеті белгілі бір алгоритм бойынша іске асырылады және үш кезеңнен тұрады: дайындық кезеңі, талқылау кезеңі және жүзеге асыру кезеңі.

Дайындық кезеңі диагностикалық мәліметтерді жинақтауды, ақпаратты жалпылауды және оқушыларды дамыту міндеттерін қоюды қарастырады.

Талқылау кезеңі – түзете-дамыту жұмысының міндеттерін нақтылау, педагогикалық міндеттерді қою, мамандар командасы әрекетінің мазмұнын анықтау.

Жүзеге асыру кезеңі – өзінің кәсіби әрекетіне міндеттерді қою және жүзеге асыру, қойылған міндеттерді шешу үшін формалар мен әдістерді таңдау.

Мұндағы әлеуметтік педагог қызметінің формалары төмендегідей болады:

• білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға түзете-дамыту ортасын барынша ыңғайлы әрі жайлы етіп ұйымдастыру;

• білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың отбасына балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша кеңес беру;

• білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеуші отбасыларға оларды әлеуметтік тұрғыдан оңалту, үй жағдайында абилитациялық және оңалту шараларын ұйымдастыру мәселелері бойынша қолдап, көмек атқару;

• білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен әлеуметтік-оңалту жұмысын жүргізу;

• білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды кешенді түрде абилитация мен оңалтудан өткізу – жеке-дамыту бағдарламасы бойынша баланы Оңалту Орталығының негізінде жеке бағытпен жүргізу;

• түзету және алдын алу әрекеттері негізінде білім беру қызметінің сапасын білікті тұрғыдан үнемі мониторингтен өткізу [6].

Ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеуде және дамытуда маңызды орын алатын фактор ретінде олардың ата-аналарымен қызмет бағытын ұсынуға болады. Балалардың әлеуметтенуі, әлеуметтік бейімделуі және жалпы дамуының сәтті жүруі үшін педагог маманның ата-анамен байланысы өте маңызды саналады.

Әсіресе, ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар үшін оларды педагогикалық қолдау қолдау және психологиялық көмек беру аса маңызды болып табылатыны сөзсіз. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру, психологиялық көмек – жұмыстың бөлек әрі өте маңызды бағыты болып саналады.

Педагог оңалту орталықтарындағы балалардың отбасыларда мынадай мәселелердің болуын ескеруі керек:

– *медициналық мәселелер*: баланың ауруы және оның ерекшеліктері, күтілетін әлеуметтік қиындықтар мен болжамдар туралы ақпарат алу; медициналық ұсыныстарды, сөйлеуді түзетуді жүзеге

асырудың практикалық дағдыларын меңгеру; балаға қосымша кеңес беру, оны ауруханаға жатқызу, санаторийлерге жолдамалар алу т.б мүмкіндіктерді іздеу;

– *экономикалық проблемалар*: мүгедек баласы бар отбасыларда материалдық қамтамасыз ету деңгейі сау балалары бар отбасыларға қарағанда төмен. Бұл аналардың көпшілігінің қоғамдық өндіріске мәжбүрлі түрде қатыспауына байланысты; қысқартылған жұмыс күнін тіркеу; көбінесе жалақыны жоғалтумен жұмысты мәжбүрлеп ауыстыру және т.б.;

– *науқас баланы тәрбиелеу, оқыту және күту мәселесі*, ол баланы мектепке даярлаумен және оның оқуына көмектесумен байланысты қиындықтардан тұрады, әсіресе үйде сабақ беру кезінде; баланың әлеуметтік бейімделуі, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру, қимыл-қозғалыс, көмекші техникалық құралдарды, қоғамдық көліктерді пайдалану, тәуелсіздікті дамыту бойынша мақсатты жұмысты жүзеге асыру; бұзылған функцияларды дамытуға немесе өтеуге, тұлғаның үйлесімді дамуына ықпал ететін баланың бос уақытын және ойын қызметін ұйымдастыру; үйде тұрмыстық дағдыларды, жүру дағдыларын үйрету, бұзылған функцияларды дамыту, сондай-ақ жоғары сапалы техникалық құралдарды алуға арналған арнайы жабдықты алу және орнату;

– *отбасының әлеуметтік және кәсіби мәселелері* – бұл мүгедек баланың ата-аналарының білім деңгейінің жоғарылауы кәсіби жоспарларды іске асырудан бас тарту; емдеу кезеңі мен күтімді ұйымдастыру үшін жұмыстан мәжбүрлі үзілістер; баланың қызығушылығын ескере отырып, жұмыс сипатын өзгерту; баланың қызығушылығына бағынатын отбасылық өмір салтын қалыптастыру; бос уақытты өткізудегі қиындықтар;

– *психологиялық мәселелер*, барлық отбасы мүшелерінің мүгедек баласының тағдырына алаңдаумен, барлық мәселелерді шешу қажеттілігіне байланысты ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуімен байланысты психологиялық проблемалар; бір ата-ананың отбасынан кетуі; баланың қоршаған физикалық кемістігінен теріс қабылдау[7].

Осындай мәселелерді ескере отырып, ата-анамен ынтымақтастықты жалғастыру және осы негізде көмек беру секілді педагог маманның әрекеті өте маңызды және өзекті бағыт болып саналады. Оны дұрыс ұйымдастыру – орталықтың білім беру кеңістігіне қосылған кез келген баланы нәтижелі оқыту мен дамытудың кепілі бола алады.

Қорытындылай келе, оңалту орталығындағы әлеуметтік педагог қызметінің бірнеше бағыттары мен формалары бар екенін көре аламыз. Ол тікелей орталықтағы әрбір баланың медициналық оңалу процесіне және де мүмкіндігінің шектелу деңгейіне байланысты болады. Әрбір баланың денсаулық жағдайына, қабылдау деңгейіне байланысты өзіндік әлеуметтік-педагогикалық қызмет барысында жеке балаға әлеуметтік бағдарлама құрылып, әлеуметтік карта жасалынады. Соған сәйкес қызмет бағыттары өзгеріп, қызмет терапиясы мен жұмыс жүргізудің әдіс-тәсілдері өзгеріп отырады. Бұл өз кезегінде әлеуметтік педагогтың қызмет кешенінің әртүрлілігі мен әмбебаптылығын көрсетеді.

#### Әдебиеттер:

1. [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет ресурс
2. Акатов, Л.И. Социальная реабилитация детей с ограниченными возможностями здоровья. Психологические основы [Текст]: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений/ Л.И. Акатов. М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. 368с <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000405>
3. Аксенова, Л. И. Социальная педагогика в специальном образовании. М.: Издательский центр « Академия», 2001. 192с.
4. Бурмистов К.Г. Роль реабилитационного центра в абилитационном (реабилитационном) процессе детей-инвалидов [Электронный ресурс] // 69 КиберЛенинка 2012 <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-reabilitatsionnogo-tsentrav-abilitatsionnom-reabilitatsionnom-protseesse-detey-invalidov>
5. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016.
6. Естемесова Ж. Т. Социально-педагогическая работа с семьями детей с ограниченными возможностями здоровья [Текст] // Проблемы и перспективы развития образования: материалы III Междунар. науч. конф. Пермь: Меркурий, 2013. URL <https://moluch.ru/conf/ped/archive/66/3322/> (дата обращения: 02.09.2018).
7. Ата-ананың қолынан келмейтін іс болмайды... = Как много могут родители... – Алматы: «Ашық мектеп» ҚББ, 2014.

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ЭМОЦИОНАЛДЫ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ

**Ж. Есенбай,**

*Педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті  
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, ғылыми жетекші Қ.Б. Жұмабекова  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Жасөспірімдердің эмоциясы көбінесе қарым-қатынасқа байланысты. Сондықтан, басқа адамдарға жеке және маңызды қарым-қатынас эмоционалды реакциялардың мазмұнын да, сипатын да анықтайды. Мақалада жасөспірімдердің тұлға болып қалыптасуы үшін педагогикалық-психологиялық қолдау жұмыстарын жүргізу арқылы эмоционалды жүйесін қалыптастыру қарастырылған.

**Кілт сөздер:** эмоция, тұлға, психологиялық-педагогикалық қолдау.

Эмоция (лат. Emovere – козу, толқу) әдетте уайымдау, жан толқу ретінде түсіндіріледі. Б.И. Додонов атап өткендей, эмоциялардың жалпы жіктелуін түсіндірді. Эмоция адамның жан дүниесінің көрінісін сипаттайтын реакциясы ретінде түсіндіруімізге болады [1].

Тұлға болып тумайды, тұлға болып қалыптасады. Тұлға жан-жақты қалыптасып, дамыған өзіндік жеке ойы бар, өз іс-әрекетіне жауап бере алатын индивидті айтамыз. Тұлға деп объективті жағдайларды тиімді пайдаланатын, өзін-өзі ұдайы дамытып, жетілдіріп, инновацияға ұмтылып, қамшылап отыратын адамды айтсақ болады. Жасөспірімді де тұлға болып қалыптасуында психологиялық-педагогикалық қолдау іс-әрекеттерін жүргізу керек. Оның эмоционалды жүйесін қалыптастыра отырып, дамудағы дұрыс бағыттағы толқынына түсуге себепші боламыз.

Л. Рубинштейн эмоцияны «уайымдау мен танымның бірлігі» деп қарастырады және жеке тұлғаның өміріндегі эмоциялар мен интеллект бірліктері туралы ғана емес, эмоциялардың өз ішіндегі эмоциялық немесе аффективті, интеллектуалды бірліктері туралы, сондай-ақ интеллект ішіндегі екендігін айтады. Сонымен қатар, ол зияткерлік үдеріс эмоциясыз мүмкін еместігін атап өтті. Әдетте, сезім эмоциядан тұрады [2].

Л.С. Выготскийдің пікірі бойынша, көпшілігі эмоциялар адамның интеллектуалдық ойлау арқылы туындайды. Ойлаудың эмоционалды және интеллектуалды процестері арасында заңды байланыс бар. Эмоциялардың дамуы ойлау дамуымен қатар жүреді, эмоциялар ойлау мен мотивациясын реттеуге қатысады, яғни эмоциялар ойлау процесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Ал жалпы «интеллект» ұғымына тоқталатын болсақ, интеллект (лат. Intellectus-таным, ұғыну) жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үрдістер кіреді. Интеллект – адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Эмоция және интеллект ұғымдарының негізгі байланысы, адамның эмоциясын екінші адамның ұғынуы, түсіне білеуін айтады. Осыған орай, «эмоциялық интеллект» ұғымы пайда болады. Бастапқыда «эмоционалды интеллект» ұғымы әлеуметтік интеллектпен байланысты болды. Ол зерттеушілердің әлеуметтік интеллект мәселесін әзірлеу контекстінде пайда болды. Сондықтан бұл екі ұғымдар қиылысатын салалар ретінде ұсынылуы мүмкін. Когнитивтік және эмоционалды процестердің өзара байланысы туралы ағарту дәуірінің қайраткерлерінің көзқарасы туралы қарастырылған. М. Айзенк өз еңбектерінде эмоциялар туралы: «құмарлықтың пайдасы оларды нығайту мен жанда ұстауда жалғыз ғана болып табылады, ол үшін жақсы қолдау және бұл ойлар жоқ оңай күйзеліске ұшырауы мүмкін» – деген пікірге тоқталады.

Алғаш рет эмоционалды коэффициенті, ақыл-ой коэффициентімен ұқсас 1985 жылы клиникалық физиолог Рувен Барон енгізді. Ресей психологиясында эмоциялық интеллект идеясы С.Л. Рубинштейннің, Л.С. Выготскийдің, А.Н. Леонтьевтің, А.Р. Лурияның, О.К. Тихомировтың еңбектерінде кеңінен ұсынылған.

Эмоциялық интеллектінің зерттеу мәселелерін талдай отырып, И.Н. Андреева «эмоциялық интеллект заманауи психологияның феномені ретінде» монографиясында философиялық және діни ілімдерінен бастап бұл феномен туралы түсініктердің алғышарттарын көрсетеді [3].

А.А. Бодолев зерттеулерінде, эмоционалды ойлау ерекшелігін сипаттай отырып, эмоционалды жағдайлар міндеттерді шешу үдерісіне енгізілгенін атап өтті, олар белгілі бір қызметті құруға, оның мақсатшылдығына немесе керісінше, одан шеттетуге ықпал етеді. Бұл ретте эмоциялық жағдайлар ойлау процесінде эвристикалық функцияларды орындайды. А.А. Бодолевтың зерттеулері ойлау қызметінің эмоциялық реттелуін және эмоциялық белсенділеудің нәтижелі зияткерлік қызметтің қажетті шарты екенін дәлелдейді.

Жасөспірім – бұл ізденімпаз ақылдың жасы, білімге деген құштарлық, қызу белсенділік, бастамашылдық, іс-әрекетке деген құштарлық. Жасөспірімдер көбінесе өз алдына мақсаттар қояды, оларды

жүзеге асыруды өзі жоспарлайды. Бірақ ерік-жігердің жетіспеушілігі, атап айтқанда, қызметтің бір түрінде табандылық таныта отырып, жасөспірім оны басқа түрлерде байқамауы мүмкін. Сонымен қатар, жасөспірім белгілі импульсивтілікпен сипатталады. Кейде жасөспірімдер алдымен жасайды, содан кейін ойлайды, бірақ олар керісінше әрекет ету керек екенін түсінеді.

Жасөспірімдер тез үйренуге, қалыптасуға бейім болып келеді. Патриотизмнің, интернационализмнің, жауапкершіліктің және т.б. моральдық сезімдері қалыптасып, дамиды, бұл жас күрделі эстетикалық сезімдермен, шындыққа эстетикалық көзқарастың қалыптасуымен сипатталады. Жасөспірім балаларға олардың жеке басына деген қызығушылықтың артуы, олардың жеке қасиеттерін түсіну және бағалау қажеттілігі тән. Өзінің мінез-құлқын талдай және бағалай отырып, жасөспірім оны біртіндеп айналасындағы адамдардың, ең алдымен жолдастарының мінез-құлқымен салыстырады. Сонымен қатар, ол өз қызметінде жетістікке жетуге және басқа адамдармен қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік беретін ерекшеліктерді дамытуға тырысып, жолдастарының ғана емес, ересектердің де пікірін бағалайды [4].

Жасөспірімдерді эмоционалдық-тұлғалық, психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың жүйелі ұйымдасқан, бір тұтас әрекеттерінің барасында әрбір баланың білім беру, тәрбиелеу үдерісінде өзінің мүмкіндігі мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін қажетті әлеуметтік психологиялық және педагогикалық жағдай құрылатын балаға қолдау көрсетудің ерекше түрі ретінде қарастырылады. Оқудағы қиындық байқалымының анықтық деңгейіне қарай оқушыны қолдаудың түрі қысқа мерзімді, орташа мерзімді және ұзақ мерзімді болуы мүмкін.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың нысаны білім беру, оқыту, тәрбиелеу үдерісі. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мәні – баланың әлеммен, қоршағандармен (ересектер, құрдастары), өзімен-өзілік қатынастың жүйесі ретіндегі оның даму жағдайы. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау әр түрлі мамандардың (психологтың, логопедтің, арнайы педагогтың, әлеуметтік педагогтың) өзара тығыз әрекетін, жұмыстың командалық түрін білдіреді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың бағытталуы:

– баланың денсаулығын және дене күшін қолдау: бала өмірінің денсаулық-сақтау әдетін ұйымдастыру, оларды жеке таңдалған қимылдық белсенділіктерге, денсаулықты нығайтатын сабақтарға қатыстыру;

– балалардың зерде дамуын қолдау: әрбір баланың танымдық ерекшелігін анықтау және дамыту, оқу әрекетінің табысты болуы үшін жағдай тудыру;

– баланы қарым-қатынас саласында қолдау: балаларға гуманистік өзара әрекеттенуіне жағдай тудыру, балалардың қолы бос кезіндегі әрекеттерде жеке қабілеттерін байқатуларын қолдау, тәртіп түрін саналы түрде таңдауына көмектесу;

– баланың жанұясын қолдау: жанұялық қатынасты зерттеу, олардың үйлесімді болуына көмек көрсету.

Педагогикалық қолдау ерекше шығармашылық ахуалды құру мен балаларға жағдайды таңдауды ұсынуды білдіреді. Бұндай жағдайлар оқушылардан білімді, икемділікті ғана емес, сондай-ақ рефлексия тәжірибесін, шешімді өздігінен қабылдауды, ерік пен мінезін байқатуды талап етеді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі қағидалары:

1) Бала дамуындағы кез келген мәселені шешудің кешенді, пәнаралық тәсілдемелері. Кәсіпаралық серіктестік баланың мектепте және жанұяда дамуының, мамандар (психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог) мен мұғалімдердің іргелес ғылымның білімін, әдістемелерін меңгерудің бірыңғай стратегиясын әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған.

2) Білім беру үдерісіндегі баланың дамуын қолдаудың үзіліссіздігі. Балада тұлғалық, танымдық және әлеуметтік мүмкіндікті арттыру міндетін табысты шешу үшін мектепте оқытудың барлық сатыларында жүзеге асырылатын мамандар мен педагогтардың командасының ұзақ та күрделі жұмысы қажет болады.

3) Қолдау үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру. Білім беру ұйымындағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша мамандардың командасының жұмысын реттемелеу үшін жергілікті нормативтік актілерді әзірлеу. Психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін оқу-әдістемелік қамсыздандыру.

4) Қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау. Мамандардың келісілген әрекеттерін бекітуге арналған мамандардың құжаттарының пакетін әзірлеу үшін олардың бағыты мен мазмұнын алдын ала анықтау [5].

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу – бұл білім алушылардың даму жағдайларын, олардың жеке даму перспективаларын жобалауға және іске асыруға бағытталған кешенді алдын алу,

ағартушылық, диагностикалық және түзету іс-шаралары. О.Е. Шаповалова пікірі бойынша, арнайы (түзету) білім беру мекемелеріндегі дамуды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мәні әр оқушы үшін білім беру кеңістігін мақсатты жобалауға, оны өзара әрекеттесу процесіне өз қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктеріне негізделген еркін қосуға бағытталған оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының субъективті-субъективті өзара әрекеттесуін ұйымдастыру болып табылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау механизмі баланың өзін-өзі жүзеге асыруына және әлеуметтік құзыреттілікке ие болуына ынталандырушы көмек болып табылады [6].

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін мектеп қызметінің құрылымына қосу жағдайында мектептің әдеттегі басқару органдарының (педагогикалық кеңес, пән мұғалімдердің әдістемелік бірлестігі) жұмысын өзгерту қажеттілігі туады. Педагогикалық кеңес құрамына мұғалімдерден басқа психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары да кіруге міндетті. Олардың педагогикалық кеңес жұмысына қатысуы оқушылардың үлгермеушіліктері мен тәртіп бұзуларының себептерін талқылауға мүмкіндік тудырады. Қолдау мамандары оқушылардың оқу нәтижелерін педагогикалық кеңес отырысында талқылай отырып, педагогтардың жұмысына қатысты ұсынымдарды тұжырымдауға, ал әдістемелік бірлестіктердің отырысында мұғалімдерді оқытудың арнайы әдіс-тәсілдерімен, оқушыға сараланған және дараланған тәсілдемені қолдануды жүзеге асыру технологиясымен таныстыруға мүмкіндіктері болады. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру материалдық, кадрлық және ғылыми-практикалық жағдайлардың болуын талап етеді. Білім беру ұйымдарында мүмкіндіктері әр түрлі балалардың торлық құнды жеке бастық өзін-өзі танытуына және олардың жалпы білім беру ұйымдарындағы бағдарламаларды толық құнды меңгерулеріне мүмкіндік беретін бейімдеуіш ортаны құру қажет. Жалпы білім беру мектебі оқушыға оның қажеттілігіне сәйкес қолдау түрін ұсынуға міндетті [5].

Дамудың дисгармониясын, эмоционалды тұрақсыздықты, мінез-құлықтың дамымауын педагогикалық түзетудің негізгі құралдары – мұғалімнің түсінігі, жанашырлығы, шиеленісті жеңілдету, оқу процесін рационализациялау, оқушылардың мәдени және білім беру мүмкіндіктерін теңестіру. Мұндай жағымды эмоционалды атмосфера құру әр жасөспірімнің мінез-құлқы мен эмоционалды дамуын реттеудің өте тиімді құралы болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Додонов Б.И. Эмоция как ценность: Учебное пособие, – Москва: Политиздат, 1978
2. Хрестоматия по возрастной психологии / под. ред. Д.И. Фельдштейна. – М., 1994.
3. Ильин Е.П., «Эмоции и чувства», – Питер, 2001
4. В мире подростка / Под ред. А. А. Бодалева. М., 1980, С. 16—28.
5. Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген
6. Белякова М. М. Опыт педагогического сопровождения творчески одаренного ребенка к успеху. // Эксперимент и инновации в школе 2012. № 1. С.28–40.



## ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

*Ашиқбаева Д.Е.*

*Педагогика және психология мамандығының 3 курс студенті  
Ғылыми жетекші: п.ғ.к., профессор Әлқожаева Н.С.  
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті*

Қазақстанда 1990-шы жылдары тек оң ғана емес, теріс те өзгерістер болды, бұл қоғамдық имандылыққа, азаматтық сана-сезімге және әлеуметтік салаға әсер етті. Біздің елде руханияттың, азғындықтың, криминализмнің өсуі байқалады. Осыған байланысты жалпы білім беретін мектеп оқушыларында адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі өте өткір тұр.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің негіздері «Қазақстан азаматының рухани-адамгершілік дамуы мен жеке басын тәрбиелеу Тұжырымдамасы» жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында қамтылған. Ол қазіргі заманғы ұлттық тәрбие идеалының сипатын, негізгі ұлттық құндылықтар жүйесін, балалар мен жастарды рухани-адамгершілік дамыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін, негізгі әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды, оқушылардың рухани-адамгершілік дамуы мен тәрбиесінің принциптерін анықтайды. «Адамгершілік» ұғымын кеңес одағының С.И. Ожегов, В. А. Сухомлинский, И. С. Марьенко, М. Г. Яновская, Б. Т.Лихачев, А.С. Макаренко, Л.А. Григорович қарастырды.

Зерттеудің мақсаты-оқу іс-әрекеті процесінде адамгершілік тәрбиесінің ерекшеліктерін зерттеу, адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын ашу.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазіргі уақытта адамгершілік тәрбие мәселесі өте өзекті. Балалар қылмысы, маскүнемдік, нашақорлық өсуде. Нәтижесінде руханиятсыздық артып, құндылықтар қайта бағалануда, жасөспірімдер моральдық нұсқауларды жоғалтады.

Оқушылардың адамгершілік тәрбиесі мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесу тәсілдерін, мектепте оқытылатын пәндердің мазмұнын, мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас стилін; адамгершілік әдеттерін тәрбиелеу барысында жүзеге асырылады. Мектепте адамгершілікті қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысының мазмұны міндетті түрде мыналарды қамтуы тиіс:

- Отанға деген сүйіспеншілікке, заңдарды, өмір нормаларын құрметтеуге баулу;
- білім алуға ұмтылуға тәрбиелеу;
- жоғары адамгершілік қағидаттарын;
- еңбекке оң көзқарасты тәрбиелеу;
- үлкендерге құрмет;
- оқушыларды мәдени құндылықтар жүйесіне тарту;
- эстетикалық талғам мен өнерге деген сүйіспеншілікті дамыту.

Адамгершілік тәрбие барлық білімге, оның барлық салаларына енуі керек. Қазіргі уақытта мектепте мораль емес, қолданбалы білім мен дағдыларға басымдық беріледі. Нәтижесінде білім азғын болады. Негізгі тарихи міндет біртіндеп мектептен кетеді: азаматты тәрбиелеу. Тәрбие-бұл көп күш пен шыдамдылықты қажет ететін өте күрделі процесс. Адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу әрқашан күресті, рухани күштердің тұрақты кернеуін, өзін-өзі тәрбиелеуді және өз іс-әрекеттерінде үнемі жаттығуды қамтиды.

Адамгершілік тәрбие-бұл адамның бойында әлеуметтік сәйкес адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған: жауапкершілік, патриотизм, ғылыми дүниетанымның тұрақтылығы, жалпы-адамзаттық құндылықтарды сақтау және т. б.

Моральдық тәрбиенің мәні-қоғамда жалпы қабылданған нормаларға сәйкес, жақсылық пен жамандық тұрғысынан бағаланатын моральдық қатынастардың жиынтығы. Жақсылық тұрғысынан ғылымның, мәдениеттің, еңбектің жетістіктері, батырлықтың көрінісі және т.б. зұлымдық тұрғысынан заңсыздық, өтірік, қоғамдық тәртіпті бұзу және т. б. қарастыруға болады. «Мораль» – бұл адамдар өз іс-әрекеттерінде басшылыққа алатын стандарттар мен нормалар. Адамгершілік тәрбиесінің мақсаттары:

Рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғырту.

Тәрбиелік және өмірлік-практикалық міндеттердің бірлігін қалыптастыру, өмірге өз көзқарасын қалыптастыру, тұлғаның адамгершілік негізін қалыптастыру.

Мәдени көкжиекті кеңейту, моральдық ойлау қабілетін қалыптастыру, тәуелсіз шешім қабылдауға үйрету.

Қоршаған әлемге гуманизмнің қалыптасуы.

Өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру.

Адамгершілік тәрбиенің құрамдас бөліктері-бұл патриотизм, ұжымшылдық, еңбекке деген көзқарас (негізгі мотив – «басқа адамға»қамқорлық). Мұнда мейірімділік, сыпайылық, еңбекқорлық,

адалдық, жауапкершілік және т.б. адамгершілік қатынастар адамның барлық әлеуметтік қатынастарына (саяси, құқықтық, эстетикалық, ғылыми-танымдық, экологиялық) енеді. Сондықтан кең мағынада моральдық қатынастар адамға деген көзқарасты көрсетеді. Адамгершілік тәрбие құралдары:

- оқыту;
- сенім;
- мұғалімнің жеке мысалы;
- педагогикалық әдеп;
- алдын алу, көтермелеу және жазалау шаралары.

Адамгершілік тәрбиесінің міндеті-адамның белсенді өмірлік ұстанымын дамыту, ол әлеуметтік қарызға саналы түрде, күнделікті мінез-құлық нормасы ретінде сөз бен іс бірлігінде көрінеді. Бала кезінен бастап баланы дұрыс тәрбиелеуді бастау керек. Н.К. Крупская балаға тракторлар мен машиналар туралы емес, қазіргі адамдар, олардың қайғысы мен қуаныштары, тәжірибелері туралы айту керек деп жазды.

Ценностные ориентиры современной молодежи Сингапура весьма разнообразны, это можно связать с многонациональностью государства где культурные и религиозные нормы, политическая история и экономические нормы различаются в той или иной мере, но все же у сингапурской молодежи есть общие ценностные категории, которые основываются на азиатской системе ценностей, то есть системе ценностей трех наиболее представленных в Сингапуре наций – китайской, индийской, малазийской. Можем даже сказать, что в Сингапуре произошла концептуализации традиционных азиатских ценностей [9]. Закон как ценностная категория приобрела новый характер, но также важна, как и в период царствования в Древнем Китае философской концепции легизма. Традиционные ценности изменяются и проявляются с иной стороны в современном Сингапуре, по сути ценностная категория закона является фундаментом Сингапура, молодежь это осознает и пытается внедрить и видоизменить традиционные ценности. Ежегодно в Сингапуре проходит молодежный форум (Singapore Youth Forum), где обсуждаются множество проблем, в том числе и ценностные. Всеобщая заинтересованность сингапурской молодежи этим форумом, подчеркивает, что ценности, связанные с успехом и карьерой также важны. В данном аспекте можно увидеть сходство с Казахстаном, где в таком полиэтничном и поликультурном государстве молодежь всё-таки находит общие ценностные ориентиры. На наш взгляд, мы должны учесть подход к ценностям, умение концептуализировать, адаптировать ценности под изменчивый современный мир.

Также еще основной чертой, которой обладает современная молодежь, а в большей степени, на наш взгляд, французская, является солидарность. Солидарность – это одна из сильных ценностей молодежи. В своей статье французский социолог Оливье Галлан утверждает, что несмотря на стремление к проявлению индивидуальности, в течение нескольких лет он наблюдал, что солидарность не препятствует индивидуалистическому поведению, которое является отражением общества. Это причина, по которой Оливье Галлану пришлось систематически задавать этот вопрос на приемных сессиях. Он задавал вопросы такого рода: как вы объясните, что в вашем поколении эта ценность (солидарность) и такое поведение сосуществуют? Этот вопрос удивляет молодых людей, потому что они не считают себя индивидуалистами. Галлан О. считал, что их убеждения не связаны с их поведением в повседневной жизни, а те убеждения, которых они придерживались – просто их идеал [10].

Мы можем считать, что несколько явлений в совокупности способствуют такому поведению и возвращению к традиционным ценностям, таким как клан, семья, друзья, круги: глобализация, которая усиливает принцип локальной и региональной идентичности. Таким образом, ценностные ориентиры молодого поколения Франции и Казахстана схожи. Студенческие протесты 1968 года во Франции, подтолкнуло молодежь к солидаризации и после событий «Красного мая» ценность солидарности поднималась выше в иерархии ценностей. Тем самым мы можем заметить некое сходство между студенческими протестами во Франции и событиями декабря 1986 года в Казахстане. Однако подчеркнем, что не стоит отождествлять Красный май и Желтоқсан, так как эти протесты были вызваны разными причинами и имели разные цели. Это мы используем лишь для обоснования ценностной категории солидарности, ведь эти акты солидарности привели к колоссальным изменениям, что еще раз доказывает, что молодежь – это движущая сила прогресса.

Из всего вышесказанного мы можем отметить то, что принятие ценностей, которые приводят к лучшему результату является весьма хорошей стратегией. На наш взгляд, нам стоило бы перенять подход к модернизации традиционных ценностей у Сингапура, и улучшить иерархическое положение ценности солидарности. Почему улучшить положение, а не внедрить данную ценность? Потому что ценностная категория солидарности уже присутствовала в нашей культуре, в мировоззрении казахского народа и в жизни нашей молодежи, Желтоқсан тому яркий пример.

Таким образом, исследование показывает, что молодежь разделяет идеалы семьи, эта ценностная категория может быть в основе государства. Здесь можно провести параллель с Аристотелем, и его определением семьи. Аристотель считал, что государство начинается с семьи, семья – это первичная ячейка социальных взаимодействий, и сама семья является началом всех добродетелей [11]. Наряду с семьей как социальным институтом можно назвать и другие факторы становления именно традиционных ценностей, то есть осознанных и оформленных коллективно. Такими факторами является система воспитания в дошкольных учреждениях, в средних школах и вузах. Воспитание основано на уважении, доверии, и готовности помочь в трудной ситуации. На самом деле все этические ценности, которые преподают молодому поколению восходят к тем принципам, которые сформировал Абай в своей концепции этически нравственного человека «толық адам». В понимании Абая человек должен обладать

трудолюбием, образованностью, разумом, гуманностью, дружбой и любовью одновременно. Этический смысл Абая состоит в высокой роли назначения человека в жизни. Таким образом можем заметить, что концепция Абая и концепция Канта о нравственной личности весьма схожа. Как и Кант, Абай ставит вопрос о возможности существования нравственной личности. Иммануил Кант утверждал, что нравственная личность возможна лишь в том случае, если допускается свобода как первостепенное качество человека, а также долг и расположенность к добру. Человеческий принцип – категорический императив как постулат практического разума. Абай же, отвечая на вопрос о нравственной личности приводил нерушимые принципы концепции «толық адам» и призывал «Адам бол!» [12].

Таким образом в ходе социально-философского исследования ценностей мы пришли к выводу, что для молодёжи независимого Казахстана семья является ценностью, что показывает приверженность молодого поколения традиции. Семья также является исключительно важным социальным институтом. Национальное самосознание как ценностная категория не теряет своей актуальности. Более того, ценностные принципы современной молодёжи соотносятся с тем, к чему призывал Абай. Помимо тех принципов, которые он сформулировал в концепции «Толық Адам» он призывал казахский народ, прежде всего, казахскую молодёжь того времени к открытости сознания. И для современной молодёжи открытость сознания тоже является отличным принципом для построения стабильного будущего. Молодёжь независимого Казахстана помимо того, что чтит традиции, также обладает открытостью сознания, пластичностью, готовностью к открытию новых горизонтов. Это выражено в интересе к ценностным ориентирам современных развитых стран. В нашем исследовании примером служит молодёжь Сингапура и Франции. Например, в Сингапуре очень важную роль играет ценностная категория закона, но у нас эта категория еще требует принятия молодёжью и дальнейшее ее развитие. Французская молодёжь с явным трепетом относится к ценностной категории солидарности, мы можем тоже отметить, что ценность солидарности присутствует в мировоззрении современной молодёжи Казахстана, но она не столь ярко выражена по сравнению с другими ценностями, поэтому нам следует ее развивать. Итак, на наш взгляд, ценностные ориентиры молодёжи независимого Казахстана позволяют говорить, что она способна быть ответственной и обеспечить успешное вхождение страны в число самых развитых государств мира.

#### Список литературы

- 1 Назарбаев Н. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. [Электронный ресурс]. URL [https://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya](https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya) (дата обращения: 30.10.2020).
- 2 Закон Республики Казахстан «О государственной молодёжной политике» [Электронный ресурс]. URL [https://online.zakon.kz/m/document/?doc\\_id=31661446](https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=31661446) (дата обращения: 25.02.2021).
- 3 Выступление Главы государства К. Токаева на церемонии закрытия Года молодёжи и старта Года волонтера. [Электронный ресурс]. URL. [inform.kz https://www.inform.kz/ru/polnyy-tekst-vystupleniya-glavy-gosudarstva-na-ceremonii-zakrytiya-goda-molodezhi-i-starta-goda-volontera\\_a3593253](https://www.inform.kz/ru/polnyy-tekst-vystupleniya-glavy-gosudarstva-na-ceremonii-zakrytiya-goda-molodezhi-i-starta-goda-volontera_a3593253) (дата обращения: 26.02.2021).
- 4 Грушин Б.А. Четыре жизни России в зеркале опросов общественного мнения. Очерки массового сознания россиян времен Хрущева, Брежнева, Горбачева и Ельцина в 4-х книгах. – Жизнь 1-я «Эпоха Хрущева». – М., 2001.
- 5 Тазов П.Ю. Динамика ценностей российской молодёжи 1960-2010 гг. в социокультурном анализе // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 1-1.; URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=17928> (дата обращения: 26.02.2021).
- 6 Социокультурная адаптация городской молодёжи / Под ред. Р.С. Салыкжанова. – Астана, 2013.
- 7 Курмангалиева Г. Казахская идентичность в свете современной модернизации Казахстана: социологическое измерение // Адам әлемі. – 2020. – № 2 (84). – С. 67-81
- 8 Баударбек-Кожатаев Е. У истоков сотрудничества – казахстанско-сингапурские отношения [Электронный ресурс]. URL [https://online.zakon.kz/m/Document/?doc\\_id=31092883](https://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=31092883) (дата обращения: 26.02.2021).
- 9 Tew Y. Beyond “Asian Values”: Rethinking Rights. CGHR Working Paper 5. November 2012. Cambridge, University of Cambridge Centre of Governance and Human Rights. Available at: [https://www.repository.cam.ac.uk/bitstream/handle/1810/245115/CGHR\\_WP\\_5\\_2012\\_Tew.pdf](https://www.repository.cam.ac.uk/bitstream/handle/1810/245115/CGHR_WP_5_2012_Tew.pdf) (accessed 07.03.2021).
- 10 A Divided French Youth: An Interview with Olivier Galland. Interviewed by Nathalie Sarthou-Lajus. In *Études* Volume 416, Issue 1, 2012, pages 33 to 43
- 11 Политика / Аристотель; пер. с др.-гр. С.А. Жебелева. – СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2019. – 352 с. – (Азбука-классика. Non-Fiction).
- 12 Абай Слова назидания. – Алматы Алматыкітап, 2020. – 224 с.

## ҚАЗАҚТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЕРКІНДІК МӘСЕЛЕСІ

*Ақихат Ләзат*

*Домбыра, 2-курс*

*Ғылыми жетекші: аға оқытушы Калдаева Б.С.*

*Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада қазақтың философиялық дүниетанымындағы еркіндік мәселесі қарастырылады. Адамзат тарихының бастауларына зер салсақ, адам баласының ертеден келе жатқан бір арманы еркіндік екенін көруге болады. Еркіндік адамның ғана таңдауы, ол оның өзге де құнды қасиеттерінің қатарында маңызды орын алады. Адам өзіндігін сезіну үшін, тұлғалығын таныту үшін еркін әрекеттер жүзеге асырып отыруы қажет. Саналы түрде еркін әрекет ететін адам әрдайым толық мәнді тұлға болып есептеледі. Сондықтан, еркіндіктің мәнін ашу, оның қаншалықты дәрежеде болатындығын анықтау маңызды мәселе болып табылады. Мақаламызға арқау болғалы отырған адамға ғана қатысты ерекше қасиеттер қатарында елеулі орын алатын еркіндік мәселесі болмақ. Еркіндіктің мәнін ашу, оның қаншалықты дәрежеде болатындығын анықтау маңызды. Сондықтан да адам баласы өмір сүретін қай уақытта, қандай кеңістікте болмасын еркіндік мәселесі қойылып отырады. Сол себепті, осы маңызды мәселенің мәнін дұрыс ашу жолында жұмыстар жүргізілуі тиіс.

**Түйін сөздер:** қазақ философиясы, дүниетаным, еркіндік, азаттық, тәуелсіздік, бостандық.

Еркіндік – жан қасиеті. Сондықтан, еркіндік – жан құмарын қандырудың негізгі шарты. Еркіндік маңызын Абай былай деп береді:

*Еріксіз түскен ылдидан,  
Еркіңмен шыққан өр артық.  
Қорлықпен өткен өмірден,  
Көсіліп жатқан көр артық [1,227 б.]*

Афоризм тәрізді айтылған бұл бір ауыз өлеңнің мағынасы өте терең. 1903 жылы Семей жандаралынан келіп Абай үйіне тінту жүргізілген. Өлең сол тінтуден кейін жазылған. Ресей үкіметі жағынан осындай қорлық көріп, оған қосылған өзіне қоршаған ортаның зардабы данышпан ақынға осындай ақиқатты ашу себебі болған тәрізді. Ақын еркіндіктің маңызын жүрекке жеткізіп, осылай дәл көрсетіп берген. Еркіндік – жан қасиеті болғандықтан, адамның үнемі ұмтылатын шексіз арманы. Еркіндік дегеніміз – қалыптасқан өмір жағдайына және заманға байланысты адамның соған сәйкес өз еркімен әрекет ету мүмкіндігі. Тән арқылы жан өзінің ерік-қалауын орындайды. Жан басқарған іс-әрекет қандай болса да өзінің шыңына жетіп, көркемдіктің үлгісін береді. Сондықтан адам үшін мұндай еркіндік ең қымбат және ең үлкен құндылық.

Қазақ халқының дүниетанымында еркіндік болмыстың іргетасы ретінде қарастырылады. Адам мен элементтің қатынасы контекстінде еркіндік мәселесі адамның табиғаттың ажырамайтын бөлігі ретінде қарастырылуынан туындайды.

Қазақ дүниетанымының ерекшеліктерін айтқанда, ескерер мәселе, ол – қашанда олардың еркіндік пен бостандық сүйгіштігі. Қазақ жерінде ешқашанда құлдық болмаған.

Қазақ халқы еркіндікті, әсіресе жеке басының азаттығы мен ой еркіндігін бәрінен жоғары қояды. Сөздің жаны бар деп есептеген, сөзге тоқтаған, кітапханасы мен мұрағаты өздерінің жады болып табылатын халықта демократиялық құндылықтар басымдық танытқаны белгілі. «Бұрынғы қазақ қоғамындағы «Дат» деп алып, ханға да қарсы уәж айта беретін дәстүрді қоғамтанушылар «далалық демократия үрдісі» немесе «көшпелі демократиясы» деп атап жүр. Хан да, батырда, сұлтан да, бай да қара халықтың осы уәжімен есептесуге мәжбүр болған. Бұл орайда, ел сыйлаған жыраулар мен ақындардың пікірі елеулі әлеуметтік күшке айналған. Осылайша дәстүрлі қазақ қоғамындағы сөз бостандығы, ой еркіндігі Абай айтқандай «бас басына би болуға», анархияға ұласуға дейін барды. Сірә, қазақ қоғамының кезінде қатаң билік үстемдік құрған елдерден кенже қалуы, сөйтіп өзгенің боданына айналуы осы еркіндіктің шектен шыққан әрекеттерге ұласуынан да болар», [2, 83 б.] – деген Ө. Нысанбаевтың тұжырымдары еркіндікті пайдаланып елдің шырқын бұзуға дейін барудың келеңсіз тұстарына берілген дұрыс баға деп есептейміз. Адамдық мәнділік еркіндікте. Өмірде адамдық мәнділікті еркіндік жағдайында таңдай алады. Адам таңдау жасау арқылы алдағы өмір сүру жоспарын анықтайды. Өзінің идеалдарын, нені құндылыққа балап, нені өмірінің мәні ететінін осы таңдау еркі болмаса жүзеге асыруы мүмкін емес. Ал таңдау жеке тұлға үшін үлкен сын болып табылады. Осы таңдау жасауларымыздың өзі еркіндіктің болуымен анықталады. Адамдар күнделікті қатынастарында табиғат жағдайларына ғана емес, өздері жасаған күштерге де тәуелді болып жүреді. Ол күштер әлеуметтік ұйымдар, әлеуметтік институттар, салт-дәстүрлер мен сана түрлері болып табылады. Осы



кезге дейін философия тарихында зертеушілер еркіндікті бар деп дәлелдеп жүрсе, оған қарама-қарсы пікірдегілер еркіндікті жоққа шығарады. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің негізгі мәселелері мейрімділік пен қатыгездік, шындық пен өтірік, адамның әлемдегі орны, оның тағайындылығы, өмірдің мәні, адамның қоршаған ортамен, жоғары күшпен, рухтармен қарымқатынасы болып табылады. Қазақ халқының дүниетанымы, дүниеге көзқарасы өмір сүрген кезеңдерінде әр түрлі сипатқа ие болды. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде «Әлем-Жер-Адам» қатынасы тұтастықты қамтиды. Қазақ философия тарихында ақын-жыраулар шығармашылығында өздерінің болмысын категориялар арқылы кескіндеп кейіптемей, поэтикалық қалыптағы образды ойлар арқылы айшықтады. Халқымыздың дәстүрлі дүниетанымындағы еркіндік рухы мәселесі тарихи-әлеуметтік деңгейде таразыланды. Оның негізгі ұғымдарымен түбірлес, тектес түсініктері ұсынылып, олар тарихи сана тұрғысынан байыпталатын еді.

XVIII ғасыр оқиғалары қазақ халқының әлеуметтік-саяси және философиялық ой-жүйесіне ерекше бір шабыт беріп, қозғау салған еді. Өркениеттің бір белгісі еркіндік. Қазақ атқа мінсе болды, демін еркін алып, жан-жағына қарап, өзін еркін сезінген. Қайда барамын, қалай жүремін ол өз еркінде. Бүкіл айнала аймақты ол өз жері сияқты сезінген. Өмірі өзін емін-еркін ұстаған қазақтың дүниеде қорқатыны бостандықтан айрылу болған. Абақтыға қамалу ол үшін өлімге тең көрінген. Соғыста қорку, үрку дегенді білмеген. Ата-бабасынан қалған оның бір ерекшелігі соғыста өлемін деп қорықпаған. Оның қорқатыны тұтқын болмау, зынданда отырмау, не құл болмау. Иә, өмірлерінің мәні болған еркіндік пен еркіндігінің материалдық негізі болып есептелген малынан айырылған қазақ мүсәпір ғана емес, аштықтан қырылды, – дейді Д. Кішібеков [3, 46 б.]. Көшпелілер көзқарасында жаугершілік заманда ат жалын тартып мінген ер азамат, жауынгер майдан алаңында жаумен шайқаста шейіт болса, оған еш өкінбеген. Өйткені олардың түсінігінде бұндай өлім «ақ өлім» деп саналған. Мәселен, Ақтамберді жырау қартайған шағында, төсек тартып жатып: «Бар арманым, айтайын, батырларша жорықта, өлмедім оқтан қайтейін» – деп армандаған екен. Бұл арман, еркіндік үшін өлімге де бас тігетінін айғақтайды. Елі мен жерін қорғау жолында жан берудің өзі олар үшін өлімнің ең қадірлі-қасиетті түрі болып түсінілген. Адам үшін мына жарық дүниені қию қандай қиын болса, оны да осы жолда құрбан етуге бар. Оларға еркіндік жоқ жерде өмірдің мәнісі де қалмайды. Сондықтан жауынгер-жыраулар өздерінің жалынды жырларында «жалаңаш бар да жауға ти, Тәңірі өзі біледі, ажалымыз қайдан-дүр» деп сарбаздарға рухтандырушы күш бере, өздерінің азаттығы жолындағы соғыста қайтпас қайсар болуға шақыра толғайды. Еуразиялық кеңістіктегі Қазақ Ордасының осы бір кезеңінің тарихи хал-ахуалы жазушы, жыраулық поэзияның білгірі М.Мағауин «Түркістан бастаған жиырма бес қаладан айырылу Қазақ Ордасының қанатын қырқып, өрісін тарылтып қана қойған жоқ, оның алдағы замандардағы тіршілік кебін бір жақты мал шаруашылығымен ғана айналысатын көшпенді кепке түсірді. Түркістандағы Өзірет Сұлтан дүрбесінен бастап, Сауран, Шымкент, Сайрам, Ташкент, Созақ және басқа қалалардағы мешіттер қоймасында сақталған бай кітапхана, ондағы діни-фәлсапалық еңбектер, ескі тауарихтар мен шежірелер, біз бар деп білмеген тағы қаншама мұра өртке кетті, талан-таражға түсті, жойылды» – деп сипаттайды [4, 27 б.]. Сахара жұртына соншалықты қымбат құндылықтардың күйрей бастауының нышандары айқын көріне бастаған кез басталды. Осындай алмағайып заманда, қазақ халқының өмір сүруі мен жойылып кетуінің алдында тұрған неғайбіл шақтарында ұлттың айбынды да асқақ жоғары рухының арғасында еркіндікке деген күштарлық бәрін де жеңіп шықты. Бабаларымыздың көзсіз жанқиярлық ерлігі жайында көптеген аңыздар, өлең-жырлар, толғаулар дүниеге келгені белгілі. Ол туындылар сол кездегі өмір шындығы, жүректердің тебіренісі, халықтың арман-тілегі. Біздің жадымызды екі ғасыр бөліп тұрса да, бабалар үні құлағымызда тұрғандай. «Бұрынғы мәдениеттен қиратындылар, ал түптің түбінде күлдің үйіндісі қалады, бірақ осы күлдің үстінде рух қалқып жүретін болады» деген Л.Витгенштейн сөзінің жаны бар екенін тарих дәлелдеп отыр [5, 234 б.]. «Ақтабан шұбырынды, алакөл сұлама» деп аталатын жырлар мен «Елім – ай» атты әндер қазақ елінің дербестіктен айырылып қалу қаупі туған кезеңнің туындылары. Осындай қауіпті ең алғаш сезіне бастаған халықтың ең сезімтал ұлдары – жыраулар, билер, ақындар, осындай күйреудің үрейлі ұшқындарын өздерінің шығармаларында көрсетіп, халықты, билік басындағы хандарды бірлікке шақырды. Олардың негізгі үні – отаншылдық, ерлік, жерін, атамекенін қорғау т.т бір кездегі Түркі империясының дәуірленген кезіндегі рухтың өрлігі бәсеңсігенін жандандыртуға арналды. Ұсақ мүдделердің, билікке таласудың, тайпалық, рулық, т.б пиғылдардың белең алғандығы қатаң сыналып, тұтас халықтың бірлігінің мүдделерін алға тарту басым болды.

Дәуірдің геосаяси жағдайына келетін болсақ, қазақ даласын Қытай мен Ресей бөліп алуға даярланып жатқан еді. Ресей екі жақты, қалмақтармен және қазақтармен «саяси ойын жүргізу» саясатын ұсынды. Сол кездегі, яғни қазақ халқының мәдени құндылықтарының өсіп-өркендеуіне елеулі кедергілер келтірген XVIII ғасырдағы тарихи жағдайлар бір жағынан ұлттың намысын оятып, халықты бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға бірауыздылыққа, бірлікке жұмылдырды. Екінші

жағынан, осынау сахараны мекен еткен, ешкімнің жеріне, байлығына көзінің қырында салмаған, ешкімге өзі тарапынан соғыс жариялап, шабуыл жасамаған ұлттың саяси мәдениетін қалыптастырды. Саяси мәдениет тек ұлттың мемлекеттік құрылымының пайда болуына байланысты қалыптаса бастайды. Тайпа, ру аралық қатынастар, ел ішіндегі ірілі-уақты болып жататын өкпе-наз, барымта, шаруашылыққа байланысты жер дауы, әлеуметтік мәселердің ішіндегі қазақ қоғамының ең бір өзектісі – жесір дауы, бұлардың барлығы дерлік халықтың өзінің ішкі қатынастары болып табылады. Олар саяси сфераға жатпайды. Халықтың халық ретінде одан кейінгі дәуірлерде ұлт ретінде бірігу үдерістері. Әрине бұл құндылықтар негізгілер. Бірақ оларда саяси қатынастардың белгілі бір нышандары болғанымен, шын мәнінде саяси қатынастар жоқ деуге болады. Саяси қатынастар халықтық және ұлттық құрамаларға айнала бастағанда, ол құраманың басқа сондай құрамалармен қатынас аясында өрістеуі тиіс. Осы халықтық құрама тұтас елді біріктіретін күш, мемлекеттің пайда болуымен байланысты, сол арқылы күшейе түседі.

Тәуелсіздік жолындағы күрес жылдары елді басқару, көрші мемлекеттермен халықаралық қатынастарды реттеу, ұлттық мемлекеттің саяси-әлеуметтік істерін басқару хан билігі арқылы жүзеге асты. Тарихшыларымыз, әдебиеттаншы ғалымдарымыз осы ғасырды Абылай заманы, Абылай дәуірі деп атап жүр. М.Қозыбаев «Абылай және оның заманы» атты мақаласында: «Қазақ халқын талай хандар билеген. Бірақ Абылай хан болған дәуірде Шыңғыс әулетінен тараған ханзадалардың құны құлдыраған кез еді. Ел басына күн туған кезде қазақ елінің ханзадалары тақта емес, ұрыс алаңында сынға түсті» – деп атап көрсетеді. Абылай ханның тұлғалық және билеушілерге тән қасиеттерін санар болсақ, Платонның мемлекет жайындағы іліміндегі мемлекетті басқарушы адам қандай болуы керек деген қағидасы ойға оралады. Платон оларды топтарға бөліп, бірінші топтағы басқарушыларға – данышпандарды (философтар) жатқызады. Олардың негізгі қызметі – мемлекетті дұрыс басқару. Ал екінші топқа әскери адамдарды, яғни мемлекетті қорғаушыларды жатқызады. Ежелгі грек философиясының мемлекетті қорғаушылар ішкі-сыртқы жаулардан қорғап қана қоймай, соғыс өнерімен қоса поэзия, музыкамен де айналысса деген пайымдаулары ел билеуші ердің жан-жақты жетілген Тұлға болуын талап еткендіктен еді. Мемлекетті басқарушының бойынан Платон іздеген осы қасиеттер Абылай хан бойынан табылған-ды. Абылай Тұлғасы өзінің әмбебаптылығымен де дараланады. Ең бастысы Абылайдың қазақ сахарасының даналық философиясын бойына сіңірген ақыл иесі болуында. Соған қоса өнерден де құр алақан емес-ті, және де сол киелі өнерді дарытып қана қоймай, өз жан тебіреністерін музыка тіліне көшіре білген нәзік сезімді күйшілігі де болған. Абылай XVIII ғасырдан күйі жеткен санаулы күйшілеріміздің бірі. Абылай күйлері сол кездегі нақты өмір құбылыстарына арналған болатын.

Адамдық мәнділік еркіндікте. Өмірде адамдық мәнділікті еркіндік жағдайында таңдай алады. Адам таңдау жасау арқылы алдағы өмір сүру жоспарын анықтайды. Өзінің идеяларын, нені құндылыққа балап, нені өмірінің мәні ететінін осы таңдау еркі болмаса жүзеге асыруы мүмкін емес. Ал таңдау жеке тұлға үшін үлкен сын болып табылады. Осы таңдау жасауларымыздың өзі еркіндіктің болуымен анықталады. Адамдар күнделікті қатынастарында табиғат жағдайларына ғана емес, өздері жасаған күштерге де тәуелді болып жүреді. Ол күштер әлеуметтік ұйымдар, әлеуметтік институттар, салт-дәстүрлер мен сана түрлері болып табылады. Осы кезге дейін философия тарихында зерттеушілер еркіндікті бар деп дәлелдеп жүрсе, оған қарама-қарсы пікірдегілер еркіндікті жоққа шығарады.

Еркіндік мәселесінің тарихи-әлеуметтік алғышарттары мен осы дәстүрдің қалыптасу барысын қарастырсақ, қазақ халқының өмірінде еркіндікті жүзеге асыруға тырысқан бірегей тұлғалар қазақ хандары екенін көруге болады. Өйткені хандар – еліміздің тұтастығы мен ұлттық мемлекеттілікті орнықтыруда еркіндік рухын сезініп, басқа халықтармен теңдікте болған кезеңдерді қамтамасыз еткен ұлы тұлғалар еді. Олардың тәуелсіздік жайындағы идеяларын, ұстанымдары, бағдарларының тарихи философиялық сарапталуы бүгінгі ұлтымызды ұлт ететін құндылықтарды байытуда өз үлесін қосары даусыз. Басқаға тәуелділікте болу ең жеңіл жол, ал, еркіндікті таңдау, ең қиыны. Ел президенті Н.А.Назарбаев бұл мәселенің өзектілігі жайында: «Алашқа айбын болған, азаттық ұғымының айдынын кеңейткен тұлғаларымызды ел санасына, тарихи беттеріне қайыра алып келген тәуелсіздікті осыдай ұлтқа пана болар аруақтарымызды тірілтіп бергені үшін асқақтауымыз керек емес пе?» – деп жазды [6, 136 б.]. Сондықтан да тәуелсіздік, бостандық, еркіндік туралы ұғымды философиялық тұрғыдан жан-жақты зерделеу бүгінгі қазақстандық қоғам үшін ерекше маңызды

Сонымен, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымдағы еркіндік мәселесін сараптай келе, ондағы негізгі ерекшеліктерді байыптайтын болсақ, ерік күшіне қол жеткізген, өзінің ерік-жігерін бағындыра білген, қоғамда да белгілі-бір деңгейде шексіз еркіндікке ие болған жандардың, соның ішінде хандардың, еркіндіктерін жауапкершілікпен шектеп отыру қажеттілігін нақты көруге болады.

Сонымен қатар, жеке адам еркіндігінен ел мүддесінің, жер мен мемлекеттіктің, бостандық пен азаттықтың жоғары қойылғаны айқын.

«Қазақ халқының дүниетанымындағы еркіндік ұғымының өзіндік тарихи-мәдени алғышарттары болды. Қазақ қоғамындағы билер институты мен ханның саяси-әлеуметтік әрекеттері мен негізгі мақсаттарының өзі елдің азаттығы мен бостандығына негізделген-ді. Бұл азаттық рухынан туындайтын құндылықтар жүйесін құрайды» [7, 297 б.].

Тәуелсіз Қазақстанның дербес мемлекет ретінде демократиялық құндылықтарды басшылыққа ала отырып, экономикалық реформалар жүргізіп, халықтың әл-ауқатын, рухани және мәдени дамуын жүзеге асыруға бағытталған саясатының нәтижесінде мемлекетте этносаралық келісім, бейбітшілік, саяси тұрақтылық, ішкі және сыртқы қауіпсіздікті нығайту азаматтардың құқығын сақтау мен шығармашылық еркіндігін қолдаумен қатар жүргізіліп келеді. Бұл даналықпен жүргізілген саясат – қазақ халқының еркіндік сүйгіш рухани болмысының көрінісі. Қазіргі күні жаһандану үдерісі қоғам өмірінің барлық салаларын қамтып, дәстүрлі мәдениеттердің құндылықтары ұмытылып кету қаупі туған шақта елімізде жасалып жатқан шаралар оған қарсы тұру, сонымен қатар, басқа дамыған мемлекеттердің құрсауында кетпей, тәуелсіздігімізді сақтап қалуға бағытталған. Ең алдымен бұл жағдайда экономикалық тәуелсіздікпен қатар, рухани тәуелсіздікті жоғалтпау мәселесі тұр. Қазақ ұлтының ғасырлар бойы қордаланған руханиятының жетістіктерін бүгінгі күннің кәдесіне жарата отырып, еркіндік жағдайында дамуды дұрыс жолға қоя білу керек. Қазақстан азаматтары Отанымыздың намысы үшін әрдайым жауапкершілікті сезініп жүруі тиіс. Абайдың «Толық Адам» идеясы қазіргі қазақстандық қоғамда өзінің өзектілігімен құнды. Адамды жетілдіру, ішкі еркіндікпен байланысты. Қоғамдағы әрбір жеке адам бүгінгі тәуелсіздікті пайдалана отырып өзін-өзі жетілдіруге тиіс. Ұлтымыздың болашағы жарқын болуы үшін ол идеялардың пайдасы зор. Ұлы ойшылдарымыздың ой-жүйелерін жетілген қоғамның әрбір мүшесі өзінің күнделікті өмірлерінде пайдалана отырып қаперде ұстағаны абзал. Мәңгілік ел болу жолында әрбір адам өзінің еркіндігін сақтай отырып, ішкі еркіндікті жоғалтпауы абзал. Олай болмаған жағдайда адамның өмірі мәнсізденеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Абай энциклопедиясы. А., Атамұра. 1995.720 б.
2. Нысанбаев Ә.Н. Адам және ашық қоғам. А.,1998, 272 б.
3. Кішібеков Д., Кішібеков Т. Қазақ философ халық. //Ақиқат.2009. №8.46 б.
4. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. А., 1995.107 б.
5. Витгенштейн Л. Мәдениет және құндылық. //Батыс философиясының антологиясы. А., 2002. 464 б.
6. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. А., 1996. 355б.
7. Қоңырбаева К.М. Қазақ философиялық ойы эволюциясындағы еркіндік идеясы. А., 2013, 216 б.

## ӘЛИХАН БӨЙКЕЙХАН ӨМІРІНІҢ САЯСИ ФИЛОСОФИЯСЫ

**Әбдіхан Д.Б.**

*«Нанотехнология және наноматериалдар» мамандығының 2-курс студенті  
Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, оқытушы Балабекұлы Д.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Жұмыста Алаш қайраткерінің Әлихан Бөкейхан азаматтық ұстанымдары философиялық көзқарастарына шолу және сипаттама негізінде саяси философиясына ғылыми талдау жасалады.

**Түйін сөздер:** Әлихан Бөкейхан, саяси философия, Алаш тарихы.

**Қазақтың һәм «Алаштың» көсемі.** Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығымен түспа-түс «Алаш» қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханның туғанына 155 жыл толуда. Әлихан Бөкейхан – ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында кеңінен танылған әрі қуатты күшке айналған ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы және жетекшісі. Ол «Алашорда» ұлттық автономиясы Халық кеңесінің төрағасы болды.

«Алаш» қозғалысы жетекшісінің саяси қызметі мен тұлғалық, басшылық, һәм шығармашылық еңбегіне 1920 жылдары баға беріле бастады. Соның бірі ХХ ғасырдың бас кезіндегі саясаткерлердің бірі, тарихшы, журналист, жазушы және драматург Қошмұхаммед Кемеңгерұлы еді. Ә. Бөкейханға арналған тарихи очеркін 1922 жылы аяқтап, 1924 жылы Мәскеудегі СССР халықтарының орталық баспасынан шығарды. Совет өкіметінің қуғын-сүргініне ұшыраған Әлихан Бөкейхан өмірінің соңғы 15 жылын осы Мәскеуде өткізіп, Кремльдің жігі бақылауында болған еді. Қошмұхаммед Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» деп аталатын тарихи очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан», – деп жазды [1].

Әлихан Бөкейханның 1866 жылы 5 наурызда дүниеге келді. Бұл кез отаршылдық саясат салдарынан қазақ халқының көп ғасырлар бойы қалыптасқан көшпенділердің дәстүрлі рулық-қауымдық қатынастарынан, жерінен де, оны пайдалану құқынан да ажырай бастаған, көшпенділердің байырғы құндылықтары шеттетіліп, жаңасы қалыптаса қоймаған тарихи сын күндер кез еді.

Патшалық Ресейдің отыршылдық саясаты жыл өткен сайын күшейіп, қазақ ішіне дендеп ене түсті, соның кесірінен хандық биліктің байырғы құрылымдары жойылып, қазақтың салт-дәстүрі мен мәдениетіне және оның өз жерінде дербес этнос ретінде өмір сүруіне қатер төнді.

**Алаштың саяси замансөзінің сардары.** Патшалық биліктің озбыр саясатын жастайынан көріп, түйсініп өскен Әлиханның бойында отаршыл билікке ғана емес, жан алып, жан беріспей-ақ отарлық қамытты киюге мәжбүр еткен өз халқының тағдырына деген үлкен жауапкершілік болды. Әлихан Бөкейхан авторлығымен әрі редакторлығымен жарық көрген «Голос степи» газетінің 1907 жылы 13-қаңтарда шыққан саны. Көсемнің сыншыл көзқарасы да ерте қалыптасты.

1889 жылы «Особое прибавление къ «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» газетінің қазақ тіліндегі қосымшасы – «Дала уалаятының газетінде» жарияланған алғашқы журналистік еңбектерінде қазақ қоғамының жағымсыз жақтары мен халықты қатыгездікпен қанап жүрген надан молда, болыс пен старшынды, тойымсыз байдың сойылын соғып жүрген екіжүзді ақындар мен оқыған қазақтарды аяусыз сынға алды. «Баспаханаға хат» атты мақаласында Зұлымбай Қарымбаев секілді қазақ бай-болыстарының, сондай-ақ Мүсәпір Бейшарин тәрізді қазақ кедейлерінің жиынтық кейіпкерін жасады.

Келесі мақаласында: «Қыр халқы бос жүреді. Бос отырған бастарына ауыр сын тумаған соң мехнат-жұмысқа иленбей, мал шаруасыменен күнелтіп жүрді. Мал бағу өз жөніменен жүре береді. Өлгенге шейін бір қазақ мал бағуды түзеуге ойлаған жоқ, қанша заманнан бері ата-бабаның жолыменен жүреді де отырады» [2].

Жас Әлихан сол кездегі қазақ қоғамы мәдениетінің төмендігін, әдеп пен ахлақтың кемдігін сынға ала, ащына отырып жазды. Халықтың жаппай сауатсыздығы, болыстық билік үшін ру аралық күрес, барымта, байлар мен күштілердің кедейлер мен әлсіздерді аяусыз езуі етек алды деп санайды. Әлиханның саяси көзқарасы қалыптасуында, қазақ халқы бай мен надан молдалардың және отаршыл биліктің үш жақтан бірдей езгісіне түсті. Бірақ Әлихан қазақтар туралы: «Қыр халқы... ғылым-білім жайып жатқан һәм өздері ғылым-білімге көңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақылы-санасы болған соң...», – деп жазды [3].

**Саяси білім мен ғылым жолындағы түрен жол.** Омбы техникалық училищесін аяқтаған Әлихан сол кездері жұрт таңдауындағы заңгер, әскери не тәржімашы кәсіпті таңдамай, Санкт-Петербургтегі Орман институтына оқуға түсті. Ормантанушы-ғалым дипломын үздік қорғайды. Соңынан Санкт-

Петербург университетінің заң факультетіне төтенше емтихан тапсырып, заңгер дипломына да ие болды.

Әлихан Бөкейхан түпкі арманы Қазақ даласының өркендеуі мен озық ел ретінде тану болды. Қазақстанның халық шаруашылығы бойынша сарапшы маман, ірі ғалымға айналды. Ол экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы ретінде танылды. Қазақ егіншілігі мен мал шаруашылығы, соның ішінде қазақтың сиыр, қой және жылқы шаруашылығы туралы іргелі зерттеулер жариялады. Қазақ тарихы, этнографиясы, әдебиеті мен фольклоры туралы жүздеген мақалалар жазып, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» секілді халық ауыз әдебиетінің бірнеше үлгілерін жинақтып, баспа бетіне шығарды. *Оның білімінің философиялық мәні де Мәңгілік қазақ елінің туған жерін Ұла Дала көшіне айналдыру болды.*

**Саяси күрес жолындағы жігер мен ізденіс.** Алашш көсемі ғылыми атаққа да, ғылыми дәрежеге де бет бұрудан алдын негізгі күш-жігерін саяси күреске жұмсады. Қайраткерлік қызметінде ғылыми жұмыстарын саяси күрес барысында жазуға тура келді. Академик Әлкей Марғұланның естеліктерінде, Алаш көсемінің 1925-1927 жылдар аралығында Ленинград мемлекеттік университетінің профессоры болғандығы айтылады. Қазақ жерінің отарлануы мен байырғы жер иесі – қазақ халқына сол кездің өзінде тиіп отырған және алда да тигізе беретін аса ауыр зардаптары туралы бірқатар ірі еңбектері Әлихан Бөкейханның алға қойған мұратының жарқын мысалдары бола алады. Әлихан Бөкейхан бұл зерттеулерді Семей түрмесінде сегіз ай отырған кезінде де жазған еді. «Қазақтың суармалы егістік жерлерінің алынуы», «Дала өлкесінің түкпірлеріндегі орыс қоныстары», «Ақмола облысындағы переселендердің жер үлестері» деп аталатын мақалаларының тақырыптарынан-ақ оның қандай өзекті мәселелерді арқау еткені айқын аңғарылады. Әлихан Бөкейхан бұл мақалаларды басқа жерде емес, отаршыл метрополияның дәл жүрегінде – Петербург қаласында, «Сибирские вопросы» журналында жариялады. 1908 жылы, туған жерден жырақта, бостандықтың дәмін татар-татпастан-ақ Самараға айдалып кетті.

**Тәуелсіздік туралы саяси шешім.** Әлихан Бөкейхан кезіндегі құдыретті Қазақ хандығының бірлігі мен күш-қуатынан айырылып, отарлық тәуелділікке қалай түскенін егжей-тегжейлі зерделеп шықты. Ол қазақ хандары мен сұлтандарының, ру көсемдері мен билерінің Ресей империясы өкілдерімен жазысқан хаттарын зерттей келе кейбірін газеттер мен арнайы жинақтарда жариялады. Сондай-ақ даланың тағы бір көшпелі элитасы – Кенесары хан бастаған қарулы көтеріліс туралы ел ауызындағы аңыз-әңгімелерді жинақтады. Әлихан Бөкейхан осы ізденістердің арқасында бірнеше келелі тұжырымдар жасап, ой қорытты.

Қазақтың бірлігі мен тәуелсіздігін сақтай алмауының ең басты себебін ол ел тізгінін ұстағандардың, тіпті ең қатерлі кездің өзінде, яғни жоңғар шапқыншылығы кезінде де ел ішінде ауызбірлік орната алмауынан көреді. Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан шығарған «Иртышъ» пен «Омичъ» газеттері. «Бұрынғы билеушілердің көпшілігі, – деп жазады Әлихан Бөкейхан, – күш-қуатының барлығын өзара талас-тартыс пен қырқысқа сарп етті» [4].

Алып Ресей империясымен алысып, байырғы тәуелсіздікті қарулы көтеріліспен қалпына келтіру мүмкін емес деп тұжырған Әлихан Бөкейхан «бұл жолды халықтың жаппай қолдауы да неғайбыл, Кенесары көтерілісінің жеңіліске ұшырауы – соның бір көрінісі» деп есептеді.

Алаш жетекшісі отаршыл империяны саяси тұрғыдан реформалап, федеративтік демократиялы мемлекетке айналдыру арқылы ғана қазақтың әуелі өзін-өзі билеп, кейін толық тәуелсіздікке қол жеткізуіне болады деп санады.

Ол мұның ұзақ та азапты жол болса да, ең дұрыс жол екенін көре білді. Сондықтан да 1905 жылы «Халық бостандығы» немесе Конституциялық-демократиялық партияның (кадет партиясы) Ақмола облыстық және Омбы қалалық комитеттерінің ұйымдастырушылары мен жетекшілерінің бірі болды.

Партия 1905 жылы 23 сәуір мен 17 қазандағы манифестердің аралығында дүниеге келді, бірақ аз уақытта-ақ Ресейдегі ең ірі әрі аса танымал оппозициялық ұйымға айналды. Кадеттердің бағдарламасы мен алға қойған мақсат-міндеттері қазақ халқының арман-тілегіне сай келді. Бұл партия «адамның жеке басына қол сұқпаушылықты; ұлтына, діни сеніміне, тегі мен жынысына қарамастан азаматтардың теңдігі мен бостандығын қамтамасыз етуді; халық өкілдіктеріне де, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына да жалпыға бірдей, тең, төте және құпия сайлау құқығын жүзеге асыруды; жер реформасын заңнамалық тұрғыдан шешуді, ұлттық талаптарды әділ орындауды» талап етті.

**«Қарқаралы петициясы» – демократия айбыны.** Тәуелсіздікті байырғы хандық басқару институттары негізінде қалпына келтіруді Әлихан Бөкейхан дұрыс деп санамады. Сол себепті де ол өзгеше стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыруға ұмтылды. Бұл ұмтылыстарының бір парасы «Қарқаралы петициясы» деген атпен тарихта қалған 1905 жылғы «Қазақтардың петициясында» көрініс тапты.

«Қазақтардың петициясының» басты ұйымдастырушы және негізгі ауторы Әлихан Бөкейханның қазақ халқының бейбіт саяси талаптарын орыс императорына дереу поштамен жіберуді қолға алғаны туралы оның «Дала өлкесіндегі сайлаулар» деп аталатын очеркінде жан-жақты айтылады.

Әлихан Бөкейхан бұл талаптарды Петербургтің «Сын отечества» газеті мен Омбының «Иртыш» газетінде жариялап, оларды өзі редакциялап шықты. «Қазақтардың петициясының» төртінші тармағында «қазақ отырған жерлердің қазақтың меншігі болып саналатынын патша өкіметінен мойындауды» талап еткен Әлихан Бөкейхан «жерсіз мемлекет болмайды» деген ұстанымда болды. Қазақ жерін сақтап қалу және Ресейдің қазақ жеріне орыс шаруаларын орналастыруына жол бермеу мақсатындағы қажырлы күресті ол Санкт-Петербургтегі оқуынан Омбыға оралысымен бастап кетті.

Қазақ халқы петицияда қазақ балалары білім алатын барша бастауыш мектептерге ана тілі мен жазуын енгізуді, қазақ тілінде газет шығарып, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді талап етті. Әлихан Бөкейхан кейінірек сырттан таңылған жат заңдармен емес, қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық ерекшеліктеріне сай келетін жосын-жоралғылар бойынша үкім шығаратын қазақтың байырғы билер сотын қалпына келтіруді ұсынды. Бұл ретте мысал ретінде Англиядағы сот билігін алға тартты. Ол үшін билер мен билердің сот билігін әкімшілік билікке тәуелсіз ету қажет деп санады.

«Алаш» қозғалысының стратегиялық мақсаттарының бірі – Дала өлкесіне «земство», яғни жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жаппай енгізу. Земство енгізілген жағдайда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі күшейіп, белгілі бір аумақта жиналған салықты мектеп, аурухана, жол және тағы да басқа маңызды әлеуметтік нысандар құрылысын жүргізуге, яғни жергілікті инфрақұрылымды салып, дамыту мүмкіндігі болатын еді.

Мемлекеттік Думада тиесілі заң қабылдау арқылы Дала өлкесіне жаппай земство енгізуге ұмтылған Әлихан Бөкейханның түпкілікті көздегені қазіргі қазақ мемлекетін, оның берік іргетасынан қалау еді.

**Алаштың – алаш жұртының басшысы.** Осынау стратегиялық мақсаттарға жету жолында ұлттық зиялы қауымға да, қарапайым бұқара халыққа да жақын идея ауадай қажет еді. Әлихан Бөкейхан қазақтарды руға да, жүзге де жіктемеді, әлеуметтік мәртебесіне де, біліміне қарай да бөле-жармады. Қазақты біртұтас халық ретінде көргісі келді. Осы орайда ол ұсынған Алаш атауы ұлтты ұйыстыруға мұрындық болатын тамаша идея болып шықты. Бұл идеяны Әлихан Бөкейхан Алаш қозғалысы пайда болғанға дейін-ақ әрдайым айтып жүрген еді. Сонау 1910 жылдың өзінде-ақ «Қазақтар» деп аталатын тарихи очеркінде қазақтардың соғыс ұраны «Алаш деген мифтік тұлға» екенін атап өткен болатын.

1913 жылы жазған «Қазақтың тарихы» деп аталатын мақаласында Алаш атауына тереңірек тоқталып, Алаш атауының астарында «жетекші» деген мағына жатқанын айтады. «Жошы ханды халық «Алаш» деп атап кетті. Бұл «Алаштың – алаш жұртының басшысы» екенін білдіреді» деп жазады [5].

1917 жылы қараша айында өткен Құрылтай жиналысының сайлауында қазақтардың басым көпшілігі «Үш жүз» партиясын емес, «Алаш» партиясын қолдады, сөйтіп «Алаш» партиясы 43 депутаттық мандатты иеленді. «Алаш» Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан 1937 жылы шілде айында тұтқындалған кезде өз қолымен толтырған анкета. Ол Қазан төңкерісінің қарсаңында Ресейдегі елуге жуық партияның ішінде сегізінші орында тұрған еді [6].

**Демократ – Әлихан Бөкейханов.** Әлихан Бөкейхан шынайы демократтық жолға түсті. Шынайы саясаты бағамдай білетін ол өз елінің Ресей федеративті парламенттік республикасының құрамында болашағы болмайтынын аңғарды.

Алаш көсемі 1917 жылғы Ақпан төңкерісі кезінде Батыс майданның тылында жүрген болатын. Күтпеген төңкерістен кейін ол Орал облысы мен Бөкей ордасында қазақ сиездерін ұйымдастырып, өткізу үшін майданнан Шафқат Бекмұхамедұлы мен Уәлидхан Танашұлын жібереді. Оларға сиезде қазақтың белгілі ақыны, күйші, Орынбор кадет корпусының түлегі, Әбілхайыр ханның беделді тұқымы Шәңгерей Бөкейұлын жетекші етіп сайлауды аманаттайды.

Аманатты мойындарына алғанда еш қарсылық білдірмеген бұл екеуі неге екені белгісіз Бөкей ордасына барар жолда Шәңгерейге қарай ат басын бұрмаған. Әлихан Бөкейхан осы аманат арқылы Орынборда өтетін жалпықазақ сиезінде Шәңгерей Бөкейұлын «Алаш» жетекшісімен тепе-тең жағдайда Алашорда автономиясы үкіметінің (Халық кеңесі) төрағасы қызметіне нағыз демократиялық сайлау жолымен дауысқа түсіруді көздеген болатын.

Алайда съезде онымен бірге басқа екі кандидаттың – Әлихан Бөкейханның ұсынысы бойынша Екінші Дума депутаты Бақыткерей Құлманов пен Айдархан Тұрлыбаевтың дауысқа түскені белгілі. Әлихан Бөкейхан бұл ұсыныстарынан Қазақстанда демократиялық сайлау дәстүрінің негізін қалағысы келгені байқалады.

**«Қазақтардың петициясы – халық бостандығы жолында.** Ол бұл жолдың ұзақ, тар жол тайғақ кешу, бірақ ең сенімді екенін алдын-ала білген. Сондықтан, Әлихан Бөкейхан ынтымақтастық орнатып

қана қоймай, 1905 жылдың қазанында Бағдарламалық мақсаттары мен міндеттері тілектері мен тілектерін бейнелейтін «Халық бостандығы» партиясының немесе Конституциялық-Демократиялық партияның Ақмола облыстық және Омбы қалалық комитеттерін ұйымдастырушылар мен жетекшілердің бірі болды. қазақтар. Әлихан Бөкейхан тәуелсіздіктің қалпына келуін бұрынғы ханның басқару институтымен архаикалық және үмітсіз деп санады. Сондықтан да ол өзінің мақсаты ретінде келесі стратегиялық міндеттерді шешуді қойды, олардың кейбіреулері әйгілі «Каркаралинская» деген атпен танымал 1905 жылы «Қазақтардың петициясында» көрініс тапты.

Алаш қозғалысы мен оның жетекшісінің стратегиялық мақсаттарының бірі – Дала аймағында земство деп аталатынды кеңінен енгізу болды, бұл жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мектеп салуға жиналған салықтардың едәуір бөлігін иеліктен шығаруға мүмкіндік берді, ауруханалар, жолдар және басқа да маңызды әлеуметтік-мәдени нысандар, яғни жергілікті инфрақұрылымды дамыту. Қазақтың ұлттық көшбасшысы земствоны тек жергілікті өзін-өзі басқару органдарына ғана емес, сонымен бірге болашақ ұлттық мемлекетке ұлттық басқарушы кадрларды даярлаудың ұстазы ретінде қарады. Мемлекеттік Думада тиісті заң қабылдау арқылы дала өлкесіне земство енгізуге ұмтылып, Әлихан Бөкейхан ұзақ мерзімді мақсат – заманауи қазақ мемлекетінің құрылысын берік іргетастан бастауды мақсат етті. 1834 жылғы заңның күшін жою арқылы қазақтарға әскерге шақыруды енгізу, оған сәйкес қазақтар әскери қызметтен босатылады, бұл «Алаш» көсемінің стратегиясындағы тағы бір маңызды сәт болды.

Ол өзі редакциялаған «Ертіс», «Омич» және «Дала дауысы» газеттерінің беттерінде қазақтарды Сібір мен Земствоны енгізу үшін күресуге қызу шақырған және үгіттеген отаршылдық дәуіріндегі саясаткерлердің бірі болды. Дала өлкесі, негізсіз, қазақтар мен қазақтардың бірлесіп земствоға әлдеқайда тиімді және тезірек жететініне сенеді. Әлихан Бөкейхан өзінің сайлауалды бағдарламасына Дала өлкесіне земство енгізуі және әскери қызмет атқаруы туралы сұрақтарды 1906 жылы Бірінші Мемлекеттік Думаға сайлау кезінде енгізген. Қазақтарды әскерге шақыру мәселесінде Әлихан Бөкейханның дұрыстығы мен көрегендігі 1917-1919 жылдардағы оқиғалармен толық дәлелденді, бұл кезде Алаш-Орда автономиясына «халықтық милиция» қажет болды. Өздеріңіз білетіндей, казак әскерлері 1918-1919 жылдары Кеңестердің Қызыл Армиясына қарсы сәтті шайқасқан бірнеше қазақ полктерін жедел түрде оқытып, жабдықтауға көмектесті.

**Саяси кемел қайраткер.** Әлихан Бөкейханның адамшылығы, қайраткерлігі мен кісілік қасиеттерімен ерекшеленді. Ол пікірлестері мен жолдастарының еңбектерін қай уақытта да орынды бағалай білді. 1914 жылы оның серіктестері әрі достары, сол кезде Орынбор қаласында шығып тұрған. Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы «газет бетінде үкіметке қарсы мақала жариялады» деген желеумен тұтқынға алынды.

Бұл оқиғаны жеделхат арқылы білген Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетінің келесі нөміріне «Ұят!» деген мақала жариялап, Алаштың біртуар азаматтарына қолдау көрсетті. Өзінің де Самара губерниясында айдауда жүргеніне алты жыл болғанына қарамастан «Алаш» көсемі пікірлестеріне тілекші екендігін осылайша танытты.

Әлихан Бөкейхан қарапайым өмір сүрді. Ол тұтқынға алынып, 1937 жылы атылып кеткенде, қызы Елизавета мен немересі Ескендірге Мәскеудің коммуналдық пәтерінен бір бөлме мен кітаптар, фотоальбом, бірқатар қолжазбалары, сондай-ақ... қазір Алматыда өмір сүретін немере туысының қолында сақтаулы тұрған насыбай шақша ғана қалды.

Әлихан Бөкейханға да, оның қыздарына да, немересі Ескендірге де ата-баба жерінен топырақ бұйырмады. Барлығы Мәскеуде жерленді. Тек таяуда ғана Алаш көсемінің күйеу баласы, 1920 жылдардағы ірі мемлекет қайраткері Смағұл Сәдуақасов денесінің күлі Мәскеуден Астанаға әкелінді. Бірақ әлі күнге дейін оны қайда жерлеу мәселесі шешілмей отыр.

Әлихан Бөкейхан саясаткер ретінде көрегендігімен, икемділігімен және прагматизмімен ерекшеленді. Ол реалист саясаткер болған. Сол кезеңдегі Ресей империясының көптеген саясаткерлері мен партияларының жетекшілерінен айырмашылығы, оған жарқын, бірақ популистік ұрандар мен декларациялар мүлдем жат болды. Ол өзін дәстүрлі билеушілердің ұрпағы ретінде анық көрді. Ол өзін даланың дәстүрлі билеушілері – Шыңғысидің ұрпағы ретінде айқын таныды және өзін халық тағдыры үшін жауапты деп санады. Ол отандық тарихты, бір кездегі қуатты Қазақ хандығының біртұтастығынан және, тиісінше, биліктен айрылып, отарлық тәуелділікке қалай душар болғанының тарихи, объективті және субъективті себептерін егжей-тегжейлі зерттейді. Ол бірнеше қайғылы, бірақ өте маңызды тарихи және, ең бастысы, саяси тұжырымдар жасайды. Ол қазақтардың бірлігі мен тәуелсіздігінен айырылуының басты себебі алдыңғы билеушілердің өз рулары мен жүздерін тіпті өлімші жау – жоңғарларға қарсы біріктіре алмауынан деп санады. «Бұрынғы билеушілердің көпшілігі, – деп

жазды Әлихан Бөкейхан, – уақыт пен күш-жігерді араларындағы зорлық-зомбылық пен араздыққа жұмсады».

Әлихан Бөкейхан өзінің алдындағылардың қателіктері мен өрескел қателіктері үшін барлық кінәні және жауапкершілікті – барлық ата-бабалардың қателіктері мен қателіктері үшін алды, өйткені олар тәкаппар, бостандықты сүйетін, өзіндік және миллиондаған көшпенді халықты ешқандай белгісіз күрес, құлдыққа түсті. Оның «хандардың ұрпақтары қазақтар алдындағы тұрақты борышы бар және мен тірі болған кезде, қазақтарға қызмет етуді тоқтатпаймын» деген сөзі, «Алаш» көсемі өзінің жауапкершілігін толық сезініп айтты. Және ол бұған соңына дейін адал болды.

Ғылыми жұмыста Әлихан Бөкейхан мұрасын зерттеуші «Азаттық» радиосының веб-редакторы, әлихантанушы-ғалым Сұлтан Хан Аққұлұлы еңбектері негізге алынды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Сұлтан Хан Аққұлы, «Алаш» қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханның туғанына 145 жыл толды. 4 наурыз, 2011. Қарау күні: 18.03.2021
2. [[https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_ash\\_leader\\_alikhan\\_bokeikhan\\_145\\_year/2327020.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_ash_leader_alikhan_bokeikhan_145_year/2327020.html) ]
3. Бөкейхан. Ә. Таңдамалы. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы – 1995
4. Бөкейхан.Ә.Шығармалары. VIII том.Астана, “Сарыарқа”-2016
5. Түрік баласы. Қазақтың тарихы. «Қазақ», 1913, № 2.
В эпоху возрождения, Никколо Макиавелли, в своем труде «Государь» выразил такую мысль «... врачи говорят, что в начале (её) трудно распознать, но легко излечить; если же она запущена, то ее легко распознать, но излечить трудно. Так и в делах государства: если своевременно обнаружить зарождающийся недуг, что дано лишь мудрым правителям, то избавиться от него нетрудно, но он запущен так что всякому виден, то никакое снадобье уже не поможет» [4]. Здесь понятно, что автор сравнивает коррупцию с болезнью, и говорит о влиянии коррупции на нашу жизнь. Уже в новое время с зарождением и формированием государственных механизмов и систем, которые мы видим в современности, зарождается и современное понимание коррупции, как незаконного использования чиновниками своих полномочий с целью личного обогащения. Томас Гоббс говорил о том, что коррупции подвержены не только чиновники, но и представители бизнес-элиты, ведь им выгодно подкупать чиновников для достижения своих экономических интересов, а в случае чего, они благодаря своему состоянию смогут откупиться от уголовного преследования. Шарль Луи Монтескье говорил о том, что использование власти в личных интересах, присуще человеку изначально с рождения. «Но известно, что уже по опыту веков, что всякий человек, обладающий властью, склонен злоупотреблять ею, и он идет в этом направлении, пока не достигнет положенного ему предела» [5]. И в наше время высказываются различные мысли о происхождении и сущности коррупции, для целостного представления об этом понятии, нужно рассмотреть коррупцию с трех, на мой взгляд оптимальных точек зрения, а именно с политической, социальной и экономической.

В социологии, понятие «коррупция» трактуется как патология общества, дающее начало всякого рода деструктивным и опасным формам, взаимоотношений между членами общества. В наше время существует официальная система государственного управления, коррупция выступает в роли второй, скрытой, неофициальной системы, которая была порождена тем, что номинальная система давала сбои и не справлялась со своими задачами. В этом плане, коррупционные деяния представителей власти, являются девиантными, и представляют угрозу для всего общества. Основой такого понимания коррупции является теория рациональной бюрократии Вебера, а так же структурно-функциональный подход и теория социальной аномии Парсонса и Мертона. Вебер утверждал, что у государства есть инструмент управления обществом, и этим инструментом выступает бюрократия. Именно поэтому бюрократия должна функционировать исправно, основываясь на принципе формальной рациональности. Данная рациональность подразумевает «развитие и превращение современного чиновничества в совокупность трудящихся, высококвалифицированных специалистов духовного труда, профессионально вышколенных многолетней подготовкой, с высокоразвитой сословной честью, гарантирующей безупречность, без чего возникла бы раковая опасность чудовищной коррупции и низкого мещанства» [6].

С точки зрения политологии, коррупция выступает в роли политического феномена, который разрушает политическую структуру социума. В политологии изучение коррупции преимущественно сосредоточено на властных отношениях, то есть на том, как и почему власть переходит от человека к человеку, почему люди борются за власть и как в личных интересах используется эта власть. Основными участниками этой борьбы за власть выступают высшие слои общества, как раз таки контролирующие общественные процессы и держащие в своих руках политическую власть. Особенно ярко коррупционные отношения проявляют себя на выборах, когда кандидаты дабы сохранить свое место либо же занять место другого, начинают подкупать избирателей, либо же тех лидеров мнений, чье мнение ценится среди избирателей. В политологии одной из основных причин распространения и развития коррупции является слабое гражданское общество, когда граждане не участвуют в политической жизни государства, это создает благоприятный климат для коррупционной деятельности. А если же граждане напротив, активно участвуют в политической жизни, то коррупции становится гораздо сложнее расправлять свои щупальца в таком сознательном гражданском обществе. Поэтому такие политологи как Хантингтон и Дюверже, предлагают метод относительно других являющийся более действенным, он заключается в развитии политического сознания граждан и укреплении различных институтов государственной власти. Хантингтон пишет «Коррупция находится в обратной зависимости от степени политической организации» [7].

В экономике сформировался другой взгляд в вопросе изучения коррупции. Суть данного взгляда заключается в том, что коррупция является рациональной разновидностью человеческого поведения, направленной на нахождение оптимального способа реализации различных интересов в условиях ограниченности ресурсов. Трауинн Эггертссон изложил достаточно интересную модель коррупционных отношений, она выглядит так, «принципал -агент» [8]. Суть заключается в том что существует взаимоотношение трех лиц, принципала, агента и клиента. Принципал выступает в роли лица, у которого есть намерения и средства достижения этих намерений. Чаще всего это какие-то государственные органы или же само государство. Агентом в данной модели выступает человек, которому принципал доверил выполнение каких либо задач, естественным является компетентность агента в порученных ему вопросах. Клиентами являются люди, заинтересованные в том, чтобы как можно эффективнее достичь своих целей, зная о незаконности своих действий. При такой модели, клиент обогащает агента, а агент в свою очередь помогает клиенту в достижении цели, и все это происходит без взора принципала, ведь все действия являются незаконными. В этом плане экономика не оценивает моральную составляющую коррупции, с точки зрения экономики, важен лишь результат.

Подводя итог, хотелось бы отметить тот факт, что с самого зарождения государственности и по сей день, не существует ни одного государства, полностью победившего коррупцию. Человечество не сможет победить коррупцию, сохранив при этом базовые права человека, ведь коррупционеры, зная о различных мерах борьбы с коррупцией, придумывают все более совершенные методы получения и сокрытия коррупционных средств. На мой взгляд, коррупция может быть побеждена только при тотальном контроле граждан со стороны государства, когда перемещение и действия гражданина фиксируются государством. Примером тому может служить система социального кредита, введенная в пилотном режиме в некоторых городах Китая, на данный момент она показала свою эффективность. Что же касается искоренения коррупции без ограничения или ущемления свобод человека, то это представляется невозможным, ведь сама сущность человеческой природы, сформированная эволюцией и инстинкты, включающие в себя запас ресурсов, не позволяют человеку, имея власть и доступ к общественным благам, не использовать их в своих интересах. Конечно же существуют исключительные люди, которые имея возможность разбогатеть безнаказанно, все же не пользуются этим, всеми силами выполняя свою работу максимально честно. Но это лишь исключения, в большинстве случаев, человек имеющий власть поддается деструктивным чувствам и начинает наживаться преступным способом за счет других людей. Итак, коррупция по моему мнению является неискоренимым явлением, сопровождающим человечество на протяжении всей истории его существования, единственным методом искоренения является тотальный контроль со стороны государства, но это нарушает свободы человека, а так же не факт что лица управляющие системой тотального контроля не будут использовать его как способ совершения незаконной коррупционной деятельности.

#### Список литературы

1. Ванцев, В. А. Основные этапы развития понятия коррупция // Следователь, 2006. – №8 – С. 34.
2. Графский В. Г. Всеобщая история права и государства – 2-е изд. – М.: Норма, 2007. – С. 190.
3. Платон. Государство. Законы. Политик. – М.: Мысль, 1998. – С. 273 – 274.
4. Макиавелли Н. Государь. Н. Макиавелли. Избранные сочинения / Пер. с итал. Г. Маравьевой и др. – Калининград: Янтарный сказ, 2000. – С. 14.
5. Монтескье Ш. Л. О духе законов. М.: Мысль, 1999. – С. 137.
6. Вебер М. Политика как призвание и профессия. Избранные произведения. – М.: Прогресс, 1990. – С. 657.
7. Хантингтон С. Политический порядок в меняющихся обществах. М.: Прогресс-Традиция, 2004. – С. 87.
8. Эггертссон Т. Экономическое поведение и институты. – М.: Дело, 2001. – 408 с.

## ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ АЛХИМИЯ: ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Қалила Ж.З.

Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығының 2-курс студенті

Ғылыми жетекші: PhD доктор, оқытушы Балабекұлы Д.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Аңдатпа:** Бұл зерттеу мақаласында Философия және Алхимияның ұқсастық пен айырлашылық мағына мәндері, түпкі ойлары, заңдылық негіздері айқын екені көрсетілген. Еуропа елдерінің алхимиктерінің ой пікірлері мен металдар планетамен Алхимияға байланысы. Философияның басқада ғылымдармен қатар дамуы, негізгі бөлімдерінің философиядағы орыны. Яғни оның шығу тарихы мен даму кезеңдері кейбір әлем ойшылдарының маңызды көзқарастары және де нақты дәлелдерге сәйкес толыққанды жазбаларға тұспа-тұс келетіндігін көруге болады.

**Түйін сөздер:** Алхимия, философия, Еуропа елдері, алхимиктер, философия бөлімдері, металдар планетамен байланысы.

Алхимия [араб. al-kīmījā ' – философтың тасы, құпия өнер]–б.з. д. II-VI ғасырда Египетте пайда болған, металдарды зерттеумен, оларды бағалы металдарға айналдырумен айналысқан бағыт. Бастапқыда алхимия сиқыршылықпен көбірек байланысты болды. Алхимиктер табиғат пен адам арасындағы байланысты табуға, металдарды алтынға айналдыратын және барлық ауруларды емдейтін философ тасын табуға тырысты. Ағылшын философы Роджер Бэкон алхимияны кейбір металдарды басқаларына айналдыру ғылымы ретінде анықтады[1-28Б]. Алхимик Дионисий Захариус алхимияны табиғи философияға жатқызды. Басқа ғалымдар оны өнер деп атады. Алхимия мен химия-бір ғылымның саласы емес. Химия алхимиядан шыққан деген пікірді көптеген ғалымдар жоққа шығарады. Алхимиктер қолданған металдар алхимияның дамуына дейін белгілі болған. Негізгі мақсаттар-қарапайым металдарды алтынға айналдыру және философтың тасын іздеу – қол жеткізілген жоқ. Осының бәрімен, өз тәжірибелері кезінде алхимиктер бірқатар маңызды жаңалықтар ашты.

Араб алхимиктері: Араб алхимиктері 7 ғасырда Египетті арабтар жаулап алды. Олар «әл» (al) префиксін қосты. Алынған Al-Khemia сөзі қара жерді білдірді. Содан кейін арабтар Испанияға келіп, Батыста алхимияны таратты. Қытайдағы алхимия :Сонымен қатар, алхимия ежелгі Қытайда дамыды. Ол көбінесе қытай медицинасына және екі бастама – инь мен ян идеясына сүйенді. Алхимиктер ян ұзақ өмір сүреді деп сенді. Янның көп мөлшері алтын мен киннабарда кездеседі(басқа грек тілінен. κιννάβαρι, лат. cinnaabari – қызыл минерал, күкірт сынабы). Сондықтан қытайлар өздерін осы элементтердің заттарымен қоршап қана қоймай, оларды жеді. Алхимиктер 丹 табу немесе жасау керек деп сенді (кит. 丹 (dān) – даос. «философиялық тас»). Олар философиялық тас кез-келген затты қымбат металға (алтын немесе күміс) айналдыра алады, тас иесіне мәңгілік жастық сыйлай алады деп сенген. Үндістанда алхимия расаяна деп аталды (санскр. Rasāyana – «рух, мәні, мәні»). Үнді алхимиктері негізінен шөптерді өмірді ұзарту, барлық ауруларды емдеу үшін қолданған. Үнді алхимиясы рухани тәжірибелермен тығыз байланысты. Алхимиктер Шиваның тіршілігімен байланысты сынап сульфидін алуға тырысты.

Осы өмірлік күшті пайдаланып, сіз Шива бола аласыз деп сенген еді. Еуропалық алхимия Еуропада алхимия 13 ғасырда бағыт ретінде дами бастады. Еуропалық алхимиктер өз тәжірибелерін жасырын түрде жүргізді. 1317 жылы Рим Папасы Иоанн XII алхимиямен айналысуға тыйым салды[1]. Дегенмен, көптеген билік иелері кез-келген затты алтынға айналдыра алатын философтың тасын алу үмітімен алхимиктерге қамқор болуды жалғастырды.

Араб, Қытай, Үнді, Еуропа елдеріндегі атақты алхимиктер








Араб алхимиктері:	<ul style="list-style-type: none"><li>• Айюб әл-Рухави;</li><li>• Әбу Мұса Джабир ибн Хаян;</li><li>• Джабир ибн Хаян;</li><li>• Әбу Әли әл-Хусейн ибн Абдаллах ибн Сина;</li><li>• Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Закария Ар-Рази.</li></ul>
Қытайдағы алхимиктер:	<ul style="list-style-type: none"><li>• Цзоу Ян;</li><li>• Ко Хун;</li><li>• Хуан Ди;</li><li>• Лао-цзы;</li><li>• Вэй Боянг.</li></ul>
Үндістанның алхимиктері:	<ul style="list-style-type: none"><li>• Нагаржуна;</li><li>• Мадхава;</li><li>• Горакшанат</li></ul>



Еуропалық алхимия:	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұлы Альберт;</li> <li>• Роджер Бэкон;</li> <li>• Василий Валентин;</li> <li>• Николас Фламель;</li> <li>• Джованни Фиданза;</li> <li>• Парацельс;</li> <li>• Вензель Сейлер;</li> <li>• Джон Исаак Голланд;</li> <li>• Иоганн Фридрих Боттгер.</li> </ul>
--------------------	--

[1, 24-33 б.]

Алхимиктер металдар планеталармен тығыз байланысты деп санайды. Олар металдарға планеталардың аттары мен белгілерін берді: алтын (күн) – Q; күміс (Ай) – R; сынап (Меркури) – S; мыс (Венера) – T; темір (Марс) – U; қалайы (Юпитер) – V; қорғасын (Сатурн) – W [1,21].

	– күміс, Ай,		– от
	– сынап (Меркури)		– ауа
	– мыс (Венера)		– су
	– алтын (күн)		– жер
	– темір (Марс)		– күкірт
	– қалайы (Юпитер)		– философиялық тұз
	– қорғасын (Сатурн)		– (философиялық тас)

[1,21.Б]

Парацельстің айтуынша, бұл металдар өздеріне берілген планеталарда пайда болған. Ғалымдар барлық металдарда барлық заттарды құрайтын екі негізгі принцип бар деп санайды – бұл күкірт (ақыл, жігерлік) және сынап (рух, өміршеңдік). Алхимиктер күкірт металдың түсін, оның беріктігін, тұтану қабілетін және басқа металдармен қосылыстар түзуді білдіреді деп сенді. Сынап–бұл металдың жылтырлығы, оның газ тәрізді күйге өту қабілеті (өзгергіштік), балку және пішінін өзгерту.

Кейінірек Парацельс және неміс алхимигі Василий Валентин сияқты алхимиктер үшінші бастама – тұзды енгізді. Алхимиктердің жаңалықтары Минералды қышқыл; Мырыш; Сұр мышьяк; Амальгам (сынап пен металл қорытпасы); Фосфор; Фарфор өндіруге арналған минералдар (соның арқасында алғашқы еуропалық фарфор жасалды); ауруларды емдеу үшін химиялық заттарды қолдану (кейінірек олардың негізінде антибиотиктер жасалады) және т.б.

Философия сөзі филое жақсы көремін және софия даналық деген сөздерден тұрады. жалпы айтқанда даналыққа құштарлық немесе даналқты жақсы көремін деген мағына береді. Сондықтан да Философия ілімі ол даналық ілімі деп санасақ артықтық еспеспіз. Философия – білім мен рухани қызыметінің ерекше түрі «Философия» сөзі әр жеке тұлғаға немесе адамға әртүрлі етеді себебі әр адамның ойлау өрісі әртүрлі. Философия терминінің қандай мағына беретіні нақты бір тарихшы немесе философтың нені маңызды нені дәйекті деп санағанына байланысты болды. Бұл тұңғыш философия тарихшысы болған Аристотельге де, философияны мінсіз қалыпқа жеткізгендіктен өзін соңғы ойшыл болармын деп сенген Гегельге де тән. Екеуінің философия табиғатына деген көзқарасы екі түрлі. Дегенменде Аристотель мен Гегелдің философиялық прогресс жайындағы ойлары немесе түсініктері бір еді. Аристотель өзінің «Метафизикасының» бірінші кытабында өзіне дейінгі ойшылдардың жазып қалдырған еңбектерін қарастыра отырып оларды өзі мазмұндауға тиіс болған алғашқы қадам деп санаған болатын [Антика философия-46]. Философияның тарихы тереңде жатыр философия бір мезгілде біздің заманымызға дейінгі 6 ғасырда пайда болған ежелгі Греция, Қытай, Үндістан жерлерінде. Философия

негізінен өмірлік қажеттіліктерден туындаған ғылым. Философия сол замандағы басқада ғылымдармен қатар дамып отырды астрономия, математика, геометрия, медицина

### Философияның негізгі бөлімдері

<b>Онтология</b>	Онтология (грек тілінен аударғанда: <b>ontos</b> -болмыс, <b>logos</b> – ілім деген мағына береді) – болмыс туралы, оның формалары мен іргелі принциптері туралы, болмыстың жалпы анықтамалары мен категориялары туралы ілім болып табылады.
<b>Гносеология</b>	Эпистемология (грек тілінен аударғанда: <b>gnosis</b> -білім, <b>logos</b> -ілім деген мағына береді) – таным табиғатының мәселелерін, білімнің шындыққа қатынасын зерттейтін, танымдық процестің ақиқатының жалпы алғышарттары мен шарттарын анықтайтын философия бөлімі болып табылады. Таным теориясы болып табылады, яғни әлемді бөлу теориясы. Мұнда білімнің табиғаты, оның көздері, таным процесінің өзі, оның формалары туралы сұрақтар қойылып, талқыланады.
<b>Философиялық антропология</b>	Философиялық антропология-адамның ең жалпы және маңызды мәселелерін зерттейтін философия саласы. Бұл адамның идеясын әлемдік эволюцияның саналы серіктесі ретінде анықтайды және де өз қызметінің нәтижелеріне жауап береді. Тұтастай алғанда субъективті фактор деңгейіне жоғары талаптар қояды және жеке тұлғаның кәсіби, адамгершілік және рухани қасиеттерін алға тартады. Оның өзін-өзі тануы мен рухани саланы реттеу және өзін-өзі реттеу тетіктерін анықтау, ақыл-ойдың жұмыс істеуі туралы білімді игеру, өз қызметінің нәтижелеріне бақылау орнату болып табылады.
<b>Логика</b>	Логика (грек тілінен аударғанда: <b>logos</b> -ілім; сөз; ұғым; пайымдау; ақыл деген мағыналар береді) – «формальды логика» мағынасында (негізін қалаушы Аристотель болған) – ұтымды таным үшін қажетті ойдың жалпыға бірдей қолданылатын нысандары мен құралдары туралы ғылым. Логика дұрыс ойлаудың негізі ретінде ойлау туралы ғылым болып табылады. Ол сананың ресми дәлдігін және оның мазмұнының объективтілігін арттыруға қызмет етеді. Логика ойдың дедуктивті және индуктивті процестерімен анықталады.
<b>Этика</b>	Этика-адамгершілік, мораль туралы философиялық ілім. Этикалық мінез-құлық этикалық құндылықтарды жүзеге асырудан тұрады.
<b>Эстетика</b>	Эстетика-құбылыстардың өзара байланысты өзіндік шеңберін зерттейтін философиялық пән. Эстетика адамның әлемге құндылық қатынасының көрінісі ретінде эстетиканың табиғаты мен өзіндік ерекшелігін, эстетикалық құндылықтардың дифференциация заңдылықтарын және т.б. өз кезегінде эстетика адамдардың көркемдік қызмет саласы ретінде көркемдік әрекетті, оның генезисі мен динамикасын, құрылымы мен көркемдік ерекшелігін, мәдениеттегі көркемдік орнын және т. б. зерттейді.
<b>Әлеуметтік философия</b>	Әлеуметтік философия-қоғамның қызметі мен дамуының жалпы мәселелерін зерттейтін философия бөлімі. Философия жеке тұлғалардың ғана емес, тұтастай қоғамның дүниетанымын қалыптастырады, іс-әрекеттерде оның идеалдары, ұмтылыстары, мақсаттары мен міндеттері көрсетілген белгілі бір әлеуметтік күштерді көрсетеді. Қоғам тарихында философиялық ойлаудың жаңа деңгейіне көшу әрқашан терең әлеуметтік және саяси өзгерістерге дайындық болып табылады.
<b>Саяси философия</b>	Саяси философия-бұл саясатты тұтастай, оның табиғатын, адам үшін маңыздылығын, жеке тұлға, қоғам және мемлекеттік билік арасындағы қатынасты зерттейтін және идеалдарды, сондай-ақ саясатты бағалаудың жалпы критерийлерін жасайтын білім саласы.

[4,149 б]

Философия және Алхимия : ұқсастықтары мен айырмашылықтары Ұқсастықтары:

1. Философия үшін де, алхимия үшін де қоршаған әлем мен адамды білуге деген ұмтылыс тән.
2. Философия мен ғылымда ұтымды, логикалық негіздеме қажет Философия болмыс пен ойлаудың ең жалпы заңдары туралы ғылым ретінде танылғандықтан, ол табиғи немесе гуманитарлық пәндерге қатысты емес. Ол ғылымның осы түрлерімен зерттелген объектілерді не біріктіретінін зерттейді. Ал алхимия негізнен заттардың бір түрден екінші түрге ауысуын зерттеді және жаңа қосылыс алуды да.

Айырмашылықтары: 1. Философия да ғалымның тұлғасы оның қызметінің нәтижелеріне әсер етпейді; философтың дүниетанымы оның философиялық идеяларына әсер етеді. 2. айырмашылығы, философия тек білімге ғана байланысты емес, кейбір білім философтарды құрмайды. 3. Алхимияда-нәтижелердің жалпы мәні; жеке көзқарастың өзіндік философиясымен барлығына ортақ ештеңе болмайды. 4. Алхимияда білім жинақтау мен проблемаларды шешудегі прогресс айқын байқалады. Философияның проблемалары Мәңгілік, әркім оларды қайта шеше бастайды

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Левченков.С.И-кратки очерк истории химии Изд-во РГУ, 2006 г. – 107 с.
2. Батыс философиясының жаңа тарихы, 1-том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 408 бет.
3. Тотин Б.Қ.Философия кесте түрінде оқу-әдістемелік құралы 1 Қостанай, 2013-403с
4. Васильев С. Ф., Дёмин И. В. Барнаул 2014ж –[377б]
- 5.Қ.Әбішев. ФИЛОСОФИЯ оқулық 2001ж-263 б.

## МЫРЗАЛАР ЭЛИТАСЫ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ

**Қаниятов Ж.Т.**

*Философия мамандығы, 3 курс  
Ғылыми жетекші: филос.ғ.д., профессор Раев Д.С.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Мақаланың мақсаты – Қазақ философиясының негізінде Қазақ хандығы дәуірінде өмір сүрген әлеуметтік стратификацияның ерекше тобы – мырзалар элитасының әлеуметтік-саяси болмыстық континуумын негіздеу. Мақалада би-шешендер, жыраулар философиясындағы гуманистік-этикалық ойлар дамытылып, «мырзалардың» әлеуметтік-саяси мән-мәртебесі мен аксиологиялық тұғырнамасы жасалады. Бұл топтың хандық дәуірдегі интеллектуалды, батырлық, меценаттық әрекеттері сараланып, қоғамдық маңыздылығының аясында, мақаланың ғылыми жаңашылдығы – мырзалар элитасының классификациясы жасалады. Нәтижесінде, «мырзалық» қасиеттің ұлттық бірегейлікті сақтаудағы маңыздылығы мен әлеуметтік-саяси рөліне баға беруге қадам жасалады. Мақала қазақ философиясындағы «тұлғалық» мәселесіне қызығушылық танытқан студенттер мен жас ғалымдарға арналады.

**Түйін сөздер:** мырзалар, әлеуметтік стратификация, би-шешендер, қазақ философиясы.


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің өткен жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты кезекті халыққа Жолдауында ХХІ ғасыр болмысын сипаттай келе, «қазіргі әлем ...аса күрделі дағдарысты бастан өткеруде» -екенін айтып, елді саяси реформалау, Ұлт жоспарын жаңа арнаға бұру арқылы «халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру» міндетін жүктеп, «кәсіби және этикалық нормалардың құлдырауына жол бермей, сабақтастық пен институтционалдық дәстүрдің сақталуын қамтамасыз ету маңызды» [1], -деп көрсеткен болаты. Бұл біз көтеріп отырған мәселенің өзектілігіне басты мұрындық болмақ Жаһандану үдерісіндегі техногендік әлеуметтің қарқынды дамуы, ұлттық гуманитарлық ғылымдардың ретроспективті тұстарын, әсіресе қазақтың дәстүрлі қоғамында зор әлеуметтік-саяси құндылықтық мәртебеге ие болып, әлеуметтік-саяси ортада ел ынтымағы мен бірлігі үшін маңызды гуманитарлық қызмет атқарған, этнотоғыстырушы факторлардың бірегейі болған әлеуметтік институттарды қайта жаңғыртудың қажеттілігін туғызуда. Сол әлеуметтік-саяси институттың рухани құндылықтық мұраларын бүгінгі қоғамдық әлеуметтік құндылықтар бағдары айналымына енгізу – бүгінгі біз межелеген «кемел мемлекет» келешегінің рухани іргетасы болады дегенге сенім мол. Қазақтың дәстүрлі қоғамының әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды қызмет атқарған ерен элита – «мырзалар институтын» біз ұмытқанымызбен тарих ұмытпайды. Солардың ізгі мырзалық қызметі бүгінгі тәуелсіз, егемен қоғамның кемелденуінің, ұлттық бірегейлік пен әлеуметтік тұтастықтың тұтқасы болмақ. Ал соған сәйкес әл-Фараби іліміндегі «Кемел адамды», Абайдағы «Толық адамды», Шәкәрімдегі «ар-ұжданды» тұлғаны қалыптастыруға, елдегі гуманистік-этикалық принциптердің орнығуында аталмыш мәселенің маңызы өлшеусіз болары анық. Бұл мақалада көтерілген мәселенің өзектілігін айқындайтын басты фактор болмақ.

Алдымен «мырза» ұғымының семиотикалық табиғатына үңілетін болсақ, оның кең және мағынада қолданыста болғандығына куә боламыз. Мәселен, кей деректерде «мырза» ұғымы қазақ тілінде лингвистикалық тұрғыда қарастырылып, қаратпа сөз ретінде субьектаралық қатынастар мен халық арасындағы өзара қарым-қатынас формасыны белгілеу үшін қолданғаны байқалады. Осы ретте «мырза» категориясы лингвокогнитивиясы контекстінде жоғары әлеуметтік мәнге ие болған тұлғаларға айтылып, сыйластық пен құрметтік қызмет атқарғандығын байқай аламыз. Ал енді кеңмағынадағы мәніне зер салсақ, «мырза», «мырзалық, ұғымдарының мазмұны хақында «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясында тарихшы Н.Әлімбаев «мырза» сөзінің кең ауқымда этикалық мәнге ие болып, лауазымды, дәулетті, кең пейілді адамдарға бағытталғандығын жазады [2, 446 б.]. Энциклопедияда «мырзаның» этикалық мәненен бөлек, көшпелі ортадағы әлеуметтік жіктелудегі негізі ұғым ретіндегі маңыздылығына сипаттама беріледі. Н. Әлімбаевтың: «Өзінің атымтайжомарттығымен де, ел қамқоры бола білгендігімен де, шебер ұйымдастырушылығымен де, мәрттігі һәм батылдығы, адалдығы бек әділдігімен де ел-жұрттың арасында ерекше абыройға ие болған тұлға мырза атанады»[2, 446 б.], -деген ойларынан, мырзаның қоғамдағы әлеуметтік мәнін байқауға болады. Демек, бұдан «мырза» қоғамның әлеуметтік құрылымының құрамдас элементі немесе ерекше институты болды деп айтуға негіз шығады. Сонымен бірге, халық арасында «мырза» сөзі жомарттық, риясыздық, қамқорлық сияқты әлеуметтік ұғымдарымен синоним болып кеткен, оған дәлел «Қазақтың түсіндірме сөздігінде» мырза сөзі – жомарттық, қолы ашықтық, кеңпейілділік қасиеттері арқылы түсіндіріледі [3, 608 б.].

«Мырзалар» қауымының құрылымы жайлы сөз қозғай келіп, Г.Г Барлыбаева: «Қазақ қоғамында әлеуметтік болмыстың жоғарғы сатысында – ақсүйектердің тұрғандығы белгілі. Сұлтандар, төрелер

және қожалармен қатар, қоғамның ерекше әлеуметтік бөлігін мырзалар деп аталған билер, , батырлар, ақсақалдар құрады, олар да бодандарға билік жүргізді. Олардың алатын орны мен әлеуметтік мәртебесі мен рөлі тегі жағынан емес, жеке қабілеті мен сіңірген еңбегіне қарай анықталды. Аталмыш топтағылар, негізінен, қарасүйектің өкілдері, өздерінің бар күш-жігерлерін аянбай жұмсаудың нәтижесінде, осындай мәртебеге қол жеткізді» [4, 14 б.], -деп келтіреді. Бұл сөздерден қазақ қоғамындағы әлеуметтік стратификацияның ерекше бөлігі мырзалар қауымының әлеуметтік мәні генеологиялық-детерминистік фактормен емес әлеуметтік икемділігі мен пассионарлы қуатының нәтижесіне айқындалып, ақсүйектер элитасы билігіне альтернативті әсер етуші күш ретіндегі рухани-әлеуметтік бастамаларын байқай аламыз. Мырзалар болмысын қайта жаңғыртып, қоғамға ұсынудың маңыздылығы жайында Елбасы Н.Ә Назарбаев Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде «Тек өткен тарихымен ғана мақтанатын елдің болашағы бұлыңғыр. Әр буын өкілдері ата-баба даңқына даңқ қосып, абыройын арттырып, бүкіл дүние жүзі алдында беделін биіктете білген елдің ғана болашағы жарқын, мерейі үстем болады.» [5]., -деп келтіреді. Бұл ойлардан бабалардың азаматтық әрекеттері мен «тұлғалық» қасиеттерін ұлқытаудың маңыздылығын түсінеміз, соның нәтижесінде «мырзалар» болмысы туралы сипаттамаларын негізге ала отырып, мақаланың жаңашылдығы – мырзалар элитасының әлеуметтік функциясы мен рухани этикасофиялық маңыздылығы бойынша, классификациясы жасалды.

Мырзалардың азаматтық жауапкершілігі туралы профессор Раев Д.С «Қазақ шешендік өнеріндегі дәстүрлі мәдениет үшін би-шешендердің, хандардың, батырлардың, жыраулардың, данагөй, ақылман тұлғалардың рухани беделі жоғары болды, оған бүкіл қоғам, әлеумет, ел сенді, бас иіді, құрметтеді, ол тұлғалар бүкіл қоғамға бағыт-бағдар беріп отырды» [6, 96 б.],– деп жазады.



Интеллектуалды элита би-шешендер, ақсақалдар, жыраулар тобының өкілдерінен тұратын қазақ халқының рухани бағдаршамына айналды. Қазақ даласында би-шешендердің төрелік, қазылық әрекеттері аса сакральды мәнде болғаны ақиқат. Мәселен, А. Байтұрсынұлының: «Әділ билердің қолындағы, билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді» [7, 10 б.], – деп келткені соның дәлелі болмақ. Бұл әлеуметтік баға мырзалар қауымына да тән болған деп айтуға негіз бар. Өйткені олар да өз интеллектуалдық интенциясы әлеуетімен өздерін дәлелдеген қауым өкілдері болғанына тарих куә.

Мырзалардың өмірі елдік принциптерге негізделген саяси тәуекелдерге толы болды. Жоңғар қоңтайшысы Қалдан Сереннің әскері Ұлы жүз ханы Жолбарысты өлтіріп, Төле би бастаған жұрт Ташкенттен қуылады, ары қарай қайтпек керек екендігін ақылдаспаққа қазақ рубасылары Күлтөбе тауына жиналады, жиында Қарабек батыр әскерінің әлсірегенін айтып, жоңғарларға тізе бүгіп, бодандыққа өтуді ұсынады, сонда ашуға біткен Төле би:

Уа, көсіле шабар жерің бар, Арылмайтын сорың бар...

Ту көтерер ерің бар. Құлдық ұрсаң дұшпанға,

Қол боларлық елің бар, Еркек болып туды деп,

Атадан қалған жолың бар, Мына сені кім айтар?

-Құлдық ұрсаң дұшпанға [6, 216.б], – деп толғайды осы сөздерден кейін, Үш жүз әскер біріктіріп жауға қарсы қақтығыстары басталады.

Елдік принциптерді баяндауда Төле би көрегенділікке негізделген «Алдағы күндері халқымның күні қандай болмақ деп армандаймын» -деп айтқан шешендік мысал мен болжамдарында да мырзалардың саяси стохастикалық көзқарастарының сарыны жатқандығын байқаймыз.

Өз Тәуке хан билік еткен тұстан «Бірлігіңнен айрылма, бірлікте бар қасиет» деген сөздер, мырзаладың әлеуметтік ұстындарының көрінісі. Мемлекеттіліктің әр пұшпағын өз мүддесіне тартып,

жер-жерде жеке билік орнатуға тырысқан сұлтандараға Тәуке хан «Қара жер халық ие, қара халыққа хан ие» деген қағидатты ұстанып, билер мен батырлар рөліндегі мырзалаға арқа сүйеді [8, 118 б.]. Тәуке ханның потестарлық билікке арқа сүйеуі мемлекеттік басқарудың жүйеленген формасының алғышарты болды, елде билер кеңесі құрылып, оның иреархиясы жасалды, сол арқылы билік, төрелік студің нұсқаулығы «Жеті жарғы» пайда болды.

Хандық дәуірден бергі замандарда потестарлы билік мырзалардың қолында болды. Олар елдің бірлігінің, тұтастығының негізіне айналды. Би-шешендер, жыраулардан бөлек потестарлық биліктегі мырзалардың өкілдері – ақсақалдар. Олар рубасы қызметін атқарып, ру ішіндегі дау-жанжалдарды шешіп, рудың ішкі қатынастырын басқаумен айналысты. Ақсақалдардың әлеуметтік қызметі:

1. Әділ төрелік етіп, рудың тұтастығын бекіту (медиаторлық қызмет):

2. Ұлттық дәстүрді сақтап, келесі ұрпаққа аманаттау:

3. Ақсақал – ата-бабалар рухына жақындай түскен тұлға, ретінде қазақ халқында әлеуметтік мәртебеге ие болды.

Ақсақалдардың әлеуметтік қызметі хақында А.И.Левшин: «... егер ру басшысы сыйлы немесе құрметті болса, барлығы оған ақыл-кеңес алуға келеді. Барымта немесе басқа бір жорыққа аттанар алдында одан жол, бағыт сұрай келеді. Соңғы жағдайда жылқы немесе басқа түсі ақ малды құрбандыққа шалып алып келіп, оның кеңесіне келісетіндігін айтады...» [6], – деп жазған. Бұл сөздерден ру өкілдерінің кез-келген істі рубасы – ақсақалдың келісімінсіз жасамағандығын байқай аламыз. Ру ішіндегі қандай да бір игіс істің бастамасы ақсақалдың батасын алумен ғана басталатын болған.

«Абыз», «ақсақал» атау сөздеріне қатысты көрнекті жазушы қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза: »Дүйім жұрт сөзін тыңдап, пікіріне құлақ асқанды абыз дейді. Ауыл-аймаққа әмірі жүретінді ақсақал атайды. Ал елдік сананы қалыптастыра алмай, ауыл-аймақ күйбеңінің шырғалаңынан шыға алмай жүргенді «шал» деген болатын» [9], – деп келтіреді. Ақсақалдар кеңесі қазақ қоғамына тән институт. Елде «Қарты бар ел – қазынасы бар ел» деп бекер айтпаса керек, Ұлттық біргеіелікті сақтаудың маңызды алғышарты, Ақсақалдар кеңесінің бірлік, тұтастық мәселелері хақындағы мырзалық ойларын негіздеп, Ұлттық медиаторлық институт ретіндегі болмысын мемлекеттік негізде қайта қарау қажет.

Мырзалар қауымы, қазақ *дүниетанымындағы құндылықтар жүйесінің релятивті мәнге ие болып, оны қоғам мүшелерінің өзі жасайтынын түсінді*. Оның бастаушылары – жыраулар болды. **Жыраулар – экзистенциалды болмыстық тұлға**. Жыраулар қазақ халқының болашағын болжап, мемлекеттіліктің негізіне айналды. Жыраулар ханның кеңесшілеріне айналды, тарихта Бұқар жырау болмысы, ханды мадақтаушы әрі нұсқаушы образында берілгенімен, олар үнемі потестарлы таптың мүддесінің жағында болған.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастар: вертикальды, горизонтальды және геногенологиялық әдістермен жүзеге асқандығы белгілі. Жәнібек ханның кеңесшісі, Асан қайғының ханға айтқан мәлімдемесі, мырзалар арасындағы әлеуметтік қатынастың жаңаша түрі, себебі, ел бірлігін, тұтастығын, болашағын ойлаған Асан қайғы ханға аса ауыр мәлімдеме жасайды:

Ай, Хан ием, мен айтпасам, білмейсің,  
Айтқаныма көнбейсің.  
Шабылып жатқан халқын бар,  
Аймағын көздеп көрмейсің.  
Қымыз ішіп қызарып,  
Мастанып, кызып терлейсің,  
Өзіңнен басқа хан жоқтай  
Елеуреп неге сөйлейсің?! [10, 13 б.], –

осы шумақтарда Асан қайғы Жәнібекке хандық биліктің буына ермей, шабылып жатқан халықтың камын ойлуды нұсқайды яки, Әбілқайыр хандығынан іргесін ажыратып, жаңа хандықтың іргесін қалауға шақырады, тіпті, оның территориялды аумағын да айқындайды:

Тіл алсаң, іздеп қоныс көр,  
Желмая мініп жер шалсам,  
Тапқан жерге ел көшір,  
Мұны неге білмейсің!? [10, 14 б.], –

бұл жолдарда Асанның көрегендігі, елдік принциптерді негіздеуде тәуекелге баруды насихаттайды.

Мырзалар дүниетанымында туған жер, Отанның мүддесі құндылықтар жүйесіндегі маңызды орынға ие категория. Мырзалардың әлемді қабылдауы, уақыт пен кеңістік, тұрмыс мәні, адамгершілік мақсаттары ғаламның ұлттық бейнесі арқылы көрініс береді. Мырзалардың болмысы кеңістік көрінісі мен қуатын көбейтті. Қазақ халқы үшін мырзалар – хан мен қарашаның арасын жалғастыратын алтын көпір іспетті.

*Мырзалар үшін қазақ ұлтының өмір сүру кеңістігі – табиғат, мал-жаннның есендігі, жердің тұтастығы.* Осы орайда әлеуметтік қатынастарда тұрақтандырушы, меценатық қызметімен халық арасында әлеуметтік мәнге ие болған мырзалардың ерекше тобы – атымтай-жомарттар туралы айтуымыз қажет. Олардың болмыстық мәнін Ақтамберді жыраудың ойларынан анық байқауға болады:

Атымтай жомарт секілді  
Атағым жұртқа білінсе,  
Кеуде бір жерді көл қылсам  
Шөлең бір жерді көл қылсам  
Тентегін түзеп байқа деп,  
Ішінен биді сайлатсам.  
Құлым бір ұлдай киінсе,  
Көркімен көрген сүйінсе,  
Атымтай Жомарт секілді  
Атағым жұртқа білінсе! [10, 12 б.], –

деген шумақтардан жомарттықтың өте кең этикалық категория екендігін байқай аламыз. Ж.Ж Молдабеков «Бабалардың азаматтық жауапкершілігі – елдік пен ерлікті, достық пен бірлікті сақтайтын, туған жерде туыстық пен тұтастықты ту ететін үлгілі әрекеттерінен білінді» [5, 54 б.], – деген сөздерінен-ақ мырзалардың бойынан табылған асыл қасиеттердің бірі – жомарттық екенін байқай аламыз. Жомарттықтың қоғамдық өмірдің реалистік көзқарасының негізінде, ұлттық бірлік пен тұтастықты насихаттау идеясы жатқандығын байқай аламыз. Жомарттықтың бастаушысы болған мырзалар халық арасында өгендік, кеусен, шүлен тарату дәстүрлері арқылы танымал болды. Дәулеті асып, малы толған бай-мырзалар қора-қора малды ауыл тұрғындарының алдында айдап әкеліп, аз қамтылған, әлеуметтік осал топтың (жетім-жесір, кедей-кепшік, көпбалалы жанұяға, жатақтарға) бірін қалдырмай толғымен таратып беріп отырған. Тастанбай байдың асы, Қалбай шабандоздың таратқан шүлені, Жәнібек ханның шүлен тартуы, Абайдың Бөжей асын өз мойына алып, өзі ұйымдастырғаны, Қазыбек бидің ұлысқа малын өлгендегі кебіні есебінде теңдей етіп бөліп берген оқиғалары жомарттықтың мырзалық концепциядағы атрибуттарының бірі екендігінің жарқын көрінісі. Шүлен тартқан мырзалар бұл шараны пайда немесе атын шығару үшін емес, көптің алғысын алып, сауапқа кенелу үшін жасағаны белгілі, әдетте 10 малдың біріне шүлен тартып отырған. Осы ретте гуманистік қасиеттің ең мәртебелісіне баланған қасиетті дәстүр, қазақ қоғамындағы күрделі қатынастар, әлеуметтік теңсіздікті реттейтін әлеуметтік институттың маңызды тетігіне айналып, мырзалық болмыстың атрибуттарына айнала білді.

Мырзалар элитасы классификациясының келесі бөлігі – батырлар. Е.Бекмахановтың тұжырымы бойынша XII-XIV батырлар мен XVII-XIX ғасырлардағы батырлардың арасында теңдік белгісі жоқ, себебі әуелгі батырлар, әскери қызметімен қолбасшылық әрекеттерімен көрінсе, одан кейінгі кезеңдегі батырлар азаматтық істердегі «мырзалық» көріністері басымырақ болған. Бірақ, хандықта хан, би, сұлтан, ақсақалдардың «батырлық» әрекеттері неғұрлым басымырақ болса ол соғұрлым әлеуметтік мәртебеге ие болған. ол үшін де батырлар рубасылық қызметтерге дала демократиясы арқылы жетті. Г.И.Спаскидің деректері бойынша үш жүзге бөлінген 67 тайпаның 25 басында батырлар болған. Егер, бір ұлыс елді билеген рубасы – батыр бір жағынан экономикалық мүмкіншілігі мол болса, онда көшпелі қоғамдағы билеуші хан мен сұлтандардан да ықпалды болды. Мәселен, орыс бодандығын қабылдағаны үшін Әбілхайыр ханды өлтірмекші болған ру басы билерді тоқтатқан Бөкенбай батыр мен Есет батырдың беделін атап өткен жөн. Тіпті, қысыл-таянда Әбілхайыр хан орыс елшісі Тевкелевке «Бізді бірден-бір құтқаратын адам Бөкенбай батыр» деп ашығын айтқан. Қазақ елбасыларынан ант алған В.Н.Татищевтің орта жүзде Жәнібек батыр мен Найман Шүрен батыр, Кіші жүзді табын Бөкенбай батыр ханнан да өткен беделді деуі сондықтан [11, 55 б.]. Қазақта «Батыр болып бай болса патшадан несі кем» деп халық қалт айтпаса керек. Бұндай деңгейге әрине батырлардың барлығы бірдей жете бермеді. Негізінен алғанда көпшілік батырлардың қоғамдағы мәні алар орны әскери өмірде сондай-ақ ханға немесе ықпалды сұлтанға жақындылығымен анықталады.

Мырзалар – дала демократиясының флагманына айналған ерекше әлеуметтік топ. Ақсүйектер хандықтың әлеуметтік элитасына айналған заманда, потестарлы биліктің мүддесінің жолында аянбай

еңбек етіп, қазақ қоғамының алғашқы сот жүйесі, меценаттық қызмет, ерлік әрекеттерімен әлеуметтік мәнге ие болған саяси элита. Қазақ ұлтының Ұлттық санасының гуманистік, табиғатпен үйлесімділік, экзистенциалды принциптердің негізінде қалыптасуының алығшарты – мырзалардың азаматтық жауапкершілігі мен қоғам алдындағы белсенді, релятивті әрекеттерінің әсері деп білемін. Н.Ә Назарбаевтың ««Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз.» [12, 1 б.], – деген сөздері дәл қазіргі сәтте «мырзалық» идеясының аса актуалды екендігін көрсетеді. Постмодернистік қоғамның космополитизм, жаһандану үдерісінің қарқын алу аясында, ұлт ретіндегі бірегейлік пен кодты сақтап қалу үшін, жастардың санасына, ұлттық дәстүр мен мәдениеттен бөлек, «тұлғалық» концепциясын, «кісілік» принциптерді, дәстүрлі әлеуметтік қатынастардың жүзеге асыру жолдарын кең ауқымда насихаттауымыз керек. Осы орайда Қазақ мырзаларының болмысын, әлеуметтік маңызын, ұлттық тұжырымдамасын институционалды деңгейде зерттеу, қоғам арасында ақпараттық-ағартушылық қызметті бастау –Қазақстан жастарының «мырзалық» деңгейге ұмтылысын арттырып, елде белең алған әлеуметтік проблемаларды шешуге және алдын алуға деген қызығушылығын арттырады деген ойламын және осы мақала бұл үрдістің алғышарты болмақ.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.-Ж. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан. 2 қыркүйек, 2020.
2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: Энциклопедия /Алматы: Алем Даму Интеграция, 2017. – 848 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / – Алматы : Дайк-Пресс, 2008 . – 967 б.
4. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) XV–XIX ғасырлардағы қазақ философиясының тарихи сипаттамасы / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалп.ред.– Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 304 б.
5. kazgazeta.kz/news/35448 Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты шарада сөйлеген сөзі
6. Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 томдық / құраст.: Ж. Молдабеков, Д.Раев. Астана: Аударма, 2007. 9-т.: Қазақ би-шешендерінің дүниетанымы және философиясы. – 450 б
7. Билер сөзі – киелі. (Сыр елінің билері хақында) / құраст. Дайрабай Т., Ахметов М. Алматы, 2012. – 208 б.
- 8.. Ахан Б. Билердің даналық тағылымы / – Ақтөбе : 1999 . – 216 б.
9. ДӘСТҮРЛІ АҚСАҚАЛДАР ИНСТИТУТЫ (taisoigan.kz)
10. Алдаспан. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын жырауларының шығармашылық жинағы / құраст: М.Мағауин. Алматы: Жазушы, 1970 . – 278 б.
11. Апполова Н.Г. Хандық биліктің жағдайы және Тәуке ханның «Жеті жарғысы» //Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – Т.4. – 500 б.
12. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» //Егемен Қазақстан, 12.04.2017 1 б.



## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРМАЛАСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

**Қолдас Ә.Ж.**

*«Фармацевтикалық технологиялар өндірісі» мамандығының*

*2-курс студенті*

*Ғылыми жетекші: PhD доктор, оқытушы Балабекұлы Д.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Бұл шығармашылық мақалада «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қолға алынып отырған жобалар жайлы сөз қозғалады. Сонымен қатар, басты мақсат– қазақ тіліне аударылып отырған философиялық кітаптарға талдау жасау арқылы рухани жаңғырудағы философиялық еңбектердің маңызын ашып көрсету. Бұл мақалада философия ғылымының қоғамдағы орны, шетел философиясының тылсым әлемімен танысу, рухани азық алудың жаңғырудағы ролі талқыланатын болады.

**Түйін сөздер:** Рухани жаңғыру, жоба, философия, Батыс философиясы, ойшылдар, ғұламалар, аудармалар.

Ұшса құстың қанаты талатын, ұшы-қиыры жоқ Алтай мен Атырау арасындағы дархан даланы қазақ халқының билеп келе жатқанына бес ғасыр уақыт болыпты. Талай ғасыр егемендікті аңсаған ұлы халық Керей мен Жәнібек хандардың арқасында ел болып қалыптасты. Орыстың отары, жоңғардың шабуылы мойындата алмаған алып Қазақстан– бүгінгі күні өзге де дамыған елдермен терезесі тең, керегесі кең мемлекет. Тарихта «қазақ» атауы пайда болуымен бірге «тәуелсіздікті аңсау» тіркесі қатар жүріп отырғанын өздеріңіз де білесіздер. Дамудың бірталай сатыларынан өтіп, бүгін, міне, тәуелсіздікке қол жеткізіп, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған күнде өмір сүріп жатырмыз.

Қазіргі біздің мақсатымыз– әлемнің ең мықты, ең озық мемлекеттерінің қатарына ену. Осы жолда елбасымыз Н.Ә.Назарбаев алға тартқан бірнеше жоспарлар мен маңызды бағдарламалар бар. Солардың бірі– «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы. 2017 жылғы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті халыққа Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын айтқан болатын. «Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мен жыл басындағы халыққа Жолдауымда Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым. Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу» деп Н.Әбішұлы алға қойып отырған мақсатымызды дәл жеткізді [1].

Сонымен қатар, осы тұста елбасы жоспарларымызды жүзеге асыру үшін сананың ісімізден озық болуы керек екендігін айтады. Расында да, қазір заман талабына сай, алдыңғы қатарлы ел қалыптастыру өте маңызды. Бұл, ең алдымен, санаға байланысты деп ойлаймын. Бізге керегі– сапалы білім, саналы ұрпақ, озық технологиялар. Сондықтан да, тұңғыш Президентіміз бірнеше бағдарламалар мен жобаларды ұштастыра отырып жаңаруды алға тартты. Сөзіме дәлел– «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Бұл жобаның мәні:

Тарих, саясаттану, социология, философия, психология, мәдениеттану, дінтану, лингвистика, медиа, экономика, менеджмент, кәсіпкерлік, инновация ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасау.

Алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасау. 2018-2019 оқу жылынан бастап студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастау.

Осыларды қамтамасыз ету үшін қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес «Ұлттық аударма бюросы» құрылды. Ол Үкіметтің тапсырысы бойынша 2017 жылдың жазынан тиісті жұмыстарды бастап кетті [2].

Ендеше, Рухани Жаңғырудағы гуманитарлық білім, соның ішінде, философия пәнінің, философиялық еңбектердің маңыздылығын талдап көрейік. «Философия» сөзі грек тілінен аударғанда «даналыққа құштарлық» деген мағынаны береді. Бұл терминді ең алғаш Пифагор қолданысқа енгізген. Философия – ерекше ғылым саласы, ол белгілі бір ағым аясында тұйықталып қалмайды. Философия– адамзаттың осы уақытқа дейінгі жетістігі, барлығына ортақ рухани жеміс, өркениет пен мәдениеттің ажырамас бөлігі әрі дүниеге көзқарас қалыптастыратын ғылым. Мұнда адам өмірінің маңызы, адам мен табиғаттың байланысы, өмірдің мәні, тіршіліктің мағынасы жан-жақты талданып көрсетіледі. Кім де кім философия ғылымы біртекті ағым деп қабылдар болса, бұл– үлкен жаңылыс. Қандай адамды алып қарамасақ та, оның дүниеге деген өз көзқарасы болады: келіседі, теріске шығарады, қолдайды, пікір

білдіреді, ұнатпайды, жақтайды да даттайды және т.б. Міне, бұл– философияның дүниеге көзқарастық рөлі [3].

Философия біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтың басында дүниеге келген. Әлі күнге дейін ол үнемі даму үстінде. Адам баласының ойы кеңейіп, дамыған сайын, философия да тереңдей түсуде. Тарихына көз жүгіртсек, сонау Ежелгі Үнді, Ежелгі Қытай, Антика, Ортағасырлық Батыс Еуропадан бастау алған ғылым кейінде Маркстік философия, Кьеркогердің философиясымен және т.б. өрбіді. Қай заманғы философия болса да, бұл ғылым адамзаттың барлық сұрағына жауап беріп келеді. Сол себепті де, мен адамзат баласының рухани жаңғыруы ең бірінші философиядан бастау алуы керек деп ойлаймын. «Мен кімін?», «Мені кім жаратты?», «Менің мақсатым не?», «Өмірді не үшін сүремін?», «Әлем, ғылым қалай ойластырылған?» секілді маңызды сұрақтарға жауап беру арқылы адам өз-өзін түсіне алады, өзінің де, өзгенің де өмірінің қымбат екендігін, бұл дүниеде алға мақсат қойып, үнемі жетілу үрдісінде болу керектігін түсіне алады. Елдік пен егемендік– саналы халықтың қолында, ал саналы халықтың алғышарты– саналы адам. Сондықтан да, мен тұңғыш Президентіміздің философиялық білімнің берілуін назарға алғанына өте қуаныштымын.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында көптеген философиялық еңбектер қазақ тіліне аударылды. Солардың бірі – «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Кітаптың авторы– Париж университеті профессоры, белгілі француз ғұламасы Реми Хесс. Бұл кітап студенттер қауымына ойшылдармен, олардың еңбектерімен француз философиялық мектебі тұрғысынан танысуға мүмкіндік береді. Кітаптың ерекшелігі сол– ол Батыс философиясы дамуының елеулі кезеңдерін көрсетеді деген 25 шығарманы іріктеп, жинақтаған. Бұл жинақта автор ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі философия тарихын қамтып, оқып отырған жанға даналықтың мәйегін түсінікті тілмен жеткізіп береді [4].

Әрі қарай назарларыңызға философия ғылымының дамуына үлкен үлес қосқан ойшылдар мен олардың шығармашылығына арналған кітап, яғни «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін» кітабын ұсынғым келіп отыр. Бұл туындының авторы – Дерек Джонстон. Жоба аясында бұл кітап ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылып, студенттерге Батыс дәстүріндегі көрнекті философтардың негізгі еңбектерімен танысып көру мүмкіндігін сыйлады. Мұнда тек қана таңдаулы шығармалар сөз болып қана қоймай, сонымен қатар, сол еңбектердің авторлары, олар өмір сүрген уақыт, сол кездерде орын алған жаңа ашылулар мен тарихи оқиғалар да айтылып отырады. Осылайша, оқырман қауымын тарихтың түрлі кезеңдеріне шолу жасау арқылы философияға бейімдейді [5].

